

ЕЛЕН ӘЛІМЖАН

АЛТЫН ЖҮЛГЕ ЖЫРЫ  
*роман*

Алматы  
2022

ӘОЖ 821.512.122-3  
КБЖ 84 (5Қаз)-4

Ә 55

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі  
«Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату,  
қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен  
насихаттау және архив ісінің іске асырылу тиімділігін  
арттыру» бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды  
түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату»  
кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді*

Ә 55 **Елен Әлімжан**

Алтын жұлге жыры. / – Алматы: «Дәуір», 2022. – 288 б.

ISBN 978-601-217-802-9

Белгілі жазушы Елен Әлімжанның «Алтын жұлге жыры» атты жаңа романы қазақ әдебиетінде көп көрініс бермеген гуманитарлық сала ғалымдарының социалистік шеңбердегі өмірі мен отарлық идеология найзасының ұшында жүріп жазған еңбектерінің талан-тағдырын арқау еткен интеллектуалды туынды. Бас кейіпкері ғалым Мекемтас Мырзахметұлының Абай мұрасын тұрпайы-социологиялық тұрғыда бағалаушылармен күресе жүріп, ұлы ақынның толық адам ілімін ашуы, қазақтың қалай орыстандырылғаны туралы өз еңбегін жарыққа шығара алмауы, 1986 жылғы желтоқсаншыларды ақтау әрекеттері көркем тілмен қызғылықты бейнеленеді. «Алтын жұлге жыры» – қалам иелерінің әділетті қоғам үшін күрес жыры.

ӘОЖ 821.512.122-3  
КБЖ 84 (5Қаз)-4

ISBN 978-601-217-802-9

© Әлімжан Е., 2022  
© ЖШС РПБК «Дәуір», 2022



## АЛҒЫ СӨЗ ОРНЫНА

Әуелде романның авторы мен бас кейіпкері арасында мынандай әңгіме болды.

– Бауыржан Момышұлы туралы роман жазсаңшы, – деген атақты абайтанушы һәм бауыржантанушы Мекемтас Мырзахметұлы.

Мен драма жаздым.

– Сен роман жаз, – деді спектакльді көріп шыққаннан кейін Мекең тағы да.

– Жаза алмаймын.

– Неге?

– Ол кісі өмірінің ел назарына ілігеді-ау деген бел-белестерін өзі жазып, қалғанын басқа қаламгерлерге әңгімелеп беріп, жаздырып кетті. Сондықтан да басқаларды қайталамас үшін де мен Алаш арыстарының ісін жалғауға әректенген қоғам қайраткері, батыр әрі жазушы Бауыржан Момышұлын нақты адаммен емес, тек болмыспен бетпе бет келтіріп отырдым.

– Соны байқағандықтан да қолқа салып отырған жоқпын ба?

– Ондай тәсіл драмаға ғана жарасады, ал романға келмейді. Одан да мен сіз туралы жазайын, – дедім тосын бір әңгіменің шетін шығарып.

– Неге мен туралы жазбақсың?

– Мен кеңестік кезеңнен бері айналамнан біздің заманымыздың қаһарманын іздеумен болдым. Бірақ, таба алмадым. Ал, сіздің еңбектеріңізбен танысқаннан кейін Абайдың толық адамын іздедім. Өзіңізбен жақын араласып, еңбектеріңізді оқып, өмір жолыңызды зерттеген соң біздің заманның кемел адамы сіздей-ақ болар деген қорытындыға келдім.





– Тірі адам туралы жазған қалай болады? – деп тартыншақтады, ағам. Оған да жауабым дайын еді.

– Бауыржан Момышұлы кейіпкерлерінің бәрі тірі адамдар еді ғой. Баукең тіпті Александр Бекке олардың есімдерін өзгерттірмей қойған. Қазақ әдебиетінде бұдан басқа да мысалдар көп, – деп біразын одан әрі тізбелей жөнелдім.

Ғалым ойланып отырды да:

– Абайтанудың «тар жол, тайғақ кешуін» сипаттай алсаң ғана жазасың мен туралы, – деді.

Мен «сізге қатыстыларын қамтымын ғой» дедім.

Бірақ, қарт профессор қайтадан қатайып алып:

– Абай ілімі деген атамзаманнан бері адамды адам етіп келе жатқан адамгершіліктің алтын жүлгесі туралы жыр ғой. Сен осыны тап басып тани алар ма екенсің? – деп күдік айтты.

– Былай етейік, – дедім мен. – Шығарманы жазып қолыңызға ұстатайын. Сіз мақұлдасаңыз жарық көреді, ал ұнатпасаңыз ешуақытта жарияланбайды. Демек, бұл романның алғашқы жарияланымын – бас кейіпкердің мақұлдағаны деп ұғынсын оқырман қауым.

Мекемтас аға да осы сөзге тоқтады.

*Біздің қазақтың достығы, дұшпандығы, мақтаны, мықтылығы, мал іздеуі, өнер іздеуі, жұрт тануы ешбір халыққа ұқсамайды. Бірімізді біріміз аңдып, жаулап, ұрлап, кірпік қақтырмай отырғанымыз.*

*Өстіп, жер жүзіндегі жұрттың қоры болып, бірімізді-біріміз аңдып өтеміз бе?*

***Абай, жиырма төртінші сөзінен.***

*Қазақты я қорқытпай, я параламай, ақылменен не жырлап, не сырлап айтқанменен ешнәрсеге көндіру мүмкін де емес. Етінен өткен, сүйегіне жеткен, атадан мирас алған, ананың сүтіменен біткен надандық әлдеқашан адамшылықтан кетірген... Енді не қылдық, не болдық!*

***Абай, қырық бірінші сөзінен.***





Қазақ та адам баласы ғой, көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдың сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулылықтың жоқтығынан азады. Білместігімнен қылдым дегеннің көбіне нанбаймын. Білімді білсе де, арсыз, қайратсыздығынан ескермей, ұстамай кетеді.

**Абай, Он төртінші сөзінен**

Адаспай тура іздеген хәкімдер болмаса, дүние ойран болар еді.

**Абай, отыз сегізінші сөзінен**

Бәлки гадаләт барша ізгіліктің анасы дүр.

**Абай, отыз сегізінші сөзінен**

«Эсхил, Софокл құсап ұлттың трагедиясын ашып көрсететін ақындар ғана ұлы. Халқы құрып бара жатқанда шығар жол көрсеткен ақын ғана ұлы».

\*\*\*\*\*

«Ал, біз жалғыз Абайды олай да, былай да тартамыз. Абайды түсінбеуге бар күшімізді салып келеміз».

**Өтежан Нұрғалиев**



Соңғы кездері филология докторы, профессор Мекемтас Мырзахметұлының жандүниесінде ерекше бір жайсыздық бар. Сол жайсыздық оны түрлі ғылыми жобаларын жүзеге асырып жатқан Алматыда да, Таразда да, Шымкенте де байыз таптырмай туған жері Түркібасына алып келді. Ауданына келгенде аудан орталығына да, туған ауылына да емес, атақты «Таң нұры» атты шипажайына туралап ат басын тіреді. Оның жанын жай таптыратын қайнар осы шипажайдың аумағында еді. Сол Кемербастаудың суына сүңгіп алса болды, денесін дуылдатқан аллергиясы сап тиылып, дүниесі кеніп сала береді. Таудың тастай суына көп шомылу мүмкін емес. Құлдилап аққан арынды өзенді бөгеген бетон астауға бірер сүңгіген соң суығын сүйектен өткізбей дембіл-дембіл сыртқа шығып, күнге қыздырынбақ керек. Осылай тәні рахатқа бөленген сайын жаны да жай табатындай көрінеді оған. Бірақ, күніне екі-үш рет келіп шомылса да, тән жұбанышы жан жұбанышына айнала қоймады. Жаны жұбанбаған соң шипажайдағы өзге ем-домын қабылдауға құлқы болмай, одан да таза ауада көп жүріп, шаршап келіп талықсып ұйқтағанды тәуір көрді. Жанындағы жайсыздықты ұмыту үшін тәнін одан әрі қинаудан басқа амалы қалмағаны да анық. Сондықтан Мекең көбіне Кемербастаудың екі жағалауын көмкеріп тұрған алма бағын аралап, одан әрі доланалы беткейлер мен аршалы шатқалдардың бойымен өрлеп кеткенді қалайды. Тура осы жүрісінде тоқсанға толған қарт деп ешкім айтпайды. Көп болса жетпістің ол жақ, бұл жағындағы өзін жақсы сақтаған жан екен дейді де қояды. Тауда туып, таулы өлкеде өмір сүріп жатқан соң ба Мекең өрге қарай жүргенді аса ауырламайды. Көп қабатты үйлердің бесінші қабатына дейін еш қиналмай көтерілетін профессор қазір де тал-дарақ, бұта-шіліктердің арасымен қағілез денесін жеңіл қозғап, кәдімгі таудың тарғылындай мысықша басып кетіп бара жатыр. Мекеңнің әлі әжімге алдыра қоймаған бет әлпеті де жас көрінеді. Осының бәрін байқаған





кейбір журналшылардың «денеңізді кімнің жүйесімен, қалай шынықтырасыз» деп сұрайтыны бар. Әдетте ғалым «ата-бабаның тәсілімен шынығамын. Күніге таңертен өзімнің шағын бау-бақшамда жұмыс істеймін» деп жауап береді. Дегенмен шын жасын білгеннен кейін «бұрынғылардың сүйегі әсіл ғой» деп жоритындар бар ешқандай сұрақ қоймай-ақ. Бұл мәні терең, астарлы сөз екенін Мекең жақсы біледі.

Тоқсан жылда қаншама нәубет келді елдің басына. «Сүйегі жасықтар» сол қиыншылықтарға шыдамай көктей солып, қыршынынан қиылды. Ал Мекең ашаршылық пен соғыстардың зардабынан аман қалған бірегейлердің бірі. Денсаулығының күні бүгінге дейін сыр бермей келе жатқанының сыры табиғи іріктеулерден өткендігінен деп біледі өзі. Бірақ, бәрінен де ешқандай медицинаның күші жетпейтін жан жарасы қиын екен. Тән жарасын сылып түскен тұған жерінің суы мен ауасы да шипа болар емес оған. Сырт қарағанда ұйқысы келгенде ұйықтап, ұйқысы келмегенде қыдырып, көңілінің қалауымен жүргендей көрінгенімен Мекеңнің көңілі түк те орнында емес.

Соған қарағанда отбасындағы, қызмет бабындағы, реніштен табиғаты бөлек, тым тереңіне тиіп кеткен жайсыздық болды бұнысы. Жаны қалай жай таппай аяғына тыныштық бермесе, ойы да солай байыздап, бір қазыққа байланбай әр қиырға алып қаша береді. Өзі Түркібасында жүргенімен көңілі әлі Алматыда – тәні Тәңіртаудың самалына сүйсінгенімен, жаны үңірейген бір үрейлі сезімнен шошынады. Бала-шағасы немесе шәкірттері бүгін ренжітсе, ертеңіне қуантар еді. Қуантқанда да кешегі реніштен көңілінде ешқандай дық қалдырмай ырзалайды. Жас кезінде өзі де солай етті. Абай шығармашылығының зерттелуі жайындағы кандидаттық диссертацияның ғылыми жетекшісі марқұм академик Қажым Жұмалиевті алғашқы жылы ешқандай нәтиже бермей біраз ренжітіп жүрді. Ал, артынан Абайды өзіне дейінгі зерттеушілердің толық библиографиялық көрсеткішін алдына қойғанында әсершіл ғалымның қуанғанын көрсеңіз. «Мынауың ендігі абайтанушылар үшін нағыз шам-



шырақ қой. Кезкелген ғалымның тағаты жете бермейтін, тиянақты жұмыс» деп арқасынан қайта-қайта қақты. Содан соң «іргетасын мызғымас етіп қалапсың, демек жұмысың да мықты болады» деп сенім білдірді. «Абайды саясаттың көкпары етіп тартқылағандар көп екен. Соларды беделіне қарамай сынаймын» деп жетекшісінің жүзіне барлай қарады аспиранты. «Тап басып дәлелдеп айтсаң болды, шындық өзі алып шығады» деп одан сайын шамырқанды ұстаз. Сынайын дегендерінің өздері немесе көздері күні бүгінге дейін әдебиет ғылымындағы үлкен бедел. «Қорғауына қиындық тудырып жүрмей ме» деп сипандатқан жоқ, қайта «алған бетіңнен қайтпа» деп жігеріне жігер қосты осылай. Саяси ұлтшылдығы үшін көп жыл отырып келсе де, кезенді жерде бұғып қалуды білмейтін кісі еді жарықтық. Оның сол тік мінезін түрме де сындыра алмапты. Жаңа келген саяси тұтқынды тұқыртып алмақ болып, қисынсыз тиіскен ғой бұрыннан отырғандар. Әділетсіздікке төзбейтін Қажекең сотталғандардың ең серкесінің өзін алдындағы ыстық тамақ толы табағымен қақ шекесінен қайқайта ұрыпты. Дәлірек айтқанда қалай ұрғанын өзі де білмей қалыпты. Жандайшаптары тап бергенде серкенің өзі тоқтатыпты оларды.

Сөйтіп «жарайсың, жігітсің» деп Қажекеңнің қолын алып, бұдан былай ол кісіге құрметпен қарайтын болады. Қызуқандылығымен қоймай кісіге сенгіш Қажекең сондай сайдауыл мінез көрсетсең ғалымдар да әлгі сотталғандардың серкесі сияқты әділдігінді бағалап, қолыңды қысып, қолпаштайды деп ойлайтын болуы керек. Ал, сабырлы, салқынқанды Мекемтас болса, диссертация қорғау дегенің қыпқызыл майдан екенін Қайым Мұхаметханов кандидаттық қорғағанда көрген. Ол кезде екінші курстың студенті еді. Бұларды диссертанттың досы Әбіш Байтанаев ертіп барды. Міне, сонда Мұхтар Әуезов пен Сәбит Мұқанов бастаған топтардың екіге жарылып, мінбеге таласқанын көрді. Бірінің уәжін екіншісі жоққа шығарып, айтыс-тартыстары үш сағатқа созылды. Қайымның жұмысы Абайдың ақындық мектебі болатын.







Бұл тақырыптың Мекемтасты баурап алғаны сонша, сол күннен бастап-ақ ұлы ақынды қалыптастырған мектебін ерекше зерделеп оқи бастады. Бірақ, мардымды ештеңе тындыра аламай жүргенінде студенттік өмір шолтаң етіп бітті де қалды. Аспирантурада қалдырылғандардың қатарында Мекемтас болмады. Облыс орталықтарындағы пединститутқа оқытушылыққа жіберілгендердің арасында да оның аты-жөні ұшыраспады. Тіпті оған Қазақстанда орын табылмай, өзімен бірге бітірген жұбайы Бағира екеуі Өзбекстанның Жоғары Шыршық ауданына жіберілді. Алматыдан немесе өз ауылдарынан жайлы орын тапқандар бұларды тіпті айдауға кеткендей көрді. Бірақ, коммунист Мырзахметов олай ойламады. «Партия айтты, бітті, қиындық болса жеңеміз, өзге республикадағы қазақ балаларына білгенімізді береміз» деп әйелін жетелеп, шамаданын көтеріп, қиырға кете барды.

Жас отбасы қиындықты жеңді. Мұнда халық тығыз, үй тапшы екен. Сондықтан қашан үй береді деп көзін сүзіп отырмады. Аудан орталығынан жер алып, Бағира екеуі жазғы демалыстарында үй салды. Білекті сыбанып, кірпіш құйды, оны қалады, бір сөзбен айтқанда қолдан келетіннің бәрін өздері істеді. Әйтпесе, барлығын ақыға беруге екі жас мұғалімнің жалақылары жетер ме? Ал, екеуінің үш ай демалысына тиесілі ақшаны кірпіштен өзге құрылыс материалдарын сатып алуға жұмсады.

Жас отбасы осылай балалы-шағалы іргелі отбасына айналды. Қарап отыруды білмейтін Мекемтас өзбек, шағатай тілдерін жетік меңгеріп алды да, екі жылдан кейін Ташкент қаласындағы Низами атындағы пединститутына ауысып, ислам поэзиясының қыр-сырын құныға зерттеді. Құныға зерттей жүріп, ислам поэзиясы Абайдың шығысына апаратын жол екенін сезінді. Сол сезінгендігін ғылыми жүйеге түсіріп, Абайды ислам ілімінен сауатсыз бүгінгі оқырмандарға ашып берсем деп армандап жүргенінде Ташкентке Мұхтар Әуезовтың келгенін естіп, іздеп барып, ойын білдірді. Бірақ Мұқаң «жолың болмайды» деп қысқа қайырды жауапты. Неге жолы болмайтынын таратып айтпады.





Мекемтас бас абайтанушының қарсы болуының сырын кейін ұқты. Бұл кезде Кеңестер Одағы Коммунистік партиясының 1949 жылғы космополитизм туралы қаулысының уыты әлі қайтпаған екен. Ол жылдары батыстың, шығыстың ғана емес, өз ұлтының тарихы мен мәдениетін дәріптегендерге кеңестік құндылықтарды көзге ілмеген космополит деген айып оп-онай тағылыпты. Шығыс поэзиясының білгірі Әуелбек Қоңыратбаевтың Алматыдан Қызылордаға жылыстап кетуінің себебі сол екен. Мұқаңның өзі де, Бейсенбай Кенжебаев пен Темірғали Нұртазин де, Әмина Маметова да қатты сынға ұшырапты. Қайран Мұқаң ғылым деп өрекіпген жас оқытушыны «ұшпай жатып қанатын қырқылады» деп сақтандырған екен сонда. Мұқаңмен әңгіме әуежайда болған. Ұшқалы тұрған жолаушымен мейірі қанып сөйлесе алмаған соң, жазғы каникулда Алматыға арнайы барып, ақыл-кеңесін көбірек алсам деген арманмен қалған Мекемтас.

Бірақ, ол тілегі орындалмады. Жаздың басында Мұқаңның о дүниелік болғаны жайында қазанама жарияланды ақпарат құралдарында.

Осылай енді не істеймін деп әре-сәре жүргенінде тағдыр Мекемтасты қазақтың тағы бір ұлы перзентімен тоғыстырды. Ташентке Бауыржан Момышұлы келді. Дәлірек айтқанда Сарыағашта демалып жатқан Баукеңді Мекемтас өзі іздеп барып танысып, студентермен кездесуге шақырды. «Зергер Мырзахметті білемін ғой» деді жөн сұрасқаннан кейін Баукең. 1928 жылы «Шымкентке баратын болғанымда Майтөбеде Мырзахмет деген көкең тұрады. Жолда тоқтап сәлем бер деп әкем тапсырған. Сөйтіп, үйлеріне қонып аттанғанмын. Анаң Зәуренің қолынан дәм татқанмын» деді.

Момыш әулетінің де өздері сияқты Шымырдың Құли-Шілмембетінен тарайтынын естігенімен әкелері осылай аралас-құралас болғанынан Мекемтастың хабары жоқ-ты. Жасы үлкен Баукең біледі екен. Білгенімен бұл тақырыпты одан әрі тереңдетпей, әңгімені алдағы кездесу жайына бұрды. Кездесу шын мәнінде есте қаларлықтай болып өтті. Тіл-әдебиет факультеті қазақ бөлімінің білімгерлері мен





оқытушылары ғана емес, аты аңызға айналған батырды, Кеңестер Одағына және бірсыпыра шетелдерге кең тараған Александр Бектің «Арпалыс» романының бас кейіпкерін, таралымы одан кем болмаған «Артымызда Москва» романының авторын көргісі, естігісі келгендер залға симай кетті. Көрген соң, естіген соң одан арман ынтығып, сұрақтарды қардай боратты. Баукеңнің жауабын шөл қысқан жолаушыдай жұта салып, қайта сұрайды. Сол сұрақтардан білімгерлердің Баукеңнің тек майдандағы ерліктерін ғана емес, КСРО құрамындағы аз ұлттардың тағдыры туралы ойларын білгісі келетіні де байқалды. Әсіресе, бір шәкіртінің жиырмамыншы-отызыншы жылдары тау аршасының көп қиылғанын, ал соғыс жылдары дала сексеуілдері көп сындырылғанын айтып, олардың орнын қалай толтыруға болады деп сұрағанында Мекемтас та тақымын қысып отырды. Өйткені қазақтарды көп қырғынға ұшыратқан нәубеттен халқын аман алып қалуы үшін басын бәйгеге тіккен алаш арыстары жайында лекцияларында там-тұмдап жанамалап білімгерлердің санасына құйып отыратын. Мұны өзіне дәріс берген Темірғали Нұртазиннен үйренген-ді. Темкең сонау қиын жылдары амалын тауып айтатын жабық тақырыптарды Мекемтас қазір Хрущевтың жылымығының тұсында неге айтпауы керек? Шәкірті де жарады. Тікелей қойып қалмастан, «үй артында кісі бар» екенін біліп әдемі астарлап сұрады. Баукең де бұл студенттің қуғын-сүргінге ұшыраудан көзі ашылмай қойған халқының болашағын тұспалдап тұрғанын түсінді. Түсінді де жауапты жаратылыстың өз заңдылықтарымен байланыстырып берді. «Бірі таудың топырағын опырылдырмай, екіншісі даланың құмын көшіртпей ұстап тұрған арша мен сексеуіл жеріміздің құты. Елімізге келіп қоныстанғандар үй салып, отын ету үшін оларды жаппай кесіп, қиратып, құтымызды қашыра бастағаны рас. Бірақ, бір ағаш қиылса, одан мың ұрық шашылды. Ол ұрық айналасына ғана емес, желмен ұшып алыстарға егіліп, мың-миллион тал-шыбықтар өсіп, жетіліп келеді? Әңгіме сонда! Шыбықтың тал болмағы топырағынан алған құнарына, жастың азамат болмағы халқынан алған құндылығына байланысты.





Сендер уыздарыңа жарып өскен ұрпақсындар, ертеңгі ұстассындар. Отбасыңнан, орталарыңнан алған нәрлеріңді өркениетті біліммен тұздықтап, шәкірттеріңе қалай құясыңдар ертең? Бәрі соған байланысты» деп Баукең білімгерлердің өздерінің намысын жанып, жауапкершілігін сезіндіре сөйледі.

Біраз сыр тартып, жас оқытушының одан әрі әу-жайын байқаған Баукең демалыс орнындағы жатын жайына келген соң қазақтың Абай атындағы бас пединститутының ректоры Мәлік Ғабдулинге телефон шалып: «Биылғы аспирантураға өзінде бітірген Мекемтас Мырзахметұлы деген әдебиетшіні қабылда. Лекцияны дұрыс оқиды екен. Келешекте нағыз архивтің көртышқаны болатын түрі бар» деді. Бұл әңгіменің куәсі болған жас оқытушы қолы жетпей жүрген арманының бір пәсте орындала салғанына, әрине қатты қуанды. Бірақ, дәл сол қуанышынан да таңданысы басым болды. Баукең менің лекцияны жақсы оқитынымды, архивте көп отыратынымды қайдан біліп қойды деп таңданды ол.

Жаңа жолда келе жатқанында жастарға тәрбие беру туралы әңгіме одан әрі жалғасып еді. Мекемтас сонда басқыншыны батыр, орыстандырушыны ағартушы етіп әспеттеп балалардың санасын буалдырлайтын оқулықтарға көңілі толмайтынын ашық айтқан. Тіпті патша заманында Түркістан губерниясының, ал кеңестік биліктің алғашқы жылдарында Түркістан республикасының орталығы болған Ташкент архивтерінде отарлау саясатын айғақтайтын құжаттардың көп екенін, шет-пұшпақтап қана танысқанын сөз етіп өткен. Баукең архивқұмар екенін содан тұжырымдаған шығар. Ал, лекциясын тыңдаған емес қой. Көрмей-білмей Баукеңнің өтірік айтуы тағы мүмкін емес. Көзі жеткен соң айтып тұр. Бірақ көзін қалай жеткізді? Ойлап-ойлап, шәкірттерімнің сұрағы арқылы сезінген ғой деген қорытындыға келді. «Суды тамшысынан» білетіні сияқты, адамды да сұрағынан тануға болады екен-ау. Сұрақ, біреуді нысанаға дәл тиген оқтай тұғырынан ұшырып түсірсе, бірде оқтан да күшті тылсым құдырет болып, сол тұғырына қайта қондыра алады екен-ау?!





Оның есіне Жаңа базар аудандық партия комитетінде насихат және үгіт бөлімі меңгеушісінің орынбасары болып жүрген кездегі бір оқиға түсті. Мәскеуден бүкіл одаққа аты мәлім Белик деген лектор келген. Сол кеңестер одағындағы ұлт саясатының салтанат құруы жайында лекция оқыды. Ол лекциясын аяқтағанда бүкіл зал дүр сілкініп, ду қол соқты. Тіпті «Лениндік ұлт саясаты жасасын!» деп ұрандатып жібергендер де болды. Сценарий бойынша солай. Лениндік ұлт саясатының ұлт республикасындағы салтанатын лектор өз көзімен көріп кетуі тиіс еді. Содан кейін сызып қойған тәртіппен «сұрақтарыңыз бар ма?» деп сұралады. Бір-екі арнайы дайындап қойған адамдар сұрақтан гөрі Мәскеуді мақтап-мадақтауы басым мәселелерді сөз етіп, сонымен бұл кездесу аяқталуы тиіс еді. Бірақ сценариді насихат бөлімі меңгерушісі орынбасарының өзі бұзды. Ол екі сұрақ қойды. Партия жарғысында бұрын Лениннің «Прежде всего надо бороться великоросским шовинизмом и национализмом» деген сөзі жазылған еді, кейінгі жарғыда «национализмом и великоросским шовинизмом» деп ауыстырылыпты. «Көсемнің сөзі неге бұрмаланған?» деген сұрағына жалғастырып, «Мен ескі газет-журналдарды көп оқимын. Содан түйгенім, халық жауы болып ұсталғандардың барлығы ұлтшылдар. Араларында бірде бір шовинист жоқ. Неге?» деп екіншісін қосты.

Алдындағы ұзақ қол шапалақтау мен қолпаштан көңілі тасып тұрған Беликті бұл екі сұрақ «құлаққа ұрған танадай» еткені сонша, жауабын сілтідей тұна қалып күткен халықтың алдында жүрісінен жаңылған аттай болып ештеңе айта алмады. Сірә, бұндай сұрақты қоятындар «халық жауы» ретінде жойылып, енді орталықтың айтқанын айнытпай орындайтын «ләббай тақсырлар» қалды деп есептейтіндердің бірі болуы керек. Сөйтсе, қылтиғанын қанша қиып тастасаң да тамырынан өсіп шыға келетін жаны сірі екен бұл ұлтшылдық дегенің. «Қырық кісі бір жақ, қыңыр кісі бір жақ» дегендей мәскеулік лектор бір ауданның бетке ұстарларын айрандай ұйытып отырғанында залдың қақ ортасынан күтпеген жерден қылаң берді. Ойда-қырда не керек, партия жұмысынан кетіп, оқы-





тушылыққа ауысуына мәскеулік лектордың алдында «кылтып» көрініп, «қыңыр» сұрақ қоюы себепші болды. Енді сол оқытушының шәкірттері де қарап жүрмей, ойлап жүріп, кезі келгенде қиғаш сұрақтарды қоя алатын болған. Соны Баукең дөп сезіпті. Дөп сезді де бұндай оқытушының ғылыммен бел шешіп айналысып, өз көкейіндегі сұрақтарға жауапты өзгеден сұрамай өзі табуына мүмкіндік жасап берді. Ғылыми жетекшісі Қажым Жұмалиев те тура жолға салған екен. «Шығысқа барасың ба, басқаға барасың ба, оны келешекте көрерсің, алдымен абайтанушылардың өзіне дейін не бітіріп, не қылғаның зерделеп ал», деп кеңес берген ол кісі. Сөйтіп, ислам поэзиясының Абайға әсерін зерттей қаламын деп аптығып келген аспирантының бетін қақпай бұрған жетекшісінің бұл ұсынысымен Мекемтастың келіспеске шарасы да жоқ еді.

Алайда ақылға салған аспирант: «Шынында да Абайдың қай мұрасын қолға алсаң да, алдымен өзіңе дейінгілердің еңбектерін зерделеп алмақ керек емес пе? Ендеше жетекшісі жәй зерделемей, диссертациялық деңгейде зертте десе оның несі жаман? Қайта жақсы емес пе?» деген қорытындыға келіп, шын ықыласымен бастады жұмысты. Бірақ қорғау кезіндегі талас-тартыс Қайымдікінен асып кетпесе, кем түспеді. Диссертант ойран заманның ойнамалы саясатына қарай абайтанушылардың көзқарастары сан құбылғанын олардың беделінен бүгектеп бүгіп-жасырмай, көлегейлеп-күңгірттендірмей, әрлеп-әспеттемей ағын ақ, қарасын қара етіп «талдап» берсе де кеңес мүшелері «мұның дұрыс екен» деп бірден мақұлдай қоймады. Бірақ, «тап басып дәлелдеп» берген пікірлерге қарсы қауқар көрсететіндей уәж өздерінде де болмады. Болмаған күнде де бірінің көмекейінен көрмес түйені де көрместің кебін келтіріп, жабулы қазанның жабулы күйде қалғанын қалайтындығы көрініп тұрса, екіншісі бір авторларды әшкерелегенмен екіншісін атамай-ақ жартылай шындықты жөн санады

Аяғына дейін ақтарылып айтқанын не дұрыс, не теріс демей қашқақтап, диссертацияның әр сөзінен, тіркесінен астар іздеп, сақтық айтып, қамқорлық көрсеткенсігендер де болды. Бірақ, бәрінің жөн сөзге бірден жығылмауының басты себебі





ол емес-ті. Олар диссертантты тым қорашсынды. Беделдіні беделді сынаса, абайтанудың ендігі концепциясын атақты ғалым белгілесе жарасар еді. Ал, айналасын қаумалай, төбесін тіреп тұрған ешкімі жоқ Мекемтас деген белгісіз біреудің аузынан осындай келелі тұжырымдар шыққанын әбес көрді. Тіпті астамшылық деп есептеді олар.

Сөйтіп, бұл кезде жөн сөзге жиғылудан гөрі бедел-биліктің пікірін қос қолын көтеріп мақұлдауға машықтанып қалған гуманитарлық қазақи ғылыми кеңес бұл еңбекті ауыр қабылдады. Ауыр қабылдаса да жұмыс жетекшісі академик Қажым Жұмалиевтің қайрат көрсетуінің арқасында Мекемтас ғылым кандидаты атағына ие болып, ең бастысы тақырыпты одан әрі жалғастырып әкетуге жолы ашылды. Бірақ, Қажекеннің кандидаттық қорғатуға жеткен беделі шәкіртін Алматыда қалдыруға жетпеді. Бұл жерде ғылыми беделден бөлек басқа бір байланыстар керек екен. Ондай байланыстарды іздеуді көңілі қаламайтын Мекемтас не де болса, пешенесіне жазғанды көруді ұйғарды. Тек, Қажекен ғылыми орта мен қордалы кітапханалардан алыстап кететін болдың деп қынжылыс білдірді. Ал, Баукең, Бауыржан Момышұлы танданыс та, қынжылыс та білдірген жоқ. «Сені бәрібір Алматыда қалдырмайды» деп кесіп айтты.

Неге, деген інісінің сұрағына:

– Академия бітірген соң, мені неге Орта Азияға жолатпай Сібірге айдап жіберді? – деп жауап берді.

– Сізді ұлтшыл деді, Алматыға, әлде Ташкентке жақындап кетсе, сол ұлтшылдығын жастарға жұқтырады деп қорықты. Ал, маған қандай кінә артады?

Бұрын ұлтшылдығы туралы әңгіме қозғалғанда мұрты едірейіп, қасы түрегеліп, «менікі ұлтшылдық емес, әділдікті талап ету ғана» деп ежірейетін ағасы. Бұл жолы мұрты жыбырлап, езуіне күлкі үйірілді. Сөйтті де:

– Мен бөрі болсам, сен бөлтіріксің – деді мысқылмен. – Олар солай ойлайды, – деп қосып қойды сәлден соң жаңағы жаймашуақ жүзін суытыңқырап.

– Түсінікті, – деді Мекемтас, – «қасқырдың аузы жесе де қан, жемесе де қан».



Баукең «түсінсең сол» дегендей оған ежірейе бір қарап алды да, темекісін баппен сорып, әлдеқандай бір ойға еніп кеткендей болды.

Мекемтас та ойда. Ташкенттен Алматыға аспирантураға түспекке келгенде Баукең «ешқайда тентіремейсің, біздің үйде жатып оқисың» деп кесіп айтқан Мекемтасқа. Содан бері, міне, төртінші жыл Баукеңнің үйінде тұрып жатыр. Күндіз кітапханалар мен мұрағаттарда отырып, кітаптар мен түрлі құжат-деректер ақтарса, кешке шай ішіп, біраз серуен құрып келген соң осылай тірі шежірені тындайды. Үш жылда Баукең өз өмірінің небір болмыспен бетпе бет келіп шиыршық атқан кездерін әңгімелеп берді.

Ол басқа ұлттардың өкілдерін де әділетсіздіктен аз арасаламапты. Бір қызығы олар туралы жұмған аузын ашпайтын дәр дәл сондай жағдайдағы қазақты қорғаса «Бауыржан Момышұлы ұлтшыл» деп шуылдап шыға келеді екен. Мекемтасқа «бұл әңгіменің бәрін ұмытып қалармын» деген ой келіп, естігенін естігенінше қағазға түсіре бастады. Сол кезде Баукең Мекемтасты тағы таңқалдырды. Мұның жазғандарын алды да «әңгіме өз аузымнан айтылды» деп жазып, қол қойып берді. «Бұның керегі қанша, мен есімде сақтау үшін ғана қағазға түсірдім» дегенде: «Мен қашанғы жүреді дейсің? Ертең о дүниелік боламын. Сол кезде бұл дүниеліктер сенің жазғандарыңа сенбейді. Көзі кеткен соң ойдан шығарып сықпыртып жатыр деп күстаналайды. Ал, менің қойған қолтаңбам сенің жазбаларыңның өз аузымнан айтылғанының бұлтартпас дәлелі. Ешкім қыңқ дей алмайтын болады» деген.

Бүгін Мекемтас, әрине, қағаз-қаламның көмегіне жүгінген жоқ. Өйткені әңгіме өзі жайында. Бірақ, Баукең тағы да тосын ойдың ұшын шығарды. Шымкенттегі пединститутқа оқытушылыққа жолдама алып, жүргелі отырған інісіне «сен менің бөлтірігімсің» деді. Дәлірек айтқанда «жұрт солай ойлайды» деп ескертті. Мекемтас ойлап-ойлап оның несі жаман екенін түсіне алмады. Осы уақытқа дейін Баукеңнің інісі атанғаннан зиян көрген жоқ. Қайта пайдасы көп болды. Аспирантураға түсті. Үйінде жүрді. Дүкеннен керекті







бұйымдар мен азық-түлік әкелу мойнында болғандықтан Баукеңнің ақшасын да ұстады. Жаратқаннан артылғанын қайтарғанында ағасы «қалтаңа салып қой, өзіңе керек болады» деп алмайтын.

Ол аз десеңіз сол замандағы ең мықты көлік болып табылатын Баукеңнің «Волга» автомашинасын жүргізді. Сонда бітіретіні ағасын анда-санда керек жеріне апарып келеді, болды. Қалған уақытта астында Баукеңнің «Волгасы», қалтасында Баукеңнің ақшасы – қайда барамын, не істеймін десе де еркінде! Өзі сыбай-салтаң жүрген аспиранттың сүйріктей сұлу «Волгасына» мінудің орайын таба кеткісі келетін қыз-келіншектер де аз болмайды-ау! Бірақ, оқуға түскелі жүргенінде танысқан Алтайдың алтындай қызына әйелдер институты жатақханасының есігін күзетуге көп уақыт кетеді екен деп бармай қойып, ақыры өзімен бірге оқитын Бағирамен жүрегі бірге жұптасқан соң, сабаққа көбірек дайындалатын болып көңілі тыншыған Мекемтас аспирантурасының алтын уақытын, әрине, ондай қызықтарға көп ысырап ете қоймады. Соның арқасында диссертациялық жұмысын дер кезінде аяқтады. Тіпті сол айтыс-тартысты диссертациясын құламай қорғауына Қажекеңнің беделімен бірге ағасының атақ-данқы да әсер етті ме деп болжамдайды. Бірақ, Баукең баяғы Сарыағаштан ҚазПИ-дің ректоры Мәлік Ғабдулинге телефон шалғаннан кейін мұның ісіне көрініп араласқан емес.

Енді міне, сапарға шыққалы отырғанында «жолың ауыр болады» деп ескертіп отырғаны мынау.

– Сіздің де жолыңыз жеңіл болған жоқ. Билік сізді еш-уақытта ресми мінбеге шығарған емес. Қойшы да, сауыншы да өтіп жатқан жоғарғы кеңес тұрмақ аудандық кеңестің депутаттығына да сайламады, – деді ойын қорытып, әңгімені қайта жалғаған Мекемтас.

– Есесіне халық мені соғыс батыры, жазушы ретінде іздеді, – деді темекісінің түтінін рахаттана жұтқан Баукең.

– Иә, сол соғыс батырына ғана шақтап берген мінберді ұлт қайраткерінің мінберіне айналдырғаныңыз өзге соғыс батырларының қолынан келмейтін нағыз қайраткерлік ерлік болды, – деп қостады Мекемтас.





– Қайраткерлік ерлік деймісің? – деп қайталады Баукең әр сөзін салмақтап.

– Әрине, сіздікі соғыс ерлігінен де биік қайраткерлік ерлік.

– Сен де айтасың-ау! Арқалаған аманатым ғой ол менің ағаларымнан!

Ағаларының кім екенің Мекемтас жақсы біледі. Қазір әңгімені солай қарай бұрсаң Мағжан Жұмабаевтың өлендерін таң атқанша жатқа оқиды. Шымкентте мектепте оқып жүргенде Жүсіпбек Аймауытовты қалай тындағанын, Мәскеуде Тұрар Рысқұловтың үйінде қонғанында не туралы әңгімелескенін таңды таңға ұрып айтады. Тіпті, олардың тыйым салынған кітаптарын тартпасынан шығарып оқи бастайды.

Бірақ, әңгіме бағытын өзгертуді екеуі де ойламады. Өзгертудің де керегі жоқ еді. Өйткені бүгінгі әңгіме сол сұхбаттардың жалғасы еді. Әңгімені жылы жүзденіп бастап, сұстанғанымен, сабырын сақтап отырған Баукең ағаларының аманаты туралы ерекше өршеленіп айтқаны сонша өзегін өртеген өкініші лап етіп жалын боп шығып, қызуы жақын отырған Мекемтасты шарпып өткендей болды. Шашы тікірейіп, беті түктеніп кеткен қарттың ішіндегі алапат күштің әлі алақұйынданып тұрғанын сезінді сол жалыннан інісі. Сезінді де, өзі де біртүрлі сергіп, сілкініп кетті.

– Менің де өмірлік мұратым бар. Ол – Абайды тану. Өзім шыға алмайтын мінберлерге Абай алып шығады мені!

– Міне мұның дұрыс, – деді билік мойындамаған халық қайраткері.

– Абай – адамдық компасы, ешқашан адастырмайды.

– Бірақ, сол компастың тілін білу оңай болмай тұр, – деп мұның шақты бүгінге дейінгі Абай туралы еңбектерді түп-түгел тауысып, ұлы ақынның өзін әлденеше қайтара оқып шыққан Мекемтас.

– Абайға үңілген сайын ештеңе білмейтінімді біліп одан әрі қорланамын.

– «Я знаю, что ничего не зна-а-ю» – деп соңғы сөзін созыңқырады Баукең. – Сократ бұл сөзді не үшін айтқанын білесің бе?





– Білмедім.

– Сократтың пікірінше, ізгілікті өмір ізгілік туралы іліммен тікелей байланысты. Бірақ ол өзінде ондай білім жоқ деп есептеді. Сондықтан да «Мен өзімнің түк білмейтінімді білемін» деп мәлімдеді. Ал, Аполлон болса осы сөзі үшін Сократты данышпан деп атады.

– Абай Сократты оқыған. Жиырма жетінші кара сөзі Сократ хакімнің сөзі, – деп ойланып қалды Мекемтас.

– Ойлан, ойлан, Сократтың бұл қағидасын сезінсең бірдеңені біле бастағаның, – деп інісінің жүзіне ризалықпен қарады Баукең.

– Білудің басы – өзіңнің ештеңе білмейтінінді сезінуден басталса, мен тап қазір сол күйде жүрмін, – деп ағынан жарылды жап-жаңа ғылым кандидаты.

– Бағытың дұрыс, жолың болсын, – деп көтермеледі ертең жолға шыққалы отырған інісін көпті көрген аға. Сөйтті де түнгі сұхбаты осымен тамамдалғанын білдіріп орнынан тұрды.

Бір кезде білімді қаражаяу іздеп шыққан туған өлкесіне Мекемтас Мырзахметұлы осылай Абай атты пырақтың шылауына жармасып оралды. Бірақ, шырайлы Шымкенті жылы қабақ танытпады ғылыми дәрежемен келген түлегіне. Дәлірек айтқанда Крупская атындағы пединституттың ректоры Ергенбаев тым салқын қабылдап, тіл-әдебиет пәндеріне жолатпады. Бұл кезде қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі өзіне жақсы таныс Әбіш Байтанаев еді. Сол кісі кіріп, «кафедра осындай ғылыми дәрежелі оқытушыға зәру, менің орныма қойыңыз, мен қатардағы доцент болып-ақ жүре берейін» дегеніне де көнбеді ректор.

Сөйтіп, филолог ғалымды «көнсең осы, көнбесең жолың эне» дегенді меңзеп, философия кафедрасына жіберді. Оның үстіне «институт үй береді деп үміттенбе» деп, баспанадан да күдерін үзіп қойды. Мекемтастың көнбеске амалы да жоқ-ты. Ол аспирантураға түскенде Бағира бес баласымен Өзбекстанда қалған. Үлкені Марат сегізде, кенжесі Гүлмира бір жасқа жаңа толған еді. Соған қарамастан Бағира «сенсіз шиеттей бала-шағамен қалай күн көреміз» деп қын-





жылыс білдірмеді. Қайта аспирантураға түскеніне ерімен бірдей қуанып, «балалардан қам жеме, өзіміз бірдеңе етіп күнімізді көреміз, сен ғылыммен алаңдамай айналыс» деп, ризалықпен аттандырып салды Алматыға. Аттандырып салды да отбасылық ауырлықтың бәрін өз мойнына алды. Енді сол ауырлықты қайта бөлісетін кезі келді ерінің. Сондықтан философия тұрмақ «қытай тілінен» сабақ бересің десе де көнетін еді. Қиындықтан қашу дегенді білмейтін Мекемтас адам игергенді адам игереді деп есептейтін. Ол алынбас асудай көрінген бұл екі кедергіні де жеңді. Философияны оқу бағдарламасы деңгейінде игеріп алғаны сонша көп ұзамай ректор жіберген комиссия оның лекциясынан айтарлықтай мін таба алмады. Сол екі ортада Жаңа базардағы үйін Шымкентке айырбастаудың сәті түсіп, баспана мәселесін де өзі шешті. Жаңа келген кадрдың институтты айналып өтіп пәтерлі болғанынан күдіктенген ректор тексеру ұйымдастырды.

Бірақ ілік боларлық ештеңе таппады. Ергенбаевтың көрмей-білмей жатып қыр соңына түсіп алғанының сырын Мекемтас кейін білді. Сырдария кентіндегі өзбек-қазақ пединституты ректорының міндетін атқарып жүргенінде пенделікпен алдына келген Ергенбаевтың өзі айтып берді бар гәпті. Сөйтсе, әңгіме арыда жатыр екен. Көзінше мақтап-мақтап шығарып салған ҚазПИ-дегі әріптестері бұл Шымкентке бармай жатып сыртынан жағымсыз мінездеме беріп қойыпты.

Ең бастысы «Өзіміздің бала емес» депті... Тым әділетшіл, ымыраға көнбейтін қырсық, өсірсен өзіңе қауіпті» дегені тағы бар. Сондықтан да Өзбекстандағы жаңа ашылған институтқа декандыққа ұсынып әзер құтылыпты Мекемтас-тан.

Басқа тайпаның қазағын тосырқап, тазалықпен тура жүргендерден тіксінетіндер әсіресе, жоғары оқу орындарында белең ала бастағанын біздің кейіпкеріміз бұрыннан да көріп жүрген. Ондайларға Байтанаевтай ескінің көзін көрген ғалымның «кафедра білімді кадрға зәру» деген жанашыр сөзінен гөрі «өзіміздің бала емес, тым әділетшіл» деген өтірікпен





әдіштеген өсек-сыбыры өтімді екенін байқағаны да бір бұл емес. Олар қол майланатын (дұрысында былғанатын) «бармақ басты, көз қысты» жұмыстарына сатып кетпейді деген үмітпен өз жақынын тартуға тырысса, сыбайласуға көнбей сықышп қалатындардан бір туғаны болса да аулақ жүреді.

Міне, сол сыбайластардың үлкен күшке айнала бастағаны сонша, өздеріне қосылмағандарды көз қылып жүргізе бермей түртпектеп қуып шығуға дейін барады. Бірақ, «жыртқық үйдің де құдайы бар» дегендей Мекемтастарды да қолдап, қорғап, Ергенбаевтарға қасқайтып қарсы салып қоймаса, бұл өмір өмір болар ма еді. «Өзіміздің бала» болмай өз елінен Өзбекстанға екінші рет сырғытылған Мекемтас онда «өз ағасын» тауып, құдайы жарылқады да қалды. Институт ректоры Әбдінәбиев басқа республикадан келген «бөтен» доценттен түк те сескенген жоқ. Қайта қызметін ынташынтысымен атқарып, лекциясын да мазмұнды оқып, абитуриенттер мен студентердің білімдерін әділ бағалайтындығы үшін өзіне жақын тартып, көп ұзамай проректорлыққа жоғарылатты. Ал, екі жылға докторантураға кеткенінде орнына өзінің өзбегін емес, қазақ Мекемтас Мырзахметұлын қалдырды. Ергенбаевтар болса, оқудағы жағдайын жасап тұратын өз адамын қойғызуға тырысар еді. Ал, Әбдінәбиев жеке басының қамын емес, ел келешегін ойлап, әр ісі әділ «бөтенді» орнына тағайындатуға бар беделін салып бақты. «Артымды ашады» деп қауіптенбей, қайта алдым ашық болады деп қуанып, оқуына алаңсыз көңілмен аттанды. Мекемтас әкімшілік басқару-жұмысын табиғатына тән тындырымдылықпен атқарып, «өз-ағасының» сенімін ақтады. Бірақ, ғылыми жұмысын жалғастыратын жағдай табылса, ректордың портпелін ойланбастан айырбастайтыны да шындық еді. Шынында да солай болды. ҚазПи-дің қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі Берік Қимабаев «қайтыс болған Қажым Жұмалиевтің лекцияларын оқитын Мырзахметұлынан өзге ешкімнің ыңғай жоқ. Ініңіз қайтып келсін» деп Бауыржан Момышұлына қолқа салыпты. Мекемтас бұл ұсынысты бірден қабылдады. Сөйтіп, үлкен үмітін сүйреген ынтық көңілімен қайта оралды ол бұған дейін екі рет ұшырған ұясына.





Бәрі жақсы болып келе жатқан. Лекциясын қызыға, құмарта оқиды. Ғылыми мақалалары жарық көріп жатты. Жаңа институтты ине-жіптен өткізіп келген кешегі деканға ордалы оқу орнының анда-санда жүктелетін қоғамдық жұмыстары да шопақ шаққан құрлы болған жоқ.

Қайта оқу-жазудан қажі бастағанда бір мезгіл ойын бөліп, көңілін сергітті. Шақырылып келген маман ретінде пәтер де алатын болып қалған. Сондықтан ол оқу орындарының ең жауапты науқаны – қабылдау емтихандарына құлшына араласты. Сырдария пединститутындағы қазақ бөлімдерінің қабылдау емтихандарына өзі басшылық жасағандықтан, оның бұл істен азды-көпті тәжірибесі бар-ды. «Абитуриенттердің білімін әділ бағалағаның – жақсы ұстаз іріктегенің. Ал жақсы ұстаз іріктегенің – ел қамын жегенің, жаман ұстаз іріктегенің – қара басыңның ғана қамын жегенің» деп қадап айтып, дегенмен анау-мынау бұлтақ-салтақ әрекеттер болып кетпесін деп, өзі үзбей қадағалап жүрген. Сол үшін де Әбдінәбиевтің алғысын алып еді.

Сондықтан да ҚазПИ басшылығы артқан сенімді де адал ақтауға тырысты ол. Бірақ, қасындағы Қайтуған Сәтімжанов деген әріптесі мұның жұмысына араласып, әбден мазасын алды. Қалтасынан бір тізім шығарады да «бұл балаға бес қой» деп сыбырлайды. Мекемтас болса, түк білмесе не деп қоямын дейді де «екіні» қонжитып жібереді. Тағы бірде «мына қисық аяқты құлата сал» дейді әріптесі, «біліп тұрса, қалай құлатамын» деп Мекемтас керсінше «бес» деп бағалайды. Не керек көп ұзамай ол басшыға шақырылды.

- Сен не істеп жатырсың? – деді басшы қабағын түйіп.
- Емтихан алып жатырмын.
- Қалай алып жатырсың?
- Сіздің айтқаныңыздай етіп, әділ алып жатырмын.
- Жоқ, сен бүлдіріп жатырсың?
- Нені бүлдіріпшің?
- Нені бүлдіргеніңді өзің ойлан?
- Нені ойланамын?
- Емтиханды қалай алуды ойлан.
- Түк түсінбедім?





– Жан жағыңмен ақылдасып, жұмыс істесең түсінесің. Келістік пе?

– Нені келістік?

– Сен өзің қисық жігіт екенсің ғой. Келісіп істелген жұмыстың келте болмайтынына келісесің бе?

– Оған келісемін.

– Ендеше бар.

Басшының алдынан неге келісім бергенін толық ұғыныңқырамай шыққан Мекемтастың жаны бұл жайсыз әңгімені қабылдамағаны сондай бүкіл болмысы өре түрегеліп, басы шуылдай жөнелді. Біраз есін жиып, өзіне өзі келіп алу үшін ол ғимараттың ішкі ауласына өтіп, бірінші кездескен орындыққа отыра кетті.

«Не болды өзі? Мен не деймін, домбырам не дейді? Кешегі сөзі қандай еді басшының, бүгінгісі қандай? Кеше өзінің жазбаша бұйрығын тереңдетіп түсіндіріп партия тапсырған міндет, халық алдындағы жауапкершілік, азаматтық парыз туралы айтқанда бүкіл залды ұйытқан жоқ па еді?

Тіпті емтихан алушылардың бағаны жорта көтерген немесе орынсыз төмендеткен дерегі анықталса, қатаң жазаланатынын да қайта-қайта ескеркен. Ал, бүгін бағаны қалтасындағы тізіміне қарап қойып отырған оқытушыны көрмей, баланың басындағы біліміне қарап қойып отырған Мекемтасты шақырып алып, сонша қыжыртқаны несі? Сөзі бильярдтың тасындай зырылдап ұстатпаса да, зілдей ауыр. «Келісіп пішілген тон келте болмайтынын» ескерткеннің несі айып? Бірақ, нені келіседі, неге келіседі? Оны сөзі айтпайды, сұсы айтады. «Сенің әсіре әділдігің маған керек емес, айтқанымды емес, мензегенімді істе» дейді басшының қабағы. Сонда мен қай айтқанын істеймін? Қағазбен айтқанын істеймін бе? Жоқ, әлде қабақпен айтқанын істеймін бе? Қағазбен айтқанын істеп, қабақпен айтқанын істемесең бетіңе ештеңе демегенімен аттап басқан сайын қырына алып, «отырсаң опақ, тұрсаң сопақ» ететін түрі бар. Не істеймін?

Осылай әрі-сәрі отырғанында қасына Өрісбек келді. Өрісбек Берісбеков қабылдау комиссиясының аудандық комсомол комитеті атынан енген мүшесі. Емтихан басталар алдын-





да арнайы келіп сәлем беріп, өзінің де түркібасылық екенін, жерлесі, жүздесі болатынын айтып танысқан болатын Мекемтаспен. Лыпып тұрған жас жігіт жылы-жылы сөйлей келіп, ақырында бүгін емтихан тапсыратын қарындасына оң көзімен қарауын өтініп, қыздың аты-жөні жазылған тілдей қағазды қолына қыстыра салған. Мекемтас тура жауап берместен «малдың қыстан қалай шығатынын ақпанның бораны біледі, ал көңілдегі бағаны базардың нарқы біледі», деп мақалдатқан. Бұл жауапты Өрісбек өзінше түсініп, «Болды, байлам осы болсын» деп жөнеп берді. Бұл тоқтатып, «менің меңзегенім мынау» деп ойын ашып түсіндірмеді. Қыздың аты-жөніне бір қарап алды да, тілдей қағазды бірінші кездескен қоқыс ыдысына тастай салды.

– Қисық үшінізді қимапсыз ғой аға, қисық үшінізді қиғаныңызда ары қарай конкурстан өзім-ақ алып шығатын едім, – дейді.

– Бауырым, қарындасыңнан әдебиетші де, тілші де шықпайды. Тіпті мұғалім болуы да екі талай, – деді Мекемтас сөйлесуге зауқы болмаса да, жауап беруге мәжбүр болып.

– Елдің ағалары болмайтынды болғызады. Ал, менің ағаларым қолынан келіп тұрған көмегін қимайды. О, менің бабаларым «болар елдің баласы бірін-бірі батыр дейді, болмас елдің баласы бірін-бірі қатын дейді» деп бекер айтпаған ғой. «Ай, біз болмаймыз, өспейміз», – деп күңіреніп кетті Өрісбек. Жас жігіттің орынсыз сөзуарлығы Мекемтастың онсыз да күйзеліп тұрған жанын одан сайын қуырды. Неткен жасандылық? Әлде бар болған біткені осы ма? Бар болғаны біткені осы болса, таным-түсінігі қандай төмен еді. Қоя тұр. Бесіктен бөлі шықпай жатып бұл да екі жүзді болып жүрмесін? Әй, солай-ау? Көптің алдында жалындап сөйлеген болып көлгірсіп, ал оңашада жұртқа берген уәдесінің бәрін қара басының қамына ойланбастан айырбастап жіберіп, осылай бықсып-бүксіп отыратынның өзі болып шықты бұл жерлесі де.

Судың дәмі – тамшысынан. Асылдың қасиеті – сынығынан. Мына бала, бала емес-ау, жастар көсемі бір ғана қылығымен-ақ өзінің шын бетпердесін ашып тұр. Осыны көрген-білген ел ертең оның басқа айтқандарына сенсе ме? Бі-







ріміз емес, екіміз емес, неге біз осы жаппай қос стандарт-тымыз. Өмірі сөзіміз бен ісіміз қабыспай екі жаққа лағып жатады. Ертең ел басқарады деген ел сенерлеріміздің сиқы осы болғанда, шынында да біз қайтіп онамыз? Қалай боламыз? Тығырыққа тірелгеніміз тірелген бе? Одан шығатын жол таба алмай жүрміз бе, әлде бар жолмен бастайтын көсем шықпай жатыр ма? Солай болса, солай шығар. Сана-сы улана-улана айналшық болған қойдай бет-бағытынан айырылып, мәңгүрттенген халық кім жетектесе соның сиыры. Сауып ала бер. Мұндай мәңгүрттенген халықтан жол көрсетіп, жөнсілтер көсем туа қоймас. Туса ләббай тақсырлайтын малай ғана туар. Сонда не істемек керек? Өзі қиналып тұрғанда қиялы осылай шарықтап кеткен Мекемтастың назарын Өрісбек қайтадан өзіне аударды.

– Мен апелляциялық комиссияға қайта арыз жаздым. Сол комиссия сіз қойған бағаны түзетеді, – деп сеніммен айтты. Содан соң:

– Неге олай еттіңдер деп араласпағаныңыз дұрыс, – деп нығырлап ескертті.

Мекемтас алдындағы жігітке таңдана қарады. Бұл таңертеңгі лыпып тұрған елгезек Өрісбек емес. Талдырмаш денесіне бір пәсте салмақ пайда бола қалыпты. Қой көздерінде аттас жануарға тән жуастық қалмаған, шадыраймаса да салқын тартып тұр

Өрісбек Мекемтастың сәл қысыңқылау көздерімен тесіле қарағаныннан тайсалған жоқ. Одан әрі сөйлеп кетті:

– Сіз көрген тізімде жалғыз менің қарындасым болды дейсіз бе? Ректордың өзін шайқалтып жіберетін мықтылардың балалары бар. Сол мықтылар бір оқытушы бүлінген екен деп қалыптасқан жүйені бұзғызып қоймайды. Қалпына келтірудің де заңын табады. Ал, алда-жалда заңға сыймай бара жатса, қаулы қабылдай салады. Бітті. Партияның қаулысын заң да бұза алмайды. Біздің жүйенің мықтылығы сонда!

Орындықта отырған Мекемтасқа төбесінен қарап, тура бір түк білмейтін топас шәкіртіне екі жердегі екінің төрт екенін тәптіштеп тұрған ұстазға ұқсаған Өрісбек сөйлеген



сайын зорайып бара жатты. Ал, оның сөзінен одан әрі опырыла түскен Мекемтас мынау көзалдында бірте-бірте діңденіп, қатпарланып алған комсомолға айтар уәжі жоқтай үнсіз. Комсомол көсемінің шынында да тура ұстазы құсап көп нәрсеге көзін ашып тұрғаны рас еді. Мекемтас байқамай, байқаса да тереңдеп мән бермей жүрген көп жәйттардың ішінара өткінші емес, тамыр тартқан тұрақты құбылыс екенін осы жүйенің оқуын тумай жатып бітіріп қойған жандай тақ-тақ еткізіп, тәптіштеп айтып берді.

– Соншалықты терең құбылыс деп ойламаппын мен. Сұмдық қой бұл! – деп Мекемтас уәж айтудың орнына таңданыс білдірді.

– Ешқандай да сұмдық емес, – деді оның жас «ұстазы» – Бұл кәдімгі өмір бәсекесі, алға жылжу үшін жанталасу.

– Жоқ бұл бар болғаны жеке бастың қамы, – деп басын шайқады «шәкірт» Мекемтас.

– Тым тар ойлап тұрсыз, аға, – деп тағы білгірлік көрсетті жас «ұстаз». – Олардың көбі жағдайын жасап алғандар, ендігісі өзгеге көрсеткен көмегі, тигізген шарапаты. Адамның күні адаммен деген емес пе.

– Сыбайласпасаң өмір сүре алмайсың дегенің бе сонда?

– Ой, аға-ай. Сөзді бұрмалай бермесеніңші. Сыйластық деген де бар емес пе. Мәселен, сізге пәтерді жаңа үйден бергелі жатыр. Не үшін екенін білесіз бе?

– Мен шақыртумен келген маманмын, – деп бұл қоғамда өзінің де салмағы барын сезіндірген Мекемтас «мынау өзі комсомол басымен аудандағы қыбыр еткен тірліктің бәрін біледі ғой. Тіпті менің қай үйден пәтер алатыныма дейін хабардар деп одан арман таңқалды.

– Шақыртумен келген маман болсаңыз да, ендігі жерде жаңа үйден пәтер алуыңыз екіталай-ау?!

«Кішкентай ғана қаратас, атан түйе тарта алмастың» өзі ғой мынау. Тағы не сұмдықтың шетін шығарды», – деп ойланып қалған Мекемтастың көңіліне үрей араласты. Баспанасыз қалу үрейі.

– Солай, аға, – деп нығыздана түсті кішкентай ғана «қаратас».



– Уақтылы пәтер аламын десеңіз, нүктесіне дейін қойылып қойған жүйелі жұмысты жұлмалаймын деп әуре болмай жайыңызға жүріңіз. Мен мұны райкомның бюро мүшесі ретінде де айтып тұрмын. Ал, жақсы сау болыңыз.

Басын сәл иіп қоштасу рәсімін жасаған Өрісбек тез басып жүріп кетті. Оның айтқандары мүлдем мәңгіртіп тастаған Мекемтас орындығында отырған күйі отыра берді. Бірақ, бюро мүшесі кеткен соң төрт жағы да тұйық аулада орнай қалған меңіреу тыныштық анау аудиторияға тезірек оралып, емтихан алуды жалғастыруы керек екенін есіне салды. Ол орнынан тұрып, шыққан есігіне қарай аяндады. Гимараттың ішінде де, сыртында да жан адам жоқ. Демек, бүгінгі емтихан біткен. Ал, мұны ешкім іздемеген...Ертең ше? Ертең де іздемей ме? Шығарып тастайтын шығар комиссиядан. Олай ете қоймас. Ресми түрде еш кінәсі жоқ. Неге жоқ? Емтиханды өз бетімен тастап кетті деген себеп жетіп жатыр. «Ректор шақыртты ғой». Ректор он-ақ минут ұстады. Қалған уақытта қайда болды? «Аулада, райкомның бюро мүшесі әңгіме өткізді бұнымен». Ол, бейресми әңгіме, есепке алынбайды. «Мазасы болмады, ауырып қалды». Қолында дәрігер куәландырған қағазы жоқ. «Әй не болса, ол болсын. Өзім-ақ тастап кетейін».

Осы шешім өн бойынан атойлап-ақ шыққан сияқты еді, бірақ оны Өрісбектің «жаңа пәтерден қағыласыз» деген хабарының үрейі өре түрегеліп, «қайт-қайт» деп қақпайлады. Намыс пен үрей сабаласқан кеудесі енді оны автобус аялдамасына қарай сүйреді. Тезірек үйіне жетсе, жұмысына да ертең ертерек келсе, жаңа пәтерден айырылмайтындай көреді түйсігі.

Ал, санасында нағыз шайқас. Кіммен шайқас? Әлгі комсомолмен бе? Ректормен бе? Қалтасында тізімі бар әріптесімен бе? Солардың бәрін құрыштай берік күшке айналдырған жүйемен бе? Әлде, өзімен өзі айқасып келе ме? Әйтеуір санасы, шайқас алаңы. Сол майдан шебінде бірде жекелеп, бірде тұтастанып атойлайтын жанына жат күштер тоқтаусыз шабуылдайды. Бұның ар-ожданы да беріспейді. Шабуылдарды қасқайып қарсы алып, жымысқы ұры ойдың бәрін





шыбықпен ұрғандай шықпыртып, шыққан қуыстарына қайта қуып тығады. Бірақ, бұл баянсыз дүниеге дауа бар ма? Бекемсіген Мекемтастың періште көңілі үйіне жақындаған сайын қыбыжықтап кетті. Қазір үйіне барғанда, кісінің есігінде қысылып-қымтырылып өмір сүруден ығыры шыққан бес баласы мен әйелі одан жаңа пәтердің хабарын сұрайды. Сонда бұл не дейді? «Мен ар-ожданымды пәтерге айырбастамаймын!» деп салтанатты түрде мәлімдей ме, киноның қаһарманына ұқсап. Сонда әйелі мен балалары не дейді? «Жарайды әке! Қазіргі Қазақстандағы ең әділ, адал жан сенсің! Біз, сенімен мақтанамыз!» дей ме? Болмаса «бұл архаизмді артыңа тығып қой», «бізге жайлы пәтер керек» дей ме?

Ол бірауық қалтасында тізім жүрген әріптесін ойлады. Қазақ совет әдебиетіндегі коммунистер бейнесінен қорғаған ғылым кандидаты. Астында сылаңдаған сұлу «Волга». Ол кезде мұның бәріне екінің бірінің қолы жете бермейді. Керек болса, «қайдан алдың» деген әңгіме туып, тексеріледі. Бір шикілігі шықса, басы бәлеге қалады. Ал, бұл әріптесінде бәрі оқтай. Жалғыз ол емес-ау. Емтихан қабылдайтын мұғалімдердің көбінің сөзіне қарасаң қайын жұрты, не нағашы жұрты шетінен бай, жай ғана бай емес, нағыз Атымтай жомарт. Біреуінің нағашысы автокөлік бәсірелеген. Екіншісінің қайын жұрты «қызымды бергенде көлігімді неге бермеймін» деп мініп жүрген мәшинесін атынан түскендей түсіп, күйеу баласына мінгізіп жіберген. Ол аз десең кең сарайдай үй сатып әперіп, жарылқай салған. Енді ойлап қараса қаражаяудың қолы жетпейтін үйді де, базардағы бағасы удай қымбат автокөлікті де емтихан кезінде түсірген параларына сатып алып, туыс-жекжаттарының атына тіркеп қояды екен. Кімнің атына жазылса, оның атына жазылсын, игілігін сол паракордың отбасы көріп жатыр. Мен мәшине мен үй сатып алатындай былыққа батпай-ақ тиесілі пәтерімнен айырылып қалмау үшін ректордың жазбаша бұйрығын бұзып, қабағының қалағанын орындай салсам қайтеді? Тәуекел деп ар сызығын бір мәрте аттап, содан соң қалпыма келе қойсам. Одан дүние «бүлініп кете қоймас». «Бүлінеді» дейді басқа ойы.





Былыққа бір батқан соң қайтып шыға алмайсың. Шыққан күнде де арыңа бір жұққан кірді еш уақытта кетіре алмайсың. Жүрсін ғой әлі азаптанып. Кенет баяғыда бозбала кезінде өтсе де, өмірі ұмытылмай осындай-осындайда санасының бір түпкірінен қылаң ете қалатын жаңсақ бір ісі көлбеңдей береді Мекемтастың көз алдынан.

1946 жыл. Соғыстың зардабынан әлі айықпаған ауылдас-тарының көретіні өлместің күні. «Шықпа жаным, шықпа» деп шала құрсақ күй кешеді. Тек колхоздың басшысы мен есепшісінің отбасылары өзгелерге қарағанда дыйлы. Сегізінші сыныпты жаңа бітірген Мекемтастың да солар құсап тоқ тамақ жегісі келеді. Бірақ қалай, қайтіп? Бұл күйінде ешкім оны бастық сайламақ тұрмақ, есепшілікті де бермейді. Сонда не істемек керек? Әрине, оқу керек. Қолында дипломы болса, оқусыз есеп-қисап жүргізіп жүрген бұғалтірдің орнын бұған лажсыз береді. Өзінше осылай деп ұйғарған Мекемтас Тараз (ол кезде Жамбыл, Әулиета деп те аталады) қаласына келіп статтехникумға оқуға түсті. Бірақ, қаладағы күнкөріс ауылдағыдан да ауыр болды ол үшін. Алатын стипендиясы жарты бөлке нан сатып алуға ғана жетеді. Басқа сырттан келетін көк тиын көмек жоқ. Қалай күн көріп, оқуын қалай жалғастырады? «Өлмегенге өлі балық кездеседі» деген рас екен. Оқу түгіл тамақ табудың өзі қайғы болып жүргенінде тағдыр оны Бүркітбаймен жолықтырды. Бұл өзі жауырыны қақпақтай, ал екі иығына екі кісі мінетіндей денесі аса ірі кісі екен. Ол келе жатқанда базардағы қалың жұрт қақ жарылып, жол берді. Қорыққанынан солай етті ме, әлде шын көңілімен құрметтеді ме, ол жағын Мекемтас айырған жоқ. Айырғаны – мына еңгезердей қара тегін адам емес. Соншама халық қоғадай жапырылғанына қарағанда колхоздың бастығынан да мықты құдірет ол. Аш құрсағы бұралып, аш көзі бозарып, қаншама күн қара судан басқа нәр сызбай жүрген Мекемтас сол құдіреттен шарапат тілеп телміріп қарады. Бүркітбай соны байқады. Байқады да қалың жұрттың ішінен қолынан жетелеп алып кетті. Бүркітбай аш баланы қайда әкетті, онда ешкімнің шаруасы болған жоқ. Қақ жарылған жұрт ләм-лим деместен көзбен шығарып салып қала берді. Мекемтастың





өзі де мына диюдың қайда апаратынын білген жоқ. Білгісі де келмеді. Әйтеуір қайда апарса да алдымен талғажу ететін бірдеңе жегізіп, үзіліп кеткелі тұрған жүрегімді жалғайды деп үміттенді. Ол үміті ақталды. Қара дию мұны үйіне алып келіп, жайлап-жайлап тамаққа үйретті. Сөйте-сөйте екі-үш күннен кейін әжептеуір әл кірді бойына. Бүркітбай нағыз қайырымды жан екен. Оның үйін Мекемтастан басқа жеті-сегіз бала паналап, тамақтарын асырап жүрді. Қара диюдың қамқорлығы бұнымен шектеліп қалған жоқ. Ол соғыс жетімектерін өз бетінше өмірге дайындады. Бұлар сабақтан оралған соң заманның ешкімді аямайтын қаталдығы туралы айтады. «Осындай заманда қатал адамдар ғана өмір сүре алады. Заманына қарай – адамы» дейді ол. «Міне, сендер соғыс заманының ұрпағысыңдар. Соғыста кім күшті сол жеңеді, яғни, тірі қалады. Сендер де өліп қалмас үшін немесе біреу өлтіріп кетпес үшін күшті әрі айлалы болуларың керек». Бүркітбай осылай деп балаларды қайрап қана қойған жоқ, олардың күшті болуы үшін түрлі жаттығулар жасаттырды. Содан соң төбелестің тәсілдерін көрсетті. Қолдың қырымен күретамырды дәлдеп ұрып, қарсыласты қалай талдырып тастауды, бауырдан ұрып бүк түсіруді, немесе жағадан ұстасып тұрған болып жата кетіп, бастан асыра лақтыруды үйретті. Бір-бірімен солай төбелестірді де. Осылай, тамаққа тойынып, бойға күш жинап, төбелестің тәсілдерімен қаруланған балаларды енді Бүркітбай тамақ табудың жолдарына баулыды. «Сенің күшің бар, тәсілің бар, ойлайтын басың бар, ендеше неге аштан өлуің керек» дейді ол. Сол артықшылықтарыңды пайдалан да әне тұрған тамақты алып же. Ол диірменшінің көзін алдай беріп, қалай ұн ұрлауды үйретті. Дүкенші өзгелермен саудаласып жатқанда, азық-түлікті қалай жымқырып кетуді көрсетті. Бір күні кезек Мекемтасқа да келді. Оны дүкен ұрлауға жұмсады. Дүкен жабылар алдында артқы есіктен кіріп, азық-түліктің арасына жасырынып қаласың. Таңертең дүкенші алдымен артқы есікті ашады. Содан соң алдыңғысын ашуға өтеді. Міне, сол кезде тамақ толы қабынды арқалап артқы есіктен шығып кете бересің.





Мекемтас Бүркітбайдың нұсқауын бұлжытпай орындады. Ұрлыққа баулығын «ұстазы» сол үшін ризалығын білдіріп, арқасынан қақты. Ал, қалған балалар бұл әкелген тамақты тоя жеп маз болды. Бірақ, Мекемтас түк те қуанған жоқ. Тамағы тойып, демалғанымен «не істедің сен, бұл не қылғаның» деп жаны өзін-өзі жеп жай таптырмай қойды. Ол өскен орта, ол көрген өнеге бұлай емес-ті. Әкесі Мырзахмет зергерлікпен асырады бала-шағасын. Ертеңнен кешке дейін орнынан бір тұрмай еңбек етеді. Соның арқасында тұрмыстары өзгелерден тәуірірек болыпты. Ал, анасы Зәуре «ешкімнің ала жібін аттамаңдар» деп жасынан балаларының құлағына құйып өсірді. Сиқымдардың көсемі болған Батырбек датқаның шөбересі еді анасы. Әппақ кимешегін кір шалдырмай, үстіне қылау жұқтырмай тән тазалығын да, көңілі еш қиянатты қаламай, қабылдамай жан тазалығын да бірдей сақтаушы еді-ау. Сөйткен жандардың ұлы Мекемтас енді Әулиеатаның базарында ұрлық қылып жүр. Әке көрген оқ жонады деген қайда сонда? Әкеден көргенінен Бүркітбайдан көргені көсем шыққаны ма? Әлде, заманның бүлінгені сонша, ұрлықсыз өмір сүруден өзге жол болмағаны ма? Ұрлық қарнын тойдырғанымен Мекемтас ар азабынан аштықтан жаман жүдеді. Ауылға қашып кетейін десе оқуын қимайды. Әулиеатада қала берсе Бүркітбай енді оған айтқанын істетеді де отырады. Осылай, қалай, қайтіп құтыламын деп санасы сансырап жүргенде Бүркітбайды пойыз қағып өлтірді. Сөйтіп, Мекемтас пен өзге балалар одан опонай құтылды. Бірақ, заманның қыспағынан құтыла алмады. Қара дию олардың панасы, қорғаны екен. Бүркітбай өмірден озған соң балаларды аштық иектеп, денелері бірте-бірте ісіне бастады. Мекемтас бұл күйінде есепшінің дипломын ала-алмасын түсінді де, есі барда елін табуды ұйғарды...

Ол кезде ұрлыққа барса, аштықтан құтылу үшін барды. Ал, қазір ше? Қазір не жетпейді? Ой, бұл адам дегеніңе не жеткен? Ештеңе жетіп көрген емес. Жыртқыштан жаман. Жыртқыш бір табыннан бәрі жабылып біреуін ғана ұстап жеп, тойған соң артығын босқа қырмай тояттап жата береді. Ал, адам затының өзі де, көзі де тоймайды. Жеген үсті-



не жей берсем екен дейді. Астапыралла! Мен не деп кеттім? Көпке топырақ шашып кеттім бе? Өзгеге қиянаты жоқ, өз тірлігімен өзі жүріп жатқандарды ғайбаттап нем бар. Нағыз адам солар ғой. Олар тойымды да, қанағатты да біледі. «А, құдай мұныға шүкірді» күніне бірнеше рет айтады. Ал, тойымды да, қанағатты да білмейтіндер бағаны баланың біліміне қарап емес, қалтасындағы тізіміне қарап қоятындар. Оларда өз ұятына өзі өртену деген болмайды. Кейбір билік басындағылардың астыртын мақұлдауымен атқарып жатқан соң ары неге азаптансын оларды. Бұқаралық ақпарат құралдарында да өздерін нағыз ел патриоты ретінде жарнамалап, қалың көпшілікке сүйкімді көрінуді шебер ұйымдастыратындар да бірін-бірі қолдап, қызметінен өсіп жататындар да солар. Керек болса, коммунистің азаматтық позициясы туралы мақалалар мен монографиялар жазып, докторлық қорғап, академик деген атаққа алдымен сайланып алған да солар. Ал, мен кіммін? Олардан айырмам қандай?

Райкомның өзі астыртын бағыт беріп, ректор қабағымен көрсеткен сыбағамнан неге қашамын? Бір Жаратқанның барлығын мойындасам да, Құдайға құлшылық етіп көрмеген менің арым неге азаптанады? Ары-беріден кейін арымның азабы ауыр ма, жоқ бала-шағам мен жарымның назасы ауыр ма? Ол қала шетіндегі үйіне жақындап қалды...







\*\*\*\*\*

Кафедраға жаңа үйден берілген пәтер бағаны тізім бойынша қойған жігітке бұйырды. Ал, Мекемтасқа соның ескі пәтері тиді. Бағира да, балалары да соның өзіне шүкіршілік етті. Үй салып үйреніп қалған отбасы ескі пәтердің кеткен жерлерін сылап, сынғанын бүтіндеп, тозығы жеткенін жаңартып, әктеп-сөктеп кіріп алды. Бірақ, жұмысы бұрынғыдан ауырлап кетті. Басшылық қосымша қоғамдық жұмыстарды бірінен соң бірін үйіп-төгіп тапсыратынды шығарды. Бірін арқасынан қағып күліп тұрып тапсырады, екіншісін жақтырмайтынын ашық аңғартып қабағын түйіп тұрып тапсырады. Әйтеуір тыныш отырғызбайды. Қабылдау емтиханы бітер-бітпестен Мекемтасты мың студентке басшы етіп астық жинауға аттандырды. Келе салысымен жатақхананың жауапкершілігін жүктеді. Енді күндіз лекция оқып, кафедраның басқа жұмыстарын атқарып, кешкілік уақытын жатақханада өткізіп жүрді. Өйткені мұнда қандай да бір тәртіпсіздік орын алса, студенттерден бұрын өзінің жазаланатынын Мекемтас жақсы түсінді. Сөйтіп ол арын айырбастамаған емтиханнан кейін өзін қыл үстінде жүргендей сезінетін болды. Сәл тайып кетсе, құрдым. Бес баласы бетіне қарап отырғанда жұмыстан айырылу құрдым емей немене? Мектепке орыс тілінің мұғалімі болып әзер орналасқан жалғыз Бағираның айлығы не болады? Ең қиыны ғылыммен айналысуға уақыты тіпті қалмай бара жатты. Бұған дейін де талай құқайды көрген басы бұл қиындықтардың бәріне төзіп бақты-ау. Бірақ, ең ауыр соққы ең ұрма жерінен келіп тиді. Лекция оқып жатқанында кафедра меңгерушісі Берік Қимабаев бастаған комиссия сау ете қалды. Сол күні Ыбырай Алтынсаринді өтіп жатқан. Әдеттегідей алдымен Алтынсаринді тудырған дәуірді сипаттап өтті. Бұл кезде қазақ елі толықтай отарланып, олардың басы біріктірілмей үш жерден – Орынбордан, Омбыдан, Ташкенттен бөлшектеліп басқарылды. Жерін осылай бөлшектеген отаршылар енді халықтың санасын отарлау саясатын жүзеге асыра бастады. Ол үшін патша өкіметіне жаңа бағындырылған халықтардың тілін, дінін, ділін, тарихын, бес саусағындай білетін ка-





дрлар қажет еді. Міне, сол қажеттілікті Мәскеудегі, Қазандағы діни академиялар және басқа оқу орындары өтеп, қазақ тілін, ислам дінін жетік білетін миссионерлер даярланды. Олар этнограф, фольклоршы, ағартушы ретінде қазақ даласына жіберіліп, жергілікті халықтың салт-дәстүрлерінің, мінез-құлықтарының, діни ұстанымдарының ерекшеліктері мен әлсіз тұстарын зерттеді. Солардың бірі Ильминский Батыс Қазақстанда, Алекторов Солтүстік Қазақстанда, Остроумов Оңтүстік Қазақстанда миссионерлік жұмыстар атқарды. Олардың зерттеулері бұратана деп кемсітілген халықтардың санасын отарлаудың бағдарламаларын жасауда үлкен рөл атқарды. Миссионерлер өзге түрік халықтарына қарағанда қазақтардың діни фанатизмі кемшін екенін анықтап, орыстандырудың екі жолын ұсынды.

Біріншісі – талапты, білімге ұмтылған қазақ балаларының сауатын ашқан болып, орыс тілінде оқыту.

Екіншісі – халықтың кедей, қараушысы жоқ тобына материалдық көмек ұсыну арқылы шіркеулерде шоқындыру.

Осылай орысша тәрбиеленіп, шоқындырылған балаларды кейін кеңсе қызметтеріне және бала оқыту жұмыстарына жіберіп, орыстандыру саясатын одан әрі солардың қолымен жүзеге асыру. Бірақ, немересін Орынбор қаласындағы жеті жылдық орыс мектебінде оқытқан қыпшақтың атақты Балқожа биі не мақсатты көздеді? Ұрпағым қайтып оралған соң отарлаушыларға қызмет етіп шен-шекпен кисін, қазақтарды одан әрі орыстандырып, шоқындырсын деді ме? Әлде тап сол заманда қазақ халқын білім-ғылымға қол жеткізудің орыс оқуынан өзге жолы жоқ екенін терең сезінгендіктен тәуекел етті ме? Әйтеуір бір нәрсе анық. Шоқынбасаң оқытпайтын орыс оқуына алды-артын әлі болжай алмайтын балаң кезінде кірген Ыбырай нағыз ұлттық уызға қанығып өскендігін көрсетті. Ол орыс оқуы арқылы ғылым-білімді бойына құмарта сіңіргенімен ділін алдырмады. Оқуын тамамдаған соң патша шенеуніктері күткендей отарлық кеңселердің қуыршақ қызметкерлеріне де, қағынан жеріген маргинал-миссионерге де айналған жоқ. Бір жағынан қандастарын шоқындыруды міндеттеген Ильминский сияқты





миссионерлердің тегуірініне, екінші жағынан ислам дінін қорғаушыларының қысымына төтеп бере жүріп жүргізді ағартушылық жұмысын. Ол қазақ қоғамында көбесі сөгілмей сіресіп тұрған томаға тұйық тоқырау мен патша шенеуніктерінің қолдауымен православие діні миссионерлері қызу жүргізіп жатқан шоқындыру саясатының арасынан жол тауып, жас ұрпаққа өркениетті ғылым-білімнің есігін ашып берді. Балқожа би немересінің ұлы ерлігі осында жатыр!

Лекциясын осылай бір түйіндеген Мекемтас одан әрі Алтынсары ұлының өмір жолы, ағартушылық қызметі мен шығармашылығы жайлы әңгімелеп кетті.

Оның лекциясын қыбыр етпей қызыға тындаған студенттер соңынан сұрақтарды көп қойды. Жауап бере тұрып оқыған дәрісі балалардың көкірегін көріктей үрлеп, жүрек отын маздатқанын сезінді Мекемтас. Сол сезімнен өзінің де мерейі өсіп, бақытты күй кешті, кафедраға келе жатқанда. Бірақ та есікті ашып ішке енген соң соның бәрін Берік Қимабаевтың салқын қабағы су сепкендей басты.

– Сен не бүлдіріп жүрсің? – деді ол құмығыңқырап шығатын даусын барынша қатайтып.

– Не бүлдіріппін?

– Бағдарламадан ауытқыдың. Ильминский, Остоумов, Алекторовтарды қазақтарды орыстандыру саясатын жүргізген миссионерлер деп атадың.

– Сіздің ойыңызша олар кімдер?

– Олар қазақ даласына орыс өркениетін алып келген ағартушылар, халқымыздың салт-дәстүрін, ауыз әдебиетін зерттеген ғалымдар. Болды, осымен шектелу керек.

– Жартылай шындық өтіріктен жаман дейді Бауыржан Момышұлы. – Сондықтан мен өтірікке ұрынбай шындықты толық айтуға тырыстым.

– Осы сен мұндай деректің бәрін қоқсытып қайдан шығарып жүрсің? Жазды ғой академик жазушымыз Ғабит Мүсірепов «қазақ халқы Алекторовқа үлкен қарыздар» деп. Одан артық не керек? Соны басшылыққа алындар, жетеді.

– Бұл дәуірді арнайы зерттеген басқа академик жазушымыз Мұхтар Әуезов 1951 жылы жарық көрген «Абай аға»





атты романында Ильминскийді де, Остроумовты да, Алекторовты да православие шіркеуінің миссионері деп атаған. Жәй айтпай Абаймен пікірлескен патша генералының аузымен айтқан. Мен Әуезовтың сол пікіріне сүйендім.

– Алайда, ол пікірі романның кейінгі басылымдарынан алынып тасталған ғой.

– Алынып тасталса, автордың ақиқаттан аттағанынан емес, цензураның қатайғанынан алынып тасталды.

– Оған қандай дәлелің бар? – деп тықсырмалады Берік бағанадан бері бұлталақтап ұстатпай тұрған Мекемтасты қабырғаға тірегендей болып. Бірақ, Мекемтастың бұл тақырыпқа дайындығы мол болып шықты. Жауапты іркілмей берді.

– Мәселен, – деді ол – Ильминскийдің өмірі мен еңбектерін арнайы зерттеген профессор В.М.Горохов оның педагог-миссионер, орыстандырушы, патшаның отарлау саясатын жүзеге асырушы деп атап, қызметін сол тұрғыда қарастырады. Сол сияқты Остроумовтың да, Алекторовтың да жарық көрген еңбектерінің дені қазақ халқын шоқындырып, проваславие дініне кіргізу мәселелеріне арналған. Бұл айттып тұрғандарым кітапханалардан алынған атүсті деректер ғана. Ал, патшалық үкіметтің архивтеріне үділген кісіге дәлел дегеніміз шаш етекпен.

– Жарайды, – деп сөзін бөлген кафедра меңгерушісі әңгімені Алтынсариннің өзіне бұрды.

– Ыбырай қазақ балаларын шоқындыру туралы тапсырма алған дегеніңе жол болсын. Сонда Ыбырайдың өзі де шоқынуден бірге шоқындырушы болып шығады ғой.

– Әңгіме сонша жыл орыс оқуын оқыса да өзі орыстанбай, оқытқан балаларын да орыстандырмай алып қалуында болып тұрған жоқ па? Мен бұл деректерді қайта Алтынсариннің ағартушылық ерлігінің мәні мен маңызын одан әрі аша түсу үшін келтірдім. Лекция бітіп, сіздер шығып кеткен соң студенттер қойған сұрақтар сол пікірімнің дұрыстығын дәлелдеді.

– Студенттер не сұрады?

– Студенттер Ыбырай ашқан мектептерде оқыған шәкірттері кімдер? Олар өз дәуірінде қандай рөл атқарды деп сұрады.



– Сен не деп жауап бердің?

– Дүниеде арысыңның атын кеуденді керіп тұрып, мақтанышпен атай алмағаннан артық қорлық жоқ екен. Аудиторияда ашық түрде студенттердің айызын қандыра айтпаған әңгімемді оларға дәлізде тұрып сыбырлап айттым. Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев және басқа көптеген қазақ зиялылары сол мектептің түлектері еді, бірақ 1937-1938 жылдары Сталиннің билігі тұсында оларды халық жауы атандырып атып тастады. Ал, еңбектерін оқытуға тиым салынды дедім. Студенттер олардың еңбектерін қайдан тауып оқимыз деп қадалып алды. Жеке адамдардың қолында сақталғандары болмаса, қазір қолдарың жетпейді деп шындығын айттым.

– Олар не деді?

– Олар ұлтымыздың шын тарихын ашық айтып беруге батылы жетпейтін сіз не деген бейшара ұстаз едіңіз, ал өз тарихын білуге тиым салынған біз не деген мәңгүрт ұрпақ едік деп күйінді. Сол кезде мен аяп кеттім. Аяп кеттім де өзімнің де өзегім өртеніп тұрып Баукең ылғи жатқа айтып отыратын Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» деген және басқа өлеңдерін оқып бердім оларға.

– Біраз жерге барысың – деді Берік. Бірақ, Баукеңді сыйлайтын болған соң ба, әлде Мағжанның мысы басты ма, әйтеуір басшы екенін ұмытып, басылып айтты. Содан соң:

– Сен Алтынсарин ағартушылығы – ерлік деп дұрыс атадың – деді. Бұған іші жылып қуанып қалған Мекемтас:

– Алтынсариннің «мен өлгенде жаназамды 99 молдаға шығартыңыздар» деген өсиетінің өзі сол заманның бар қайшылығын қайыспай көтерген үлкен жүректі, кесек істі адам екенін көрсетпей ме, Беке, – деп елге белгісіздеу тағы бір деректі лақ еткізді. Берік жігіттің жүзіне таңырқай қарады. Бұл деректі бұрын білмеді ме, әлде білсе де Мекемтастың лекциясынан кейін ерекше әсері етті ме, әйтеуір толқығаны анық. Бірақ, басшы екені есіне түсіп, бойын тез жиды да:

– Дегенмен, бұрын ғылыми ортада зерделеніп, бағасын алмаған деректерді байқап пайдалану керек лекция оқығанда, – деп ескертті қабағын қайта түйіп.





Қабағын түйсе де, әйтеуір ушықтырмай аяқтады әңгімені. Мекемтас оған шүкіршілік еткенімен көңіліндегі күдік толық айықпады. Айықпағаны, меңгеруші сабағына кафедраның жоспарлы жұмысы есебінде кірді ме, болмаса жоғарыдан нұсқау болды ма? Соны ажырата алмады. Жоғарының нұсқауымен кірсе, онда оларға арнайы хабарлама жазып жолдайды. Райкомда жұмыс істеген Мекемтас ондай хабарламалардың негізінен сыни тұрғыда жазылатынын жақсы біледі. Берік те сол дәстүрден аттай алмай мұның лекциясын сынайтын болады. Ол хабарламада қандай сын айтылса да, онсыз да құйрығына қоңырау байлаулы жүрген Мекемтас үшін дүние одан сайын тарылып, тура алқымына келіп тірелгені. Ал, дәрісіне кафедраның ішкі жұмыс жоспарына сай кірген болса, онда дүниені тарылту, тарылтпау кафедра меңгерушісінің азаматтығына байланысты. Алтынсарин сияқты болмыспен талай бетпе-бет келіп, оқыс шешім қабылдауға мәжбүр болған қайраткер ақын Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығын зерттеп жүрген Берік Қимабаев ғалым ретінде Мекемтастың жандүниесін түсінуге тиіс. Сондықтан ректордың оғының оқпанына байлап бере қоймас. Бірақ, лекцияға ол жалғыз кірген жоқ. Басқа оқытушылар да болды. «Әр көңілде бір қиял» деген, олардың ойында не бар? Қазір бұл кеткен соң үшеуі оңаша отырып ой қорытады. Сонда біреуі бұра тартар болса, Берік беделін салып, қорғай ала ма мұны? Жоқ, «үй артында кісі бар» отыз тістен шыққан сөз, отыз рулы елге тарап кетсе өзіме де кесірі тиіп кетер деп, зерттеуші ғалым ретінде қорытынды жасамай, саясаттың ауанына қарай құбылып отыратын басшы ретінде қорытынды жасай ма? Содан кейін «кешір бауырым, сені ғалым ретінде түсінемін, бірақ, мен биліктің бүгінгі саясатын жүзеге асыруым керек, сондықтан сені қорғай алмаймын, қайта айыптаймын» деп тұрса не болады? Ол өзіне сабақ берген Темірғали Нұртазинді бірінші рет терең түсінді. Қыл үстінде жүріп айтады екен-ау әңгімесін. Кеңес билігі пролетариаттың жас ақыны Сәбит Мұқановты қанша қолдаса да, байшыл ақын Мағжан Жұмабаевты халықтың қалай керемет жақсы көретінін де сөз арасында



қыстырып жіберуші еді-ау. Немесе, Түрксіб туралы Асқар Тоқмағанбетовтің өлеңін оқып тұрып, артынан Түркістан-Сібір теміржолын салудағы Тұрар Рысқұловтың, Мұхамеджан Тынышбаевтың еңбектерін де атап өтетін. Өмірі естімеген есімдерді естігенде көкірегінде керемет бір күштің бұлқыңғаны әлі есінде. Сол күш қиялына да қанат бітіріп, талабын таудан асырған. Бірақ, атауға тиым салынған есімдерді студенттердің жадына әдейі құйған жас ұстаз Нұртазиннің қыл үстінде тұрғандай қылпылдап күй кешкенін Мекемтас ол кезде байырқаламапты.

Ұстазы салған үлгіні жалғастырғаны үшін, енді міне өзі де қыл үстінде күй кешіп тұр. Ол кезде студенттердің арасынан Мекемтас қана коммунист ретінде партия жиналысына қатысатын. Партияда жоқ Нұртазин сондай жиналыстардан кейін Мекемтасты оңашалап сыр тартушы еді. Сонда студенттердің көкірегіне от жандырғанымен қай жерімнен кінә тағады деп, көңілі күпті болып жүреді екен-ау!

Ал, қазір өзі ғылыми жұмыстарын және білімін жоғары бағалап, әдебиет пәніндегі ең негізгі курстардан лекция оқуға, ту-у, сонау Өзбекстаннан арнайы шақырып алған ғалым Берік пен жоғарының тапсырмасын орындауға міндетті басшы Беріктің қайсысы басым түсетінін біле алмай делсал. Сұрын бермейтін Берік сырын да ашпайтындықтан әліптің артын баққаннан басқа амалы жоқ. Бұрын ғылыми жұмысқа уақыт қалдырмады-ау мыналар деп қыңжылса, енді қызметімде қалдыра ма, қалдырмай ма деп көңілі алаңдаумен өтетін болды күндері. Ондайда лекциясы бар болсын, ғылыммен алаңсыз айналысатын бір жұмыс тауып алсам ғой деп армандайды. Сөйтіп жүргенде аспаннан іздегені жерден табыла кетті. Академияның әдебиет және өнер институтындағы қазіргі қазақ әдебиеті бөлімінің жанынан абайтану секторы ашылып, бөлім меңгерушісі Ысқақ Дүйсенбаев Мекемтасты сол орынға шақыртты. Мекемтас, әрине, келісімін қуана берді. Бірақ, ол қуанышы ұзаққа бармады. Бөлім меңгерушісі оның кандидатурасын өткізе алмады. Институт директоры Мекемтастың қызмет құжатымен танысқан соң кері ысырыпты. Ысқақ Абайды терең зерттеп





жүрген ғалым деп сипаттап, жарық көрген мақалалары мен кітаптарын алға тартса да көнбепті. «Дұрыстап іздендер, табылмауы мүмкін емес» деп қайырыпты. Бірақ, марқұм Мұхтар Әуезовке адал дос болған Ысқақ ғылымға да адал еді. Ол директордың көңіліндегі адам бәрібір Мекемтастай бола алмайтынын білді. Сондықтан оны қалайда абайтану саласына пайдалануды ойлап, енді Әуезов музей-үйінің директоры Ләйла Мұхтарқызына алып барды. Ол кісі Мекемтасты қай жерден, қай елден деп тергемеді. «Бұл жігіт кандидаттық қорғағанында қатысқанмын, позициясы маған ұнады» деп ғылыми еңбектерінің тізімін біраз шолып отырды да, еңбексүйгіш екен, тәртібі дұрыс болса аламын деді. Ысқақ Мекемтасқа ғылымның нағыз қойторысы деген баға берді. Әкесінің Ысқақты өтірік айтпайтын турашыл мінезі үшін сыйлайтынын білетін Ләйла Мұхтарқызы оның осы сөзіне тоқтады. Тоқтады да енді институт директорымен өзі сөйлесті. Сыпайылап сөйлессе де, Мекемтас Мырзахметұлынан өзге қызметкердің керегі жоқ екенін жеткізе сөйлесті. Институт директоры республиканы басқарып отырған Д.Қонаевтың келініне «кадрды дұрыстап ізде» деп қайтара алмай, келісімін берді. Бірақ, енді ҚазПИ-дегі жұмысынан шығуы қиын болды. Олар сонау Өзбекстаннан шақыртып алған бізге опасыздық жасап жатырсың деп кінәлап, сол үшін партиялық-өндірістік мінездеме бермей қойды. Ондай мінездеме жазып ректорға қол қойдыруға деканның да, партторгтың да, кафедра меңгерушісінің де көңілі дауаламады. Жаны қиналған Мекемтас Ләйла Мұхтарқызына бар шындықты жайып салды. Ол кісі ҚазПИ-ліктердің қылығына таңданыс та, реніш те білдірген жоқ. Шарасыздық та танытпады. Мекемтасты ертіп алып академияның гуманитарлық ғылымдар жөніндегі ғалым-хатшысы Зәки Ахметовке кірді. Өзі де Абай өлеңдерін зерттеп жүрген Зәки Мекемтасты жақын білмесе де ғылыми еңбектерін бағалайтын.

Бір кездесіп қалғанында «бағытың дұрыс» деп арқасынан қағып, іш тартатынын да сездірген. Бірақ, естуінше, Ахметов асық сөзге де, артық іске де бармайтын адам. Саяси даудан қашатындықтан да Абай өлеңдерінің мазмұнын емес, құры-







лымын зерттеп жүр деп айтатын маңайындағылар. Мұндай адам «Мінездеме беріңдер» деп ҚазПИ басшылығына да базыналық жасай қоймайды. Ал, жұмысқа біреуді мінездемесіз қабылдауға партия еш уақытта жол беріп көрген емес. Сонда бұл кісі не істей алар екен деген күдікпен кірген Мекемтас. Ләйла Мұхтарқызынан жағдайды естіген соң, біраз ойланып отырды да «соңғы кітабыңды шығарған баспадан немесе мақалаларыңды жиі жариялап жүрген газет-журналдардың бірінен алып келсең болды мінездемені. Бізге сол да жарайды», деп сәл езу тартты.

Зәки шынында да артық сөзге де, артық іске де бармай-ақ бюрократиялық кедергілердің бәрін оп-оңай айналып өтіп, мәселені «қой да аман, қасқыр да тоқ» етіп шеше салды. Оған әрі қуана, әрі таңғала отырып Мекемтас ғылыми хатшының «бізге сол да жарайды» деп академияны өте қарапайым етіп көрсеткен соңғы сөзінен ғылыми мекеме үшін ең бастысы ғылыми мінездеме деген астарды да аңғарды. Ал, езуіндегі күлкіден Абай есімімен аталатын оқу орны басшыларының абайтанушыға көрсеткен қиянатын әжуалағаны байқалды...

Сөне бастаған үміті осылай қайта лапылдаған Мекемтас академиядан шығысымен жақында ғана кітабы жарық көрген «Қазақстан» баспасына тартты. Оның бас редакторы Зейнолла Сүлейменов жағдайды естіген соң, кермиық қабағын сәл шытып: «Қайран Абай! «Өстіп жер жүзіндегі жұрттың қоры болып, бір-бірімізді аңдып өтеміз бе» деп еді. Ол заманнан бері қазақ отырықшыланды, оқыды, бірақ ештеме тоқымағаны ма?» деп күңіреніп біраз отырды. Содан соң кенеттен мырс етіп күліп жіберді де «формализмге толы заң-тәртіптерді белден басып бір-бірімізді қолдамасақ та қазақ болмай қаламыз ғой» деп ақ қағаз алып жаза бастады. Зәки Ахметовтің тапқырлығымен Зейнолла Сүлейменовтің қолымен жазған осынау бір жапырақ қағаз «шыпта қалтада, пойыз қайда барады» деп шіреніп отырған ҚазПИ басшылығының аузын аңқайтып кетті. ҚазПИ-ліктермен астыртын байланысып, мысық тілеу болып жүрген институт директоры да Академияның ғылыми хатшысынан аса алмай мысы құрып қалды. Сөйтіп Мекемтастың көптен бергі арманы





орындалды. Ала жаздай құрылыс отрядтарымен жүріп, алты ай қыс жатаханаларды күзетіп, одан қалған уақытта араласпайтын жері жоқ партия, кәсіподақ ұйымдарының жиі өтетін жиналыстары мен шараларына қатысумен күнін өткізіп, ғылыммен айналыспақ түгіл студенттер алдында дәріс оқуға әзер үлгеріп жүрген Мырзахметұлы ақыры өзінің жаны қалайтын жұмысына орналасты. Ол жаны қалайтын жұмысы анау-мынау жерден емес, Ғылым академиясының өзінен бұйырды. Ал, Ғылым академиясын Мекемтас ғалымдардың Меккесіне балап, кие тұтатын.

Ол білім іздеп келген қыркыншы жылдары Алматы етегі далиып, бойы да зау тарта қоймаған, бас-аяғы жұп-жұмыр, сүйкімді қала еді. Көше жақ шарбақтарына асылған алма мен шие ағаштары ар жағындағы жатаған үйлерді жауып тұрғандықтан қала қонақтары бейне-бір шаршы-шаршыға бөліп тастаған бау-бақтың ішінде жүргендей әсер алатын. Орталығына жақындағанда ғана сәңтіреуіштері әжептеуір салтанат беретін 2–3 қабатты ғимараттар да кездеседі. Олардың да алды мен қапталында Алатаудың хас сұлу аршашыршалары, алуан-алуан гүлдермен көмкерілген гүлзарлар көздің жауын алып тұрар еді. Дегенмен де қаланың екі ғимараты ерекше құдіретті көрінетін. Оның біріншісі – Комсомол мен Коммунист көшелерінің қиылысындағы Билік үйі де, екіншісі Шевченконың Карл Маркспен тоқайласатын тұсындағы Ғылым академиясының үйі. Бұл ғимараттар өзгелерден еңсесі биіктігімен, айналасындағы алаңдарының ауқымдылығымен ғана емес төрт жағындағы төрт көшеге де қараған қасбеттерімен ерекшелінеді. Олардың барлығынан көтерілетін гранит басқыштар маңдайшаларында биліктің қай тармағы немесе ғылымның қай саласы орналасқаны жазылған ауыр емен есіктерге алып барады. Дегенмен де Билік үйінің бас есігі Лениннің, Ғылым үйінікі Шоқан Уалихановтың ескерткіштері орнатылған алаңдар жағында екенін аңғару қиын емес-ті. Бірақ, бас есігінен де, басқа есігінен де өз қызметкерлерінен өзге бөтен-бөгде адамдар көп бас сұға бермейтіндіктен халқы құжынаған қаланың қақ ортасында мүлгіп тұрғандай көрінетін осы қос заңғар. Алайда





бұл алдамшы көрініс-ті. Жүйкең тыныш болса, ми күшті жұмыс істемей ме? Бұл ғимараттардың сырты мүлгіген сайын ішінде ел тағдырына қатысты ең маңызды мәселелер шешіліп, ғылыми жаңалықтар ашылып жатыр деп ұғатын Мекемтас. Десе дегендей, біріншісінде жазылып бекіген жарлықтар баспасөзде жедел жарияланып, жалпақ жұрттың жұмыс бағдарламасына айналып шыға келетін. Сол бағдарламаларды жүзеге асырған шопандар мен сауыншылар, шахтерлер мен металлургтер бүкіл Одаққа насихатталатын. Еңбек ерінің жұлдызын кеудесіне ең көп таққан даңқтылар солар болатын. Дегенмен екінші ғимараттың даңқы да осал емес-ті. Онда жұмыс істейтіндердің де жалақысы билік басындағылардан асып түспесе кем түспейтін. Ал онда жасалған ғылыми тәжірибелер мен ашылған жаңалықтардың нәтижесі ел тұтынатын материалдық және рухани игілік ретінде көрініс табатын. Міне, сол материалдық және рухани игіліктердің озық үлгілерін ұсынатын құдіретті мекеменің бас ғимаратынан болмағанымен алтынның сынығындай Әуезов үйінің бір пұшпағынан орын бұйырды Мекемтасқа. Дәлірек, айтқанда ұлы жазушының өз үйін музей еткен үкімет оның ауласынан ғылыми, әкімшілік шаруашылық қызметкерлеріне арнайы және түрлі мәдени-ғылыми шаралар өткізетін қосалқы ғимарат тұрғызған еді.

Жаңадан салынса да қораштау көрінетін ғимарат басқышының тым тіктігінен әрең көтерілетін екінші қабатындағы ғылыми қызметкерлерге арналған тар, аласа кабинеттің терезе жақ бұрышынан тиді орындық пен үстел. Бірақ, оған мойыған Мекемтас жоқ. Кабинет тар болғанымен көңілі көл көсір. Кабинетінің төбесі жер тартып тұрғанымен өзінің рухы аспанға шапшып тұр. Ең бастысы ұлы жазушының қолжазбалары сақталған қордың тура іргесінде отыр. Өз есігінен шығып екі аттаса, сонда кіреді. Мекемтастың іздегені сол. Осы уақытқа дейін ұлы ақын туралы жарық көрген еңбектерді түп-түгел тауысқанымен Мекемтас Ташкентте жүрген жылдарында-ақ ынтықтырған исламдық шығыс поэзиясының Абайға әсерін ашатын бірде-бір тұшымды еңбек кездестірмей пұшайман болып жүретін-ді. Бұрыны-





рақ оқыған Құдайберген Жұбановтың мақаласында ғана Абай тереңдігінің тұңғықтығы мен Абай ой-өрісінің ғарыштық шексіздігінің түп-төркіні қайда екені атап көрсетілген-ді. Бірақ қарбалас заманда өмір сүрген, әрі зерттеу нысаны да бөлек тілші-ғалымның тақырыпты тереңдетіп саралап, сараптап, салыстырып ашып беретін мүмкіндігі болмағаны белгілі. Ал, үнемі ұрдажық саясаттың «ұр тоқпағына» ұрынып отырған Әуезов бұл тақырыпты зерделегенімен, ойын еркін ашып жариялаудан тартынғанын Мекемтас сезетін. Сондықтан да жазушының жарияланбаған еңбектері...мынау өз қолымен бірде араб ғарпімен өрнектеп, енді бірде кирилицамен кестелеп, тіпті латын әлиппиімен әспеттеп қағазға түсірген нұсқа тұжырымдары, қысқа тезистері Мекемтас үшін құдай бере салған қазынаның өзі. Зерттеушінің сезімтал жүрегі жарық көрмеген сол жазбалардан тың ой, ерек тұжырым, Абай әлеміне апарар соны сокпақ сезініп, қағаздан бас алудан қалды. Ол енді Абайтану бөліміне қабылдамай қиын қылып, Әуезов музейі-үйіне қарай сырғытып жіберген институт директорына керісінше рахметін айтты. Өйткені өзге жерде отырған ғалымдар қайда барса да, қай еңбекті қотарса да бәрібір Абай туралы тұжырым жасағанда Әуезовті айналып өтуі мүмкін емес екен. Мына, 628 папканың шетпұшпағын илей бастағаннан-ақ соған көзі анық жетті. Абайға жол табу үшін әуелі Әуезовті толық түсініп алу керек екен. Осы уақытқа дейін ғалымдар жазушы Әуезовті ғана көріпті, қоғамға соны ғана танытуға тырысыпты. Ал, ғалым Әуезов жазушы Әуезовтің тасасында қалыпты. Керек болса ғалымдығы зерттелмегендіктен де ауқымы кең алып тұлғаның жазушылығы толық ашылмай келіпті. Абайға апаратын жол да осы жарық көрмеген тезис-жазбалардың арасында екеніне имандай сенген Мекемтас үйме сабанның арасынан ине іздегендей күй кешті. Бірақ, бұл инемен құдық қазғандай қиямет еңбегінің азабын түк сезген жоқ, қайта жаны жұмаққа кіргендей жай тапты. Сол жан жұмағын сезінуіне жаңа бастығы да жағдай жасап бақты. Мекемтастың мұрағаттардан бас алмай жұмыс істейтінін, тіпті кей күндері түнгі көлік тоқтағанша отыратыны





сонша, қаланың шетіндегі үйіне қайта алмай қонып қалатынын қарауылдан естіген Ләйлә Мұхтарқызы бар беделін салып музей-үйдің тап іргесінен салынған жаңа үйден екі бөлмелі пәтер алып берді.

Әлдеқашан тарлық етіп жүрген үш бөлмесі де құрқылтайдың ұясындай көп балалы отбасының ескі пәтерін ересек балаларына қалдыруға да жәрдемдесті. Сөйтіп, жаңа пәтерге ең кішкентайларын алып Бағира екеуі көшіп келді. Бірақ, Ләйлә Мұхтарқызы бір нәрседен қателесті. Жаңа қызметкері арқан бойы жерге көшіп келгенімен жұмыс орнында қонып қалатын әдетін қоймады. Өйткені дүниенің соңына түсіп, «қызығын» қуып көрмеген бұл отбасы үшін ғылымның соңына түсіп соның «жанқызығын» қуалау жұмақта жүргендей еді. Ерінің қағазға бір үңілсе, қатты үңілетінін студент кезінен білетін Бағира оның бұл қылығы жүруге еріну де, үйінен жеріну де емес, болмысымен берілу екенін жақсы түсінетін. Ол кітап жадыға өмірімді қор қылдым деп еш өкінген емес. Өкінсе, онымен қатар отырып мен де Мекемтас үңілген қазынаға бірге үңілмедім-ау деп өкінетін. Бірақ, ол өкінішін ер-азаматтың шаужайына жармасып, бөгеуге болмайтыны жөніндегі түсінікпен бірге отанасы өтеуге тиісті отбасылық міндеттері өмірі сыртқа шығартқан емес. Міне, қазір де ас ішетін бөлмені жиыстыра жүріп, музей-үйі жаққа қарағыштайды. Аула жарық. Сол жарықтан сұлбаланып көрінген ғимараттарда тіршілік белгісі білінбейді. Тіпті бірінші қабаттағы күзетшінің бөлмесі де қараңғы. Тек екінші қабаттағы ғылыми қызметкерлердің кабинетінің жарығы әлі сөнген жоқ. Онда ері отыр қағазға үңіліп. Студенттік шақтарында аудиторияда да, оқу залында да жұптары жазылмай қос аққудай болып қатар отыратын еді екеуі. Бір курста оқыдық дегенмен жақсы білісіп, жандарын жарастырған осы кітапқұмарлық болатын. Бірақ, кітаптарды тауыса алмады, білімге де тоймады олар. Білім дегеніңіз телегей теңіз болып шықты. Жоқ, теңізде де түп бар. Білім дегеніңіз ғаламның өзі екен. Ал адам сол ғаламды танып-біліп игеремін деп итінумен өткізеді екен өмірін. Әрі-беріден кейін адамның өзі де көрінетін әлемнің жалғыз





саналысы ғылым сияқты шексіз, ғылым сияқты тұнып тұрған тылсым екен. Сол адамның бірі – Абайды танымын деп қанша ұрпақ ғұмырын тауысты. Бірақ, ғалымдардың мыңы жиылса да, бір хакімнің тереңіне сүңгіп, биігіне шыға алар емес.

Абайдың тереңіне сүңгіп, биігіне ұмтылып жатқан мыңның бірі Мекемтас. Ері солай шығандап кеткен соң оған ілесе алмасын білген Бағира. Дәлірек айтқанда студенттік шағында-ақ дүниеге келген Мұраты ерінен қалыспай кітап оқу мүмкіндігінен айырды оны. Енді мынау терезеден қарап тұр. Өне Әуезов үйіндегі жалғыз жарық бір сөніп, бір жанды. Тағы сөніп, тағы жанды да, артынан біржола сөнді. Ол «мен осында қона саламын, сен мені күтпей-ақ жата бер» деген белгі. Шайпаулау болса, таяқ тастам жердегі жұмысына жетіп барып, үйге қонбағанның «көкесін» көрсетіп, шәт-шәлекейін шығарып жіберетін кезі осы. Түн ішінде шу шығармаса да, ертең келген соң «қай көңілдесіңмен қонып шықтың, айт көне» деп қиғылық салып, ерінің қу жанын қуыруға сұранып тұр бұл қылығы. Тіпті төркіні жақын тәлпіш әйел болса, «жат солай, қағазыңды құшақтап» деп өкпелеп кетіп те қалады.

Багиранын да көңіліне кірбің кіруін кірді. Бірақ, ерінің жұмыс орнында қонып қалуының шын себебін білетіндіктен де ол кірбің ашуға ұласып, орынсыз өштікке апармады. Мекемтас таңертең ояна салысымен қағазына қайта үңіледі. Ал, үйге қайтса мұрағаттарды бірге алып кетуге болмайтындықтан ол мүмкіндіктен айырылып бірнеше сағаты босқа кетеді. Бірнеше сағатының босқа кетуі ғылымға кеш кіріскен Мекемтас үшін алтын жоғалтқаннан жаман. Бағира мұны бүкіл жан-тәнімен түсінеді. Сондықтан да сәл ғана сәттік әйелдік ренішті «оқысын, білсін, бетіне қарап отырған балашағасы мен жұбайының үмітін ақтасын» деген отаналық тілеулестік басып кетеді. Ас үйдің жарығын жағып, сөндіріп «қайырлы түн» айтқан әйел сәл күрсініп алды да, жатын бөлмесіне қарай беттеді. Екеуі екі үйде қонса да ерлі-зайыптылар бір мезгілде жатады ұйқыға, таңертең де қарайлас оянады. Оянған соң бір-біріне терезеден қол бұлғап «қайырлы



таң» айтады да әрқайсысы өз шаруасына кіріседі. Бағира ең кенжелері Гүлмираны мектепке даярлап, кештен бері ыстық тамақ ішпей құр шаймен қатқақсып қалған Мекемтастың жақсы көретін кеспе көжесін пісіріп жұмысына кетеді. Ал, Мекемтас болса, орнынан тұра салысымен музейдің ауласын бір шолып өтеді. Бұл бой сергітіп серуендегені, әрі тазалығын тексергені. Осынау киелі үйдің ауласы мұнтаздай болып жатпаса, оның да көңіліне қышық түскендей болып, жұмыс істей алмайды алаңдап. Сондықтан түскен жапырақтарды күзетші сыпырмаған болса, өзі тазалап тастайды. Содан соң, бірер кесе шай қайнатып ішіп бойын ширатады. Бой ширатқан соң серги түскен ойы сырт әлемді ұмытып, қайтадан ішкі әлеміне алып кетеді...

Мекемтас осы қарқынмен 628 папканы түгелімен оқып тауысып шыққанша тынған жоқ. Ол Әуезов архивінен Абай өмірбаянының төрт нұсқасын көрді. Зерттеуші заман саясатына қарай әр кезде көптеген деректерді қосып немесе алып тастап отырған. Бір нұсқада Абайдың ортасындағы тұстас ақындары мен шәкірттері туралы деректер мол келтірілсе, екіншісінде қысқарып қалады. Ақындығының көзі туралы да солай. Бірінде шығыс ақындарының әсері ашық айтылса, екіншісінде ол тақырып қозғалмайды. Есесіне батысқа орын мол беріледі. Қалай болғанда да бірін-бірі толықтыратын бұл нұсқалар әлі ғылыми орта білмейтін мол қазына еді. Бұл қолжазбалардан Мекемтас ақынның көптеген өлеңдерін Әуезовтың өзі жинағандығын, әрі көшірушілер тарапынан бірлі-жарым өзгертулер болса, оны ғылыми тәсілдермен анықтап, өзін нағыз текстолог ғалым ретінде көрсеткеніне көзі жетті. «Абай жолы» романы көркем шығарма болғанымен ондағы өлеңдерінің тууын сипаттаған суреттер мен көріністердің негізінде тарихи шындықтар жатқанын растады бұл жазбалар. Мекемтас романнан көптеген батыс және шығыс ойшылдары мен ақын-жазушыларының есімдерін кездестіретін. Оның ішінде батыс ойшылдарының ақынға ықпалына бүтін тараулар арналып, ашық мақтанышпен сипатталса, шығыс ойшылдарының әсері өлеңдерімен, шәкірттерімен пікірталас, сұхбаттасу, мәжіліс құру тұсында көрініс беретін.





Жазушы қолжазбалары олардың барлығының романға тегіннен тегін кірмегенін көрсетті. Ең бастысы сол жазбалар, қысқа тезистер, үзік ойлар Мекемтасты Абай атты шыңның етегіндегі таптаурындарды қайта шиырлатпай тың, соны соқпақтарға жөн сілтеді. Енді ол баяғы Ташкенде бастаған шағатай тілін үйренуді одан әрі жетілдіре түсті. Араб жазуын игеріп, сөздік арқылы Абай мен Әуезов шығармаларында кездесетін араб, парсы сөздерінің астарын ашуға әрекет етті. Қазақтардан гөрі шығыс ойшылдарын өз тілдерінде ертерек аударып көптеген ғылыми зерттеулер жариялаған орыс, түрік, өзбек, әзірбайжан тілдеріндегі еңбектерді іздеп жүріп оқи бастады. Мектепте, институтта «құдай жоқ» деп оқыған, ол аз десеңіз Шымкент пединститутының студенттеріне діннің апиын екенін дәлелдеп атеизмнен дәріс берген коммунист Мекемтастың жан дүниесіндегі жайсыздықтар, міне, осы кезде басталды. Ол адамзаттың басты құндылықтары ақиқат пен әділеттің, адалдық пен ізгіліктің бастауында дін тұрғанын түсінгенімен Жаратушы бір құдірет иесінің бар-жоғына көзін жеткізе алмады. Баяғы бала кезіндегідей шайтаннан қорқуды әлдеқашан қойып кеткен көңілі де бір Алланы сезінбеді. Бірақ, тумысынан қайсар ғалым сонда да қайтпады. Оның санасындағы кәпірлік қасандықты ғалымдық құмарлық жеңіп, сезінбеген көңілін сезімталдыққа баулуға тырысты. Жетпеген білімін қуалап жүріп оқып, толықтырды. Бұл ізденістер оған жиырмасыншы ғасырдың басындағы медресе шәкірті ұғатын Абайды сол ғасырдың екінші жартысындағы академик-филологтар ұға алмауының себебін түсіндірді. Мына ғалам көрінетін және көрінбейтін әлемнен тұрады екен. Бірақ, материяны бірінші қоятын кәпір ғалымдар көрінбейтін әлемді мансұқ етіп, тек көрінетін әлеммен ғана айналысып кетіпті. Ал, Абайдың жандүниесі ғаламның сол екі жартысын біртұтас қабылдайды екен. Екі әлемнен де хабардар Әуезов Абайды терең түсінгенімен заманның қаһарынан ығып, қаламын тежеп отырыпты. Әуезовтен кейінгі атеист болып тәрбиеленген ұрпақтың трагедиясы осында жатқан болып шықты. Ел өз данышпанын өзі ұға алмайтын деңгейге төмендепті. Халықтың осындай мүшкіл







халіне көзі жеткен Мекемтас одан әрі өршеленді. Елінде құдайсыздық сайран салып тұрғанын да, әрі-беріден кейін өзі де сол құдайсыздың бірі екенін де ұмытып өршеленді. Соның арқасында «Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары» деген монография өте тез жазылды. Тіпті жарық көруі де жылдам болды. Оның ыңғайын баяғы сол Зәки Ахметов тапты. Сен бүгінше «мақұлбай» болып тыныш отыр деді ол Мекемтасқа «Ғылым» баспасының жанындағы редакциялық-баспалық кеңесі еңбекті талқылағанда. Сөйтті де, «бұл кітаптың редакторы өзім боламын, сіздердің сын-ескертпелеріңіздің бәрін қабылдаймыз, ескереміз» деп, азулары алты қарыс академиктердің «шабуылын» оп-оңай тойтарды. Ғалым-хатшының өзі уәдені үйіп-төгіп отырған соң олар еш уәж қайтара алмай тосылып қалды. Оның үстіне бұл кітаптың артында ұлы жазушының қызы, академия президенттінің жары Ләйла Мұхтарқызы тұрды.

Бірақ, коммунистік саясатқа қылпықтай қиғаштық байқалса Мәскеуді арқаланып жергілікті беделділердің ешқайсын тыңдамай кететіндер де табылатын. Дәл осы отырыста солар Ғылмат Ғұмырәлиевтің «Дулат ақын» атты монографиясын «құлатып» жіберді. Қазақтардың Ресейге өз еркімен қосылуының 250 жылдығы тойланғалы жатқанда отаршылдықты сынаған Дулат ақын туралы кітап шығарған деген не сұмдық деп аузын аштырмай тастаған бұл еңбекке іш тартатындардың.

– Сен өзің онша қуанып тұрған жоқсың ғой, – деді Зәки отырыстан соң келіп қолын алып, рахметін айтқан Мекемтасқа.

– Ғұлматтың кітабының өтпей қалғаны қабырғама батып тұрғаны рас, – деп мойындады Мекемтас.

– Қазақтан түйе сұрасаң, бие береді дегені осы, – деді көзі күлімсіреген ғалым-хатшы көзәйнегін жалт-жұлт еткізіп. Көзі күлімдегені отырыстың нәтижесіне риза болғаны. Содан соң Мекемтастың жүзіне тура қарап тұрды да:

– Сенің анаң қиыннан қисын таба білген ержүрек әрі ақылды адам, – деді де, – Сендерге де кезек келеді, – деп





жүзін дәліздің екінші бетіндегі терезенің алдында мүжіліп тұрған Ғылматқа бұрды. Осылай бұлар күтпеген бір әңгіме бастағанымен онысын одан әрі тарқатпастан тақылдақ паркетті жұмсақ табан туфлиімен дыбыссыз басып жүріп кетті. Жай кеткен жоқ, Мекемтасты ойландырып, Ғылматты үміттендіріп кетті. Екеуі бір-біріне қарады. Бірақ, ғалымхатшының әлгі бірауыз сөзін қорытып үлгермегендіктен тіл қатуға мұршалары болмай сол үнсіз күйлерінде есікке қарай беттеді. Есіктен шыққан соң да жұптарын жазбай бірге кеткенімен екеуі де өз ойларымен өздері арпалысып барады.

\*\*\*\*\*

Жұт жеті ағайынды деген рас екен. Мырзахметтің отбасы сол жеті ағайындының бәрін көріп, бәрімен бетпе-бет келіп табиғаттың дүлейін жанкештілігімен жеңсе, жыртқыштың тырнағынан амал-айла тауып құтылып кеткен кезі де болды. Бірақ, ішіндегі ең қауіптісі екі аяқты, жұмыр басты пенденің өзі екен. Онда да алыстан келген жау емес, ішінен шыққан жау – өз ағайының. Ағайыныңның пиғылы бұзылды дегенше, дүние қаран дей бер. Біржола шығандап шығып кетіп құтылсаң бір жөн. Ортасында отырсаң талап жеп, жегенінен қалғанын таптап кете барады екен пиғылы бұзық туыс.

Мырзахметтің ауылдастарының пиғылын құдай бұзған жоқ, билік бұзды. Ата көзің ашылды, теңдікке жеттің, енді байларды, молдаларды «қойдай қу қамшымен» деп желіктірді. Сол желіккен батырақтар байларды тәркілеуге айызы қанғанша араласты. Қалған қоңыр шаруалардың малын ортаққа салып, ұжымдастыру кезінде айқайға сүрең қосып аттандаған да солар.

Олар сол екпінімен ұста Мырзахметті де тәркілеп жібергісі келген. Бірақ, қора-қора малы, хансарайдай үй-жайы жоқ болғандықтан үкіметтің тізіміне ілінбей қалып еді.

Тізімге ілінбесе де, ауылдың шолақ белсенділері бұл «кулактың» отбасын жайына қалдыра қоймады. Әсіресе,





Жәйторы тыншымады. «Өздерің ойландаршы», – деді ол ауылдастарына, – Мырзахмет күн сайын әйелдердің қаншама әшекейін, еркектердің ертұрманын алтынмен аптап, күміспен күптеп жатыр Соншама алтын-күмісті қайдан алып жатыр ол? Демек бұл мүттайымның тығып қойған қазынасы бар. Сол қазынаны таппасак, белсенді деген атымызға сын. Жүріңдер, үйін тінтейік» деп үгіттейтін, әсіресе, Ванновкадан самогонға тойып қайтқан күні. Әуелгіде ауылдастары аса елең қыла қоймаған еді. Баяғы ортаға салған малды «қуалап жүріп өлтіріп» біткен қой көрмеген қу кедейлердің есіктерін ашаршылық қаға бастағанда Жәйторының сөзіне әжептеуір елігетін болды. Ақыры бұл кезде кеселі меңдеген Мырзахметті басынып, үй-ішін тінтті де. Бірақ, ештеңе таба алмады. Еденін, іргесін де қазды үйінің. Одан да түк шықпады.

– Мүмкін емес, мүмкін емес, қазына осы тамның қабырғасында ма, боғатында ма, әйтеуір бір жерінде тығулы. Сондықтан өртеу керек үйді. Басқа дүниенің бәрі жанып кеткенінде жалаңаштанып қалған алтын сап-сары болып жарқырап шыға келеді, – деп өзеуреді Жәйторы. Тінтіп ештеңе таба алмаған ызадан үй иелерін тірідей жеуге даяр тұрған белсенділер оның сөзіне ойланбай келісім берді. Сол-ақ екен Жәйторы үйдің ішіне жалпылдақ отын кіргізді де, оған жермай құйып от қойды. Бұның бәрі үш жасар Мекемтастың есінде жоқ. Анасының айтуынан ғана біледі. Бірақ анасы әңгіме бастағанда көз алдына қызыл жалыны аспанға шапшыған алапат өрт келеді. Ертеде Ұмай ана бәле-жаладан аластасын деп мерекелерде үстіне от жағылатын Майтөбенің етегінде кескен томардай болып тұра алмай қимылсыз жатқан әке, баласын бауырына басып, қимылсыз тұрған екі қабат ана елестейді. Ешкімді қарғап-сілеместен, шажбаңдап шаужайынан алмастан бар қызылын ішіне тартып бедірейіп тұр анасы. Бұл суреттер үш жасар кезінде көргендерінен сақталып қалды ма, жоқ әлде анасының әңгімелерінен кейін елестей ме, ол жағын қазір айыра алмайды Мекемтас. Бірақ, принципті мәселелерде бірбеткейленіп, еш ымыраға көнбей кететін мінезінің сол суреттермен сабақтасатынын сезінеді ға-





лым ретінде. Олар сөйтіп, аспаннан жай түспей-ақ, сырттан жау шаппай-ақ қақаған қыстың қалың ортасында үйсіз-күйсіз қалды. Мұны естіген Мырзахметтің үлкен әйелі Момын ебіл-дебіл болып жетіп, оларды өз үйіне алып кетті. Күйіктен күрт түскен Мырзахметті жеткізу қиын болды бәрінен де. Боқтың арасында құжынаған қоңыздар құсап өртенген үйдің күлін түрткілейміз деп қара күйеге шомылған белсенділер ең болмаса, ауру азаматты көтеруге жарамады. Тіреудің қуысынан шыққан қол басындай алтынға таласып бірін-бірін күлге одан сайын аунатып жатты. Аяғы ауыр Зәуреден де қайран жоқ еді. Бар күш күндесіне түсті. Денесі шағын болса да нағыз тарамыстың өзі екен Момын. Мойыса да сынбай, ерін өлермендікпен арқалап келе жатты. Мекемтасын жетелеген Зәуре арықтан өтерде бір жағын демеуге ғана жарады. Сөйтіп, бұрын екі үй болып отырған екі әйел бір шаңырақтың астына бірікті. Мырзахмет біріктірген жоқ, тағдыр біріктірді. Зәуренің қысқа деп жиған азығы ту-талақай болып кеткен соң барлығы бәйбешенің барына ортақтасты. Күйік өтіп кетті ме, аштық өтіп кетті ме, Мырзахмет әйтеуір үлкен әйелінің босағасын аттасымен-ақ тамақтан қалды. Өңешінен судан басқа ештеңе өтпеген ауру бері қарар ма еді. Күннен күнге төмендеп, ақыры тыныс алуын тоқтатты. Ері балаларының үлесіне ортақ болмайын деп тамақты әдейі ішпей қойды деген қауіп айтатын Зәуре. Кім біледі, солай болса, солай болған шығар. Айтпай істейтін ерліктер де көп қой бұл өмірде. Әсіресе, әке мен ананың ерлігі ешуақытта айқайлап тұрмайды. Бұлар ортақтасқан соң қанша үнемдегенмен бұл үйдің ішіп-жемі де күрт азайып бара жатты. Жаны ышқынғанда жардай ерін өзі арқалап келген Момын бәйбішенің сірі жаны да үзілді сондай күндердің бірінде. Бұл біреуге біреу қараудан қалған кез еді. Жер бесігін жақсылап қазып, ақ кигізіп арулап бөлейтін ешкім жоқ. Бәрі әл-дірманнан айырылған тірі аруақ. Көзі жұмылғанын Құмсайға сүйретіп апарып итшілеп жүріп жүзін жасырады. Зәуре де бала-шағасымен жабылып жүріп бәйбішенің жүзін әрең жасырды. Енді екі үйдің де бала-шағасының бас иесі өзі. Бәйбішенің балалары ересектеу. Түлкібас бекетіне барып, табылса қол жұмысын істейді, табыл-





маса пойыздың жолаушыларына қол жаяды. Әйтеуір күніне, кейде екі күнде болса да өңештерінен бірдеңе өтеді. Үйдегі Мекемтас пен дүниеге жаңа келген қызы Ажардың хәлі күннен күнге нашарлап бара жатты. Өзі ауырып ештеңе ішіп-жемеген соң емшегінен сүт шықпайды. Сүт шықпаған соң емшекке жарымаған сәби шырқырайды. Бәйбішеден туған бауырларының тауып келгені жұмыршағына жұғын болмай Мекемтас қыңқылдайды. Бұлай жалғаса берсе Мекемтас пен Момынның үлкен балаларын өздерімен қоса әкететініне көзі жеткен Зәуре қарап отырып өлгенше қарманып өлгенді артық көрді. Көктем шығып, жердің әбден қарайғанын күтпей-ақ әзірге күш-қуаты барда Кемербастаудағы әпкесі мен жездесінің үйіне жетіп алуды ұйғарып жолға шықты Зәуре. Аман-есен жетсе өзектерін жалғар, жетпесе ең болмаса Мырзахметтің үлкен балалары тірі қалар. Ашаршылыққа ұрынғалы әпке-жездеден хабарсыз еді олар. Не күйде екенін білмесе де, әйтеуір үйлері өртеніп кеткен жоқ қой, паналатар, көктемге жеткізер деп үміттенеді. Зәуре ана – арғы атасы Рысбек батыр бүкіл Сиқым тайпасының ұраны болған, бергі атасы Батырбек датқа осы түгін тартсаң майы шығатын Жуалы – Түлкібасты сырт жаулардан қызғыштай қорғап өмірін өткізген, асылдың сынығы.

Майтөбеден бұлар таң қараңғыда шыққан. Бәйбішеден туған балалары бекетке дейін ілесіп келіп, нәпақа айырамыз ба деген үмітпен сонда қалды. Кемербастауға қарай Ажарын бауырына тығып, Мекемтасын жетелеп жалғыз келеді. Бұл заманда жалғыз-жарым жүру қауіпті. Барыңды сыпырып алып қоя беретін қарақшылардың хабары дүңк-дүңк етеді. Бірақ, үйде қарап отырып өлуге тағы болмайды.

Не болса да тәуекел. Үміті кеудесін, кеудесі екі перзентін сүйрелеп, алға қарай емпеңдеп келеді. Дәлірек айтқанда емпеңдеп келе жатқан көңілі, ал өзі аяғын эзер ілбіп басады. Мекемтасы азамат. Мені де көтер деп қыңқылдаған жоқ. Шаршағанын білдіргісі келмей, анасының етегінен ұстап, томпаң-томпаң басады. Әйтеуір көктемнің хабары шығып қалғанына шүкір. Табаны қарая бастаған ақтандақ жол бұлардың жүрісіне көп жеңіл. Түс ауа Кемердің биігіне де



көтерілді олар. Енді бір ышқынса ойға түседі. Ойда қырдың ызғары соқпайды. Тып-тыныш, жып-жылы. Өрікті сай бұл. Өрікті сайда өмір бар. Енді бір жүз, екі жүз қадам жүрсе сол сайға түседі. Кемер өзенді жағалай сыңсып тұрған өрікті тоғайға кезігеді. Қазір жапырақтары түсіп, бұтақтары сидиып тұрғанымен, күзде төгіліп қалған жемістері де табылады. Көбесі сөгіле бастаған қалың қарды сырып жіберсең болды. Астынан қобыраған жапырақтар шыға келеді. Сол сарғайған жапырақтардың арасынан бірі сап-сары, бірі қап-қара болып мейіздей қатып қалған өріктер де кездеседі. Ал, одан әрі туыстың жылы баспанасы. Осы әңгімені айтып аяғын эзер басып келе жатқан Мекемтасының үмітіне үміт жалғайды, өзін де ілгері сүйрейді Зәуре ана. Міне, қыратқа да көтерілді. Сай да көрінді. Бағанадан бері мұнартып тұрған күн де шайдай ашылып, аш көңіліне аз да болса шырай берді. Ашық күнде ажарлы көрінген Алатаудың шындары сәттілік тілеп қол бұлғады. Бірақ дәл осы кезде Зәуре ананың зәресін зәр түбіне жеткізіп алдарынан үйірлі қасқыр шыға келді. Қимылдап келе жатқан екі аяқты болған соң, әйтеуір бірден бас салмады. Алдымен ар-ар етіп айбат көрсетті. Қорыққанын білдірсе, күні біткенін лезде ойға сап үлгерген Зәуре-ана да әлі жеткенше айбатына айбат көрсетіп айқай салды. Бірақ, жыртқыштар әйелдің әлсіз даусынан еш қынбады. Жан-жағынан қоршап шабуылға дайындала бастады. Тез еңкейіп қолына іліккен кесек пен тас лақтырды жандалбасалап. Айуан болса да ақылды екен бәлелер. Әйелдің лақтырған тасы мен кесегін шыбын құрлы көрмей одан әрі жақындай түсті. Бұл әрекеті еш қорған болмайтынын түсінген Зәуре ананың санасы зыр-зыр етіп айла іздеді. Бірақ, еш амал таба алмады. Сырттан да көмек болар емес. Тау бөктерлеп шұбатылған ақтаңдақ жолдың үстінде өздерінен басқа тірі жан жоқ. Ақсу-Жабағылының айдарлы шындары да алыстан қол бұлғағанымен араша түсе алар емес. Адамзат, жан-жануардың ешқайсын алаламайтын көк аспан да шарасыздық көрсетті. Күн күліп тұрма, қой-қойлап жалынып жылап тұрма оған қарамастан жеуге айналды жемтігін жыртқыштар. Бір қадам, екі қадам,





үш қадам... одан кейін бітті, аспан айналып жерге түседі, жер төңкеріліп аспанға шығады. Дәл, сол кезде Зәуре-ана бар күшімен ышқынып қолындағы Ажарды лақтырып кеп жіберді. Әйелдің бұл жолғы лақтырғаны кесек те, тас та емес, тірі ет екенін жазбай таныған жыртқыштар қызылға өлермендікпен ұмтылған кезде баласын көтеріп ала салған ана сайға қарай аяғы жерге тимей зырылдады.

Алатау мен аспандағы күн де бермеген күштің бойына қайдан құйыла кеткенін білмейді, әйтеуір қолақпандай баласын көтеруге де, құдилап жүгіруге де әлі жетті. Құрбандыққа шалған қызын аш жыртқыштар пәршелеп жатқанда шаңыраққа ие болып, тұқым жалғар ұлын аман-есен жеткізді ана Өмірсайдағы жездесі мен әпкесінің үйіне...

Зәки осы әңгіменің шет-жағасын білетін еді. Жаңа ана «ержүрек, ақылды» дегенде соны меңзеді. Бірақ, тап осы жерде неге еске түсірді? Неге тырнады ескі жараны? Ешуақытта артық қадамға бармайды дейтін ғылым-хатшы сонда Абайды өткізу үшін Дулатты құрбандыққа шалды ма? Әрине, солай етті. Олай етпесе, Мырзахметұлының монографиясын жібермес еді олар. Тіпті жібергенде де Абайға шығыс ойшылдарының әсері, әсіресе, ислам дінінің ықпалы талданған тарауларды алып тастатар еді. Соны сезген Зәки қызын құрбандыққа шалған Зәуре-ана секілді олардың алдына орыс отаршылдығын ондырмай сынап-мінеген Дулат ақын туралы монографиясын тарта қойыпты. Өздері Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылуын дәлелдеп том-том монографиялар жазған лауазымды ғалымдар бұл еңбекті қалай жіберсін. Жіберсе, отырған бұтақтарын өздері кескен болып шықпай ма? Екінші монографияны ұсынғанда Дулат ақын мен оны зерттеген Ғылматты ақылары кеткендей сынаған академиктердің айыздары біраз қанып, екпіні басылып қалған еді. Оның үстіне Абай Дулат ақын емес, Әуезов Ғылмат емес. Ал, монографияның авторы Мырзахметұлы ешкім болмаса да, академияның ғалым-хатшысы Зәки Ахметовтың өзі кітаптың редакторы боламын, Шығысын да, дінін де өзім редакциялаймын, түзеймін деп уәдені үйіп-төгіп отыр. Бұнымен санаспаса болмайды. Мәскеуді алдыла-





рына салып «біз ай қарап отырмыз ба» деп біраз аспандағанмен осының бәрін безбендеп бірте-бірте басылған академиктер ақырында Мекемтастың кітабын өндіріске жіберді. Сөйтіп, Қазақстан социалды ел болғалы тиым салынып келген исламдық шығыстың Абай шығармашылығына әсері туралы еңбек баспаға тұңғыш рет осылай жолдама алды. Мекемтас осының бәрін ойлап келеді. Ойға берілгені сонша қайда, неге келе жатқанын сұраған да жоқ. Әйтеуір мынадай жағдайда жанында жұбататын біреу керек қой деп Ғылыматты жалғыз қалдырғысы келмеді түйсігімен. Ал, академиктер болса, оның жанын жаралады да, жайларына кетті. Дулат ақынның өлендерін халқына қайтармағандарына қапалануға да уақыттары жоқ-ты. Өйткені оларды өздерінше өмірден әлдеқашан өтіп кеткен ақынның өлендерінен де маңызды бүгінгі күннің шаруасы күтіп тұрған. Солай, елдегі ең маңызды шаралар ең айбынды екі ғимаратта – Билік үйі мен Ғылым үйінде атқарылады. Бірі елдің тағдырын шешетін шешімдер шығарса, екіншісі сол шешімдерді ғылыми негіздеп бәтуа беретіндіктен бұл екі ғимараттағылардың мәртебелері де айрықша. Рас, билік басындағылар биігінен түссе, лезде ешкім болмай қалатыны бар. Ал, академиктер тағында өле-өлгенше отыра береді. Ең бастысы саяси қателікке ұрынбаса болды. Өсіресе, билікке жақпайтын жылт еткен ойды жіберіп қойса, сол жаман.

Ал, халықтың көмулі мұрасын өзіне қайтарамын деп жылдар бойы жанын шүберекке түйіп жүріп жанталасқан Ғылымат сияқты ғалымдарды ұлттық рухы бұрқыраған Дулат ақынымен қоса тұншықтырып тастаса, академиктердің жүзі жарқын биліктің алдында. Өйткені билік ғалымдардың қолымен істейді осындай тірлікті. Артынан сол істеткен жұмысының есебін алады. Айтқанын айнытпай орындаса, оларды марапаттан кенде қылмайды. Көкірегіндегі төс белгілер көбейе береді, көбейе береді. Төсбелгілер көбейген сайын билік үйіне тәуелділігі арта береді, арта береді. Тәуелділігі артқан сайын олардың санасында халықтың шын данышпандары көмескіленіп, биліктің биігіндегілер кеменгер, көсем болып көріне береді, көріне береді. Тірі көсемдер үлес-







тіретін төсбелгілер көз алдарында көлбеңдеп тұрғанда әлдеқашан сүйегі құраған Дулат ақын кім, оны жарыққа шығарамын деп тірмізідтеніп жүрген Ғылмат кім тәйірі? Сондықтан жаны жараланған жас ғалымды академиктер жұбатпайды. Жұбатса, мұңдас Мекемтас жұбатады. Бірақ, ол алыпқашқан ойымен әлек болып, әлі үнсіз. Сол үнсіздікті Ғылматтың өзі бұзды.

– Абайдың шығысының томағасы сыпырылғанын тойлап жіберейік, – деді ол. Ойдан енді арылған Мекемтас айналасына зер салды. Олар өрдегі ғалымдар үйінен төмен қарай құдилап отырып Жазушылар үйіне, дәлірек айтқанда сол ғимараттың жертөлесіндегі «Қаламгер» кафесіне ат басын тірепті.

– Көңіліңе рахмет, – деді Мекемтас. Жаңа Зәки ағамыз «саған да кезек келеді» деп бекер айтпаған шығар.

– Мен де соны жол бойы ойланып келдім. Бірақ, жори алмадым.

– Не жоритыны бар, баяғы космополитизм туралы қаулының ызғары кетті. Басқа республикалар Дулат сияқты ақындарын әлдеқашан жарыққа шығарып алды. Тек мына 250 жылдықпен тұспа тұс келіп қалғаны ғой, – деп жұбатты Мекемтас.

– Қайдам, – деді Ғылмат. – Жаңағы әсіресе, белсенділік көрсеткен екі академикті райынан қайтару оңай болмас.

– Мәскеудің қабағы қалай құбылса, солай құбылатын политрук – академиктің қарсы шығатынын білген едім. Бірақ, өзінді жұмысқа алып, кандидаттық қорғатқан Ісмер Теңесбаевтың қарсы шыққанына таң тамашамын.

– Ой, ол мәселенің астары терең, – деп жауап қатты Ғылмат. Сөйтті де бір күрсініп алып:

– Ол әңгіме Смекең мен маған ғана қатысты. Сондықтан бұл жерде араластырмай-ақ қояйық, – деді.

Академик Жүсіпбековті жұрт соғыста саяси жетекші болғандығынан ғана емес, пікірлерінің қатып қалған қасаңдығынан да «политрук» атайтын. Жиын айтқанына көнбесе, Билік үйіне шауып баратын да сол болатындықтан қалғандары оның алдына көп шыға бермей, ығына жығыла салғанды жөн көреді.





Бұл жолы оған Ғылмат жұмыс істейтін тіл білімі институтының директоры Ісмер Теңесбаев та қосылып, өз шәкіртіне өзі қарсы шыққаны шынында сирек ұшырасатын тосын жағдай еді.

– Қорықпа, – деп жұбатты досын Мекемтас. – Дегенмен Зәкең нақты істің адамы. Ол Жүсіпбековты райынан қайтарады, не болмаса келесі редакциялық кеңесті Жүсіпбеков жоқта өткізеді, әйтеуір бір амалын табады.

– Өстіп, біреудің қас-қабағына қаратып қыл үстінде қылпылдатып қойған заман-ай, жүрші алдымен буфеттің өзінен бір тартып жіберейік, – деп Ғылмат жұбанышты ішімдіктен іздеді.

– Ішсек ішейік, – деді досының көңілін қимаған Мекемтас. – Тек сәл сабыр сақтап мына орындыққа жайғаса тұр, бәрін өзім ұйымдастырамын...

Енді бір ширек сағаттан кейін екеуінің де тырысып тұрған шекелерінен тер шығып, әжептеуір бусанып отырды. Дәл сол кезде бұлардың үстіне Зейнолла Сүлейменов келді. Сүлейменовпен аспирантурада бірге оқығанда-ақ әңгімесі жарасатын Мекемтастың. Бірақ, екеуінің өрісі екі бөлек болғандықтан жиі кездесе бермейтін. Мекемтас болса, ертеңді-кеш архивтерден шықпайды. Ал, Зейнолла өзінің кеңестік кезеңнің келбетін кестелеуге тиіс тақырыбына шұқшышып, қадалып, көп отырмай соларға балама іздей ме, әйтеуір әлем әдебиетінің аудармаларын оқумен көп әуестенетін. Бетховеннің, әлде Моцарттың шығармаларын күні бойы тындап жатып алатын да болушы еді. Тіпті қазіргі қазақ әдебиетінің сынына жиі-жиі араласып кететін. Сөйтіп жүріп, оқуын тастап, ақыры баспаға ауысып тынған болатын. Бұнысы Мекемтасқа жақсы болды. Өйткені күні бойы архивтен, әлде кітапханалардан шықпайтындықтан ол Жазушылар Одағы мен редакциялардан ешкімді танымайтын. «Танымасты сыйламас» деп, әсіресе алғашқы жылдары редакция мен баспаларда отырғандар мұның апарған материалдарын оқымастан «ертең кел, бүрсігүні кел» деп әбден сөзбұйдаға салып, титықтатып бітетін. Соны сезді ме, жазушы-журналистерді көп жағалайтын Сүлейменов бір күні:





«Мен сені мақалаларыңды шығарып тұратын жігітпен таныстырайын» деген Мекемтасқа. Сөйтіп, осы Ғылматпен таныстырған. Ғылмат ол кезде Білім министрлігінің «Қазақ әдебиеті» журналында жұмыс істейтін. Өзі де Оңтүстіктің тумасы екен. Бұл келістің гәшін түсінген соң:

– Егер, мақалаң ұнамаса, қанша жерлес болсаң да, жарияламаймын, бауырым, – деп бірден кекжие қалды Ғылмат.

– Мен қан туысын емес, жан туысын іздеп жүрмін. Мақаламды түсіне алмайтын болсаң, кім көрінгенге қиқалатпаймын, – деп аспандады Мекемтас та.

– Міне, бұларың дүр-ы-ы-с, – деп соңғы сөзін біраз созыңқырап тұрған Сүлейменов артынан: – Маған ұнайтыны да осы мінездерің. Мен енді артықпын, – деді де есікке қарай беттеді.

– Қайда? – деп қалды екеуі бірдей. Зейнолла кабинеттің есігін ашып тұрып артына бұрылды да:

– Ақылдыларға арашашы керек емес, – деп аржағынан жапты. Ол шығып кеткен соң-ақ бетпе-бет қалған екеуі шынында да артық кеткендерін сезініп, арадағы салқындықты жоятын дәнекер іздеді.

– Көрейік мақаланды, – деді сабасына түскен Ғылмат қалыпты үнмен.

– Көр, көр. – «Сөзіне қарап кісіні ал, кісіге қарап сөз алма» – деп тақпақтап келіп ұсынды мақаласын Мекемтас.

Ғылмат бір пәс ойланып қалды да, бұл екі жолдың кімдікі екенін есіне түсірген, түсірмегенін білдірмеген күйі мақалаға үңілді. Ол қолына қаламын алып тұрып асықпай оқыды. Оқып болды да:

– Абайдың интернатта оқып жүрген талай қазақ баласына қаратып ғылым таппай мақтанба, бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол, деген өсиет өлеңін білеміз ғой. Бірақ, сол өлеңде есімі аталған Ғұламаһи Дауанидің кім екеніне мән бермеппін, – деді Ғылмат өкініш білдіргендей.

– Ғұламаһи Дауаниді білмей Абайды білдім деме, – деді Мекемтас.

– Оны мойындаттың бауырым, – деп орыннан атып тұрған Ғылмат келіп Мекемтасты күшақтады. Содан соң орындығына қайта отырып:





– Бұл материал әдебиетші мұғалімдер үшін ауадай қажет, міндетті түрде жариялаймыз, – деді.

– Көп, рахмет, – деді Мекемтас.

– Бірақ, сен бір ғана мақаламен құтылмайсың. Осы өлеңнің мән-мағынасын мектеп оқушыларына түсіндіріп берсең қайтеді? – деді Ғылмат.

– Оны педагог ғалымдарға айт, – деді Мекемтас. – Мен одан да Абай шығармаларында кездесетін басқа да, ойшылдар туралы жазып, атау-терминдерді түсіндіріп тұрайын.

Екеуі солай келісіп, бірлесіп жұмыс істеген біраз уақыт. Кейін Ғылмат бұлармен көрші Тіл білімі институтына ауысып келіп, аралары тіпті жақындай түсті. Ал, сыншылықты сиретіп, кейінгі кезде проза да жазатын болған Сүлейменовтың өрісі бұлардан бөлектеу. Тек осындай жерде ғана тоқайласатындары бар.

– Сендер әлі бірге жүрсіңдер ме? – деді Зейнолла анадайдан. Содан соң қол алысудың орнына қолындағы үрімкесін қағыстырды бұлармен. Бірақ ерніне тигізбестен үстелдің үстіне қойды да:

– Арқада қыс жылы болса, арқар ауып несі бар. Екі педанттың «Қаламгерге» келуі тегін емес, – деді әдеттегідей соңғы сөзін созыңқырап.

– Біз, жетіскеннен педант болып жүрген жоқпыз. Поэзия үшін бәріне көніп жүрміз, – деп жауап қатты Ғылмат.

– Тек сол педанттықтың жақсы қасиеттерін бойымызға әлі дұрыстап сіңіре алмай жүрміз-ау, – деді Мекемтас.

– Еш сөкеттігі жоқ. Гоголь суреттеген неміс етікшісі де аптасына бір күн сылқия тойып жүйкесін босатады да, қалған күндері тамаша аяқ киімдер тігеді.

– Ол Петербургтің немісі, – деді Ғылмат. – Оның үстіне қол еңбегінің адамы.

– Ал, ой еңбегімен айналысатын ақсүйек немістер шарапты ұрттап қана ішіп, мән-мағыналы әңгімі-дүкен құрады дегің келе ме? – деді Зейнолла.

– Дегенмен дінбасыларына, тіпті монастырдағы монахына дейін шарап ішетіндері маған ұнамайды еуропалықтардың, – деді Мекемтас.





– Бесті қымыз жүз жыл сақтаған шараптан кем емес, – деді Зейнолла. – Екеуі де санаңды шайдай ашады.

– Сол қымыз табылса ішесің-ау. Қазір дастарханымыздың төріне орыстың арағы жайғасып алды ғой, – деді Ғылмат.

Сүлейменов шарапты мадақтаған Омар Хайамның рубаятын оқыды.

– Сендер сопылық поэзияның шын астарын түсінбейсіңдер, – деді Мекемтас.

– Қуандық Шаңғытбаев түсінбей аударған дегің келе ме сонда?

– Қуан-аға өзі ескіше көп оқымаса да, оқыған есті кісілерді көрді, тындады. Оған қоса оқыды. Ақындық түйсік деген бар, – деді Мекемтас. – Ал, олардан кейін 28-30 жылдары дүниеге келген менің қатарларымнан бастап бәріміз ислам мәдениетінен мақрұмбыз.

– Сондықтан ұлы шайырдың шарапты емес, Алланы мадақ тұтатынын ұғынуға қабілетсізбіз, – деп өзі қорытты Мекемтастың ойын Зейнолла. Қорытты да көңілсіздеу тыңдаған Ғылматқа қарап:

– Іш малғұн дегеніңе жеткізеді, И хо, хо бір бөтелке ромыңнан, – деп үрімкесін алға созды.

– Бұл, шіркін, дегеніңе жеткізетін болса, қазақты жеткізуі-ақ керек еді. Қанша ұрпақ болды, ішіп келеміз, ішіп келеміз.

– Дегеніңе жеткізеді деген осы емес пе? – деп қиғаштай бұрылды Зейнолла. Ол бұрылған жақта жасы бар, жасамысы бар бір топ ақын келіп екі үстелді біріктіріп жіберіп жайғасқан болатын. Олар әуелден-ақ бүкіл залдың назарын аударып, дабырласып сөйлесіп кірген. Сөз төркініне қарағанда ең төрде отырған жасамыс ақын Ақмырзаев Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылуының 250 жылдығына арналған жыр мүшәйрасының жеңімпазы. Ал оның екі жағында отырған екі жас ақын жұлдегерлер. Оларға жаңа ғана бәйгелері табыс етілген. Бәйгенің буы деген оңай болсын ба? Қазір түрлері жау қайырып келген батырлардан да айбынды. Дауыстарының екпіні де бірте-бірте үдеп барады. Өздері орындарынан жиі-жиі атып тұрып, біресе стакан қағыстырады, біресе бір-



бірімен сүйіседі. Бұлар назар аударған кезде қасындағылардың қолпаштауымен жасамыс ақын жеңімпаз болған өлеңін оқыды. Өлең Мекемтасқа ұнамады. Жылтырақ сөзі көп жылмақайлау бірдеңе болып естілді. Одан кейін оқыған жас жүлдегерлердің де өлеңдері ұнамады. Табиғилығы тапшы, сезімі аз, сөзі жылтырақ бәрінің де. «Неге бұлай?» – деп ойлады Мекемтас. – Мен мына жасамыс ақынды ақын деп есептемеймін, оқымаймын. Бірақ, ылғи бәйге алғыш өзі. Алайда, бәйгемен қанша бедел жинаса да тауық сияқты кемқанат өлеңдері қорасынан ұзап ұшып шыға алмайтынын білсе ғой, бұл шіркін».

Дәл сол кезде бір топ жас ақын қаумалаған Жұматай Жақыпбаев пен Кеңшілік Мырзабеков кірді. Олар бірден бәйгегерлер үстеліне келіп, жасамыс ақынды келіп құшақтап, бәйгесімен құттықтады.

– Сіз осы бәйгеге нағыз лайық ақынсыз, – деді Кеңшілік.

– Біз мұндай өлең жаза алмайтынымызды мойындауымыз керек, – деді Жұматай жымыып. Елдің аузындағы екі бірдей талантты ақынның келіп қолпаштағанына насаттанған Ақ-мырзаев:

– Сендер де аласындар әлі бәйгені, – деп жұбатқан болды.

– Сіздей болу бізге бұйырмаған ғой, – деді мұрты жыбырлаған Жұматай. Бірақ, сол мұртының әрбір талы мысқылдап тұрғанын танудан қалған бас жүлденің иесі ырза болғаны сонша, бұларға арақты өз қолымен молырақ құйды. Жұматай жүлдегерлердің бәрімен соғыстырды да:

– Сіздердің жақсы сұхбаттарыңызды бөліп жібердік білем, – деп өзінің нөкерлері әзірлеген үстелге қарай жүрді.

– Иә, арпа ішінде бір бидай болмайық, – деп Кеңшілік қуаттады.

Бұл сөздің шын астарын жасамыстың қасындағы жас ақынның бірі түсініп қойды. Түсініп қойды да ол да жылыстап Кеңшіліктің соңынан ерді. Ал, аспанда жүрген Ақмырзаевтың жердегі мұндай-мұндай «ұсақ-түйек» тірлікті елең ететін мұршасы жоқ-ты. Өлеңі ертең-ақ елдің бас газетінде жарияланып, бүкіл Қазақстанға тарайтынына алып ұшқан көңілімен арпалысып отырды ол.

– Мақтау, мадақ, одалар озған заман, – деп Зейнолла үрімкесін алға созды.



– Шыли олай деп сүмірейтуге болмас, – деді онымен үрімке қағыстырған Мекемтас. – Қадырдың, Тұманбайдың, Жүмекен мен Төлегеннің, Сағи мен Фаризаның одаларынан гөрі лирикасы басым емес пе? Олардан жасырақ Мұхтар Шахановтың өлеңдерінде екпін пайда бола бастады.

– Атаған ақындарыңыздың барлығы да Балуан Шолақ, Біржан сал мен Ақан серінің сегіз қырының бір қыры ғана.

– Қызық теңеу екен, – деп іліп әкетті Ғылмат.

– Бұлар ат үстінде өнер көрсете алмайды, керек болса домбыра тартып, ән сала алмайды дегенің бе сонда?

– Жазба ақындардан серілердің сегіз қырын талап етуге болмас, – деді Мекемтас та.

Оларға ілесіп ойын одан әрі тарқатпаған Сүлейменов отқа тамызық тастап қойып, лапылдаған жалынға телмірген жолаушыдай үнсіз отыра берді.

– Иә, ақындардың өзі де, жыры да заманына қарай ерекшеленеді, түрленеді, – деп қоштады оны Ғылмат.

Олардың заманына үйренісе алмай бөтенсіреп, өз ортасын өзі жатсынатындары да болады, – деп ойын нақтылады Мекемтас. Дәл сол кезде жастар отырған үстелден бір сіріңке қара жігіт көтеріліп өлең оқи жөнелді.

*Кәмбеңдер мені өлгенде,  
Көмуге мені бола ма?  
Шалықтап жүрген өр кеуде,  
Сияр ма, сірә молаға?*

*Сөнер-ау рас күн сәулем,  
Бірақ та қайдан от өлсін?  
Өкіріп көрден тұрсам мен,  
Өзің де шошып кетерсің.*

*Қылықты сол бір ұнатам,  
Сонымен жаным көрікті.  
Ол аздай түртіп оятам,  
Жанымда жатқан өлікті.*





*Өліктер сосын ұғысып,  
Ұғысып бірге мың тілек.  
Содан соң аздап сыра ішіп,  
Оқимын өлең күркіреп.*

*Өлікке басқа бақ қайда?  
Жылынар өлең отынан.  
Ақын деп таңдай қаққанда,  
Мас болып мүлгіп отырам.*

*Асылы мені көмбеңдер,  
Айтатын басқа ойым бар.  
Қаңғып бір жүріп өлгенде  
Араққа салып қойыңдар.*

Өлеңді бүкіл «Қаламгер» тыңдады. Бірақ, өлең біткенде бәрі бірдей қолпаштап, қолдап дүр ете қалған жоқ. Қасындағы жастар жамырасып, бірі шапалақ ұрып, бірі үрімке қағыстырғанымен ересектер жағы елпілдей қоймады. Өлең оқыған сіріңке қараның өзі де қолын сермеп жігерлене оқығанмен аса әуейлікке барған жоқ. Тіпті ішімдік ішкені де байқалмайды. Өзге масаң тартқандардың ортасында сапсау көрінеді. Езуіндегі күлкісі ішіндегі мұнын жасыра алмай қолпаш-қошаметтің бәрін құлықсыз қабылдап тұр.

– Бұл кім? – деп сұрады Мекемтас Зейнолладан.

– Марат Отаралиев.

– Бұрын естімеген ақыным.

– Оның өлеңдері көп жарық көрмейді. Осындай жерлерде оқылады.

– Бізде мұндай да ақындар бар ма? – деп таңырқады Ғылмат.

– Қазақ поэзиясынан бәрі табылады, – деді Зейнолла. – Сараптайтын сыншысы табылса. Ал, қәне айтындар, ақыны мен заманы үйлескен бе, жоқ текетірескен бе?

– Қарсылық та, шарасыздық та бар сияқты бұл өлеңде, – деді Мекемтас.

– Қайран Махамбет, Абайлар-ай, қайдасындар? – деген





дауыс гүр ете қалды сол кезде бүкіл залды өзіне қаратып. Залдың қақ ортасында есік пен төрдей болып Мұқағали Мақатаев тұр екен.

– Қайран Махамбет, Абайлар-ай, қадірлерің өтті ғой сендердің, – деді одан сайын гүрілдеп.

– Мемлекеттік сыйлықтан құлатқанына қатты күйініп жүр екен ғой, – деді Мекемтас.

– Мұқағали күнде күйініп жүреді, – деді Зейнолла. Сол кезде бас жұлдегердің жанындағылар орындарынан тұрып Мұқағалиды өздеріне шақырды. Осындай шақырулар басқа үстелдерден де естілді. Бірақ, жан-жағын бір шолып өткен ақиық ақын олардың шақыруын қабыл алмастан бір бұрышта жалғыз өзі отырған Тәкен Әлімқұловтың қасына барып:

– Танылмаған абызым, армысың, – деп айқайлап сәлемдесіп арқасынан қапсыра құшақтады.

– Бармын, бармын, – деді Тәкен. Мұқағалидің Тау өзеніндей арқыраған ашық даусына тына қалған көпшілік Тәкеннің қоңыр үнінде анық естіді.

– Сен қоғамыңды таныпсың, оның тірлігі де, адамы да, дүбара деп диагноз қойыпсың. Дұрыс айтасың. Мен не өрт емеспін, не өлік емеспін, сонда дүбара емегенде кіммін?

– Сен ұлы суреткерсің.

– Суреткерсің...ақын деген атақты қимай тұрсың ба маған?

– Ақынның да ақыны бар.

– Дұрыс айтасың. Абай да, Махамбет те суреткерлікпен шектелмеген ақындар. Тура сол заманда сондай ақын тұмаса халқына сын.

– Ал, қазір қандай ақын керек халқыма айтшы, танылмаған абызым?

– Оны әр ақынға өзінің жүрегі сездіреді.

– Солай ма?

Дәл осы кезде Ғылмат орнынан атып тұрды. Атып тұрды да «менің халқыма мынадай өлеңдер керек деп» саңқылдай жөнелді.





*Жақсы болса ұлығы  
Өз елін жаудай таламас.  
Қасқыр тартып қан шықса,  
Жаман ит келіп жей берер.  
Алды – артына қарамас.  
Жақсы иттің белгісі,  
Жұлмақ түгіл жаламас.*

*Азған елдің бектері,  
Қан шықса елін жұлмалар  
Қасқырменен аралас,  
Қазіргі қазақ ұлығы.  
Жаман иттен несі кем,  
Жемтік көрсе, қан көрсе,*

*Айырылар мүлде есінен,* – деп бір тоқтап, жан-жағына көз салды. «Қаламгер» қылып етпей тыңдап отыр екен. Ол тоқтағанда орнынан тұрған Мұқағали қасына келді де, екі иығын уыстай ұстап сілкіледі.

– Жаным-ау, – деді ол, – жөнін айтшы қазақтың трагедиясын айта алған тағы қандай ата-бабам бар еді менің. Ғылымат ақынның екі қолын сілкіп түсірді де, одан әрі жалғастырды жырларын.

*Жырымды менің сұрасаң,  
Сары алтының буынан.  
Сырымды менің сұрасаң,  
Тұманың тұнық суынан  
Кеудеме қайғы болған соң,  
Тұнық жырмен жуынам.*

*Сорғалаған нәсердей,  
Жырын тыңда Дулаттың  
Тасқын судай ағызып,  
Шербет балдай тамызып,  
Торқалы топыр тойында  
Топ бас қосар ойында.*



*Қасқа жайсаң алдында  
Топ жиынды дулаттым.  
Халыққа емес сыйымды  
Парақор баспақ биіңді,  
Ел бүлдірген бегіңді,  
Ұлы тілмен улаттым.*

*Сана беріп ойына,  
Қуат беріп бойына,  
Аққан жасы сел болған.  
Етегі толы көл болған.  
Беріш боп шері байланған,  
Ұйқы беріп қайғы алған,  
Қайғылыны уаттым.*

*Жырымды менің тыңдаған  
Сөз ұғатын соңғы адам.  
Тыңдаудан әсте тынбаған.  
Гауһардай дүрге бұлдаған,  
Сарқырап аққан жылгадан  
Жыр арнасы суатпын.*

– «Шортанбай, Дулатпенен Бұқар жырау», – деді де, Мұқағали Абай өлеңінің келесі жолын айтпастан ойланып қалды.

– «Өлеңі бірі жамау, бірі құрау», – деп Ғылмат қиястана езу тартты.

– Жоқ бауырым, осы жерде біз білмейтін тағы бір құпия жатыр. Сен оқыған өлең жамау да, құрау да емес, нағыз төкпе жыр. Жәй жыр емес, ащы шындығы делебенді қоздыратын жыр.

– Иә, Дулат ақынның ерекшелігі осында. Ол зар-заманда күйректікке барып, күңіренбей көтеріліп сөйлеген ақын.

– Қайран бабаларым, – деді Мұқағали қайта гүжілдеп. – Сендер айтып өртенген екенсіңдер. Ал, мен айта алмай өртеніп жүрген тірі өлікпін.

Залдың әр жерінен «сен нағыз өрт ақынсың Мұқағали» деген қолпаш сөздер шықты. Біреулер оны өз үстелдеріне



сүйреледі. Бірақ, Сүлейменовше айтқанда «күнде күйініп жүретін» ақынның ішіндегі тынжысы «Қаламгерде» де байыз тапқызбады. Ол тез басып сыртқа шығып кетті.

Қайта гулеген «Қаламгер» Мұқағалиді тез-ақ есінен шығарды.

– Біз де қайтайық, – деді Зейнолла бұлармен өте сыпайы сәлемдескен бір жасамыс жігіт рұхсат сұрап қастарына отырғанда. Мекемтастың да кеткісі келіп отырған. Өлең оқып, өршеленіп алған Ғылматтың кеткісі жоқ. «Сіздің оқыған өлеңіңіз тамаша екен» деп әңгімеге тартқан әлгі жасамыс жігітпен жауаптасып, Дулат ақынның жырын ағытқандай өзінің де тығынын ағытқысы бар. Бірақ, неліктен екені белгісіз, Зейнолла оны бұл жолы сүйрелегендей етіп орнынан көтерді. «Ол жігіт «үш әріптің» адамы» деді есіктің аузында сыбырлап. Ғылмат сонда барып ырыққа көнді. Ырыққа көнгенімен өкінішін білдірді.

– Құдай-ау, Дулат ақынның томағасын армансыз бір сыпыратын орын осы «Қаламгер» шығар деп келіп едім. Тыңшылар мұнда да жүр екен ғой?! – деп күрсінді. Досының «Қаламгерге» неге ертіп келгенін Мекемтас енді түсінді.

\*\*\*\*\*

Тоқсанға таянған профессор шатқалды бойлап өрлей отырып Кемербұлақтың тура бастауынан шықты. Таудың бауырындағы үй орнындай қайнар бұрқ-бұрқ етіп қайнап жатыр. Күндіз-түні бір тынбайды, таусылмайды. Бір арнаға құйылып, төмен қарай құлдилағанда, нағыз ағыны қатты арынды өзенге айналады. Бастаудан әрі қарай шатқал шорт үзіліп, аса ірі екі шоқының сұлбасын ажыратып тұрған сайлауыт жүлге тік өрлейді. Онымен әрі қарай тік көтерілу қиын. Одан да шоқылардың етегімен әрі-бері қиғаштап жүрген әлдеқайда тиімді. Тау баласы солай етті. Солай етіп доланалы беткейге жеткенде барып тоқтап, артына қарады. Жаңағы өзі жағасымен өрлеген өзеншенің бойындағы арса-арса болып арбиған кәрі алма бауы жәй бір бұташықтарға



айналып кетіпті. Тіпті шипажай ғимараттары да шап-шағын сияқты көрінеді. Биіктік деген осы. Биіктен қарағанда еш нәрсе назардан тыс қалмайды, құртақандай болып көрінеді. Сол биіктен қарағанда мен кіммін, тәйірі? Неге кіммін дейсің? Сен ғылыми ортаға Әуезовті ғалым ретінде ашып бердің. Абай ақындығының үш қайнарының бірі әрі бірегейі ислам шығысы екенін де түбірлеп танытып келесің. Демек, сенің де бір салмағың болуы керек. Сабағынан үзілген сары-ала жапырақ құсап қалбалақтап қалмай, топыраққа түскен титімдей дән құрлы салмағың болуы керек еді. Өкінішке орай қайдан, қалай соғарын болжауың қиын саясаттың желі дегеніңе төтеп беру қиын екен. Ол дүлей Абай сынды алыптың өзін шайқалтып жібереді екен. Біресе былай, біресе олай қақпақылдайды. Әркім өз мақсатына ыңғайлап пайдаланғысы келеді. Бірақ, не деген тамырлы еді алып Абай. Қанша шайқалса да түбінен қопарылмайды. Қанша қақпақылдаса да ешкімнің ермек добына айналмады. Мен, бармын, мені түсініңдер деп маң даланың төсінде мызғымастан маңқиып тұра береді. Алайда, Абайды түсіну үшін оның заманын түсіну керек. Құдай сорлатқанда мәңгүрттеніп қалған халқымыз сол заманның өзін түсіне алмай қор болып жүрген жоқ па? Ғасырлар бойы санасына да, ісіне де, жүріс-тұрысына да сіңіріп тастаған қасаң ұғымды терістеу өте қиын шаруа екен. Айтпақшы халыққа түсіндірмес бұрын, сол көпке жол ашып жолдама беретін билікпен арадағы дәнекер ғалымдардың санасына құюдың өзі қиынның қиыны болып шықты. Олардан қайта жан дүниесі күнделікті тұрмыстың қоқысына кептелмеген білімгерлер жақсы екен. Ол студенттерге Алтынсариннен кейін Абай туралы дәріс оқыған. Біріншісі – Ыбырай туралы лекциямның ақыры не болады деген көңіліндегі күдікке қарамастан тәуекел етті оған. Шынын айтқанда алдымен аз-кем хабар беріп қана тиыламын деген. Бірақ, тығынын сәл босатқаны сол екен, санасында асау теңіздей тулаған ой толқындары ырық бермей тілінен ағыл-тегіл болып ағылды. Абай есін білгенде қазақ басында билігі жоқ халық екен. Ұлы даланы батысынан шығысына, күнгейінен теріскейіне қара керегедей қанат жайып





көшіп-қонып жүрген бұл халықтың бір кезде өз мемлекеті болғанын, ол мемлекетті хандар билегенін ең алғаш үлкендерден естіді. Сауаты ашылған соң бұл білгенін оқумен кеңейтті. Сондағы көзі жеткені көшпелілер күні өткен халық екен. Күні өткен соң қанша батыр, данышпан болса да, «ер қаруы-бес қаруымен» ел қорғай алмайды екен ендігі жерде. Өйткені олардың қол қаруы отырықшылардың алыстан атқылайтын отқаруының алдында ештеңеге жарамай қалыпты. Жер бетінде қашанда күштілердің арты диірмен тартып, олар жер мен байлықты қайта бөліске салып отырыпты. Жан берісіп, жан алысқан қазақ – қалмақ соғысының ту сыртында өз мақсаттарын көздеген отырықшы империялар тұрыпты. Ақыр соңында қалмақ жері Қытайға, ұлы дала Ресейге бұйырыпты. Алдымен жалғыз мені күшейтіп, бүкіл ұлы даланың ханы етіп бекіте ме екен деген үмітпен әр жүздің, тайпаның хандары өздері барып ілініпті күштінің қармағына. Сол қармақта көздің құрты болып тұрған жем алдамшы болып шықты.

Ұлы даланы жеке-дара билемек түгіл өз ру-тайпасына да билігін еркін жүргізе алмайтын ұзын арқан кең тұсауға түсіп, бұрынғы күйіне де зар болып қалыпты олар. Қазақ елі тұтастығынан айырылып үшке бөлініп Орынбордан, Омбыдан, Ташкенттен басқарылды. Ал, Петербургте бұл үш өлке әр министрлікке телінді. Ендігі жерде қанша елді, жерді билейтіндігін өздері емес, патшаның шенеуніктері шешті. Омбы губерниясына қараған қазақ жері отарлаушылардың қалауына қарай округтерге бөлініп, оны орыс ұлықпен бөле-жара билеген хан тұқымдары аға сұлтан лауазымын қанағат етуіне тура келді. Бірақ Кенесары көтерілісінен кейін хан тұқымдары бұл биліктен де шеттетіле бастады. Сайлауда оларды құлатып, қарадан шыққандарға көренеу қолдау көрсетті патша әкімшілігі. Әкесі Құнанбайдың аға сұлтандыққа сайлануының осындай астары бар екен. Бірақ, көп ұзамай отаршылдар мұны да көп көрді қазаққа. Енді аға сұлтандардың орнын орыс ояздар басып, қазаққа тиген билік әлеуеті қазіргі аудандардан да әлжуаз болыстық бөлшекпен шектелді. Тегі мықты болсын, туысынан көсем,





батыр шықсын, бәрі бір қазаққа болыстықтан артық билік тимейтін етіп тұқыртылды біржола. Сөйтіп, бір замандарда бүкіл Еуразия құрлығын ат тұяғымен дүбірлеткен көшпелілердің соңғы тұқымдары түскен тор қанша тыпырласа да қайтып шыға алмайтындай етіп мықтап тоқылды. Омбының генерал-губернаторы Сперанскийдің «қазақтардың жерінде сексеуіл деген ағаш өседі екен. Оны балталап бөлшектей алмайсың. Сексеуіл бір-біріне соқсаң ғана быт-шыты шығып сынады. Қазақтардың өзін де жеңу үшін бір-біріне айдап салу керек. Сонда олар өздерін өздері жеңіп береді» дегені айдай келді. Отарлық билік оның айтқанын істеп, мақсатына жетті.

Бірақ бұл мәселенің бір жағы ғана екен. Қолындағы қаруы әлсіз болғанымен бұл көшпелілердің бойындағы рухы күшті болып шықты. Ал, рухы күшті халық қанша бағынышты болса да, қарсылығын қоймайды. Дегеніне көндіру үшін ол халықты сенімінен айырып, рухын сындырмақ керек. Даланы жаулап алған отаршылдар сол үшін енді сананы жаулап алуды бастады. Санаға шабуыл далаға шабуылдан әлдеқайда сойқан екен. Сойқан болғанда арбап тұрғаны «айналайынға» бергісіз әбден әккі, айлалы, зұлым шабуыл екен. Отаршылар ағартушылығының түпкі мақсатын түгел түсіне қоймаған далалықтар бойын оңай алдырды оған. Түпкі мақсатын түсінсе де қу нәпсінің құлы болып кеткендер қаншама? Пайдалысын бойына дарытып, пайдасызына тосқауыл болып баққан Алтынсарин бола алмады бәрі. Абай есі кіріп, етегін жапқан шақта губерндік, облыстық, уездік, болыстық мекемелерде тілмаш, сот, атпекет болып жүрген қазақ азаматтары аз емес-ті. Бірақ, солардың ішінен халқым үшін бірдеңе істей қояйын дегендерін кездестіре алмады. Көз алдында құрдымға кетіп бара жатқан халқын құтқаратын амал таппай өзі де әбден абдырды, қиналды, тіпті торықты. Сырт қарағанда қазақ сол баяғы қазақ. Жат келіп жайлап, малының өрісі, өзінің қонысы тарылса да жылқысын қайырып, қойын құрттап, түйесін көс-көстеп, туырлығынан түтіні шығып жүріп жатыр. Кәсіп іздеп қалаға сіңіп, отырықшыланғандары да бар. Бірақ, ата қонысынан айырылғаннан да, кәсібін өзгерткеннен де халқының түсінігі өз-





гергені жаман тиді Абайға. Қазақтың басынан біртіндеп өтіп жатқан процесі Сұлтанмахмұт Торайғыров былай сипаттады:

*Бұқар тұсы қазақтың бүлінгені,  
Солтүстіктен суық жау көрінгені.  
Абай тұсы қазақтың бұзылғаны,  
Қаралыққа айналып қызыл қаны.  
Елдігіне, жеріне, һәм дініне,  
Құрылды талай тұзақ, талай қақпан.*

Иә, кеше кім еді қазақ? Кім әділ – соның билігіне жүгініп еді. Әділдігінен тайса ешкім қайтіп билік айтқызбайтын оған. Сондықтан тек әділ адам ғана би ретінде мойындалды.

Кім батыр – соның соңынан еретін. Жеке ерлігімен елге үлгі болып, қол бастай алмайтын болса, қанша текті тұқымнан шықса да оның соңынан ермейтін.

Кім шаруақор – малдың, елдің жайын соған тапсыратын. Сөйтіп ол ешкімнің бұйрығынсыз-ақ рубасы, елбасы аталатын. Патша үкіметі даланың осынау ғажайып демократиясын қолдан бұзып биді, елбасы, рубасының орнына болыстаршындарды шар салып сайлатып, хаттамамен бекітті. Ақтайлақ бидің «Бұрынғы би, жақсыны құдай қылған, ендігіні орыс пен қытай қылған» дейтіні сол. Билікке мұндай жолмен келгендерге енді ел ықпал ете алмай қалды. Дұрыс айтса да, теріс айтса да, қашан сайланған мерзімі біткенше солардың сөзі сөз болды. Сондықтан олар сенімінен кеткен халық теріс айналады деп қорықпады. Қорықса өздерін сайлатқан патша шенеуніктерінен қорықты. Солардың көңілінен шығу үшін пара берді. Оларға пара беру үшін өздері пара алды. Сөйтіп, қашан түсіп болғанша ойына келгендерін істеді. Ал, ойына келгені алдымен қарнының қамы болып, халықтың қамы далада қалды.

Осылай-осылай жазықтыны «жазықсыз», жазықсызды «жазықты» ететін би-болыстарға «сұраныс» артып, биліктен әділдік, басшылықтан абырой кетті. Сөйтіп, бұл парақор қоғамда аталы сөз емес, ақшалы сөз үстемдік құрды. Оның жерсініп алғаны сонша, омыртқасын он жерден сындырсаң да, жұлыны үзілмейтін жағдайға жетті. Үзілмейтіні – билік басындағылардың баюының басты көзі ретінде әбден ойласты-







рылып, жолға қойылған еді бұл жүйе. Сондықтан «тыямыз» деп халыққа көз қылып айқайлағанымен өз тамырын өздері қия алмайды билік басындағылар. Тамыры үзілмеген соң ештеңе тыйылмайды. Сол бұрынғыша билік байыған үстіне баи береді, ал қоғам шіріген үстіне шірі түседі. Шірігені сол емес пе, кешегі намыстан өліп кететін қазақ бүгін бас салып өз намысын өзі буындырып өлтіретінді шығарды. Сонда парадан жүріп береді екен оның қолы. Бұрын намыстан жүрдай болғанын өлім көрсе, енді пара алғанын мақтаныш көретін болды би-болыс. «Параны мен алмасам, бәрібір бәленше алады. Сыбағамды оған жегізіп қойғанша өлгенім жақсы емес пе?» деп күпінеді өңкей сыбайлас бас қосып күмпіл-дескен ортада жүздері бұл-бұл жанып.

Бұл ортаның өзгергені сонша, бұрынғы рубасы, билердің қасынан небір елім деп еңіреген елжандылар табылса, бүгінгілерді кілең ұры-қары, алаяқ, жылпос-жылмағайлар қаумалайтын болған-ды. Себебі, керегіне батыр да емес, шешен де емес, солар жарайды. Емеурін танытса болды, болмасты болдырады. Кеше қалай өзі соларды «сүттен ақ, судан таза» етіп түрмеден құтқарған болса, бүгін олар бұған солай қолұшын береді. Осылай қазақ қоғамының сырты қампиып тұрғанымен болмысы өзгеріп барады көз алдында Абайдың. Баяғы бала кезінде Кенесарының сарбазы болған батырларды көріп еді. Бүгінгі көретіні барымташылар. Олардың айқасатыны ата жауы емес, қатар жатқан ағайыны. Соларға жерім кетті деп бір шабады, жесірім кетті деп екі шабады, барымтаға қарымта деп үш шабады. Ағайынымен осылай айқасып-айқасып келіп екі жағы да жоғарыға жем болады.

*Қартайдық, қайрат қайтты, ұлғайды арман,*

*Шошимын кейінгі жас балалардан.*

*Терін сатпай, телміріп, көзін сатып,*

*Теп – тегіс жұрттың бәрі болды аларман.*

*Бай алады кезінде көп берем деп,*

*Жетпей тұрған жерінде тек берем деп.*

*Би мен болыс алады күшін сатып,*

*Мен қазақтан кегіңді әперем деп.*





*Жарлы алады қызметпен өткерем деп,  
Елубасы шар салып, леп берем деп.  
Жалаңқая жат мінез жау алады,  
Бермей жүрсең, мен сені жек көрем деп.*

*Дос алады бермесең бұлт берем деп,  
Жауыңа қосылуға сырт берем деп,  
Бұзылған соң мен оңай табылмаспын,  
Не қылып оңайлықпен ырық берем деп.*

*Сұм-сұрқия – сұмдықпен еп берем деп,  
Сүйер жансып, сүйкімді бет берем деп.  
Жүз қараға екі жүз аларман бар.  
Бас қатар бас-аяғын тексерем деп.*

*Ел жиып, мал сойыңыз ет берем деп,  
Ет берсем, сен мендік бол деп берем деп.  
Қара қарға сықылды шуласар жұрт,  
Кім көп берсе, мен соған серт берем деп.*

*Бұзыларда ойламас бет көрем деп,  
Ант ішуді кім ойлар дерт көрем деп.  
Қабаған итше өшігіп шыға келер,  
Мен қапсам, бір жеріңді бөксерем деп.*

*Орыс айтты өзіңе ерік берем деп,  
Кімді сүйіп сайласаң, бек көрем деп.  
Бұзылмаса, оған ел түзелген жоқ,  
Ұлық жүр бұл ісіңді кек көрем деп.*

*Ант ішіп күнде берген жаны құрсын,  
Арын сатып тіленген малы құрсын.  
Қысқа күнде қырық жерге қойма қойып,  
Қу тілмен құлық сауған заңы құрсын  
Бір атқа жүз құбылған жүзі күйгір,  
Өз үйінде шертиген паңы құрсын.*





Ақын Абай өзі өмір сүрген ортасын осылай шошына суреттейді. Шошынса да бұл ортадан біржола безініп те кетпейді. Халқыма қарлығаштай көмегім тиер ме екен деп, өзінің еті үйренбеген қоғамның биі де, болысы да болды, патша шенеуніктерінің келісімімен заң да жазды. Бірақ, қанша қайрат көрсетсе де, бүлінген қоғамды бір өзі түзете алмайтынына көзі жеткен соң қайраткер ретінде қолынан келмегенді ақын ретінде айтып қалуға тырысып, арғы-бергіні ақтарып ой шалады ол. Ой шалады да Бұқар, Ақтанберді жыраулар құсап «атқа қонып, айқасқа шық ата жауыңмен» деп ұрандата алмасын түсінеді. Бала кезінде өзі батасын алған Дулат, Шөже ақындар сықылды мына іріп-шіріп бара жатқан қоғамды құр сынап-мінеумен түк бітіре алмайтынына тағы көзі жетеді.

Сонда не істейді? Ақынның қолынан не келеді? Абай енді қазақ ортасымен шектеліп қалмай, бүкіл әлемдік ой-санадан жауап іздейді бұл сұраққа. «Қартайдық, қайрат қайтты ұлғайды арман» өлеңін талдау арқылы біз бүгін сыншы Абаймен та-ныстық. Бұл оның қырық бір жасында жазған жыры. Одан кейінгі өлеңдерінде сыннан гөрі ой басым. Ой болғанда орындалмайтын бос қиял емес, талаптанса, талпынса, әр адамның қолынан келетін болашақтың бағдарламасы жатқандай көрінеді маған енді. Тек, соны танып, талдап келешектің керегіне жарату жағы кемшін болып тұр. Оған себеп көп. Біріншіден, ислам құндылықтарынан мүлдем хабарымыз жоқ. Екіншіден, өз тарихымызды өзіміз бұрмалап оқимыз, ал кейбір тұстары мүлдем зерттелмей, ақтандақ күйде қалған. Үшіншіден, өзіміздікін қаңсық, жаттықін таңсық көруге үйретілген ұрпақпыз. Төртіншіден, өткен данышпанымызды танымай жатып, жаңа данышпан жасағымыз келіп тұратын ауруымыз тағы бар. Міне, Абайды тануымызға тосқауыл болып тұрған кедергілер осы.

Бірақ, бұлар алынбайтын асулар емес. Елді үркіншілікке салған ескі саясаттың санамызда қалып кеткен сарқыншағы ғана. Сол сарқыншақтан арылып оқысақ, ақынның арғы ойын танимыз. Ақынның арғы ойын танысақ, әркімнің болашағы өз қолында екеніне көзіміз жетіп, көңіліміз сенеді. Сол сенімге бірге жетейік, балалар.





Абай туралы лекциялар легін міне осылай бастап еді Мекемтас. Әрине, қалыптасып қалған қасаң оқулықтан ауытқи сөйледі. Біле тұра солай етті. Абайды оқыған сайын беркіне түскен ар-ожданы жібермеді одан әрі жауырды жаба тоқуға. Алдымен шығарманы талдауға бір кілтипан барын сезініп жүруші еді жүрегі. Түртіне-түртіне ол кілтипанды тапты. Сөйтсе, көркем шығарманы тек әдебиет теориясына салып талдаумен шектеледі екен қазақтың көп филолог ғалымдары.

Содан да, әсіресе, көлемді жанр бейнелеген бүтін бір дәуір қоғамының қатпар-қыртыстары ашылмай жатады екен. Оны қоғамтанудың әр саласына тиісті ғалымдары ашсын деп өздерінен итеріп тастапты аулаққа. Саяси қателік жібермей жауапкершіліктен жалтарудың тамаша тәсілі. Ондай ғалымдардың құр сөз ойнатқан зерттеусымақтары өзге түгіл өз шәкірттерін де қызықтырмайды. Содан да, том-том кітаптары сұранысқа ие болмай, тау-тау болып үйіліп жатады. Себебін заманнан, оқырманнан көреді, өздерінен көрмейді ондайлар. Оу, көркем шығарма ұжымдық еңбектің жемісі емес, бір ғана жазушының туындысы ғой. Бір ғана суреткердің санасында сәулеттенген сөз-сарайдың қыр-сырын бір ғана ғалым неге талдап бере алмайды? Әлде жазушы талантты болғанда, ғалым талантсыз ба? Жоқ, олай болуы мүмкін емес. Жазушы жазудың таланты болғанда, ғалым танудың таланты емес пе? Ол жазушыдан да көп біліп, бүкіл адамды қоғамымен қоса алақанында тұрғандай сезінуі тиіс қой. Жазушымен көркемдік шеберлігі тең болмаса да, танымдық қабілеті одан асып тұрады нағыз ғалымның. Болмаса да ұқсап бағуға бекінген Мекемтас сондай ғалымға. Амал жоқ солай еткен. Өйткені, Абай қоғамының қыртысын, оның өлеңдерінің философиясын қоғамтанушылар мен философтар қашан ашып береді деп күтіп жүруді әбестік көрген.

– Алған бетіңнен қайтпа, – деген Бауыржан ағасы оған түннің бір уағына дейін әңгіме-дүкен құрған оңаша отырыс үстінде.

– Айбарлана шапсаң ажал да сескенеді. Шын ықыласымен кіріссе бір адам да көптің қолынан келмегенді келтіреді. Жарты жолдан қайту жарты адамның тірлігі. Нағыз адам, толық адам алған жұмысын аяғына дейін атқарады. Понятно тебе?





– Түсіндім, – деді Мекемтас.

– Түсінген жоқсың, – деді Баукең інісінің жүзіне тік-теп қарап. – Түсіну үшін жаумен бетпе-бет келуің керек. Сол кезде өз жұмысыңды жартылай ғана атқарған жарты адам болсаң, алдымен ұшасың оққа. Жау сені «келесі жолы қателігіңді түзетіп кел» деп отсрочка беріп қалдырмайды. Ал, алда-жалда құдай қағып, аман қалсаң, міне сонда түсінесің.

– Біз соғыста емеспіз ғой енді.

– Жарайды, сенің тіліңмен айтайын. Қарама-қарсылықтың үлкен диірменіне түскенде түсінесің.

– Өмірдің үлкен, кіші диірмендері бола ма сонда?

– Болғанда қандай. Сен осы уақытқа дейін тұрмыстың диірменіне тартылып келдің. Ол әншейін кіші диірмен, дегенмен одан уатылып кететіндер де аз емес, малтасы езіліп. Ал, абыроймен өткендерді енді болмыстың диірмені күтіп тұрады. Ердің ерінің басына түсетін нағыз сын – сол болмыспен бетпе бет келуі.

– Мені ердің ерінің қатарына қосып отырсыз ба, сонда? – деп шапшандық жасады Мекемтас.

– Дурақ, сен әлі ондай сынға түскен жоқсың, – деп ежірейді көкесі.

– Түсем бе өзі ондай сынға?

– Түсесің, түспеуің мүмкін емес. Өуселенді сонда көреміз.

– Өмір ол сынын қашан жібереді деп күтіп жүре беремін бе сонда?

– Ол қанша күтсең де күтпеген жерден келеді. Сондықтан бекем жүруің керек, Бекем тас, – деп Баукең ныспысынның бір әрпін өзгерту арқылы мағынасын одан сайын ашып нығыздап айтты. Нығыздап айтты да әдеттегідей «әңгіме осымен бітті, ендігісін өзің ойлан» дегенді білдіріп орынынан тұрды.

Ал, Зәки Ахметов Мекемтасты болмыспен жекпе-жекке мүлде басқаша даярлады. Сағы сынбасын, жолы болсын деп солай етті. Баукең оны қандай құқайға да қасқайып қарсы тұруға қайраса, Зәки жеңу үшін шегіну, бұғыну да керек еке-





нін көрсетіп жүрді. Бірақ, Мекемтас Зәкиді көп қабылдай аламды. «Өзің қисық жігіт екенсің» деп зекіді Зәкең. Абайдың шығысы туралы тарауын әзір бермей қоя тұрсаң да қалған жағы жетіп жатыр ғой. Бұл күйінде жауынды көбейтесің. Ал, Мекемтас бұл кезде өзінің қара басы туралы тіпті де ойлаған емес. Оның бар есіл-дерті Әуезов салған соқпақпен Абайдың шығысын ашып, ұлы ақынды халқымен қайта қауыштыру еді. Сондықтан кітабым шықпай кетсе де қолжазбаны қысқартпаймын деп отырып алды. Бұл текетіресте тағы да Зәки шегінді. Редакциялық алқаның отырысында «түзейміз», «күзейміз» деп арғы ойын ашып айтпай бұғып қалған болса, бұл жолы автордың уәждерін дұрыс көріп, дегеніне көнді. Бірақ, оның бұл шегінісі тіпті де жеңіліс болған жоқ. Нәтижесінде Абай туралы жаңа, тың ой-деректер айтқан еңбек жарық көріп, ғылым алға жылжыды. Монографиямен алдымен танысқан әріптестері қолын қысып, қолпаш сөздерімен көтермеледі Мекемтасты. Артынша баспасөзде де жылы пікірлер жарияланды. Олардың көбісі автордың шын табысын тап басып, танып айтпаса да талабын құптады. Осының өзі-ақ Мекемтастың мерейін өсіріп, құлшынысын одан әрі еселеді. Енді оған осы монографияның негізінде докторлық қорғау қолдағы нәрсе болып көрінді. Алдымен ақылдасатын Баукең бұл өмірден озған. Ал, Зәки Ахметов ойын айтқанда: «солай ма, батыр» деп біраз ойланып отырды. Отырды да «сен де басқан балапаныңды бір санап көр» деді.

Бұл келіскені, әрі «қисық мінезіңнен не тапқаныңды білетін кезің жетті» дегені еді. Иә, Зәки «қисықсың», «қырсықсың» деп ұрысқанда сол мінезінің бәрі өзіне айналып келіп соғатынын айтатын. Мекемтас оны түсінбейді емес, түсінеді. Кейде ол да Зәкидің ақыл-кеңесімен жүргісі келеді. Бірақ, бержағы солай дегенімен аржағы мізбақпайды. Шолтаң ете қалған шолақ ақылы жүрек сүзгісінен өтпейді. Жүрек сүзгісінен өтпеген соң сезімнің ұлы арнасына құйыла алмайды. Сезімнің ұлы арнасына құйыла алмаған соң ол «ақылды» пайдалануды жаны қаламайды. Өзге жұрт ағысқа қарсы жүздің деп айыптаса да, оның жанына өз жүрегінің дегенімен жүргені жағады. Бауыржан көкесінің шындық үшін күресі





күшейген сайын оны жек көретіндердің көбейгенін құлағымен естіп қана қойған жоқ, көзімен де көрді Мекемтас. Бұның өзі әулиелерден басқалардың бәрінің басында болатын кәдімгі пенделіктің көрінісі екен. Ақиқат үшін бел шешіп күрестің бе, тіпті ешкіммен күреспей-ақ өз-өзінді қамшылап, қатарыңнан оздың ба, болды, сенен қалып қойғандардың қызғанышы оянады. Бұл соқыр сезімнің бойын билеп алатыны сонша қызғанышының қызыл итіне аямай-ақ талатады аты шыққан азаматты. Ол жолынан кетсе, өзі даңққа бөлене қалатындай көреді. Шындық үшін күрескендердің тағдыры солай. Бауыржанды Бауыржан еткен, даңқын ресми батырлардан асырып, атағын әлемге танытқан қасиеті – аса шыншылдығы. Бірақ, сол мінезін қаламағандар оған соғыс кезінде Кеңестер Одағының Батыры атағын бергізбей тастады. Мекемтас та «қисық» мінезін түзеп, айтқанға жүрмесе докторлығын қорғай алмай қалуы бек мүмкін. Бірақ, Мекемтастың қисық мінезі түзелмеді. Қайта оған қосты. Тезірек қорғауды ойлап, дауыс беретін ғалымдарды мақтап мақалалар жазудың орнына қайта оларға тікелей болмаса да жанамалай тиіп кететін мақалаларды бірінен соң бірін бұрқыратты. Ол – ел, жер, тіл, дәстүр туралы орталық саясат қалыптастырған қасаң пікірлерді бұзып, елдің санасына қозғау салғысы келген. Онысы, әрине, игілікті-ақ іс еді. Бірақ, сол қасаң таным-түсініктерді қалыптастыруға ат салысқан ертең өзіне дауыс беретін мүйіздері қарағайдай ғалымдар екеніне мән бере қоймады. Кандидат басымен есімі елге танылып, қоғамдық беделге ие бола бастағаны өз әріптестерінің де қызғанышын оятқанын елеп-ескерген жоқ. Көшеде, қонақта, жиын-тойда сәлем берген таныс-бейтаныс кісілердің «сіз мына мәселені дұрыс көтердіңіз» деген қолпашына мәз болып жүріп жатты. Оның үстіне Мекемтастың патша көңілі өзінің бұл белсенділігін ұнатпайтындар жеме-жемге келгенде жау болып шығуы мүмкін дегенге мүлде сене қоймайтын. «Абайды да, Әуезовті де қара лаған тұрпайы-социологиялық көзқарастардың заманы әлдеқашан өтіп кетті. Көзі тірілер мені ұнатпаса да мен талдап отырған осы екі ұлы тұлғаға кір шалдырып, көлеңке түсіруі мүмкін емес. Оның ішінде әдебиетші-ғалымдар басқаға пен-





делік жасаса да, Абай мен Әуезовке пенделік жасамайды» деген зор сеніммен келді ол бұл ғылыми кеңеске. Сонымен қорғау басталып, бара-бара ол Мекемтастың есінен өмірі кетпейтін спектакльге айналды.

Көпшілігінің санасында көптен жазылып, әрі репетицияланып келе жатқан бұл драманың авторы пәленше, қойылымның режиссері түгенше деп тап басып айту қиын еді. Тіпті бар-жоғын дәлелдеу де оңай емес болатын. Өйткені олар ертегілердегі сиқырлы бейнелер сияқты қарапайым адамдардың көзіне көрінбейді. Көрінбей әрекет етсе де драма шарықтау шегіне дейін шиыршық атқаны сонша, сыртқы көрінісі дүрдей болғанымен іші жұпынылау ғалымдар үйінің шағындау залында өтіп жатқан бұл спектакльдің сахналық безендірілуінің жұтандығы тіпті де байқалар емес. Есесіне диалогтарының шымырлығы, орындаушыларының өлермендігі кезкелген көрерменді баурап, онша-мұнша кемшілігінің бәрін ұмыттырып жіберді. Көрермен демекші, бұл спектакльдің көрермені де өздері. Бірі сөйлейді, көбі тыңдайды. Бірақ, драманың шешімі түптің түбінде қандай болса да, халықтың санасынан көрініс табатынын ескеруге мұршалары келмейді бұл кезде. Ғылыми кеңесті институт директоры Мүлік Жаймабаевтың өзі басқарды.

Бұл бір тыриған арық та, тырсиған семіз де емес, елуді еңсерген жасы мен ортадан жоғары бойына ылайық еткенді келген келісті кісі болатын. Қалың қасы мен бұйралау шашы қап-қара болып жылтырап көзге ерекше ұрып, бидай өнді жүзін одан әрі аша түседі. Мойыл қара көзі де маған қара деп тұратын алғыр Мүлік нағыз төрағалыққа лайық еді. Жұрт оны ылғи төралқа үстелінен көргісі келіп тұратын. Төрде жеке отырғанының өзінде оны ешкім олқысынған емес. Ал, бірнеше адам қатар отырғанда солардың ішінен құстың төресі – қыран бүркіттей шоқтықтанады. Әйтеуір отырысты қатырады, тіпті сөзін тындамай-ақ түріне тоясын.

Сөйлеп кеткенде... айтпақшы, ол кезде қағаздан оқитын елдің бәрі. Міне, сол мәтінді оқи жөнелгенде Мүліктің дауысы қаздай қаңқылдап, сұңқардай саңқылдап, құлақтың құрышын қандыратын. Мұндай кадрлар көзге түспей тұр-







майтын ол кезде. Мүлік біраз уақыт партия жұмысын атқарып, тіпті Министр де болып, қайта оралған еді өзінің бұрынғы қызметіне. Бұл екі ортада Мекемтас институт кәсіподақ комитетінің төрағасы болып алған-ды. Оның тындырымдылығын, тиянақтылығын, ең бастысы бұра тартпайтын әділдігін әбден танып білген ұжым аттай қалап қоғамдық қызметке сайлап алған болатын. Орынтағына қайтып отыра салысымен көп ұзамай Мүлік Мекемтасты өзіне шақырды. Шақырды да, «қәне, кәсіподағында не бар, баянда» деді. Мекемтас қаржылық жағдайын, қаралған мәселелерін баяндап, биыл институтқа бір пәтер бөлінетінін айтты.

– Сол пәтерді Сайхановқа бересің, – деді директор төтесінен.

– Бере алмаймын, – деп Мекемтас та бірден кесіп айтты.

– Неге бере алмайсың?

– Бізде бәрі жария. Пәтердің кезегінде тұрғандардың тізімі қабырғада ілулі тұр. Сол тізімнің соңындағы Сайхановты қалай бірінші орынға шығармақпын? Мүлік те талай-талай төрлерде отырып, бұндай-бұндай белден басуға әбден еті үйреніп қалған ба, әйтеуір бұл уәжға қың деген жоқ.

– Ол сенің шаруаң, – деді нығырлап. – Амалын табасың да, кәсіподақтың шешімін Сайхановқа шығарып бересің.

Директордың түрінде де, сөзінде де менің айтқанымды істемей қайда барасың деген сенім тұрды. Шынында да мұндайда бастықтың айтқанына жығылмасқа лаж жоқ. Өйткені пәтерді кезегін бұзып бергені үшін көп болса, кәсіподақтың төрағалығынан түсіріп тастайды. Ал, басшының айтқанын істемесе, жұмыстағы күні күн болмай, «отырса опак, тұрса сопак» болады да жүреді. Сөйтіп-сөйтіп келіп бір күні жұмыстан шығаратын да себеп табады немесе жүйкесі шыдамай өзі шығып кетеді. Кім жеп отырған нанынан айырылғысы келеді дейсің. Сондықтан амал жоқ көнеді басшының айтқанына. Бірақ, Мекемтас бұл жолы да «қырсықтығын» көрсетті. Қырсық болғанда да «бас пайдасын» білмейтін жосықсыз қырсық екен. Пәтерді директордың айтқан адамына емес, кезекте бірінші тұрған қызметкерге бергізді. Ал, директор болса, Мекемтасты жұмыстан шығарып жіберуге қылаудай кемшілік





таппай бармағын шайнап қала берді де, «шайтан қай жерде түртеді оны» деп аңысын андып жүрген кезде, міне, енді докторлық қорғаудың тар көпірінде кездесіп отыр екеуі. Ғылыми кеңесті ұзақ іссапарға кетіп қалған Зәки Ахметовтің орнына Мүлік Жаймабаев басқаратынын естігенде осының бәрі есіне түскен Мекемтастың көңіліне бір жайсыздық ұялағаны рас еді. Бірақ, ғылыми кеңес деректірдің оңаша кабинеті емес. Мұнда пікірдің бәрі жария айтылып, ешкімнің белден басуына жол берілмейді. Оның үстіне бұл алдын ала қорғау болғандықтан дауыс ашық берілетіндігін көңіліне медеу тұтты.

Обалы не керек, Мүлік те баяғы оңаша отырғандағыдай өктемдік жасаған жоқ. Барлығы белгіленген талапқа сай жүріп жатты. Қорғаушы туралы мәлімет-деректер толық баяндалды. Жарияланған кітаптары мен мақалаларының саны кейбір академиктікінен асып түсетіндігін естіген отырғандар тіпті орындарынан қозғалып кетті. Алдын ала жиналған пікірлер де жақсы. Тек Қазақ ұлттық университетіндегі академик Қаймолла Жайболовтан ғана қиғаш пікір келіпті. Ол – Абайдың исламиятқа қатысы туралы тарау-диссертацияның ең «осал тұсы» деп жазыпты. Бірақ, неге осал деп есептейтінін талдап таратпаған. Талдап ашып бермеген құрғақ пікірдің ғылыми кеңес үшін құны болмайтынына сенімді еді Мекемтас. Сондықтан бұл пікір кеңес мүшелеріне теріс әсер береді деп ойламаса да, өзі сөйлегенде диссертацияның осы тарауына көбірек түсінік беруге тырысты. Алдымен ол абайтанудың іргетасы әр жылдары жазылған ақын өмірбаянында қаланғанын атап өтіп, оның ішінде М.Әуезов жазған бұрын ғылыми айналымға түспеген төрт нұсқасын талдап, салыстырып берді. Одан әрі жазушы мұрағатынан алынған Абайдың әдеби ортасы туралы соны деректерді алға тартты. Ұлы жазушы ақынның 45 өлеңін өзі тауып жинағына қосқандығы және сол өлеңдерінің текстологі болғандығы ғылыми ортада тұңғыш рет нақтылы деректермен баяндалды.

Бұдан кейін Мекемтас ақын кітапханасына кірді. Онда шағатай, түрік кітаптарымен қатар араб, парсы, орыс тіліндегі әдебиеттер болғандығын ақынның өз шығармалары арқылы





дәлелдеді. Олардағы түсініксіз сөздер мен ұғымдардың астарын атүсті болса да ашып өтті. Сол кітапхана игерілгенде ақын өлеңдері құлпы ашылған күйсандықтай күмбірлеп қоя беретіндігі осы еңбектің Абайдың шығысқа, исламиятқа қатысы туралы тарауларында жан-жақты дәлелденгенін айрықша атап өтті. Солай екен, ақын нәр алған рухани бұлақтардың басында өзінің туған халқының рухани құндылықтары тұрса, одан кейінгі еміне емген емшегі – исламдық шығыс екен. Ал, орыс және сол арқылы батыс өркениетіне ақын туған мәдениетінің уызына жарып, ислам өркениетіне «арқасын тіреп» барып қол созған. Абайды Абай еткен осы үш қайнар бұлақ. Ақынның әлеуметтік, махаббат, табиғат лирикалары, орыс-батыс поэзиясы арқылы түлеп, құлшырып тереңдей түссе, исламдық шығыс руханияты өлеңдері мен қарасөздерінің философиясын қазақ ақыл-ойы бұрын шықпаған биікке көтерді. Ол биіктік ақын шығармаларындағы «жүрек культі», «үш сүю-иманигүл», «жәуәнмәртілік», «хауас» туралы ұғымдарынан көрініс тауып, тұран әлемінде ғасырлар бойы тербелген ізгілік ілімі жаңа саналық деңгейге көтерілді деп қорықты сөзін Мекемтас.

Үлкеннің аузын бағып үйренген әдетімен жұрт алдымен академик Мұхамеджан Қаратаевтың сөйлегенін күтті. Институттағы ең үлкен – қазақ совет әдебиеті бөлімінің меңгерушісі, зерттеуші ғана емес, атағы Қазақстаннан асып, Мәскеуге жетіп тұрған беделді сыншы да еді ол кісі.

Рас, 38-жылы қуғын-сүргінге түсіп, Алматыға елуінші жылдың ортасында оралды. Бірақ, талантқа дауа бар ма, келе сала ғылыми да, сыни да мақала-монографияларды бірінен соң бірін бұрқыратып, бұрынғы беделін тез-ақ қалпына келтіріп алды. Тек бір ерекшелігі ол қилы-қилы замандарды басынан кешкен әдебиетіміздің терең тарихына үңіліп, архив қазбалауды қаламады. Қазақ совет әдебиетіндегі социалистік реализмді талдай да, қорғай да алатындығымен танымал болды. Сондықтан да өзгелер сол кісінің сөйлегенін күтіп отыратын. Соны сезді ме, Мұқаң көтерілді орнынан. Ол алдымен «Абай өлеңдері мен оның өмірі туралы жазылған Әуезов романдарының қайта-қайта жарық көруі, олар





туралы диссертациялар қорғалуы қазақ халқының бірден бір дұрыс жолда келе жатқанының көрінісі. Ал, қазақ халқына ол жолды көрсеткен және жасампаз істерді жүзеге асыруына дем беріп отырған коммунистік партия мен кеңес үкіметі» деп айрықша атап өтті. Бір жақсы жері әйтеуір Абай жолы – ислам жолы болып кетіпті деп сынамады. Даулы жерден аулақ жүретін әдетімен аузына алмай айналып өтсе де, ойын айқын жеткізді. Содан соң бұл еңбектің зерттеу нысаны XIX ғасырда өмір сүрген Абай шығармашылығы болғандықтан, қазақ совет әдебиетіне қатысы жоқ деп мәлімдеді. Сол мәлімдемесі арқылы аталмыш бөлім меңгерушісі бұл еңбек туралы пікір айтуына міндетті емес екенін де сездіріп орнына отырды.

– Қорқақ шал, – деп күңк ете қалды қасында отырған Ғылмат. – Кешегі қазақ болмаса, бүгінгі ұрпағы қайдан шықты? Өткен туралы ештеңе айтпау бұл қорқақтықтан да жаман. Бұл – құлдық. – Ғылматтың бұл сөзі онсыз да әзер отырған Мекемтасты орнынан атып тұрғызды.

– Диссертация Мұхтар Әуезовтің ғалымдығы хақында. Мұхтар совет ғалымы. Демек диссертация қазақ совет әдебиетінің еншісі, – деді ол тақ-тақ еткізіп. Сөзге орынсыз араласқаны үшін диссертантқа ескерту жасады кеңес төрағасы. Осы кезде орнынан Әбдіғаппар Ербісәлиев көтерілді.

– Монографияда диссертацияның көп шарттары ескеріле бермеген, – деді ол. – Сондықтан Мекемтас Мырзахметұлы кітапты диссертация етіп қайта жазсын.

– Ту топас-ай, – деп шыдай алмады тағы да Ғылмат. Тісі батпаса да, жұлмалап тұрғанын қарашы. Мекемтас болса, төрағаның ескертуінен кейін үнсіз. Сөзімді сөйлейтін біреу шықпас па екен деп залға көз жүгіртеді.

– Сол дұрыс, – деді тағы біреу арт жақтан. – Осы күні есіктен кіріп төр менікі дейтіндер көбейіп барады. Сөйлеп тұрған кім екенін даусынан таныды. Кандидаттықты атам заманда қорғап, одан бері қанша күшенсе де докторлыққа тартатын еңбек тудыра алмай жүрген әріптесі. Ол да алға шығарғысы келмей, шамасы келгенше балағынан тартып қалды Мекемтасты.





– Жарық көрген монографиясымен диссертация қорғау үрдісі бұрыннан бар. Мырзахметұлының кітабы докторлық диссертацияға әбден лайық еңбек, – деп сөзге осы жерде араласты Ләйла Мұхтарқызы. – Сондықтан да сөйлеуші азаматтардың еңбектің түрі емес мазмұны туралы пікір айтқанын қалар едім.

– Мен Ләйла Мұхтарқызының пікіріне қосыламын. Тек айтатын ескертпем, историографиясын кеңейте түсу керек, – деді Шәмсиябану Сәтбаева.

Ләйла Мұхтарқызының пікірін үнсіз қалдырған жұрт Шәмсия Қанышқызының соңғы пікіріне келгенде жамырап кетті.

– Абайды зерттеген ғалымдар толық қамтылмаған, – десті олар бірін бірі қостап. Осы уақытқа дейін диссертацияның негізгі тақырыбы туралы тіс жарған ешкім болмағаны қатты күйзелтті Мекемтасты. Ол қорғау туралы шешімін айтқанда Ғылмат «көр де тұр, сені түсінетін ешкім болмайды» деп еді. Кітаптың алғашқы табысына басы айналып досының бұл сөзіне терең мән бермепті сонда. Ал, Ғылмат бәрін көріп-біліп жүр екен. Айтқаны айдай келді.

Әзірге белең алып тұрған үш пікір. Біріншісі, Абайдың шығысына және исламиятқа қатысты тараулары еңбектен алып тасталсын, екіншісі, кітап диссертацияға айналдырылып қайта жазылсын дейді. Үшіншісі, онда пайдаланылған әдебиеттердің тізімі толықтырылуы керектігін айтады. Әсіресе, соңғы пікірді қостағандардың қарасы көбейді. Солардың ығына жығылды ма, әйтеуір, төраға да әліптің артын бақпай айқайға сүрен қосып жіберді.

– Еңбекте Абайға орыс әдебиетінің әсері туралы жарытып ештеңе айтылмаған, – деді ол. – Диссертацияның бас кемшілігі осы деп білемін.

Бұл сөз өшіре алмай тұрған отқа май құйғанмен бірдей болды. Залда отырғандардың көбі қау етіп, осы пікірді лапылдатып әкетті.

– Бұл ұлы орыс халқының рөлін төмендету.

– Орыс мәдениетінің әсерінсіз қазақ әдебиеті қайдан туды деп ойлайды Мырзахметұлы мырза?





– Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылуының 250 жылдығы кең көлемде тойланып жатқанда бұл мәселе туралы тіс жармау деген не деген сұмдық!

– Дүниенің кілті – орыстың тілінде, – деп өзі айтқан ғой Абай!

Мекемтастың қаны басына шауып, құлағы шыңылдады. Айтылған сөздер анық естілмей енді күнгірлеп кетті. Досының түрі бұзылғанын Ғылмат та байқады. Байқады да қалтасынан бір таблетка дәрі алып, тіліңнің астына салып сорып отыр деп көрсетті оған. Мекемтас Ғылматтың айтқанын істеген соң бірер минуттан кейін залды қайтадан анық ести бастады. Зал әлі «сайрап» тұр екен. «Қазақ жазба әдебиетін дүниеге әкелген орыс әдебиеті. Ол туралы айтылмаған еңбектің құны көк тиын, ондай диссертацияны қорғатуға болмайды» деп «сайрайды».

Бір кезде орнынан Ахманқұл Келдібаев көтерілді. Әуезовтің музей-үйінің жанындағы халық университетінде қазақ әдебиетінен небір лекциялар ұйымдастырып, бүкіл түркі жұрты ауыз әдебиетінің төркіні бір екені жөнінде көптеген ғылыми мақалалар мен сапарнамалар жазып, бұл күнде ғылыми ортаға да, жалпақ жұртқа да танымал болған Келдібаев. Мекемтаспен пікірлес, ниеттес, әрдайым оны қолдап жүретін әріптес. Әдетте жатық сөзімен жайлап бастап, бірте-бірте үдейтін Ахманқұл бұл жолы бірден төтесінен басты. Сірә, мына қау еткен қауымды тоқтату үшін солай етті.

– Монография қазақ филология ғылымы үшін үлкен жаңалық болып табылады, – деді ол. – Еңбектің деректер мен соны тұжырымдарға толы әр тарауы бір-бір диссертацияның жүгін көтеріп тұр. Демек, автор бір тарауын кем жазғанда да еңбегі докторлық дәрежеге лайық. Бірақ, онда жазушы Әуезов ғалым ретінде толық ашылмас еді. Мырзахметұлы Әуезовті ғалым ретінде толық ашуды мақсат еткен. Оның ішінде Әуезовтің ізімен Абайға ислам дінінің және шығыс ойшылдары мен ақындарының әсерін асқан жанқиярлықпен індетіп, қазаққа ақыл-ойы мен әдебиетінің үзіліп, ұмытылып бара жатқан көне қайнарының көзін қайта тауып беріп отыр. Бұл біздің ғылымымыз үшін үлкен қазына. Өз қазынамыздан өзіміз үрікпейік, – деп аяқтады сөзін. Бағанадан





бері тығылып, қыстығып отырған Мекемтас демін еркін алғандай болды.

«Қайран Ахманкұл-ай! Қадірімді шын біледі екенсің-ау! Шын мұндасым болдың-ау! Жайшылықта «халқым», «жұртым» деп сайрағанымен жеме-жеңге келгенде тілін жұтып, бой көрсетпей бұғып қалатындардан бөлек, биік екенсің-ау, сен! Мынандай заманда қара басы мен тар шеңберлі топтың, тіпті зымиян саясаттың мүддесінен ұлт мүддесін биік қоя алатын азамат екенсің-ау!

Келдібаевтың сөзінен осылай еріп, езіліп отырған Мекемтас Әбдіғаппар Ербісәлиевтің орнынан қайта көтерілгенін көріп, бойы-басы бір түрлі тітіркеніп қалды. Жүрегі бекер секем алмаған екен. Ахманкұлдың соншалықты қызынып, нақты дәлелдермен төндіре сөйлеген сөзі түк әсер етпепті Ербісәлиевке. Ол Келдібаевтың сол мақтауларының ішінен ілік тапқан болып, қисыны келмесе де баяғы пікірін міз бақпастан қайталап тұр.

– Келдібаев жолдас айтқандай, – деді ол, – монографияның бір тарауын алып тастағаннан құны төмендемейтін болса, соншама дау тудырып, ұлы орыс халқымен достығымызға көлеңке түсіріп тұрған исламдық шығыс пен ислам діні туралы тарауын неге алып тастамасқа? Атеистік қоғам құрған Советтік Қазақстан ғылымына керегі қанша ондай зерттеудің? Дінді апиынға теңеп әлдеқашан үкімін шығарып қойғанымызда Мекемтас Мырзахметұлы сол дінді қайта бықсытып нені көздеп отыр?

«Ойпырмай Ербісәлиев сұп-сұр түрі ғана бедрейіп тұрған жоқ, іші де беріштеніп қалған біреу екен ғой.

Көрінетін әлемді қуалаумен күндерін өткізіп, көрінбейтін әлемнен мақұрым қалған құдайсыз қоғам оқырмандары үшін бүркеліп тұрған Абай пәлсапасының пердесін сыпырып, халқымен қайта табыстырған еңбекке ерімейтін қандай қатыгез қаратас бұл!? Ұлттың рухын көтеруге қызмет етуге тиіс ғалымның мұндай сүйіншіге селт етіп қуанбауының сыры неде? Мәскеуге қараған жалтақтық па? Олай дейін десе шығыс ойшылдарын бірінен соң бірін, тіпті Құранның өзін аударып ғылыми айналымға түсіріп жатқан сол Мәскеудің өзі емес





пе? Әлде топтық, жіктік көре алмаушылық па? Құдай-ау, қай топқа қосылып, қай жерден жік шығарып көріпін мен? Атағына да, атасына да қарамай әрқашан да шындықтың жағынан табылғаным айып па әлде? Жоқ, жеке басының қызғанышы ғана ма Әбдіғапардың? Ондай болса, Мекемтас пақырмен қоса қабаттап, ұлт атасы Абайдың өзіне өре түрегелетін не деген соқыр күш еді бұл қызғаныш дегенін? Көкірегін мынандай сойқан сезімге алдырып қойған ғалымның бар есілдерті әріптесінің аяғын шалып, етегінен тартуға ауып, тақасбақаспен өтпей ме күні? Ғылымды қалай жасайды ол? Өзің ше? Ештеңе қызғанбайтын періштемін деп тұрсың ба өзінді? Жоқ, мен де пендемін. Пенде болған соң маған да келеді ондай сезім. Бірақ, онсыз да жетпей жататын алтын уақытымды қидым ба оған? Қимадым. Әлдеқашан Абай, Әуезов әлеміне бойлап, ғылым жұмағына кіріп кеткен көңілімді бұрдым ба оған? Бұрмадым. Одан да озғаннан озу үшін өзімді өзім қамшыладым. Соның арқасында бүкіл әдебиет ғылымына олжа салдым. Сөйтіп, өзім де ұттым, ғылым да ұтты. Құдай қаласа, халқым да ұтады әлі-ақ».

Институт қызметкерлерінің арасында бірін-бірі көре алмаушылықтан айтылатын өсек-аяңның үстінен Мекемтас та түсіп қалатын кейде. Бірақ, ондай пықсықты одан әрі өршітпей, жанға жағымды жайлы бір тақырыпқа бұрып жіберуге тырысатын тұрғандардың көңілін.

Дұрыс істейді екен. Әйтпесе, көкейге бірте-бірте қатпарланған мұндай өсек-аяңдар күндердің күні болғанда үлкен күшке айналатыны, сонша адамның өзін айтқанына көндіріп, айдауына жүргізіп мүлдем билеп-төстеп алатынын анық сезініп отыр Мекемтас. Бір адам болса, бір сәрі. Тым көп-ақ өздері. Қалай ғана көбейіп кеткен олар? Қайдан шыққан? «Көптің бәрін көп деме, көп те бөлек, көп ит жеңіп, көк итті күнде жемек» деп еді-ау Абай. Сол заманнан бері азаймаған, неғылған көп бұл!? Құрымақ түгіл үсті-үстіне қосылып көбейген-ау? Ең сорақысы сол, ел серкесі – ғалымдар да қызғаныш деген қызыл иттерін әріптестеріне баптап салудың нағыз шебері болып алған.







– «Сені қорғатпайды» деп еді өзін жақын тартып өсек-аяң айтып кететіндердің бірі. – Ташкендегі өзбек, не Пішпектегі қырғыз ағайындардың біріне бар. Солар қорғатады сені. Бірақ, ешкімге айтпай бар. Бұл жақтағылар ол әрекетінді біліп қойса арызды ол жаққа да айдап жібереді де қорғауың қиындап кетеді.

– Ал, Қазақстанда қорғасам арыз жазбай ма?

– Онда арыз жазбай-ақ жүндей түтіп береді сені.

– Арызқой немді жазады?

– Олай ойлама, олар жазғысы келсе жеті атаң, жекжат-жұратың, бәрін қозғап, әйтеуір бір ілік табады.

– Осы уақытқа дейін жазған жоқ.

– Осы уақытқа дейін жазбаса, сен әлі үстіңнен арыз жазылатын дәрежеге жеткен жоқсың. Ал, докторлыққа қол созсаң, міне сонда басталады бәрі. Өздері жүндей түтеді, жүндей түте алмаса арызды қардай боратады.

– Шегірткеден қорыққан егін екпейді. Абай, Әуезов туралы диссертациямды өзге елге барып қорғасам, өз елімнің беделін түсірмеймін бе. Жоқ, мен олай ете алмаймын, – деп кесіп айтқан соңғы сөзін сонда Мекемтас. Сол әңгіме енді ойына оралып отыр. Сөйтсе, жаны ашып айтыпты ол жаны жат деп жүрген жақыны. Біледі екен бұндағылардың пиғылын. Ал, бұл болса «уақытымды босқа кетірмейін» деп жүріп ешкіммен жарытып араласпапты. Ешкіммен жарытып араласпаған соң ешқандай топқа да кірмепті. Ешқандай топқа кірмеген саяқты қорғамақ түгіл бәрі жұлмамайды екен. Соны бастан кешіп отыр қазір. Менің ашқан ғылыми жаңалығыма жұрттың бәрі құлай кетеді деген ойы бекершілік болып шықты. Құлай кетпек түгілі жаңалық екенін мойындаса, жарнамаланып кететінінен өлердей қорқып, көрмеген түр танытады. Ал, көруге міндеттілердің ішінде Келдібаевқа ұқсап ағынан жарылғандары шамалы. Неге олай етеді?

Абай заманынан бері қазақтың киетін бешпеті өзгерсе де, іш дүниесі өзгермеген бе сонда?

«Саяз жүзер сайқалдар ғапыл қалар, хақиқат та, дін дағы тереңінде». Басқалар саяз жүзсе, оқуы мен тоқуында кемістік кеткен шығар, ал ғалымдарға не жорық? Олардың да





оқуы мен тоқуында кінәрат бар ма сонда? Неге саяз жүзеді олар? Мекемтас осылай өз ойымен өзі болып отырғанда, қасындағы Ғылмат қолынан тартып назарын аударды.

– Саған қорытынды сөз берілді, – деді ол Мекемтасқа. – Дұрыс жауап бер бұлардың сын-ескерпелеріне. Мекемтастың жауабы әлдеқашан әзір болатын. Тіпті, ол кітапты жазу үстінде сол сұрақтар көкейінде тұрған оның. Керек болса соған жауап ретінде жазған.

– Қадірлі кеңес мүшелері, – деді ол. – Менің шағын еңбегім сіздердің назарларыңызды аударып, оны талқылауға осыншама уақыт бөлгендеріңізге көп рахмет айтамын. Талқылау үстінде көптеген пікірлер, ақыл-кеңестер, сын-ескертпелер айтылды. Оларыңыз үшін мен де сіздерге үлкен алғысымды білдіремін. Келесі жұмыстарымда оларды міндетті түрде ескеретінімді жеткіземін. Дегенмен біразын қабылдай алмайтынымды мәлімдеп, және неге қабылдай алмайтынымның себебін баяндап беруге рұқсат етіңіздер.

Алдымен историографиясын кеңейту туралы. Менің кандидаттық диссертациям іс жүзінде осы тақырыпқа арналған. Сол жұмысты жазудан бұрын Абайтанушылар үшін хронологиялық та, библиографиялық та көрсеткіштер жасағанмын. Енді соларды докторлық жұмысыма тықпалау өзімді-өзім қайталау болып кетеді деп есептедім. Сын-ескертпелердің біразы орыс әдебиеті мен мәдениетінің Абайға әсеріне кеңірек тоқталу жайында болды. Қазақ әдебиет ғылымында көп зерттелген осы тақырып. Қазақстанның ең көрнекті ғалымдары ондаған монография, жүздеген мақалалар жазды. Мен олардан асып ешқандай ғылыми жаңалық аша алмас едім бұл тақырыпта. Ал, оларды, дәлірек айтқанда осы отырған көпшілігіңізді қайталап, ғылыми еңбектің құнын түсіргім келмеді.

Ендігі мәселе, Абайға исламдық шығыстың әсері жайында. Мен кезінде кандидаттық диссертациямды осы тақырыпқа арнағым келген. Мұхтар Әуезов «жолың болмайды» деп қолдамаған. Содан соң докторлық диссертациямды арнаймын деп шештім. Бірақ, бұл тақырыпқа тек Әуезов арқылы ғана бармаса басқа жол адастыратын еді. Ал, Әуезов





архивтері ол кісінің жазушы ғана емес, үлкен ғалым екеніне көзімді жеткізді. Осынау кең ауқымды Абайтанушыны тек батыстанумен ғана шектесем Әуезовтың ғалымдығын да, Абайға шығыстың әсерін де шектеген болар едім. Сондықтан да диссертация тақырыбы «М.Әуезов және абайтану проблемалары» болып бекітілді. Абай ақындығының үш қайнар көзінің бірі – исламдық шығыс диссертацияның өзегі болып қалды. Ол тарауларды алып тастау Абайға баратын үш қақпаның бірін қайта жауып тастау. Сондықтан мен докторлық дәреже алмасам да, Абай қайнарының көміліп тұрған көзі халқы үшін қайта ашылғанын қалар едім. Ал, сіздер нені қалайсыздар, қадірлі ғылыми кеңес мүшелері, өздеріңіз білесіздер.

Ол сөзін осылай аяқтады да, іште бөгелместен шығып кетті. Дауыс беріп жатқанда көзге күйік болып отырмайын деген ой еді ол. Кеңестің беті жаман екенін көзі көріп, құлағы естіді. Дегенмен күдер үзе бастаған көңілінің түкпірінде әлі де үзілмей өлімсіреп тұрған үміт бар. Ләйла Мұхтарқызы, Шәмсиябану Қанышқызы қолдады. Ахманқұл Келдібаев бүкіл кеңестің бетін бұрғысы келіп беріле сөйледі. Өзімнің де қорытынды сөзім жаман шыққан жоқ.

Сын-ескертпелердің біразын неліктен қабылдамайтынды жеткілікті түсіндірдім. Нағыз ғалымға тән тәрбиесі мен түсінігі бар кеңес мүшелері онымды дұрыс бағалап, араларына тағы бір ғылым докторы қосылғанын қолдауы тиіс.

Бірақ ғылыми кеңес Мекемтастың патша көңіліне қараған жоқ. Сол патша көңілі арқаланып тұрған уәждеріне де тоқталмады. Өз патша көңілдерінің айтқанынан шыға алмай көпшілік дауыспен қорғауға жібермеді. Солай етті де түк болмағандай, түскі асқа асығып, қасынан қоштаспастан өтіп жатты олар. Ләйла Мұхтарқызы тоқтап:

– Жасыма, – деді.

– Көрдің ғой, қанша тырыссам да бетін бері бұра алмадым бұлардың, – деді Ахманқұл.

– Кеттік, – деді қасында тұрған Ғылмат өздері ғана қалған кезде.





– Қайда? – деді онымен ілесіп есікке беттеген Мекемтас.

– «Қаламгерге».

– Жоқ мен онда бармаймын.

– Неге?

– Коммунизмнің моралдік кодексін коммунистер ойлап тапты деп сенетін ақындар, ғалымдар қабылдамаған «хауас» пен «иманигүл» туралы дәті жетіп тыңдар дейсің бе? – деді Мекемтас баяғы Дулат ақынға байланысты оқиғаны есіне түсіріп.

– Дегенмен сені тыңдағысы келетіндер де бар.

– Олар кімдер?

– Әне, қарамайсың ба? Олар сені күтіп тұр.

Төмен түсетін басқыштың алаңқайында он шақты жігіт тұр екен. Барлығы да әдебиет, өнер және тіл білімі институттарының кіші ғылыми қызметкерлері, аспиранттары. Бір сөзбен айтқанда ғылымның есігінен жаңа сығалап жүргендер. Жастардың өзін күтіп тұрғаны Мекемтастың көңіліне аз да болса дем беріп, өлеусіреген шырағының білтесін қайта көтерді.

– Біз «Қаламгерге» бармайтын болып шештік. Жігіттер өздерің бастандар, – деді Ғылмат оларға.

– «Қаламгерді» біз де қаламап едік, – деді Самалбек жастардың бәрінің атынан.

– Неге?

– «Қаламгер» қаламақы алғандарға ылайық. Кіші ғылыми қызметкер мен аспиранттарға лайық емес.

– Сонда қайда бастамақсындар? – Жазушылардың «Қаламгері» болса, ғалымдардың «Санасілкері» бар. Соған бастаймыз.

– Қызық екен, мен естімеппін. Сірә, ғалым емеспін-ау деймін, – деп әзілдеді Ғылмат.

– Сіз ғалымсыз, – деді бағанадан бері үлкендермен өзі жауаптасып келе жатқан Самалбек. – Тек дәрежелі ғалымсыз. Ал, «Санасілкер» біздер сияқты әлі кандидат болмаған нанталаптардың қалтасына қолайлы кафе.

– Түсінікті, бастандар ендеше, – деді Ғылмат Мекемтас үшін де жауап беріп. Ол, досының көңіл күйін дөп басқан





екен. Мекемтас үнсіз ілесе берді. Бұлар Құрманғазы көшесімен бөктерлей жүріп, көп ұзамай таудан төмен құлдилап келіп қаланың қақ ортасымен ағып жатқан Үлкен Алматы өзенінің жағасынан шықты. Олардың «Санасілкері» осы өзеннің ернеуіндегі шағын ғана әйнек қабырғалы кафе екен. Алды алаңқай. Одан әрі өзен жағалай қарағай мен үйінкілер состиып-состиып тұр. Ал, олардың арасында жусаған қаракөл қойлардай болып теңкиіп-теңкиіп қойтастар жатыр. Кафенің маңдайшасына «Ветерок» деп жазылыпты. Жігіттер оны «Санасілкер» деп сәтті қазақшалаған екен деп ойлады Мекемтас.

– Сана сілкерін қайдам, нағыз сыра сілтер орын сияқты, – деді Ғылмат кафенің қасындағы бос тұрған бөшкелерге карап.

– Біреу сыра сілтейді, біреу сана сілкеді. Әркімнің өзіне байланысты, – деп жауап берді Самалбек.

– Дегенмен «Санасілкердің» шырайы сыра сатылғанда кіретін сияқты, – деді енді кафедегі адамның аздығын меңзеген Ғылмат.

– Иә, ол кезде сырагерлердің шағын залға симай кетері анық. Есесіне жағалаудағы қойтастар бәріне жетеді. «Темекі тартуға болмайды», «аяқпен басуға болмайды» деген сияқты тиымы көп мейрамханалардан гөрі тірі табиғаттың аясында қойтастарға құйрық басып отырудың өзі бір кәйіп қой, – деп желпіне суреттеді Самалбек бұл жердің жағдайын екі ағасына.

– Оның рас, – деді осы уақытқа дейін үнсіз келген Мекемтас. – Менің қойтастарға отырғым келіп-ақ тұр.

– Алдымен түстікке тойып алайық, – деді бұл жердің ыңғайын жақсы білетін Самалбек. – Содан соң аяқты созып тастап, қойтасқа да қонжиямыз.

– Бірақ сырасыз отырғанның сәні бола ма ол жақта? – деді Ғылмат.

– Коммунистік кафелерде сыра таусылғанмен, шарап таусылып көрген емес, – деп әзіл айтты жастардың бірі. Тіпті біреуі «Вино опьяняет дураков, вдохновляет мудрых», – деп орысшалап жіберді.





«Сірә, ақындардың бірі айтқан болар» деп болжамдады Мекемтас. Ақындар ғана осылай айта алады. Дегенмен біз данышпан емеспіз. Сондықтан шарап шабытымызды шақыр-маса да шаршағанымызды басатын болар. Мекемтастың шынында да ішкісі келді. Өкпесін қысып, жүрегін шаншып, сана-сын сансыратқан мәжіліс үстінде кірпідей жиырылып қалған жүйкесін босататын басқа амалды ол әзір көріп тұрған жоқты. Бағанағы бақай есеп бақас-тақас қартамыстардың солақай сөз сойылдарын жегеннен гөрі мына сөрелерде тізілген шөлмектердей мөп-мөлдір пәк тілеу жастармен осылай алқақотан отырып шарап сілтегенге не жетсін. Көп ұзамай олар өзен жағасына келіп «шабыт шақырды». Қоңыр күздің ызғары әлі жоқ еді. Қайта бүгін күн шақырайып, ауа әдеттегіден ысып кеткендей көрінді Мекемтасқа. Көкпенбек қарағайдың көлеңкесіне отырған соң самалы жанына жайлы тиді. Шараптың алғашқы стаканы өңешінен өткен соң бағана тарылып кеткен дүние қайта кеңі бастады.

Бірақ, қанша кеңісе де, әңгімелері бүгінгі бұның сәтсіздігінің айналасынан шықпай қойғаннан ба, әйтеуір Мекемтастың кеудесінен бір түйткіл кетпей қадалып тұрып алды. Сол түйткіл әңгімеге де араластырмады. Тіпті әрі-беріден кейін оның стаканға қол созуы да сиреді. Ал жастар болса, өздері ұстаз тұтып бас иетін ағаларын қалай жұбатудың жайын білмеді. Тап қазіргі жағдайда Мекемтасты жұбату институт басшылары мен өздерінің пір тұтып жүрген ғылыми жетекшілерін жамандау болып шығар еді. Сондықтан «қиналған Жамбыл жері осы» дегендей, төтесінен айта алмай төңіректеп сөйлейді. Жалпы ғылыми кеңестің өте қызу өткенін, бұрын-сонды мұндайды көрмегендерін айтып жалпылама баға береді. Біреуі:

– Ғылыми пікірталас деген осындай бола ма? – деп сұрады. Сұрағында таңданумен бірге біртүрлі комсыну да бар. Мекемтас осы жерде ғана шыдай алмай сөзге араласты.

– Мен сендерге ертеде өткен бір ғылыми пікірталас туралы айтайын. Бүгінгі кеңестің деңгейін содан кейін өздерің шамаларсындар, – деп жастарға бір әңгіме айтып беруге ыңғай білдірді.





– Ол заман құрамына біздің өлкеміз де кіретін Орта-лық Азияның нағыз гүлденіп тұрған шағы еді. Орта ғасырлардағы Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалардың көптігі сонша, Бағдатта үйдің төбесіне шыққан мысық Таразға дейін жерге түспей жетеді деген мәтел қалған. Төрткүл дүниенің сауда керуендері келіп құйылған осында. Ғылым-білім де бұрын-соңды болмаған деңгейде өсіп-өркендеген. Мына шығыстанушы Әбсаттар Дербісәлі бір Тараздың өзінен елуден астам ірі ғұламалар шыққанын айтады әзір ауыз-екі әңгімеде. Солардың бірі Хұдайдат шейх ат-Тарази дүниежүзінде тұңғыш рет әдебиет теориясын, ал отырарлық әл-Фараби өзінен кейінгі барлық гуманистерге із болған ізгі қала тұрғындары туралы трактатын, Шу бойында туып-өскен Жүсіп Баласағұн «Құдатқу білік» атты ел басқару үлгісін жасаған кітабын түркі тілінде жазып шыққан. Қожа Ахмет Ясауидің «Хикметтері» де түрік тілінде жазылып еді. Сол заманда Қашқарлық Махмұдтың «Түрік тілі сөздігін» жасауы тегін емес-ау. Бірақ, айтпағым бұл емес. Менің айтпағым, осындай ғылым-білім өркендеген өлкедегі пікірталастардың сөз сайысу және бір байламға келу мәдениеті туралы еді. Сол замандағы аса ірі пікірталастың бірі Бируни мен Ибн Сина арасында өтіпті. Бируни Арал теңізі маңында, Ибн Сина Самарқанда тұрғандықтан екі ғұлама ұзақ-ұзақ хаттар жазыпты бір-біріне. Пікір таластырғанда олар өздеріне дейінгі ғұлама айтты екен деп соның пікірін бедел көріп тоқтап қалмаған. Мәселен Бируни көне дәуірдің әлем мойындаған ұлы ғұламасы Аристотельдің кей пікірлеріне күмәнмен қарап, өз бақылауларының нәтижелерін алға тартқан. Ибн Сина Аристотельдің тұжырымдарын түсіндіріп баққанымен Бирунидің болжамдарын жоққа шығармаған. Дәлелің бар ма, беделдінікі емес, сенікі жөн деген принцип үстем болған ол заманда. Қанша айтысса да дәлелге тоқтаған. Ал, бізде беделдінің пікіріне ешкім шаң жуытпайды.

Тіпті оған күмән келтіруді күнә санайды. Құдай-ау, түбірлетіп зерттемесе күмән айыға ма? Шындық ашыла ма? Олай етпесең ғылым қайтып дамиды?





Мекемтас осылай қызынып барып тоқтады да, бір күрсініп алып стаканына қол созды.

– Иә, бізде өздері білмейді, білгеннің тілін алудың орнына беделдерінің тоқпағымен төмпештеп бас көтертпейді, – деп қоштады оның сөзін Ғылмат.

Аға ғалымдардың айтқандарын қоштай да, терістей де алмай пұшайман болған жастар жағы тым-тырыс. Не болса да іштерінде.

– Сонда ол ғұламалар не туралы айтысқан?–деп үнсіздікті үзді жастардың бірі.

– Жаратылыс туралы,-деп сөзін жалғады Мекемтас. – Әрине, олар ғаламды бір Алланың жаратқанына күмән келтірмейтін кәміл мұсылмандар болатын. Бірақ, күн жүйесі сияқты өзге жүйе бар ма ғаламда? Жаратқан жерді осы күйінде жаратты ма, жоқ эволюциялық дамудан өтті ме деген сұрақтарға жауап іздеді. Ақыр соңында Джордано Бруно мен Чарлз Дарвиннен 800 жылдай бұрын ғаламда біз жалғыз емеспіз, ал, жер бастапқыдан үлкен өзгерістерге ұшыраған деген болжамдар жасады.

– Ислам әлемінде ме? – деп танданыс білдірді жастардың бірі.

– Біз арабтар жаулап алғанға дейін де биік-биік мұнараларымен аты шыққан қалалар салып, ғылым-білімге ұмтылған халықпыз. Дегенмен ол замандағы өрлеуіміз ислам дінімен тікелей байланысты болғаны рас. Ұлықбек Самарқандағы медресенің маңдайшасына не деп жазып қойғанын білесіңдер ме? «Білімге ұмтылу – әрбір мұсылманның міндеті» деп жаздырған.

– Керемет екен, ал Еуропада Джордано Бруноны дарға асты.

– Есесіне ғылым қазір Азияда емес Еуропада шарықтап тұр, – деді Ғылмат.

– Ал, біз неге құлдырап кеттік?

– Неге құлдырадық? Біз ғарышты игеріп жатқан елміз.

– Ал, тұрмысың ше? Тұрмысың қаншалықты көтерілді? Кеше екінші дүниежүзілік соғыста КСРО-дан қирай жеңілген ФРГ, Жапония, тіпті Оңтүстік Кореямен салыстырып







көрші өзіңді. Соғыстың күлінен көтеріліп 25-30 жылда бізден әлдеқайда озып кетті. Олар компьютерді пайдаланады. Дүкендері сықысып тұр. Ал, сенің ауылыңда оңған байланыс құралдары да, дені дұрыс қатынас жолдары да жоқ. Қала дүкендерінде азық-түлік жетпей күнде кезектің зардабын тартамыз.

Өз басшылары мен ғылыми жеткешілерін тікелей сынауға мәжбүрлемейтін мына тақырып жақсы болды жастарға. Іштеріне жиылып қалған шерлерін біраз шығарды. Сөз төркіндеріне қарағанда тек кеңестік-коммунистік бұқаралық ақпарат құралдарын оқып тындаумен ғана шектеліп қоймайтыны көрініп тұр. Ал, араларында комсомол делегациясының құрамымен шет елдерде болғандары да бар екен. Өз көрген-дерін солар айтып, алдыңғылардың сөздерін растап жатыр.

Бір кезде Самалбек бұл тақырыпқа басқа өң берді.

– Тыныштық болса тұрмыс түзелер. Бәрінен де тарихымызды тұмшалап қойғаны қиын болды-ау! – деп күңіренді ол. Сол кезде барып бүгін не үшін жиылғандары естеріне түскен жастар:

– Ең болмаса, Абайымызды толық түсіне алмағанымыз қандай қасірет? – деп күйзелістерінің күй табағын өзгертті. Ал, Самалбек болса:

– Құр күңірене бергенше сұрап алмайсыңдар ма, түсінбегендерінді, – деп қиықтау көзін Мекемтасқа қарай қиғаштады.

Шынында да ресми кеңестен жастардың көңілдеріне көп сұрақ та ұялаған. Енді мына бейресми әңгіме үстінде сол сұрақтарды ағаларына қоймақ ойлары бар-ды. Самалбек соның уақыты келгенін естеріне салды. Ең бастысы көкейінде әлі түйткіл тұрса да Мекемтас шын ғылым адамдарының ақиқатқа ғана жүгінетін айнымас әдеби жайындағы әңгімені қызыға айтты. Демек, сұрағы келіссе әңгімеден кетары емес. Осыны байқаған жастар енді Абай шығармаларында кездесетін «жәуенмәртлік», «хауас», «иманигүл», «мүтәкәлимин», «мантинкин» сияқты сөздердің мән-мағынасын жапатармағай, ынтыға сұрады. Олардың құмарлығы Мекемтас-ты да құлшындырды. Көптен бұлай құшырлана сөйлемеп еді.





Бұрын студенттерге дәріс бергенде «зар шығады ілімнен» деп Абай айтқандай, оқу-тоқуынан жиылған шерінің аншамұншасын толық аңырап айтпаса да, шетпұшақтап жүріп шығарып алушы еді. Академияға ауысқалы ондай мүмкіндік те жоқ, үнсіз отырып өз ойын өзі тындаумен ғана шектеліп жүр. Қағазға әйтеуір цензурадан өтеді-ау деген жұрнағы ғана түседі. Тыңдарманның қойған сұрақтарына қолма-қол жауап беріп, қанағаттанған, қанағаттанбағанын сезіп, көріп тұратын жанды байланыстың жөні бөлек. Ондайда аламан дүбірді құлағы шалған қас жүйріктей әруақтанып кетеді Мекемтас. Солай, ашық аудиторияның орны басқа. Ал, өзен бойын қуалай тау самалы саумалаған «Санасілкердің» алдындағы қарағайлы-қойтасты алаңқай тіпті тамаша аудитория болып шықты. Жастар әр сөзін сол самалды жұтқандай жұтады. Мекемтас та қылтадан қысылып шығып, кең арнада сабырын тапқан телегейдей баяу, жұмсақ үнмен жосытты әңгімесін.

Ол осы жолы диссертациясына кірмек түгілі әлі қағазға да түсіріп үлгермеген тың, тосын ойларын ашты жастарға.

«Қалың елім қазағым» деп күңіреніп, «Бірінді қазақ бірін дос, көрмесең істің бәрі бос» деп шырылдаған хакім Абай халқының дертін ғана танып қоймай, емін де көрсетіп беріп еді. Отаршылдардың орасан сойқан идеологиялық машинасына тосқауыл болып, сана шабуылына төтеп беретін және билік пен байлықтың бұландаған қызыл құйрығын қуалап кеткен заманының оқығандары мен ауқаттыларының тойымсыз нәпсісін тежейтін күш ендігі жерде қарулы көтеріліс емес, жеке тұлғаның дамып жетілуі деді ұлт ұстазы. Ол ұсынған толық адам ілімі сол жеке тұлғаның дамып жетілуіне арналды. Тек осы ілім ғана даласы да, санасы да жеңіліс тапқан отар халықтың әрбір өкілін мәңгүрттендірмей өзін өзі сақтап, күндердің күні туғанда бүкіл ұлттың қайта түлеуіне жол ашпақ.

Ал, тұлғаның дамуы деген бұл дүниеге шыр етіп келгеннен бастап, о дүниеге сапар шеккенге дейін созылатын ұзақ процесс. «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: Біреуі – ішсем, жесем, ұйқтасам деп тұрады. Бұлар –





тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Біреуі – білсем екен демеклік. Айналадағы құбылыстың бәріне «ол немене», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?», «бұл неге бүйтеді?» деп көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап тыныштық көрмейді. Мұның бәрі–жан құмары...»

«Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгендеп, ең болмаса денелеп білмесе, ол жан адам жаны болмай хайуан жаны болады». Хайуанға айналмас үшін «тәннен жанды артық көріп, жан азығын» мол жинамақ керек. Бірақ, «олай қылмадық, ұзақтай шулап, қарғадай барқылдап ауылдағы боқтықтан ұзамадық» деп еді Абай.

Сондықтан мен әлі жүйелеп болмаған Абайдың толық адам ілімі тұлғаның тән азығынан жан азығын артық тұтыну ілімі. Ал, жан азығы адамды Абай айтқан боқтықтан тазартып, ұятын оятады, иман жиғызып, адамгершілікке бастайды. Бірақ, күнәға батып қаламын ба деп қорқып, бар жақсылықты көктен тілеп, аспанға құр қол жайып әрекетсіз отырма, қайрат қыл, еңбек ет, кәсіп үйрен, ғылым игеріп, жаратылыстың сырын ұқ, сол арқылы Жаратқанды таны дейді.

Орасан зор көркемдік қуатпен өрілген ақын шығармалары осылай өмірдің өзінен де, ақындық сезімнен де биіктеп, соны бір өрістерге бастайды. Абайды тану үшін сол өрістерге шықпақ керек. Өкінішке орай оған шықпақ түгілі шығармаларындағы өзім сезінетін алтын жүлгені толық жүйелей алмай жүрмін». Мекемтас осылай деп тоқтады да алдындағы қырлы стаканын көтеріп, бірер ұрттады. Содан соң ашық аспан астында алқам-салқам отырған жастарды көзімен бір шолып шықты. Өзіне қарап телміріп қалған жастар әлі үнсіз. Сірә, мұның айтқан әңгімелерін әлі ойларында қорытып, бойларына сіңіре қоймаған сияқты. Бірақ, көздері жайнап тұрғаны ішін жылытып, жүрегін елжіретті. «Оларды Абай ілімі қызықтырды, енді сөз жоқ алып кетеді, одан әрі оқиды, зерттейді, тереңдетеді, нағыз ғалым осылардан шығады» деп қиялданды Мекемтас. Дәріс оқып құштары қанған көңілін осы оймен тербеп отырғанында жастардың бірі Нысаналы:





*Ақылмен хауас барлығын,  
Білмейді жүрек сезедур.  
Мұтәкалимин, мантикин,  
Бекер басқа езедур,* – деген шумақты түсін-

діріп беріңізші, – деді.

– Хауас сөзі Абайда үш мағынада қолданылады. Оның біріншісі адамның сыртқы бес және ішкі бес сезімдерінің баламасы. Екіншісі–Алланың он сипатын білдіреді. Ал, осы өлеңде Жаратушы деген мағынада айтылып тұр. Мұтакалимин, мантикин дегендер Хауасты яғни, Жаратушыны грек философиясының қисындырына салып түсіндіретін бүтін бір ағымдар.

Өзіне дейінгі Бұқар жыраулар мойындаған Жаратқанды танудың бұл тәсілдеріне Абай қазақ ақындарының ішінен бірінші болып қарсы шығып отыр. Абай өлшеусіз құдіреті бар Жаратушыны адам өлшеулі ақылымен тани алмайды. Оны жүрекпен сезеді дейді.

– «Шортанбай, Дулатпенен Бұқар жырау, өлеңі бірі жамау, бірі құрау» деуіне бәлкім осы себеп болған шығар ұлы ақынның, – деп қалды жастардың бірі.

– Оны білмедім, – деді Мекемтас. – Бірақ, Абайда ислам құндылықтарынан мақұрым қалған қазіргі қазақ оқырмандары үшін түсініксіз екі жүзге тарта сөздер бар екенін санамаладым. Мен солардың түсіндірмелі сөздігін жасап жатырмын. Міне, сол сөздік қолдарыңа тигенде сендерге хакім ақынды түсіну жеңілірек болады.

– Сіздің дәрісіңіз мешітте айтылатын уағызға ұқсап кетті, – деді Нысаналы.

– Абай Алланың сөзін ақылға салып, қазаққа лайықтап жеткізіп тұрған жоқ па? Бірақ, ақынды түсініп, уағзына қосатын имам табылып жатса қанеки, – деді Мекемтас.

– Ағаларың коммунистік аудитория да, коммунистердің бақылауындағы мешіттер де қабылдамаған әңгіме айтып отыр, – деді Ғылмат.

– Ағысқа қарсы жүзу ғой бұл, – деп таңданыс білдірді Нысаналы.

– Жок, ағысқа қарсы жүзу емес, топан суға тосқауыл болудың әрекеті, – деді Ғылмат.





– Әркімнің адами қалпын сақтауының қамы, – деді Мекемтас.

– Немене, коммунистер адам емес пе сонда? Сіз отаршылдар деп сынаған патша билігін құлатып, Қазақстанға Одақтас республика мәртебесін алып берген солар ғой.

– Одақтас республика мәртебесін алғанымыз үшін біз ғасыр басындағы арыстарымызға борыштармыз. 1937-1938 жылдары оларды «халық жауы» атандырып, атып жібергеннен кейін коммунистер патша шенеуніктері істей алмағанды істеді. Түрлі сылтаулармен орыстар қазақ жеріне жаппай қоныстандырылып, біз өз жерімізде азшылыққа айналдық. Соның әсерінен көп өңірлерде қазақ мектептері жабылып, қалаларда тіпті ашылған емес. Қазақтар өз балаларын орыс тілді балабақша мен мектептерге беруге мәжбүр.

– Коммунизм ілімі дегеніміз орыстандыру саясаты ма сонда? – деп сұрады бағанадан бері үнсіз тындағандардың бірі.

– Кеңестер Одағы коммунистерінің соңғы үшінші бағдарламасы бойынша 1980 жылдан бері коммунизмде, яғни, «қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған» жұмақта өмір сүруіміз керек еді. Оны орындай алмады. Есесіне, қазақтарды орыстандыру саясатын орындайтын түрі бар.

– Орыстандыру саясаты Солтүстік пен Сібірдегі майда ұлттардың арасында және Қазақстанда табысты жүзеге асып жатыр, – деп сөз қосты Ғылмат.

– Біз шынында ұлт ретінде келбетімізден айырылып, жойыламыз ба? Көшеміз бе, тарихтан біржола? – деп қолқ ете қалды көзінің жасы бырт-бырт үзілген жас жігіттің бірі.

– Жойылып жатқан ұлттың алды да, соңы да біз емес.

– Жоқ, біз оған жол бермейміз!

– Абайдың айтқанын істейміз.

– Абайдың айтқанын алдымен істеуге тиіс зиялыларыңның сиқын көрдіңдер ғой жаңа. Іштері тілалмайды.

– Олардың іштері тілалмаса, біздің ұрпақ бар. Мен ертеңнен бастап, пенделігімнің бәрін тыямын.

– Тыйғызбасың тигызбас.

– Неге тыйғызбайды?





– Байғұс-ау, дүкеннен сүт сатып алудан бастап, баланды бақшаға орналастыру мен пойызға билет алу үшін де пенделік керек. Пенделікке бармай қайтып күн көресің?

– Ондай мәжбүрлік көңілде дық қалдырғанымен арда дақ қалдырмайды.

– Дегенмен сен Абайды дұрыс түсінбепсің. Алдымен жаныңды байытудан баста, содан соң тыйым өзінен өзі келеді.

Мекемтастың дәрісі қатты әсер еткен жастар енді үлкендермен ісі болмай өзара қызу талқыға кірісіп кетті. Сол пікірталасқа сыртынан біраз қызыға қарап тұрған Мекемтасқа «қайтайық» деді Ғылмат.

– Дұрыс айтасың, уақыт та біраз жерге барып қалыпты. Олар қалаға қарай беттеді.

– Енді не істейсің? – деп сұрады Ғылмат жолшыбай.

– Ауылға барып, біраз оңаша болсам деймін. Түлкібастың ауасы да ем ғой, – деді Мекемтас.

– Демалыста да қарап жатпайтыныңды білемін ғой.

– Шынымды айтсам маған әлі бірдеңе жетпей жүрген сияқты. Бүгінгі жеңілісім соның салдары. Түйсігім сол жетпейтінді іздеуді туған жеріңнен баста дейді.

– Сенің бойыңда бір ғалымға қажеттің бәрі бар. Басқа не іздейсің?

– Өзірге білмеймін.

Бұл кезде олар Ленин даңғылына шықты да, Ғылмат осы жерден автобуска отырып кетті. Ал Мекемтас қаланың кешкі абыр-сабырынан қаға берістегі тып-тыныш Төлебаев көшесіне келіп, Әуезов музей-үйінің алдындағы орындыққа отырып ұзақ ойланды. «Жолың болмайды» деп еді жарықтық Мұқаң. Айтқаны айдай келді. Құлатып тынды. Жаны ашығансып тұрып құлатты. «Монографияңнан Абайдың шығысына қатысты тарауларын алып тастап, диссертация етіп қайта жаз. Сонда қорғайсың» дейді.

Солай етсем, доктор болғаныммен адам бола аламын ба? «Тұрмыстың диірменінен өтсең, болмыстың диірмені күтіп тұрады. Ердің ерінің басына түсетін сын сол болмыспен бетпе-бет келу» деп еді-ау Баукең. Мен, сірә, болмыспен бетпе-бет келдім-ау деймін. Ғылыми кеңестің айтқанын істесем бол-





мыстың диірменінен өте алмағаным. Доктор болмай кетсем де алған бетімнен қайтпаймын! Абайдың шығысын диссертациямнан алып тастамаймын! Ал, зерттеуімді одан әрі жалғастыра беремін.

Шараппен бірге пенденің ішіне эзезіл ілесіп кіреді деуші еді. Кіріп алған соң пенденің пиғылын бұзады, жақсы ісінен айнытып жаманға бастайды дейтін. Мекемтастың ішіне кірген эзезіл олай ете алмады. Сірә, оның ішінде эзезіліңіздің өзін бездіріп жіберетін бір күш бар болуы керек. Ол Әуезовтің музей-үйіне қарап отырып, түбіне жете алмай жүрген толық адам туралы зерттеуін қалай жүйелеу керек екенін көп ойланды.

\*\*\*\*\*

Бірді ойлап бірге кеткен Мекемтас диссертациясын қорғай алмай «құлап» шығып тұрса да, одан сайын қайсарланып «жарым жолдан жарты адам ғана қайтады, ал мен «алған бетімнен қайтпаймын» деп Әуезов үйінің алдында түн жамылып тұрып берген серті есіне түскенде денесі дүр сілкінді. Денесі дүр сілкінісімен-ақ таңдап отырған тасының үстінде байыз таба алмай орнынан атып тұрды. Атып тұрғаны сол екен түйетайлы қияға қиғаш тиген табаны денесін еңіске ентелетіп етпетінен түсе жаздады. Салмағы ауыр болғанда жер сүзер еді, әйтеуір қағілездігінен құламай, бойын әрең түзеді. Солай. Тау жаңа бас білдіріліп жүрген асау ат секілді. Асаулығын ұмытып, тақымыңды бос ұстасаң осылай тастап кете жаздайды. Таудың бұл тарпаңдығы өткенінің орманын кезіп кеткен Мекемтастың қаңғыбас ойын тұрған жеріне дік еткізіп қайта қондырды.

Бауырынан бұлақ бұрқыраған шолақ шатқалдың тұқылданған тұсы еді бұл. Бағанадан бері сол тұқылдың беткейіне арқасын беріп отырған Мекемтастың назары алдындағы аңғардың аржағындағы өркеш-өркеш бел-белестерге енді ауды. Дәлірек айтқанда көз алдында көлбеңдегенімен көңілі бұрылмаған көріністерді ой орманынан оралған есі енді қабылдады. Бұл көлбеңдеген көк сүңгі шындарын көкке қада-





ған Алатаудан тұрқы да, сұрқы да, болмыс-бітімі де бөлек басқа тау – Қаратау еді.

Алатау шырқау биікте қалықтаған ақ қанат қырандай қиядан тәкаппарлана көз тастаса, Қаратау шөккен түйедей жұп-жұмсақ, жып-жылы өркешін тосып, мойынын созады исініп. Алатаудың қысы-жазы өңін бермейтін көк жасыл кеудешесін әдіптеген әшекейлері бірде көк мұнарға күмп беріп сүңгіп, бірде сол мұнардан жарқ етіп ашылып алыстан сан құбылып ойнақ салса, Қаратаудың желең жайылған желбегейі аңсары ауып келген жанның аунай кетуіне әрдайым дап-дайын төсеніш болып төселіп жатады.

Алатаудың күн мен жел-жауыннан жеңіле қоймаған сылаң қоңыр қойтастары шетінен шоң келсе, Қаратаудың жігі ажырай бастаған шымқай қара жақпартастары сыры кетсе де сыны кетпей қыздың жиған жүгін еске түсіріп тұрады.

Сонау Күйіктің асуынан асып, Мыңбұлақ пен Жуалының жонына ілінісімен-ақ бұл өлке Мекемтастың көңіл-күйін ерекше бір сарынға бөлейді.

Сол сарын Шақпақтың асуында айрықша делебе қоздырар екпінмен алақұйындатып шырқау биікке көтерілсе, Жаббағылының етегіне түскенде жүректің ең нәзік қылдарын шертетін ерекше бір сиқырлы сұлу саз болып сыңғырлайды. Одан әрі аңғар арналанған сайын көк тіреген Алатау перзент көкірегінде асқақ ән болып шырқалса, жайма-шуақ жатаған Қаратау майда қоңыр күй болып күмбірлейді. Осы екі ұлы тауды жалғаған Шақпақтың белінен Машат асуына дейін тоқ ішектей болып томырылып жатқан ойпаң оның туған жері – Түркібасы ауданының аумағы. Шақпақ атадан басталған ана-аңғар осы Машатта тұйықталады. Мына Алатаудың асқақ биігінен алақандағыдай көрініп тұрған Түркібасы тұйығы бір басын Алатауға, екінші басын Қаратауға іле салған аспалы бесік сияқты болып елестейді Мекемтастың көз алдына. Жарықтық Жаратушының өзі тербетіп тұратын тау-бесік. Ал осы алақандай аңғарды мекендегеннің бәрі Жаратқанның әлдилеген сәбиі. Шыңылтыр шындардың ақ қар-көк мұзынан бастау алып Алатауды кемерлеп ағатын Арыс, Қаратауды қақ жарып құлдилаитын Құлан, оларға







көлденеңдеп келіп еліктей еркелеп қосылатын Жабағылы, басқа да ірілі-ұсақты жылғалар мен бұлақтар сол тау бесікте тербелгендердің еміп жатқан емізігі. Тауының тізеден асатын шүйгіні шілдеде де өңін бермейтін бұндай ұйықты бұл өлкеде табу қиын. Сондықтан да қыста үйдің терезесінен асатын қар жауып, асуында атан түйені жығатын боран соғып жатса да тау-бесік Түркібасыға бауыр басқан адам басқа жақты жерсінбейді. Көктемі қандай хош иісті, жазы қандай самалды, күзі қандай берекелі бұл Түркібасының.

Төменге көз тастап еді. Тау кемерлеген өзендер мен бұлақтарды жағалай қоныстанған ауылдар көк жүзіндегі қаздар тізбегін есіне салды. Тас дәуірінен бері қаншама ғасырды артына тастап маңып бара жатқан ата-баба көшінің бүгінгі кейіпі осы. Тәні тыншыса да жаны тыншымай санасы сан саққа жүгірген профессордың ойы тағы бір тыңға тартып бара жатты. Бірақ, абырой болғанда тәні тоқтам айтты оған. Ой қызуымен мұншама биікке көтеріліп кеткенін өзі де байқамай біраз шаршап қалыпты. Ойы алып ұшса да, тыныштық тілеген тәні қиялының қанатын кеңге серметпей тұқырта берді. Тұқырта берді де мына биіктен түсудің өзі үлкен күш екенін есіне сап, енді еңіске қарай қалай жүрудің қамын ойлатты. Тауға көтерілген ауыр болса, түскен азап. Өз салмағың екініңмен екі еселеп артып, балтырынды тез талдырып дәрменсіз күйге түсіреді. Сондықтан тікше қияны көтерілгендегіден бетер қиғаштамасаң аяғың жансызданып қалады. Әсіресе, жасы келген адамның.

Дегенмен тау баласы емес пе, желке тұсынан соққан желді қиғаштаған желкенді қайықтай қырын жүріп жылжып келе жатты. Бұл жүрісінен иегінің астындағы тұрған шипажайға жеткенше сілесі қатып шаршайтыны анық. Оның тілегені де сол. Әне, сонда алаңсыз бір ұйықтайды!





\*\*\*\*

Қарт профессор сол күні шынында да қатып ұйықтап, ертеңіне суытылған аттай болып сергек оянды. Өмір бойы түйетайлы жолдармен жаяу жүріп машықтанған тау тұрғынының балтыры аздап сыздағаны болмаса, денесі тіпті де сал тартпады. Оны басқан ауыр жүк бойында емес, ойында еді. Ұйқыдан денесі тынығып тұрғанымен ояна салысымен-ақ қаумалап алатын қалың ой жанын шаршатып жіберетінді. Бүгін олай болмады. «Ел іші – алтын бесік» деген осы екен. Шипажайдағылар оны үнемі ілтипатқа бөлеп, ойымен оңаша қалуына мұрша бермеді. Таңертеңгі тамақтың үстінде де, ем-домның кезегінде тұрғанда да, бір ғимараттан екіншісіне өтіп бара жатқанда да жұрт тоқтап амандасып, әрнені сұрап, жарияланған мақалаларын қуаттап, қалада өзін қорсынып келген көңілін марқайтып тастады. Оқитындар бар екен оны, тағылым алады екен жазғандарынан, жазбай, жарияланбай қалса іздейді екен, демек керек екен халқына. Тіпті көрші үстелде тамақтанатын жетпісті алқымдап қалған кісі бұның біраз мақалаларын газеттерден қиып алып, сақтап жүргенін айтты. Бірақ, ауыл кітапханаларынан бірде бір кітабын кездестірмеді. Аракідік қалаларға барғанында кітап дүкендерінен де таппапты. Мекемтас риза болғаны сонша өзімен бірге ала келген «Жер тарихы – ел тарихы» атты кітабын сол азаматқа, ал «Абай лұғатын» бір мұғалім әйелге сыйлады. Әйел бұны ем алатын ғимараттан қайтқанында жолын тосып тұр екен. Әдебиет пәнінен сабақ беретін көрінеді. Абай оқуларын өткізіп, ұлы ақынға арналған кабинет жасақтамақ. Бірақ, Мекемтастың және басқа абайтанушылардың еңбектері бұларға жетпейді. Сондықтан сабақ өткізгенде ақын өлендерін тереңдеп талдай алмай жүргенін өзі де сезінеді. Мұғалім мектептерде оқытуға лайықталған «Абайтану оқулығын жазсаңыз» деген тілек айтты.

Мекемтас дәл осы жерде жауаптан қиналды. Өйткені өзі де сондай бір қажеттілікті сезініп, министрлікке ұсыныспен шықанды. Бірақ, тендерді басқалар ұтып алды. Шырағым сен мені білікті деп білгеніңмен министрлікте отырғандардың да өз білгені бар. Мен олардың стандартына келе бермеймін





деп қалай айтады, айта алмайды. Айта алмайды да атын туралап атағысы келмейтін осы бір індеті құрғырдың азабы жанын қайтадан кеулеп жей бастайды. Жей бастаған кезінде ішіндегі бар қыжылын қағазға төгіп, мақала жазғысы келеді. Бірақ, қайда барсаң да алдыңнан шыға келетін бұндай-бұндайдың қайсы бірін жазып тауысасың. «Тауық сойса да қасапшы сойсын» дегендей қоғамның көрініп тұрған жарасына жедел жәрдем көрсететін басқалар. Солар жазып та, сықысып тұрған сыбайластықтың сыздаған жарасын жарып та жатады.

Бірақ, одан құлан таза айығып кеткенін көрмеді қоғамның. Неге? Өйткені жараның өзін жарғанымен тамыры қалып кете береді де, қайта сыздатады. Сондықтан ғалымның міндеті – қарапайым көзге көріне бермейтін түп тамырын табу сыздауықтың. Бұл оңай орындала қоятын шаруа емес. Небір әулиелер мен ғұламалар бастаған шаруаның ұшпағына ешбір ғалым шығып көрген жоқ әлі әзір.

Соған қарағанда қоғамның дерттенген талшығын тап басып табу өзге жаратылыстың құпиясын іздегеннен қиын ба деп қалды. Бұл заманда техниканың күшімен жеті қабат жердің астындағыны да, жеті қат аспанның ар жағындағыны да көруге болады. Бірақ адам қитұрқылығын ашуға келгенде дәрменсіз ондай апараттар. Бүлінген пиғылын сауыққан санасы ғана тазарта алады. Оған апарат емес, ақыл сөзі керек. Әсіресе, сол ақылды бойына судай сіңіріп алған ақын сөзі. Мекемтастың таңертеңгі қаперсіз көңіліне қайтадан алаң кіріп, сүңгіп-сүңгіп алған Кемербастаудың тастай суы да қуа алмады оны. Қуа алмаған соң тау самалы саумалаған шипажайдың өзі қапырық тартып тауға – Түркібасына тартып кеткісі келді. Түркібасы – Қаратудың өзге бел-белестерінен бөлшектеніп тұрған оқшау шың. Бейне бір жаугершілік заманда осы өңірдің елі қарауыл қарасын деп ана – аңғардың қақ ортасына Жаратқанның өзі үйіп қойған оқшау шың. Тіпті, бүгінде бұл биікке шыққан адамның жанарына бүкіл аудан ілінеді. Неліктен екені белгісіз, әйтеуір Мекемтас бұл дүниеден бір тарлық көргенде осы шыңға көтерілгісі келеді де тұрады. Баяғыда диссертациясын қорғай алмай құлап қалғанында да, Алматыда одан әрі аялдамай туған жеріне





тартқан. Туған жеріне келіп, осы Түркібасына көтерілген. Ол кезде бұл шың да, аудан да Түлкібасы аталатын. Төмендегі елді мекендердің аттары да бөлек болатын. Ванновка, Корниловка, Успеновка, Высокое, Новониколаевка, Вознесенка, Антоновка болып шексіз тізіліп кете беретін. Өзінің туған ауылы Майтөбенің де аты ұмытылып, Мичурин, Жданов болып сан құбылды. Тіпті адамдар да өзгеріп бара жатқандай көрінетін оған. Өйткені жаңа туған нәрестелерге өзге ұлттардың есімдерін беру жиілеп кетті. Ертеректе Совет, Мэлс, (Маркс, Энгельс, Ленин, Сталин), Ким (коммунистически интернационал молодежи) деген есімдер сәнге айналып еді. Енді Алина, Марина, Алик, Коля ныспылы қазақтар қаптап жүр. Тіпті мосқал тартқан Майлыбай, Қойлыбайлардың өзі орыс мектептеріне берген балаларымен бөтен тілде шүлдірлескеніне мәз болып отыратын болған. Осының бәрі сәтсіз қорғаудан басылып келген еңсесін одан сайын езгілеп, аңсап келген көңілін су сепкендей басып еді оның. Бірақ, сонда да әйтеуір жетімсіреген жаны туған жерінен жұбаныш іздеп тау-тасын, өзен-суын кезіп кеткенді.

Жалбызының иісі бұрқыраған Жабағылыны жағалап, тауға текеметтің түріндей өрнектелген Иірсудың иірлерін қызықтап, Әулиебастаудың суын ырымдап ұрттап, көңіліне демеу еткен. Бұған да мауқы басылмай Түркібасының шыңына көтеріліп, ана-аңғарды көз құшағына алып айналады. Айналап тұрғанында санасында жылт ете қалған бір ой жүрегін бүлк еткізді. «Тірек етемін деп келген туған елінің өзі менен демеу тілеп тұр-ау» деген еді ол ойы. Деді де басына келіп-кетіп жатқан өзге де ой нөпірімен іркес-тіркес өтіп кетпей иірім болып иіріліп тұрып алды. Сөйтті де жүрегін де, жігерін де тырп еткізбей тұсап, шарасыз күйге түсірді өзін. Тіпті шошынуға да мұрша бермейді, «бәрі бітті, мен де Митрофан атанып, айтқанына көніп, айдауына жүргеннен өзге шара жоқ» дегенге көндіріп, құлазыған көңілін құрдымға жетелеп бара жатты.

Жан құрдымы дегенің, сірә, санасыздық болу керек. Санасы бірте-бірте өшіп, ойсыз бір күйге түсті ол. Сол кезде енжарланған жанары туған жерінен тайсақтағандай наза-





рын төмен салып алғанын да сезген жоқ. Осы күйде қанша тұрғанын білмейді. Әйтеуір түйсігі түрткіленіп жатып, есін жиғызды-ау әзір дегенде. Есін жиса, көзі бір нүктеге қадалып тұр екен. Қоңыр күзде қошқыл тартқан құзар шыңның басында көкпеңбек болып желкілдеген тулақтай ғана жер еді оның жанарын арбап тұрған. «Бұл не күдірет?» деп күбірледі атеистігінен арылмаған коммунист ғалым. Сөйтті де айналасы шөліркеп тұрғанда біреу суғарып қойғандай әжептеуір көтерілген көкті қолымен сипалады. Ол бұл жердің күн құрғақта дым тартып тұрғанын бірден сезіп одан әрман таң қалды. Бұлақ дегендер ойпаңнан, асып кеткенде кемерден шығушы еді, Шыңның ұшар басынан бүлкілдеген бұлақты кездестіріп тұрғаны осы. Мына жерді қазір күрек бойы қазып жіберсең көміліп жатқан бастаудың көзі ашылғалы тұр. «Бұнда не сыр бар?» деген сұрақ қойды өзіне қайтадан қалыпты жұмысына кірісе бастаған санасы. Содан соң сәл ойланып «Әрине, жер қыртысының жаратылысы солай су сығыла-сығыла шыңға да шығады. Су жол тапқанда, ой неге жол таппайды? Өтімді ой мәңгүрттің де миына саңлау тауып кіріп, санасын оятуы тиіс. Сол саңлауды таба алмай жүрген өзім кінәлімін. Тым өзімшіл болып кеткенмін. Өзгерлермен ой жарыстыруым кем. Содан да өзімді жауға жалғыз шапқан батырдай сезініп, бұл дүние менімен басталып, менімен аяқталатындай көріппін. Тіпті де олай емес. 1937-1938 жылдары арыстарымызды атып тастағанымен олардың сөзі санасында қалған ұрпақ әлі жүр арамызда. Қажым-аға неге салды мені осы тақырыпқа? Зәки неге қолдайды? Ахманкүл неге жанын салып жақтады күні кеше? Ертегімен ауызданып, әдебиетімізбен жанын азықтандырып жүрген жастар аз ба қазір? Аз емес. Тек тарихи саналары бұрмаланған олардың. Әрі-беріден кейін өзің де өткенінді ұмытып, мәңгүрттікке мойынсұнып тұрсың ғой. Есімнен ешуақытта шығармаймын дегенің қайда сол бір берген сертіңді?!

Адамды аздыратын да, оздыратын да ойы ғой шіркін. Бағана жан құрдымына жібере жаздаған ойы енді еңсесін көтеріп, құр атқа мінгізгендей етті Мекемтасты. Ол енді шың басындағы көмулі бұлақтан көзін айырып, айналасына қай-





та зер салды. Ана-аңғардың арғы бетіндегі Алатауды бөктерлеген жолақ – темір жол. Оның етегіндегі топ-топ шоғырдың бірі ауылы – Майтөбе. Бағана бәрінің сұры кетіп, сұрқайланып тұрған сияқты еді. Енді күннің қиялай түсуінен бе, беткей-беткейлер сан түрге еніп құбылып, құлпырып қалыпты.

Сол Майтөбеден таң атпай шығып, аудан орталығы Ванновкаға күнде жаяу келетін ол. Өйткені орта мектеп осында. Сегізінші класта оқып жүргенінде оны әскери жиынға шақырды. Бұл 1946 жылдың көктемі болатын. Құжат бойынша 1930 жылғы болып жазылғанымен он сегізге келіп қалған кезі. Оларға әскери киім кигізбесе де, қолдарына кәдуелгі винтовка беріп, бірнеше күн әскери дайындықтан өткізді. Мекемтас денесі шағын, қағілез болса да өзге балалардың ешқайсынан кем қалған жоқ.

Сапқа тұруды да, саппен салтанатты жүруді де, мылтық атуды да тәп-тәуір меңгеріп алды. Өзі шыдамды-ақ еді. Күніге тау жолымен бірде өрге, бірде еңіске он бес-жиырма шақырым жүріп, (сабақтан қалып қалмас үшін шын мәнінде жартысын жүгіріп өтіп) әбден тарамыстай тартылып алған Мекемтас бес шақырымдық маршбросокта да алдына жан салмады. Тіпті өзгелер шаршағаннан сілесі қатып сұлап түсіп жатқанда ол сыр бермек түгілі тағы қандай қиындыққа саласын дегендей құлшынып тұрды. Базбіреулердің қабағы қарс жабылып, мына «азапқа» салған офицерлерді сыбап жатқанда бұл жайраң қағып жүрді. Бірақ, сонысымен ұнамапты ол басқаларға, жүйкелеріне тиіпті. Түскі тамақ ішіп, артынан әркім әр жерде демалып отырғанында олар есеп айырысуды ұйғарыпты. Владимир деген бір бала байқатпай келіп оның басындағы шляпасын қағып әкетті. Сонымен тұра қуып жете бергенде әлгі келесі балаға лақтырып жіберді. Оған жете бергенде ол үшіншісіне жөнелтті. Енді олар жайнаң қақты. Жәй жайнаң қаққан жоқ, ит құсатып «мә», «мә» деп шақырып, бұл жете бергенде басқа біреуге лақтырып жіберіп мазақтады. Шетінен бойшаң, денелі болғанымен Ванновканың көшелерінен ұзап шықпаған денелері көбең, боркеміктеу балалар екенін жаттығу кезінде көрген. Бірақ, көптің аты көп. Көпке





ештеңе істей алмай намыстан жарылардай болып, әбден қорланды Мекемтас. Ақыры әрқайсының соңынан қуалап түк өндіре алмасын түсінді де, әнтек әрекетке көшті. Ол винтовкасының найзасын бас киімін ең алғашқы алып қашқан Владимирге кезеніп тұра ұмтылды. Денесі дәу неме қорбандап ұзақ қаша алмады. Мекемтас тез-ақ қуып жетіп, қос жауырынан жоғарырақ желке тұсын көздеп қаруының дүмімен қойып кеп жібергенде етпетінен түсірді оны. Ет қызуымен тоқтай алмай тағы бір түйіп өтпек болып винтовкасын қайқайта көтерді. Дәл сол кезде бір күш оны қару-маруымен қоса лақтырып жіберді. Не болғанын түсінбей аударылып қалғаныңда ол үзілістен оралған әскери комиссариат офицерінің өзіне төніп тұрғаның көрді. «Арест» деді капитан гүрілдеп, гаупвахтаға жатасың. Жолдасына қару жұмсамақ болғаның үшін».

– Олар менің бас киімімді қақпақылдап мазақ етті.

Бірақ, офицер оның бұл уәжін тыңдаған да жоқ. Аржағынан келген сержантқа бірдеңелерді айтты да, ары қарай кетіп қалды. Ал, сержант бұны орнынан тұрғызып алды, содан соң құйрығынан қайқайтып тұрып бір тепті де қолына күрек беріп ағып жатқан арықтың жағасынан жер қазғызды. Ол не үшін қазып жатқанын білмеді, білмесе де өзіне тән тындырымдылықпен бар пейілін салып қазды.

Бірақ, гаупвахта дегенің жазалыларды қамап қоятын абақты екенін естігені бар-ды. Тезірек бітіріп, сол абақтысына барып жатып, ұйқымды қандырсам деген ойы да жоқ емес аржағында. Тау етегінің тастақты жерін белуардан қазып, оған қасындағы арықтан орталап су жіберіп болғанша кеш батып, қараңғылық түсті. Абақтысына енді апаратын шығар деп үміттенген Мекемтас. Бірақ, олай болмады. Ол бағанадан бері өзіне абақты қазыпты. Офицер сол шұқырға «өзің түс» деп бұйырды. Түскен соң таң атқанша осы шұқырда белуардан судың ішінде тұруы керек екенін айтты.

Ақтардың қолға түскен қызыл әскерге өз көрін қаздырғанын кинодан көргені бар еді, енді қызыл офицердің жазасын өтейтін зынданды өзіне қаздырғанын басынан өткізіп отыр. Етінен өтіп, сүйегіне жеткен қорлық болды бұл. Тізеден асатын суға отыра да, шұқыр-зынданнан шыға да ал-





майды. Шығайын деп әрекет жасаса, қарауыл төбесінен тоқ еткізіп, қара жерге қазық қып қайта қағып жібереді. Өзі нойыс біреу екен. Бұнымен жөн сұрасып сөйлеспеді де. Жирен мұртын сипалап, газетке ораған махоркасын сораптағаннан өзге ештеңеге құлқы жоқ. Бірақ, түрі сұсты. Бұл ән-тек қимыл жасаса дүрдиіп шыға келеді. Мекемтасқа қимыл жасамай тағы болмайды. Таудың тастай суынан аяғын кезек суырып, тұрмаса шыдай алар емес. Тура бір жырынды баскесерді немесе соғыс тұтқынын күзетіп тұрғаннан ары сақ. Жирен мұрт Мекемтастың әр қимылына күдіктеніп қарайды. Дегенмен ол да пенде ғой. Бірте-бірте еті үйреніп, шыли тықақтағанын қойды. Ал түн ортасы ауа тіпті есіней бастады. Оның есінегенінен дәмеленген Мекемтас аяғы жау-раса да, түк артық қимыл жасамай шыдап, өзі де манаурап қалғып кеткен адамның кейпіне көшті. Қарауылдың бір-екі рет дауыстағанына да күңк етіп қана, қайта ұйқтап кеткен түр танытты. Көңілі содан жай тапты ма, әйтеуір қарауыл таңға жуық нағыз қорылға басты. Сол кезде аса сақтықпен зынданнан шыққан Мекемтас шоқайын қолымен іліп алып тайып тұрды.

Мекемтас сол бетімен Ванновкада тұратын немере ағасы Сейпіштің үйіне келіп, басынан өткен оқиғаның бәрін баяндап берді. Баяндап берді де таңертең-ақ оған іздеу салатынын, сондықтан осы түнде Түлкібас аумағынан кетіп, тау асып Жуалыдағы нағашыларына жетуі керектігін айтты. Айтты да ағасының соғыстан алып келген тапаншасын сұрады. Қан майданнан аман келген капитан Сейпіш Сейсенбаевтың қимас дүниесі еді бұл. Бермек түгіл ешкімге ұстатпайтын да. Әсіресе, әйелдер мен балаларға. Бірақ Мекемтасқа берді. Соғыстан кейінгі жылдар ғой. Ел ішінде әлі қашқын да, ел тонайтын қарақшы да бар. Ұзын жолда жалғыз-жарым жүрген адамды жазым ғып кетуі әбден мүмкін. Ағасы мұның бәрін түсінетіндіктен оғын да жеткілікті етіп беріп тұрып, кейін қайтарасың деп ескертті.

Сонымен жеңгесінің алдына қойған тамағын шала-пұла жеп, шүберекке орап берген жарты таба нанды қойнына тығып, таң қылаң бергенмен айнала әзір өлі тыныштықтан





ояна қоймаған шақта солтүстік шығысты бетке алып Ванновкадан шығып кетті. Бағыты – Құлан тауы, одан әрі Бекей тауы, оның етегіндегі Батырбек датқаның сазы.

Нағашыларының ауылы сонда – ата жұртында. Бірақ, жолдағы өзендер мен бастау-бұлақтарды жағалап қаншама қоныстар жатыр. Бәрі орыстардікі. Олардың байырғы тұрғын емес екенін, ресейден көшіп келгенін Мекемтас біледі. Бір заманда бұл өлкені Черняевтың отряды ұлы Ресейдің құрамына қалай қосқаны, патша шенеуніктері жүргізген реформалардың нәтижесінде сол жаңа жерлерге ішкі губерниялардың шаруалары қалай қоныстандырылғаны туралы Мекемтас КСРО тарихы оқулығынан оқыған.

Бұларды ата қоныстарынан ысырып, ең құйқалы жерлерді келімсектерге тартып әперген қысастықтарының салдарынан сол заманда әжептеуір қақтығыстар болғанынан да хабардар. Шілмембеттердің біразы Алатау бөктерлеп Меркіге, одан әрі Алматыға ауып кеткенін оңашада ғана сырғып айтатын үлкендер. Бұл күнде ауыл мен деревня қатар қоныстанып, тыныш өмір сүріп жатқанымен іштегі тоңтерістік мүлдем еріп кетті деуге болмайды. Әлі де бір-бірін мазақтап, кемсітіп кететін кездер де болады. Ең жаманы көшесінен өтіп бара жатқан жалғыз-жарым қазақ баласын бірнешеуі жиылып сабап жатқанда әкелері қой деп айтпайды. Көрмеген болып тұра береді. Әрине, бұлар да орыс балаларын аңдып, оңаша қалғандарынан есе қайтаруға тырысады. Бірақ, бұл жолы Мекемтас еш қорықпады. Қалтасындағы тапанша күш беріп, қатар жатқан қоныстарды жарып өтті. Баяғыдағыдай жабылатын болса, жайғап салмаса да, суық қаруын кезеніп зәрелерін зәр түбіне жеткізбек олардың. Бірақ, жолшыбай ешкім тиіспеді оған. Мұжықтар ересек балаларын ертіп, шөп ору үшін шабындықтарына кеткен бе, әйтеуір көшелерінде от жағып, кір жуып, бақша шұқылап жүрген әйелдерді ғана көрді. Ал, әйелдер бейбітшіл халық қой, бұған әуестікпен қараса да көз алартпады. Қайда барасың, не шарумен жүрген жансың деп тергемеді. Көздерімен өткізіп қала берді. Қоныстар артта қалып, енді өзен бойлап өрлеген Мекемтас талтүс болғанда Құлан тауының етегіне





ілікті. Дәл осы жерде бұлақ бар. Ол сол бұлақтың басында аялдады. Оның үлкен себебі бар-ды. Алатаудың етегіндегі Майтөбеден ана-аңғарды атпен кесіп өтіп, Қаратаудың Құлан асуына жақындағанда екі қабат Зәуре-ананы толғақ қысады. Толғақ өткінші болмай жиілеп кеткен соң қасындағы серіктері әйелді жерге түсіріп, екі аттың үзеңгілеріне шылбыр тартып босануына қолайлы болсын деп соған асылдырыпты. Мекемтас осында дүниеге келіпті. Оның кіндігі жолсерік ағайының кездігімен кесіліп, кіндік қаны осы бұлақтың басына тамыпты. Анасының құрсағынан шыққан жыпжылы шарананың тәнін бұлақтың тастай суық суымен жуыпты. Сөйтіп пейіш дүниеден келген періште өзіне әлі беймәлім дүниеден алғаш суықты сезініпті. Бірақ, анасы боқшасына салып алып келе жатқан бір киер дүрия көйлегі мен жолсерігінің астарлы шапанына тез орап алғаннан ба, әйтеуір тәнін қарыған ызғар нәрестенің өкпесіне өтпепті. Сәл тыныстаған соң аяқ-қолын жиған Зәуре-ана қайтадан қайратын жиып атқа қонып, нәрестесін ешкімге бермей өзі алдына алыпты. Мамырдың күні қанша маужырап тұрса да, судың басы сызды, тау етегі желді болатынын Мекемтас жақсы біледі.

Сондықтан өкпесін суық қаппауының сыры бәлкім анасы өз көйлегімен бауырына бірден басқаннан шығар деп ойлайды осы күні. Ана құшағының қызуы, ат үстінде келе жатып емген ана сүтінің құнары анша-мұнша тиген суықты сылып түскен болар. Әлде Жаратқанның өзі солай шыңдады ма мұны әу бастан? Осының бәрін ойға салып, қойнындағы нанын жеп, бұлақ суынан ішіп, біраз әл жинаған Мекемтас енді алдағы жолды ойлады. Құлан өзенінің жағалауымен өрлейтін ендігі жол орыс қоныстарынан өткеннен де қауіпті. Орыс балалары көп болса, сабап-сабап қоя береді.

Ал, мына тар жол, тас қияда жол тосып, олжа андыған ниеті бұзық қарақшылардан ең жеңіл дегенде үстіңдегі іліп алар киімнің тонатып құтыласың. Қалтасындағы тапаншасын қысып ұстаған Мекемтас сол қарақшылар кездесе екен деп тіледі. Олар көбіне шатқалдың шыға беріс итауызында жатып аңдиды өткен-кеткенді. Бұл жер тік құз. Су





сол құздың арасына кіріп кететіндіктен адамдар ол жерден өте алмайтын болған соң жағалаудан сәл қиыстап, тыңнан салған жолды. Жол деген аты. Атан түйедей алып тастардың арасынан ат, түйе бұралаңдап өтетін соқпақ бұл. Бір кезде бұдан да тар болса керек. Тұяқ деген у ғой шіркін. Неше ықылым заманнан бері шұқыры болса толтырып, айқыш-ұйқышы болса опырып, қарсы келген жолаушы өтетіндей етіп кеңітіп алған. Әйткенмен уақ-түйегі уатылып, арасынан жол бергенімен жақпар тастар міз бақпайды. Қалқасында кім жатқанын да көрсетпейді. Төбеңнен қалай сылқ еткізгенін білмей де қаласың бұл жерде. Қанша қайратты болсаң да қапы қаласың. Аңдыған жау алмай қоймайды. Міне, сол итауызға келді Мекемтас. Келді де ол да бір жақпарға жабысып ұзақ жатты. Жолаушыларды тонайтын қарақшыларды аңдыды ол. Кеше зындан-абақтыдан «басым аман қалса болды» деп қашқан жоқ. «Жаным тірі қалса озбырлық атаулымен өлгенше күресіп өтемін» деп қашты. Сейпіш ағасының тапаншасын сұрағанда «өзім қорғанамын» дегенді айтқанымен «қарақшы, озбыр атаулыны қырып салғым келеді» деген ойын бүгіп қалған. Міне, өзіне берген сол сертін орындайтын мүмкіндік туып тұр. Тар жерде аттылының атын, жаяудың барын сыпырып әкететін қарақшыларды жазаламақ ол. Қалыңның қырғауылын атқанша, соларды атқан сауап. Бір қарақшыны өлтіргені, ол жасайтын мың қиянаттың жолын кескені. Бірақ, ол қанша аңдыса да өзінен бөтен жолаушы да, оларды тонайтын, өлтіріп кететін ұры-қары да кездеспеді. Ұзақ тағы жата алмады. Күн кештетіп барады. Жол болса әлі ұзақ. Жол азыққа алған бір үзім нанды бұлақ басында-ақ жеп бітірген. Ендігі жолда су да кездеспейді. Өзен өз жөнімен, бұл өз жолымен кетеді. Содан Жуалының ауылдарына іліккенше мына елсізде өңештен өтетін бірдеңе тауып талғажу етудің өзі де қиын. Сондықтан ел орынға отыра болса да, нағашыларының ауылына бүгін жетіп жығылуы керек. Мұның нағашылары байдың, датқаның тұқымдары еді. Кеңес үкіметінен көп қуғын көрді. Біразы тәркілеуге ілінді. Тәркілеудің аяғы жазалау, жер аудару екенін көргендері түрмеден қашып, шетел асып кетті.





Енді бірсыпырасы тәркілеу басталады деген сыбыс шығысымен-ақ малдарын сатып, дүние-мүлкін шағындап, қоқаңдаған ұлықтардың ұртын майлап, әйтеуір ел ішінде аман қалды. Сол аман қалған Зәуре анасының туған бауыры Әбдірайым бұл күнде шағын ұжымшардың бастығы. Әкпесінен қалған жалғыз тұяқты аяғынан тік тұрып кетуіне көмектесіп қолтығынан демеп жіберер деген үмітпен келеді Мекемтас.

Қайран анасы кулактың тұқымы деп қудалауға түскен Мырзахметтің үлкен әйелінен туған балаларын қызғыштай қорып бағып еді. Бірақ, анда қашырып, мұнда қашырып бәрібір пана бола алмады.

Екеуі айдалып кетті. Түркістан асырып жіберген Ордабек деген үлкен ұлы ғана аман-есен оралды кейін. Түркістанда медресе бітіріп әбден сауаттанып алышты. Бұл кезде ондай азаматтар мұғалім болып, ағартушылықпен айналысып, немесе үлкен-үлкен кеңселерде пәпке ұстап қызмет атқарып жүрді. Ал, бұл болса, ондай жұмыстарға жоламады. Ұжымшардың қара жұмысына ғана қол ұшын тигізіп жүрді. Қолы боста басқа қоқ-соққа бармай, ауыл үйдің өсек-аяңына да араласпай кітапқа үңілетін, табылса тентек судан ұрттап, кәйіпке бөленіп жататын. Бірақ артық сөзі жоқ-ты. Көтеріліп сөйлеп кеудемсоқтық көрсетіп, біреуге қиянат жасау дегенді білмеуші еді. Ішкен сайын үні шықпайтын кісі еді жарықтық. Бір күні Мекемтас «Сіз өте білімдісіз, неге мұғалім болмайсыз» деп сұраған. Сонда Ордабек ағасы «мұғалім болған соң сөйлеймін. Сөйлеген соң білгенімді айтпай тұра алмаймын. Айтсам өкіметке жақпаймын. Өкіметке жақпаған соң «Кулактың баласы, халық жауының ағасы» деген қоңыраулы басымды жұтып қана қоймай, сендерге де зияным тиіп кетеді. Одан да тыныш жүргенім жақсы» деген еді. Бірақ, үкімет жайына қалдырғанымен Зәуре анасы «үйлен» деп құлағының етін жеп, қылқылдайтын да отыратын болды. Ақыры кіші апасына да ақтық сырын айтты Ордабек.

– Заманды көріп отырсыз ғой, – деді ол – Ұстараның жүзінде тұр. Қит етсе біздің тұқымды жазалайды. Мен үйленіп, не үшін ұрпақ шашамын? Ертең әкем Мырзахмет, бауырларым сияқты қуғын көру үшін бе?





– Ой, байқұс бала-ай!-деді сонда Зәуре ана. – Шегірткеден қорқып егін екпей қойса, бәрібір аштан өлмей ме бұл халық. Қырық жыл қырғында да ажалды өліп, ажалсыз аман қалады, әрі қарай ұрпақ өсіреді. Жаратушының жаратысы солай. Тіпті бір күндік көбелек те ұрпағын қалдырып өледі. Сен саналы адамсың ғой. Исі Жуалы-Түлкібасқа аты мәлім әйгілі шебер Мырзахметтің ұрпағын сен жалғамағанда кім жалғайды?

– Мекемтас бар ғой.

– Мекемтас әлі жас. Оның үйленгенін көре алмаспын.

– Олай деменіз...

– Бәрі Алланың қолында, дегенмен кенеттен кетіп қалсам ол жаққа барғанда не бетімді айтамын Момынға? Ордабекті сопайтып жалғыз тастап кеттім деймін бе?

Ордабек ағасы өз анасын есіне түсіргенде әжептеуір егіліп қалады. Егіліп біраз отырады да, сәлден кейін:

– Мен бәрін безбендеп отырмын, кіші апа. Бұл үкімет өте қиын. Құрбаны мен-ақ болайын, мына Мекемтас аман болсын, – деп бұрынғы әуеніне басты.

Зәуре анасы әулие екен. Шынында да бір күні кенеттен кетіп қалды. Сол күнінің кешінде ол моншаға түсіп, жуынып-таранып, шашын өріп, таза көйлегі мен жаңа мәсісін киді. Күндегі әдетімен таңертең ертелеп тұрып, Мекемтастың тамағын беріп, мектепке шығарып салды. Неге екені белгісіз соқталдай баласын көптен істемеген әдетін істеп, бауырына басты.

Бұған таңғалып қалған ұлына «жолың болсын» дегенімен өзі жібермей біраз тұрды. Әлден уақыттан кейін барып босатты да, «бара бер» дегенді баласының арқасынан ақырын итеріп білдірді. Ордабектің айтуынша анасы содан кейін үй тірлігіне кірісіпті. Кәдімгі Түлкібастың барлық әйелдері айтатын әнді ыңылдап жүріп, көрпе-жастық, киім біткенді далаға шығарып жайыпты. Үйдің ішін сыпырып, сүртіп, ыдыс-аяқты жуып-шайып жарқыратып жіберіпті. Содан соң бәрін қайтадан үйге кіргізіп, орын-орынына мұнтаздай етіп жинап, жұтынтып қойыпты. Апасы осылай қапылып жатқанда Ордабек те қарап отыра алмай, оқып жатқан кіта-





бын былай қойып, көмектесіпті қолынан келгенше. Тіпті, екеуі әңгіме де айтыпты бір-біріне. Бірақ, бұл күні кіші апасы «үйлен, сен үйленбей кетіп қалсам, ол жаққа барғанда Момынға не бетімді айтамын» демепті. Тек мұның азғантай кітаптарын шағын сөреге қатар-қатар жинап тұрып «сенің оқуыңның пайдасы тиетін күн бола ма екен бұл елге» деп бұрын айтпаған сөзді айтыпты. Бәрін бітірген соң Ордабекке ауланы сыпыруды тапсырып, өзі бір мезгіл демалғысы келіп төсекке жантайыпты. Сол жерде «ыңқ» еткен бір дыбыс шығарыпты да жүріп кетіпті...

Аналарын арулап жерлеп, жетісін беріп, көңіл айтып келген ағайын-жекжаттың аяғы сиреген соң үй үңірейіп бос қалғандай көрінді екеуіне. Тіпті көңілдері де құлазитынды шығарды. Бірақ, тірі адам тырбанып тіршілік етуі керек. Қазан-ошақ жағына Ордабек мүлдем жоқ еді. Қайта Мекемтастың ептеген ебі бар-тын. Сол май шыжғырып, жағымды иіс шығарып, өңештен өтетіндей бірдеңелерді дайындап жүрді. Ордабек те, тентек суын тиып, үйдің отын-суын ойлайтын болды. Бірақ, әуелгіде ештеңені ұқсата алмады. Қандай жұмыс істесе де әйтеуір бір жерінен шиі шығып тұрды. Әсіресе, кір жуу машақаттың машақаты болды ол үшін. Бір-екі шайып кетіре алмаған соң қаттырақ ысқылап, көнебүтін көйлегін жыртып алды. Тіпті сабынды судан қолы ойылып, алақаны дуылдап ашып кетті, деп ауырсынды. Дегенмен шебердің тұқымы емес пе, шыдап бақты. Шыдап баққанға жұмыс та икемделеді екен. Кір жуудың да, отын жарудың да, су тасудың да икемін ақыры тапты Ордабек.

Ағайынды екеуі осылай үй шаруасымен әуреге түсіп жатқан жексенбінің түс әлетінде үйге бір топ адам сау ете қалды.

Бастап келген Тұрлыбай – Құлидың Түктібай атасының осындағы бас иесі. Қолынан келгенше, ақылы жеткенше Түктібай ата балаларының жоғын жоқтап, кемін түгендеп, өздеріне жөн-жосық көрсетіп жүреді.

Міне, сол Тұрлыбай ата төрге шығып жайғасып отырған соң бұлардың хал-жағдайларын сұрады.

– Хал жағдайымыз жаман емес, – деді ересек Ордабек. Артынан бірдеңені сезгендей.





- Бұған да көндіктік, қайда барамыз – деп қосып қойды.
- Ешқайда бармайсың, солай ғой, – деп таптап сұрады Тұрлыбай.
- Алла тыныштығын берсе, ешқайда бармаймын.
- Мына Мекемтасты да қаңғыртпайсың?
- Не көрсек те, бірге көреміз, қаңғыртпаймын.
- Ендеше бұның жайын неге ойламайсың?
- Ойлағанда не істеймін?
- Саған қатын керегі жоқ болса да оған ана керек, соны неге ойламайсың?
- Өз анасын кім алмастыра алады дейсіз.
- Зәуре саған өгейлік жасады ма?
- Ол кісінің жөні бөлек қой.
- От анасының жөні бөлек де? От анасынсыз оты жанбайды шаңырақтың. Осыған келісесің бе?
- Келісемін.
- Келіссең, үйленесің. От жағар кіргізесің үйіңе.
- Бұл енді жөні келіңкіремейтін жұмыс қой.
- Сенің рұхсатыңды ешкім сұрап тұрған жоқ. Үйленесің, болды. Бұл бұйрық.
- Кімнің бұйрығы?
- Түктібай әулетінің үлкені – менің бұйрығым. Өңгіме осымен бітті, әрі қарай талқыланбайды.
- Ордабек тағы бірдеңе айтқысы келіп, ұмсына беріп еді Тұрлыбай қолындағы қамшысын үйіріп «өшір үнінді» деп зекіп тастады. Шағын ғана шал еді. Ашуланғаннан көзі ақшиып кетті. Адыр Құлилар бір-бірінің мінезін біледі. Тағы бірдеңе десе, атасы қамшының астына алатынын түсінген Ордабек үнсіз қалды. Әрі, үлкенге қарсы келген көргенсіз атанып өзге жұртқа көзтүрткі болатынын да түсінді. Жігітті осылай жайқаған шақар шал енді «Кіргізіңдер, қане» деп ауыз үйдегілерге дауыстады. Есік ашылғанда аржағында бұл әулетке бөтен бір әйел баласы көзге түсті. Өзі ескі беттеу көрінді Мекемтасқа. Кім болса да, ауыл үйдің екі келіншегі екі жағынан қолтықтап аттатты оны босағадан.
- Мына бала енді сенің жарың болады, – деді Тұрлыбай.
- Өздерің қашан түсініскенше осы үйден шықпайсыңдар.





Есікті құлыптап кетеміз. Бір аптаға жететін тамақ қалдырамыз. Қоржын тамның екінші бөлігіне ыдыс қойып, әжеттерінді өтейсіңдер.

Ал, Жаратушы иеміз бақтарыңды ашсын. Біз кеттік, – деп Тұрлекең орнынан тұрды. Оған ілесіп өзгелер де көтерілді. Мекемтасты да алып кетті олар. Тұрлыбай ақсақалдың айтқанын әулеті бұлжытпай орындап, Ордабек ағасы мен болашақ жеңгесі Оразкүлді үйде бір апта бойы қамақта ұстап отырды.

Бір аптадан кейін есіктің құлпы алынды. Құлпы алынған соң не болар екен деп баспалаған жұрт есік-терезенің бәрін ашып, екі шелекті иін ағаштың басына іліп, бұлақтан су алуға кетіп бара жатқан Оразкүлді көрді. Оразкүл де тағдырдың талайына жасынан ұшыраған бейбақтың бірі екен. Әке-шешесі тәркілеуге ілініп, айдалып кетіпті. Содан бері хабар-ошарын білмейді. Ал, мұны асырап алған нағашылары ашаршылық жылдары қырылып қалыпты. Осылай жападан жалғыз қалған жетім қыз орыстардың есігінде жүріп күнін көреді. Содан ба орыс мінезділеу еді. Әуелгіде жас келінмін деп еш қымсынбастан сорайтып темекі орап шегетін үлкендердің көзінше. Дастархан басында қайнағаларымен қатар отырып ішімдікті де тартып жіберетін. Тартып жіберген соң жайшылықтағы тырысыңқы қабағы мен тұнжыраңқы жүзі жадырап, көкшілдеу көздері мен бидай өңі бал-бұл жанып шыға келер еді. Одан әрі ырық бере берсең, тар үйде тарсылдатып билей жөнелуге де бар. Бірақ, Ордабекті бір апта қамап қойып зорлап үйлендірген адыр Құлилар Оразкүлді де екі-үш айдың ішінде жіптіктей келіншек етті. Қайран сол замандағы ауылдай, ауылдың адамдары-ай! Тезінің мықтылығы сонша Құдай біледі ортасына түсе қалса сайтанды да тәубәсіне келтіріп, тәртібіне көндіріп алар еді-ау.

Сайтанға қарағанда Оразкүл қанша пенделігі болғанмен адам емес пе. Ауыл-әулет бәрі бірдей жабылып жүріп тулағанына қарамай өз дегендеріне көндіріп, әдептің қалыбына тез-ақ түсірді. Темекі шегіп тұрғанын көрген абысын-ажындарының бірі жақтырмай тыжыранса, екіншісі аузынан жұлып алып лақтырып жіберіп, ол аз десең аяғымен езгілеп-







езгілеп тастайтын болды. Оларына пішту деп оңаша барып шегіп тұрса да қайдан сап ете қалатынын, әйтеуір, ауыл балалары көріп қойып келемеждейтін болды. Жәй келемеждеп қана қойса жақсы ғой, бүкіл елдің көзінше келіншектің қалай темекіні тығылып тартқанын көрсетіп мазақ етеді. Бозаның бір-екі кесесін тастап жіберіп қызара бөртіп алатын отыз-қырықтағы қырқылжындардың өздері де әйел баласының темекі құмарлығын құптамай ескерту жасай берді. Ал, кешкілік бір үйге жиналып алып әңгіме-дүкен құратын ақ сақалды кәриелер мен ақ кимешекті әжелер темекі мен арақтың зияны туралы түрлі-түрлі мысалдар келтіріп әңгімелер айтатын. Соның бәрі әсер етіп өз қылығын өзіне оғаш көрсетті ме, әйтеуір Оразкүл бұрынғы көстеңбайлығынан арыла бастаған.

Бірақ, ондай орта қайда қазір?! Тұрлыбайлар да жоқ. Олардың орнын Мақұлбайлар басқан. Өзгелердің оғаш, бейсауат мінездерін сылып түсіп жөнге салмақ түгілі басқаның қамытын киюге алдымен өздері мойын ұсынып, бас шұлғып тұрады.

Шіркін, неткен мықты мәшине десеңші Мақұлбайларды қалыптан шығарған!? Мықтылығы сонда, бүгінгілерді ғана емес, елдің өткенін де өз қалыптарына салып қайта ұсынып жатыр. Мұның бәрі болашақты да сол қалыптан шығару үшін керек. Несін айтасың күшті-ақ мәшине!

Бірақ, су екеш су да саңылау тауып шыңның ұшар басынан шығып тұрғанда, ой неге құлдық сананың құрсауынан саңылау тауып шықпайды? Шығады. Тек әрекет етіп, әдісін табу керек. Сонда Абай ойы ашылады, Абай ойы ашылады дегенше Алаш арыстарының – Әлихан Бөкейхановтың, Ахмет Байтұрсыновтың, Мыржақып Дулатовтың, Жүсіпбек Аймауытовтың, Халел, Жанша Досмұхамбетовтердің, Тұрар Рысқұловтың, Мұстафа Шоқайдың және басқалардың әрекет-характертерінің арнасы ашылады.

Бастау керек бірдеңеден. Неден бастау керек? Қалың ойда тұрған Мекемтастың назарын шыңның етегінде жатқан Ванновка кенті аударды. Дәлірек айтқанда күретамыр жолдың кентке кіреберісіндегі дарбазаға жазылған «Ванновка





селосы» деген жазуға түсті көзі. Сол кезде Тұрлыбай ата-сының үнемі «Көкіректің базары» деп сөйлейтіні есіне түсті. Ата, ол селоның аты Ванновка ғой, неге «Көкіректің базары» дейсіз деп сұраған бір жолы. Сонда атасы: «Е, қарағым, ол жер Көкірек деген Шымырдың бір атасының қонысы еді. Қара жолдың бойында, әрі аңғардың қақ ортасында тұрған соң айналадағы жұрт сол қонысты ертеден-ақ базар етіп келген. Сондықтан өткен-кеткеннің бәрі «Көкіректің базары» атайтын. Жасымыздан құлағымызға сіңіп қалған соң, тілімізге орала береді де» дегені бар-ды.

Сонда Ванновка болып қалай өзгерді, Көкіректердің ата қонысы? Ваннов кім? Бұл жерге сіңірген қандай еңбегі бар? Тоқта, тоқта, бұл 1882-1897 жылдары Ресейдің соғыс министрі болған Ванновский емес пе? Ол болса, нағыз қанқұйлы отарлаушы. Кейін патша оны ағарту министрі етіп тағайындаған. Мұнда да ол керітартпа реформаларды жүзеге асырған. Ал, анау Вознесеневка атауы Черняев уезінің, яғни, қазіргі Шымкент облысының жергілікті тұрғындары арасында христиан дінін таратушы әйгілі миссионер священник Дмитрий Вознесенскийдің құрметіне қойылған. Ол Шымкент қаласында, Ванновка, Высокое, Корниловка, Антоновка елді мекендерінде шіркеу салдырып, қазақ балаларын шоқындыратын мектептер ашқан. Иә, иә, солай. Осының бәрін бір кезде Ташкент мұрағаттарынан кездестірген едім ғой. Бірақ Абай, Абай деп жүріп аса мән бермей, соңынан мүлдем ұмытып кетіпін. Бекер мән бермеппін. Кеше ғылыми кеңесте «құлауымның» негізгі себебі Абайдың шығысын жеткізе алмауымда емес, сол шығысты мүйізі қарағайдай ғалымдарымыздың қабылдай алмауында. Демек Абайдың шығысын қабылдауы үшін алдымен оқырман санасын дайындау керек. Ал, оқырман санасын дайындаудың бірден бір жолы – ұлы ақынның саяси жырларының астарын ашу. Абайды ашындырған отарлық саясатты әшкерелеу арқылы бүгінгі ұрпақтың ұлттық санасын сілкінту. Ұлттық санаға қимыл-қозғалыс кіргенде ғана ақынның толық адам іліміне сұраныс болады.

Ұлы ақынның заманы салған салмақты сезініп, Конфуциймен, ежелгі грек философтарымен, ислам шығысының





ойшылдарымен үндесуінің, Пушкинмен, Лермонтовпен мұндасып, Толстоймен ойласып, Крыловпен тіл табысуының шын сыры ашыла түседі. Сонда бұл ізденістерінің барлығы отарлық құрсауға түскен халықтың өзін-өзі сақтап қалуына жол табу жолындағы қайраткерлігі екені нақтыланады. Ақын болу міндетті емес, азамат болу парызың деген қалай дәл айтылған сөз. Ақынға ақыннан да биік болу үшін құдай берген таланты аздық етеді екен, оған өз тарапынан орасан зор ерік-жігер керек екен. Жарықтық Жамбыл: «Абай ақын ба?» деп қарсы сұрақ қойған ғой ұлы ақын туралы пікірін білгісі келген Мұхтар Әуезовке. Солай біраз үрейін ұшырып барып сәлден кейін «Ол – пайғамбар ғой, ал ақын – Сүйінбай» деп жауап берген.

Қазақтардың «пайғамбар ғой» дегені пайғамбар дегені емес, пайғамбарлығы бар дегені. Оны Әуезов те түсінді, әрине. Өзге ақындарды кішірейтпей, Абайдың олардан артықшылығын бір ауыз сөзбен өте дәл, ұғынықты етіп бағалаған Жәкең жарықтықтың өзі қандай ұлы адам еді?! Енді міне, өзіміз жабылып Жәкеңнің жалғыз ауыз сөзінің үрдісінен шыға алмай жатырмыз. Хакімнің халқына көрсеткен жолын түсіндіріп бере алмаған ғалымда қандай құн бар? Демек, менің құным көк тиын. Тікелей түсіндіріп бере алмадым ба? Ендеше жанама жолдармен баруым керек. Сол жанама жол арқылы алдымен Абайдың өзін емес заманын түсіндіруім керек. Сонда халық Абайды өздері-ақ түсінеді.

Сол сапарында ол «Ванновка атауының сыры неде?» деген мақала жазып, Шымкент облыстық газетінде қызмет істейтін жазушы Мархабат Байғұттың қолына тапсырды. Отаршылдар өктемдікпен таңған елді мекен аттарын өздерінің бұрынғы тарихи атауларымен алмастыру керек деген мәселені тұңғыш рет көтерді ол бұл мақаласында. Мұндай тосын ұсынысты көлеңкесінен қорқатын редакторлар жариялай бермейтін ол кезде. Жоғарыға жалтақтайтын. Ал, жоғарыдағылар халықтың көңілін алдаусыратып, патшаның отарлық саясатын анда-санда сөз жүзінде айыптаған болып қойғанымен оның зардабын жою жөнінде нақтылы ештеңе тындырмай отыра беретін. Қайта бірдеңе тындырғысы кел-





гендерді ұлтшылсың деп айыптап, қырына алатын. Осының бәрін біле тұра Мархабат бұл мақаланы жариялау үшін тәуекелге барыпты. «Басшылар бірдеңе десе, сіз көрмеген болыңыз да, бар кінәні маған үйіп-төгіңіз, мен-ақ құрбан болайын» депті редакторға. Ол заманда бұл ерлік еді. Демек үлкен іс үшін тәуекел ететіндер бар екен оқыған азаматтар арасында деп түйді көңіліне Мекемтас.

Бір аймақтың газетінде жарияланғанымен мақала әжеп-теуір пікір туғызды. Ол кезде Алматыдағы бас поштаның алдында барлық облыстардың газеттері айқара ашық күйде ілулі тұратын. Ары-бері өткендердің көздері еріксіз түсетін оларға. Міне, сондай көзі түскендер жерлестерінің ғана емес, алматылықтардың арасынан да табылып, Мекемтасты сөзбен қоштап, қолдап жатты.

Мекемтасқа бұның өзі үлкен демеу болып, ол ізденісін одан әрі жалғастыра берді. Енді Әуезов музей-үйіндегі негізгі жұмысына күнделікті бөлінген уақытын толық жұмсап болғаннан кейін осы тақырыпты көбірек айналдырды. Пайдаланам деген адамға жұмыстан кейінгі уақыт та қыруар. Үй іші әлі тұрмаған таңертеңгі мезгіл қандай өнімді! Қала тып-тыныш. Ауа тап-таза. Көңілге де күндегі қарбаластың кірбіңі кірмеген. Сан-сапалақ сапырылысқа түспеген ой шіркін қандай тұп-тұнық, дене шіркін қандай тың, ерік-жігерің еліктей ытырылып тұр. Демалыс күндерінде кітапханаларға бар, архив ақтар. Ал бір айлық демалысында дүниенің төрт бұрышын кез. Омбы, Орынбор, Қазан, одан әрі Петербор мұрағаттарында көп сыр бұғулі жатыр. Соларға бар, ақтар, көшір, анықта, ақиқатын аш. Ақиқатқа жақындаған сайын тынысың кеңіп, сарайың ашылып, санаң нұрланып ерекше бір бейіс күй кешесің. Теңіздің жағалауы да, таудың жайлауы да бере алмайтын ғаламат күй, нағыз жан кәйпі.

Шамадан тыс жұмыс істеп шаршағаныңның бәрін ұмыттырып елпідететін, көңіліңді толқытып, жүрегіңді бұлқынытып, өзіңді алға қарай ұмтылдырып, одан сайын асықтыратын ерекше кәйіп. Мен білгенді ел де білсе екен деп асығады сонда Мекемтас. Ел білмесе бәрі бекер. Ұлттық сана оянбайды ешуақытта. Отарлық сананың қазақтың болмы-





сына сіңіп кеткені сонша «ұйыған қалпымды бұздың» деп өзіңе дүрсе қоя беретіндер де табылады. Есесіне, жастардың санасына шым-шымдап сіңеді. Шым-шымдап сіңеді де, бүкіл болмысын баурайды.

Міне, сондай ұлттық мақтаныш тудыратын мақалаларды көбірек жазған жөн. Ондай мақалалар жазу үшін бұрын қорқақтап қол бармаған көмбелерді аша беру керек, аша беру керек. Құдайға шүкір Хрущевтің «жылымығынан» бері оған мүмкіндік бар. Жазды ғой Ілияс Есенберлин «Көшпенділерді», ал, Софы Сматаев «Елімайды». Мұхтар Мағауиннің «Аласапыраны» мен Әбіш Кекілбайдың «Үркері» де таным көкжиегін одан әрі кеңітті. Бір замандарда Еуразия кеңістігін ат тұяғымен дүбірлеткен көшпелілердің отқарулы отырықшылар алдындағы пұшайман халі, бүгінгі жастардың санасын сілкіп, қанын ойнатпауы мүмкін емес. Бірақ, Алтынсарин мен Абай заманының, Алаш автономиясының, Кеңестік кезеңдегі ашаршылық пен арыстарымыздың атуайдау сұмдығының шындығы әлі ашылмай жатыр. Сол шындықты арыстаншылап ақырып айта алмаса да, тышқаншылап майдалап сіңіре беру керек ұрпақ санасына. Ол үшін елді мекен атауларының қалай өзгертілгенін айтып беру аздық етеді. Кезекте жер-су аттарының, адам есімдерінің өзгертілуі тұр. Сол әрекеттердің бәрі айналып келгенде халықтың санасын шыр айналдырып басқа арнаға бұрып әкетудің әдіс-тәсілі. Осының астарын ашуға асыққан Мекемтас қолы жеткен деректердің бәрін саралап, тарих қойнауына терендей берді, терендей берді. Терендей-терендей қазақ жерінен отаршылдықтың жеті қатпарын ашты. Ғалым оларды қытайлық, парсылық, гректік, арабтық, моңғолдық, қалмақтық, орыстық-еуропалық деп атады.

Одан әрі қазақ халқын құйындай үйрген тарту күші орасан сойқан үш саяси-мәдени иірімді анықтады.

Олар қытай, исламдық араб-парсы және орыс-еуропа иірімдері болатын. Тіртінектеп ізденіп жүріп осы тапқандарын зер сала зерттеу арқылы бәрінің айғағын қолмен қойғандай етіп көрсетті. Іздері тіпті елді мекендер мен жер-су, адам аттарында ғана емес, санамызда, таным-түсінігімізде





де кездеседі екен. Әсіресе, соңғы қатпардың салдары тіпті ауыр болған.

Бұрынғы қатпарлардан қалған кірме сөздерді қазақ өз тілдік заңына бағындырып алып, сөздік қорын байытқан болса, соңғысында керісінше басқыншы тілдің заңымен сөйлеуге, жазуға мәжбүрленген. Соның салдарынан олардың сөздері қазақтың сөздік қорына қосылмай одырайып тұрғандықтан тіліміз шұбарланып, керек болса көптеген төл сөздерімізді талақ етуге тура келген.

Ол тіртінектеп жинаған деректер осындай ойларға жетеледі. Ойларының жарық көруі қиын болса да, жазбай тағы отыра алмады. Сөйтіп, күндердің күнінде «Қазақ қалай орыстандырылды?» деген көп тараулы көлемді еңбекке айналып, елпілдеген көңілін бір демдегендей болды Мекемтас. Бір демдеп алған соң «үмітсіз шайтан ғана» деп редакция жағалады. Бірақ, бірі қабылдамады олардың. Қазақшыл, қаншыл атанған редакторлардың өзі «қалдырып кетіңіз, сәтін салып жатса көрерміз» демей, қайта қолтықтатып жіберді. Тіпті өзін босқа арамтер болып жүрген әпенді көргендер де болды.

Ол Горбачевтің «қайта құру», «жаңа ойлау» деген ұрандарынан емеісіген еді. Одан түк шықпады. Енді не істесем екен деп салы суға кетіп жүрген күндердің бірінде Жаңа үкімет үйінің алдындағы алаңға жастар жиналып жатыр екен деген хабар алды. Осыдан бір күн бұрын Мәскеуден өкіл келіп, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің пленумында Оның бірінші хатшысы Д.Қонаевты босатып, орнына Г.В.Колбин дегенді сайлатқызып кеткен болатын. Жастар бұрын Қазақстанда жұмыс істемеген, қазақтың тілінен, ділінен, салт-дәстүрінен мүлдем махрұм адамның басшылыққа келуіне наразылық білдіруге шығыпты. Ести салысымен Мекемтас та байыз таба алмай алаңға тартты. Жүз қаралы жастар тұр екен билік үйінің алдында. Олар Қазақстанның Одақтас республика екенін, оның белгілі деңгейде дербестігі барын айтып, бұл өзім білермендік астамшылыққа түсінік беруін талап етті. Алайда олардың талабына құлақ асқан ешкім болмады. Не бар, не жоқ демеді.





Биліктің бұл позициясы жастардың наразылығын одан әрі өршітіп, олар кеш батқанша алаңды тастап кеткен жоқ. Кейін ресми баспасөз жазғандай ешқандай нашақорды да, маскүнемді де көрмеді Мекемтас. «Жасасын Лениндік ұлт саясаты» деп ұрандаған жастарды ұлтшыл деп айыптаудың да реті жоқ еді. Тіпті ұлттық ерекшеліктерімізді білетін өз республикамыздың орысын неге сайламады деп те айтып жатты олар. Қараңғы түскен соң жастар бұдан да көп болып жиылып келіп, билікпен қалайда жауаптасуға сөз байласып тарасты. Мекемтас алаңда алпысыншы жылдары Мәскеуде оқитын қазақ жастарының «Жас тұлпар» ұйымын құрып, қазақ ұлтының мүшкіл хал-ахауылын көтергендердің бірі Сәбетқазы Ақатаев пен ғалым Советхан Ғаббасовты кездестірген болатын. Бұл үшеуі де жастардың арасында соңына дейін болып, ертең осында қайтып кездеспек болып бәтуаласып оралды үйлеріне.

Ертеңіне Мекемтас өз көзіне өзі сенбеді. Бас алаңға баратын көшелер толып кеткен.

Сірә, ҚазПИ жақтан шыққан кезекті бір лек мұның үйінен бір бұрылыс жоғарыдағы ауыл шаруашылығы институтының жатаханаларының тұсына келді. Сол-ақ екен бұл ғимараттардың тұрғындары да шұбап шығып үлкен лек Фурманов көшесін кернеп кетті. Одан әрі құрылыс техникумының, политехникалық институттың тұсына келгенде де дәл осындай көрініс қайталанды. Интернационал көшесімен көтерілген сонау ойдағы қыздар институты, театр және өнер, денешынықтыру және спорт институттары, ұлттық университет студенттерінің қарамы мол болып, осылай жанжақтан саумалаған жастар легі үлкен алаңды лық толтырды. Олардың «Лениндік ұлт саясаты» жасасын!» деген сияқты ұрандар жазып алып, көтеріп тұрғандары да болды. «Жасасын Қазақстан!» деп айқайлайды орыс тілінің акцентімен сөйлейтін бір қазақ қызы. «Қазақстан! Қазақстан!» деп қоштайды жанындағы топ. Өз елінің атын бірі орысша, екіншісі қазақша атайды. Бірақ, бәрі де перзенттік махаббатын білдіріп тұр.





Енді бір жерде ақ бөкебайы ерекшеленген жас жігіт 1926 жылы РСФСР құрамында Қазақ Автономиялық республикасы, ал 1936 жылы өзгелермен тең құқылы Одақтас Республика болып қалай құрылғаны жайлы айтып жатты. Конституция бойынша «біз өз басшымызды өзіміз сайлауға, тіпті бөлініп кетуге де хұқылымыз» деп соқты әлгі жігіт. Оның бұл сөзі қасындағы жастардың делебесін одан сайын коздырды.

Бір кезде Үкімет үйінің алдындағы мінберге бір топ адам көтерілді. Көпшілігі билік өкілдері және шығармаларымен, орындаушылық өнерімен халық арасына кең танымал ақын-жазушылар, әртістер екен. Шетінен жағдайды жайбағыстап жұбата сөйлеп, жастарды тарауға үгіттегенімен олардың өнерлеріне ұйыйтын жастар бұл сөздеріне түк те ұйымады. Тарамақ түгіл «халықтың сөзін емес, биліктің сөзін айтып тұрсындар, бұл сатқындық», деп өздерін айыптады. «Білеміз «орталықтан жіберілген Голощекиннің Қазақстанға не істеп кеткенін» деді біреу. Мекемтас жалт қарап жаңағы ақ бөкебайлы жігітті таныды. Сірә, тарихшы болар деп ойлады. Бірақ ол қашық тұрғандықтан сөздері мінбедегілерге естілген жоқ. Сол кезде біреу «біз сендерге сенбейміз, Қонаевтың өзі келіп жағдайды түсіндірсін» деп айқайлады. Оның бұл талабын қоштап «Қонаев, Қонаев» деген дауыстар жан-жақтан шықты.

Әлден уақытта Мекемтастың қасына Сәбетқазы Ақатаев келді. Кешеден бері қатулы еді. Қазір тіпті түрі одан сайын әлемтапырық болып, жастармен бірге айқай салудан өзін ерең тоқтатып жүргені көрініп тұр.

Бүгін Советхан Ғаббасов үшеуін «неғып жүрсіндер» деп тергендер болған. Әсіресе, бастары қосылғанын тапал біреу тез байқайды. Байқайды да дереу қастарына келе қояды. Бұлар жәй алаңға қыдырып шығып едік, «мынаған тап болдық қой» деп құтылады. Сондай тергеуге қайта-қайта түспес үшін үшеуі бір-біріне қосылмай жек дара жүруді дұрыс көрген. Бірақ, Сәбетқазы ол келіскендеріне қарамастан мұның қасына келіп, суық жат хабар айтты.







– Мыналардың беті жаман, – деді ол.

– Кеше жауаптасуға шықпай қойып еді, тегін жатпапты. Мәскеудегі қожайындарымен ақылдасып жатыпты. Сөйтіп, солардың бұйрығымен бір тәуліктің ішінде Алматыға Ресейден ішкі әскердің қолма-қол ұрыстарға үйретілген айрықша бөлімшелері жеткізіліпті. Олар қазір алаңды ту сыртынан қоршап тұр. Қараңғы түскен соң құрсауынан ешкімді шығармай сапер күректерімен ұрып, итке талатып, қырып салады екен. Сәбетқазы саясатпен шұғылданатын болған соң ба, биліктің маңайындағы осындай көпке беймәлім хабарларды тез ести қоятын, тамыр-танысы мол жігіт еді. Тіпті баспасөздегі ақпараттардың да әрбір сөзіне мән беріп, не үшін беріліп жатқанының шын астарын өз қисынына салып ашуға тырысатын. Сондықтан да ол өтірік, өсек айтып тұр деп ойламады Мекемтас.

Бұл кезде алаңды онсыз да жасақшылар, олардың сыртында милиция шептері қоршап тұрған. Ол аздық еткендей енді қырып-жоятын әскер әкелінгені жанын шошытқан Мекемтас «сұмдық қой, сұмдық қой» дей берді. Бір жақтан Советхан да келіп, бәрі абдырап тұрғанда Сәбетқазы «Ананы қараңдар!» деп айқай салды. Ол нұсқаған жаққа жалт қараған Мекемтас жастардың бәрі бір жүк көлігіне үймелеп жатқанын көрді. Ал, жүк көлігіндегілер бөтелкелер үлестіріп жатыр.

– Неғылған бөтелке мынау? – деп таңданды Мекемтас.

– Бұл арақ, – деп жауап берді Сәбетқазы.

– Жастарды ішсін деп жатыр.

– Соншама қоршаудан қалай өтіп жүр бұл саудагерлер? – деді Советхан.

– Демек әдейі өткізген.

– Бұл арандату ғой, – деп ышқынды Мекемтас. Сөйтті де, арақ толы мәшинеге қарай қозғала бастаған жігіттерге:

– Бармаңдар, арағын алмаңдар, – деп айқайлады.

– Неге? – деді балалардың бірі, – Желтоқсанның қақаған аязында жаурап қалмасын деп жанашырлар жіберген ғой.

– Қайдағы жанашыр? – деді Сәбетқазы. – Сендерді маскүнем деп айыптау үшін әдейі беріп жатыр арақты.





Кезекке үймелеген жерде қайбір тәртіп болады. Кимелесіп жүрген жігіттердің кейбірі құлап қалып, опыр-топыр айқай-шу көбейді. Сол кезде мінбеден бүкіл алаңды жаңғыртқан өктем дауыс естілді. Бұл бағанадан бергі үгіт-түсініктен өтініш, тілек сөздерден бөлек бұйрық еді.

– Тараңдар! Тарамасаңдар қару қолданамыз. Бұл соңғы ескерту. Қане онға дейін санаймын.

Мекемтас бұйрық беріп тұрған кім екенін танымады. Бірақ ішкі әскер генералы екенін айырды.

Алайда ыза-кек буған жастар оның бұл бұйрығынан үрке қойған жоқ. Қайта оның өктемдігіне одан сайын ашынды.

– Бейбіт шеруге тек диктаторлар ғана оқ атады? – деп айқай салды ақыры шыдамаған Сәбетқазы.

Солай деді де ол тура мінбеге қарай жүрді. Мекемтас пен Советхан екеуі екі қолына жармасып әзер тоқтатты. Аяғы тоқтағанымен денесін тоқтата алмай қалшылдап тұрды. Оны қалай сабасына түсіруді ойлаған Мекемтас:

– Сенің бізден гөрі саяси жұмыста тәжірибең бар ғой. Құр ашуға бой алдырмай не істеу керек екенін ойлайық та, – деп ақылға шақырды.

– Бір адамның бұйрығымен отырсаң опақ, тұрсаң сопақ болып өткен өмір-ай. Сол өмірден соры қайнап, бағы ашылмаған халқым-ай! – деп күңірленді Сәбетқазы.

– Жетті, болды, тынысым тарылып тұншығып біттім. Енді бұлай өмір сүре алмаймын, – деп қылқынды одан кейін.

– Сонда не істейміз? – деді Мекемтас.

– Ұлттық демократиялық партия құрамыз. Жастардың желтоқсан көтерілісі соған жол ашып тұр. Дайынсыңдар ма соған?

– Біз дайынбыз ғой, бірақ...

– Не бірақ?...

– Қазіргі халіміз не болады?

– Біз сағат 17-ге дейін алаңды тастап кетсек, аман қаламыз. Кетпесек, жастармен бірге көреміз көретінімізді, – деп жағдайды одан әрі түсіндірді өзіне өзі келе бастаған Сәбетқазы.

– Біз қалғаннан жастарға көк тиын пайдамыз тимейді, – деді Мекемтас.





– Ертең сенің айтқан партияңды құратын ешкім болмай қалады, – деді Советхан.

– Одан да өзімізбен бірге жастардың біразын аман алып қалудың амалын ойласақ, – деді Мекемтас.

– Мен де соны ойлап тұрмын.

– Мен де, – деді қалған екеуі.

Олар осылай тілдеріне көнген балаларды алаңнан алып кетуге уағдаласып тарқасты.

Мекемтас бағана өз ауылының бір-екі баласын көрген. Бірақ мына құж-құж болып қазандай қайнап жатқан алаңнан оларды іздеу сабанның арасынан ине іздеумен тең екенін түсінді.

Сондықтан бет жүзіне қараған кез-келген баланы тоқтатып, үгіттей бастады. Бірі көнді, бірі қолын сілтеп кетіп қалды. Әйтеуір біраз әуреленіп жүріп жиырма шақты баланың басын құрап алаңның төменгі жағына қарай алып шыққан.

– Қайда барасындар? – деген дауыс саңқ ете қалды сол кезде желке тұстарынан. – Бөрік кигендер! Мен сендерді айтамын, – деді әлгі дауыс артынша. «Бөрік кигендер» деген сөзді естігенде еріп келе жатқан балаларының бәрі кілт тоқтап, артына жалт қарады. Мекемтас та бұрылды. Су бұрқақтың биік жақтауында кермаралдай керілген бір қыз тұр екен. Түрі сондай таныс... Бірақ, кім екенін жыға тани алмады.

– Қайда қашып барасындар? – деді ол. – Қан майданнан ерек қашушы ма еді? Мә, менің орамалымды байлап алыңдар.

Кермарал қыз солай деді де, басындағы ақ түбіт орамалын жұлып алып бұларға қарай лақтырып жіберді. Сөйтті де тастан тасқа қарғыған еліктей жерге секіріп түсіп, көптің ішіне сіңіп жоқ болды. Сол кезде бағанадан бері соңына ілесіп келген жігіттердің бірі орамалды көтеріп алып, қыздың соңынан жүгірді. Қалғандары қайтып келіп қалың топқа қосылды. Оларды қайыра үгіттеуге аяғы да, тілі де жүрмей қалған Мекемтас дел-сал күйде қалды. Кім, мынау, Жанна де Арктей жастарды соңынан ерткен?! Сұңғақ бойы, ақ түбіт орамалын шешкенде ашылған аққу мойны, бәрі таныс. Зарина!





Зарина ғой бұл! Жастық шағының Заринасы. Тау-тас кезіп, табиғатпен сырласуды ұнататын Зарина! Ол да дәл жаңағы қыздай биіктен өте жеңіл секіретін еді. Медеуге қыдырып барғандарында көріп таң қалған. Жоспары көп еді Заринаның. «Енді Шымбұлақты, Есік көлін бірге қыдырайық, табиғатты ұнатамын» дейтін. Ал, Мекемтас ол кезде де, қазір де кітапшыл болатын. Кітап әлеміне кіріп алып шыққысы келмейтін. Пенделік қарым-қатынасқа уақытын әзер қиятын. Содан болар уақытын алмайтын өз курстасы Бағирамен көңіл жарастырып кеткен еді. Алтайдың аққуын Қорғалжынның қоңыр қазына айырбастағанына еш өкінген емес ол. Қарашы енді мынау сын сағатта сарт етіп көрініп, саңқ етіп сөйлеген арудың Заринаны еске түсіріп тұрғанын.

Мекемтас өткенін ойлап өзімен өзі болып кеткенде айналасындағылар шу ете қалды. Жалт қараса жастарға өрт сөндіргіш мәшинелермен мұздай су шашып жатыр екен. Биліктің бұл әрекеті алаңдағыларды үркіткен де, қорқытқан да жоқ. Қайта одан сайын ызасын келтірді. Сол ашу-ызы желтоқсанның қақаған аязында шашылған су мұз болып қатып, бүкіл денелерін күрсайтынын елеткен жоқ жастарға. Олар машиналардың өздеріне ұмтылып, аударып тастауға тырысты. Милиция да осыны күтіп тұр екен. Жастардың ту сырттарынан жармасып, қолын қайырып шетке әкете бастады. Жолдастарын құтқармақ болған жігіттер машина төңкеруді қойып, енді милициямен төбелесіп кетті. Төбелес басталысымен-ақ алаңдағылардың ары-бері сапырылысып, апалаң-топалаң болғаны сонша, алапат күшті керемет иірім Мекемтастарды сыртқа шығарып тастады. «Енді шығып кетпесек қоршауда қалып қоямыз» деді Сәбетқазы. Тарылып келе жатқан құрсаудың соңғы саңлауына қарап тұрып солай қарай ұмтылған тағы бірнеше адамға ілесіп, олар бұл саңлаудан әзер өтті. Өтті де арттарына қарады. Бір қолында адам бойы қалқаны, екінші қолында болат қылыштай жаланданған сапер күрегі бар, кейбірі ит жетектеген әскер алаңды толық қоршап сығып келе жатты. Енді шығамын дегендердің қақ шекесінен тиген сапер күрегі сұлатып түсіреді. Бүкіл әлеммен байланысы үзілген жастар мұздай қаруланған әс-





кердің құрсауын не өздері бұзып-жарып шыға алмай, не сырттан көмек ала алмай осылай көресінін көріп жатты.

Жастардың жалғыз қаруы бар-ды. Ол – пәленбай жылдар бойы төзіп-төзіп келіп, кенеттен бойларынан бұрқ ете қалған ұлттық рухы болатын.

Сол рух оларға Шәмші Қалдаяқовтың «Менің Қазақстаным» әнін асқақтата салғызып, қарулыларға қарсы қайыспас шайқасқа салды. Мекемтас бұл әнді талай тыңдаған. Жекке орындауда да, хордың, оркестрдің орындауында да. Ән қанша тыңдаса да оның көңілін бей-жай қалдырып көрген емес. Бірақ, сән-салтанатты сахнада емес, ұрыс алаңында айтылған әннің әсері тіпті күшті болады екен. Оған Отанана ұран салып шақырып тұрғандай әсер етіп, бүкіл денесін шымырлатып жіберді. Жүрегі өреки соғып, жан дүниесі қозғалып, делебесі қозғаны сонша, жаңа ғана өзі әрең қашып құтылған құрсауға қайтып кіргісі келді. Бірақ, оның мүмкін емес екенін сезініп, «солардан жаным артық пе еді» деп өзін-өзі жеді. Суытып суытып келіп, бәйгеге қоспай кермеге қаңтарып қойған тұлпардай құр тарпынды. Тұлпардың жүйріктігінен не пайда, бәйгеге қосылмаса? Азаматтың ғалымдығынан не пайда, халқының қажетіне жарамаса? Ол да бір, хайуанаттар паркіндегі арыстан да бір. Арыстан – аң біткеннің күштісі, бірақ торды бұзар шамасы жоқ. Ғалым – адам біткеннің білімдісі, бірақ қарулылардың қасында қауқары жоқ. Бағана мінбеге көтерілгендердің арасында ғалымдардың болмауы да содан. Ал, бұл биліктің мінбесіне ұмтылмаса да, халықтың ортасында болуға тырысып еді ғой. Билікке де, халыққа да жанаса алмай дауылдан кейін жағаға шығып қалған кеменің қирандысындай ешкімге керегі жоқ болып қалғаны ма сонда? Жетімсіреген жаны анау алаңнан әлі де естіліп тұрған әнді демеу етті. «Менің Қазақстаным!» Өшпесе екен осы ән. Ол өзін алаңмен жалғастырып тұрған осы әуенді қимай өз үйінің алдында арыбері жүре берді. Бірақ, көпке бармады, үзілді ол ән. Оның орнына құлындағы даусы құраққа жетіп, шыңғырған дауыстар естілді. Біраздан кейін дүркірей қашқан, дүңкілдей құған дыбыстар жетті құлағына. Көп ұзамай бұлардың кө-





шесінің қақ ортасымен бірнеше қыз-жігіт жанұшыра жүгіріп өтті. Артынан еңгезердей-еңгезердей әскерилер қара жерді ойып жіберердей дүрсілдетіп қуып бара жатты. Қолдарындағы сапер күрегі көше шамдарына шағылып жар-жұрқ етеді. «Жетсе» не боларын ойлағанда денесі түршігіп кетті Мекемтастың.

Бір кезде «жүр, қайтайық енді» деген дыбысты естіді. Қараса қасында Бағира тұр екен. Қашан келгенін байқамапты. Темір көлік жүруге тиым салынған Төлебаев көшесінде екеуінен басқа жан жоқ. Абай көшесінен де ешқандай дыбыс келмейді. Таңертеңгі сабадай сапырылысқан ауыл шаруашылығы институты жатақханаларының тіпті шамы өшіп қалған.

Екі көше жоғарыдағы қанды алаңда да өлі тыныштық.

Бүкіл қаланы албасты басып тұр. «Балалардың ешқайсымен хабарласа алмадым, байланыстың бәрін үзіп тастапты» деді Бағира. Сонда барып Мекемтастың есіне өз бала-шағасы түсті. Олар бұл күнде ересек. Бұрынғы үйлерінде тұрады. Телефон байланысы болмаса, қалай білмек хабарын жеті түнде? Не де болса, таңның атқанын күтеді енді. Әйтеуір аман болса екен. Әлгі небір жаманшылықтардан аман қалған жалғыз ағасы Ордабектің ұлы Темірхан суретші емес пе, қиялилау, қызбалау еді.

Алаңға шығып бірденеге ұрынып қалмады ма екен? Бұл көтерілістің ұшқыны тағы қанша жерді шарпыды? Шымкентте, Таразда, Абайдың отанында не болды? Өзге қалаларда ше?

Әйелінің соңынан ілесіп үйіне кіруге бет алған Мекемтас енді туыстарын түгендей бастағанымен ойының өрісі алаңдағы оқиғадан ауытқыған жоқ. Қайта одан әрі кетіп, терендей берді. Соның салдарынан тамақ та батпады, ұйқы да жеңбеді оны. Төрт қабырғаның ортасында теңселіп, одан төсегінде дөңбекшіткен көкейіндегі «неге?» деген сұрақ еді. Неге халықтың талабына құлақ асқысы келмеді биліктің? Неге қару қолданды бейбіт шеруге? Неге біздің пешенемізге диктаторлар билейтін қоғамда өмір сүру жазылған? Сәбетқазы дұрыс айтты. Ұлттық-демократиялық партия құратын





уақыт жетті. Құрамыз енді партияны! Сөз жоқ құрамыз! Мекемтас таң сібірлеп атып келе жатқанда ғана осы ойды аймалап жатып көзін іліндірді. Бірер сағаттан соң бірде-несін жоғалтқандай болып оянды да, Сәбетқазының партия құру туралы ұсынысы есіне түсіп, жаны содан сәл де болса жұбаныш тапты. Ол сол ойды құндақтап жүріп бала-шағасын түгендеді. Сол ойды арқаланып жұмысына барды. Қызметтестерімен амандық-саулық сұрасып, жаңалықтар алмасқанда да, жұмыс үстінде де, жиналыста отырғанда да сол ой бұны тастап кетпеді. Қайта жанына тірек болып, алаңдағы екі күнгі оқиғаның салдарына шарасыздық танытып тұрғандардың алдында өзін әжептеуір мығым ұстады. Ал, бірер күннен соң алаңда сөз байласқан үшеуі қайта кездесіп, бастаған істерін одан әрі пысықтады. Партияның бағдарламасын Сәбетқазы жазатын болды. Қалғандары өз ұсыныстарын қосады. Оған дейін үшеуі де, Алматыдан, өңірлерден ниеттестер, жақтастар тауып, ұйым мүшелерінің қатарын көбейте берудің қамын жасайды.

Мекемтас ең алдымен баяғы сәтсіз қорғаудан кейін өзін «Санасілкер» кафесіне ертіп барып көңілін көтеріп жіберген жігіттерден сыр тартқанды жөн көріп, әуелі олардың ең ересегі Ғылматпен жұмыс аяғында кездесуге сөз байласты. «Бүгін бір «Санасілкерге» барғым келіп тұр» деді оған. «Түсінікті, – деді Ғылмат, – сананы бір сілкітін кез келді-ақ».

Кешкілік Ғылмат жалғыз шықпай Самалбекті ертіп шығыпты. Үшеуі үйреншікті бағытпен ақырын аяңдап Алматы өзенінің жағалауына жетті. Кафенің айналасындағы ағаштар сопиып-сопиып біртүрлі құлазып тұр. Ал, жазда теңкиіп-теңкиіп жатқан сой тастар қардың арасынан монтыыйып-монтыыйып қана мойындарын қылқитады. Өзен үнсіз. Су ақпаған соң біртүрлі жайдақтанып жатыр. Есесіне онсыз да арзан шараптарымен тартатын әйнек кафе мерекелік әлеміштерін тағынып, бойын сылап, безеніп алыпты жаңа жыл қарсаңында. Сырты алыстан көз тартып, мен мұңдалап тұр. Абырой болғанда ішінде адам көп емес екен. Олар бұрышты таңдап отырып, жеңіл-желпі тамақ пен шарапқа тапсырыс берді. Шындап келгенде шарапқа зауқы жоқ еді





Мекемтастың. Жұмыс орнында жиылу көзге оғаш көрінетін болды. Күн суықта көшеде әңгімелесіп те береке таппайсың. Үйге шақырсаң шаруасы көбейіп кетеді.

Сондықтан осыдан артық ыңғайлы жерді таппаған-ды. Сонысы дұрыс болған сияқты. Бұл жерде ешкім танымайды оларды, танымаған соң не айтып, не қойса да сөздеріне мән бермейді. Тындауға емес, шарап ішіп шерін шығаруға келгендер. Оның үстіне қазақтар көп кіре бермейтін кафе екенін байқаған өткен жолы. Ал, айтатын әңгіме көп еді. Оқиға өткелі бері билік күн құрғатпай жиналыс өткізіп жатыр. Тіпті бір күнде бірнеше рет жиналады. Газеттерге жастарды жабыла айыптаған материалдар жариялатады. Соған қарамастан қала толы қауесет. Ас үйлерде де, кеңселерде де гу-гу әңгіме. Бұлар жастарды жазықсыз жазалады деп билікті айыптайды. Тіпті қырып салыпты дейтіндер де бар. Бірақ, көзге шұқып тұрып көрсететіндей нақтылы дәлелі жоқ. Жазалаушы жендеттердің бірде бірінің суреті жарияланбады алаңнан. Керісінше қолына таяқ ұстаған жастардың суретін жылтындатып, оларды әр жатаханадан бір іздеп жүргендер бар. Оның үстіне Мәскеудегі ең жоғарғы партия билігінің қарап жатпай, қазақтар «ұлтшыл» деп қаралап қабылдаған қаулысы «жығылған үстіне жұдырық» болды. Жастарын сапер күрегімен кескілеп, итке талатқанымен қоймай әр қазақтың маңдайына «қылмыскер» деп таңба басқандай әсер етті бұл айыптау. Осының бәрінің әсерін іште бүгіп ұстау мүмкін емес еді. Бұл үшеуі де ойындағысын айтып, іштерін босатып алғысы келгендері анық. Бірақ, арзан шараптың алғашқы ыстаканын олар соғыстырмастан үнсіз ұрттады. Орыс салтының осынау бір жоралғысын келісіп жасамады, әрқайсысы өз көңілінің дегенімен істеді. Үйлеріндегі дастархан басында бәлкім дұға оқып, бет сипар ма еді. Бұл жерде ішімдік ішетін болған соң солай етті. Үйткені үшеуінің де көкейінде шейіт кеткендер тұрды. Қанша адам, кімдер екенін білмесе де, шөптің басы жел тұрмаса қимылдамайтындықтан да марқұмдардың имандарына іштей саламат тіледі. Содан соң үнсіздікті алғаш бұзған Ғылмат:







*Бәрін айт та, бірін айт,  
Кез болдың кер заманға,* – деп жолдастарының жүзіне барлай қарады. Дулат ақынның өлеңін еске алған оған Мекемтас:

*Дүркіреген нажағай,  
Бұрқыраған жауынның  
Ашылмағы бар ма басынан,  
Бағы қайтқан қауымның?* – деп сұрақпен жауап

берді. Оның жатқа оқығаны Абайдың Адам Мицкевичтен аудармасы болатын.

*– Жол тауып саған беретін,  
Көзіңнің жасын көретін,  
Соңынан соның еретін*

*Қалмады елде адам да,* – деп Дулат ақынды одан әрі термелеп кетті Ғылмат. Оған жауап ретінде Мекемтас:

*– Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,*

*Еңбегің мен ақылың екі жақтап,* – деп тағы да

Абайды алға тартты.

– Сонда не істе деп отырсың? – деп Ғылмат енді сұрақты тікелей қойды. – Не істейтінімізді алаңға шыққан жастар көрсетіп берген жоқ па?

– Оның ақыры не болғанын көрдік қой.

– Күш қолдану қашанда қарсылық тудырады.

– Енді қандай қарсылықты айтасың? – деді Ғылмат.

– Іштегі наразылықты айтамын. Бұл көтеріліс іштегі наразылықтың шегіне жеткенін көрсетті.

– Шарапханада ұрланып отырып көрсеткен наразылықтан не пайда?

– Алаңда басталған қарсылық шарапханада, басқа жерде жалғасып, әйтеуір бір арнасын табады, – деп Мекемтас сеніммен айтты.

– Мен ешқандай арна көріп тұрған жоқпын, – деді оған Ғылмат.

– Сенің айтып тұрғаның ақпай жатып көмілетін жылт еткен жылғалар. Жанбай жатып сөнетін жалпылдақтың ұшқындары.





– Әңгіме сонда, әр көңілде бір жылт еткен жылғаларды одан әрі аршып бір арнаға бағыттауда, – деп Мекемтас сөзім қалай әсер етіп отыр дегендей жолдасының жүзіне байыппен қарады. Сол кезде Ғылымат:

– Арна, арна деп әспеттей бермей айтсаңшы арғы ойыңды ашып, – деп оның өзіне бажырайды.

– Біз бірнеше азамат, ұлттық-демократиялық партия құрсақ дейміз. Сөйтіп, коммунистік партияның қазіргі саясатына наразыларды өз ұйымымызға топтастырмақ ойымыз бар, – деді Мекемтас қасындағы екеуіне кезек қарап.

Әрнәрсені байыптап барып, әріден ойлап жауап беретін Ғылымат ә дегенде үнсіз қалды. Ессесіне бағанадан бері екі ағасына қарағыштап қана отырған Самалбек елп ете қалды.

– Бұл тіпті керемет болар еді, – деді ол. – Сондай тең балама саяси күш керек-ақ.

– Болған сондай күштер, – деді сөзге араласқан Ғылымат – Бірақ, бәрі де жаншылған, құртылған.

– Біздің жастар сол жаншылған, құртылған күштердің қайта жетілгенін көрсетіп отырған жоқ па? «Темірді қызған кезінде соқ». Тап қазір сөз бостандығы тиіп тұрғанда құрып қалу керек ондай партияны, – деп Мекемтас өз сөзінің дұрыстығын одан әрі дәлелдей түсті.

Бірақ, қай мәселеде де өзімен ниеттес, тілектес болып жүрген Ғылыматты бұл жолы сендіру де, көндіру де қиын болды.

– Сөз бостандығы деймісің? Ал, мен Горбачевтың демократия ойынын ойнағаны ғана әшкере болды деймін. Енді босаған бұранданы қайтып қатайтады ол. Қатайтуға мәжбүр етеді оны.

– Демократ па, жоқ демократ болып ойнады ма, мәселе онда емес. Мәселе, жастардың жүзін, мыңын жазалағанымен миллиондардың тілін шығарғанында.

– Тілі шыққанымен үні шықпады, қайғым мол, – деп үнсіз түйіліп қалды Ғылымат.

– «Қайғы келсе қарсы тұр, құлай берме», – деп жолдасын алдымен Абайдың сөзімен жігерлендіріп алған Мекемтас артынан «біз құратын партияға мүше болуға қалайсың» деп қолқа салды.





– Сен партияны құра алсаң, бір мүшем бар деп есептей бер. Бірақ, құра алмайсыңдар ма деп қорқамын.

– Неге құра алмаймыз? Бастама көтеріп отырған жігіттердің ерік-жігері жетеді оған.

– Сендер бір нәрсені – биліктің барлық тетігі коммунистік партияның қолында екенін ескермей отырсыңдар. Сен айтқан ішкі наразылықты бір арнаға бұруға еш мүмкіндік бермейді ол. Өз ыңғайына қарай қақпайлап әкетеді көпшілікті.

– Біз соған жол бермеу үшін құрылмаймыз ба?

– Дұрыс қой, бірақ коммунистік партияның қақпақылына қалай түсіп қалғаныңды білмей қалып жүрмесендер, – деп, ептеп мысқыл айтты енді Ғылмат.

– Мен де өзімнің коммунистік партияның мұрынын тескен жетектегі өгізі болғанымды білемін. Сонда да бұлқынып тұрмын ғой. Сен де бұлқын. Солай ма, Самалбек? – деп Мекемтас үнсіз отырған жас әріптесінен сөз күтті.

Самалбек бұл жолы бағанағыдай елпілдемеді.

– Жаңа құрылған партия тіркеле ала ма? – деп сұраулы жүзін Мекемтастың өзіне бұрды.

– Конституция бойынша тіркелуге құқылы, – деді Мекемтас.

– Біздің ең тірелетін жеріміз конституция емес, биліктің қас-қабағы, – деді Ғылмат. – Билік қалай қаласа, солай болады. Тіркегісі келмесе, Ата заңның өзін белден басатын мың-миллион сылтау айтады.

– Біздің Конституция – Ата заңымыз емес, – деді Мекемтас.

– Біздің ата заңдарымыз әлдеқашан тәрік етілген. Оның орнына өзге діні, дәстүрі, тілі бөлек елдердің заңдарын таңды.

– Бұлай, Мекемтас, – деді Ғылмат ділмарсып бара жатқан досына. – Қазір Ата заңды талқылайтын уақыт емес. Әуелі жастардың жазықсыз төгілген қаны үшін жауапкерді табу керек. Соған қол жеткізсендер, өз мақсаттарыңа бір табан жақындағандарың. Ұйым құрамыз деп қара тер болғанша қолда бар заңдарға сүйеніп осы бағытта әрекет еткендерің дұрыс-ау.





Мекемтас ойланып қалды. Осы уақытқа дейін ойы да, тілегі де бір болып келген Ғылматтың бұл уәжінде жан бар сияқты. Алдымен желтоқсан құрбандарының жоғын жоқтайтын қозғалыс құрған жөн бе екен? Онда партия қызметкерлерінің өзі де қосыла алар еді ол қозғалысқа. Сөйтіп, бүкіл халықтық сипат алған кезде ұлттық-демократиялық партияға айналдырып жіберсе. Ол осылай бір сәт қиялданып кеткенде:

– Мен және баяғы інілеріңіздің барлығы сіздің соңыңыздан ілесуге дайынбыз. Тек, жұмысымыздан қудалай ма деген күдік бар көңілімізде.

Өзіңіз білесіз, біз әлі диссертация қорғаған жоқпыз, пәтердің кезегінде тұрмыз. Жұмыстан кетсек, мұның бәрі көзден бұлбұл ұшады, – деді Самалбек.

Ондай күдік Мекемтастың көңілінде де жүрген, жүрген де безбенге салған сан рет. Сондықтан:

– Қиыншылық болмайды деп айта алмаймын. Бірақ, жұртшылық қолдап, қатарымыз тез өсіп кетсе, бәрі артта қалады, – деп жауабын тосылмай нық берді.

Мекемтас шынында да қатарының тез көбейетініне күмәнданбады. «Әділдіктің туы көтерілмей тұр. Әділдіктің туын біреу батылы жетіп көтерсе болды, зарығып жүрген жұрттың бәрі қолдап, қаумалап, соңынан ілесіп береді» деп шын сенді ол. Бірақ, Ту әлі көтерілмеген соң құр сөзге қимас досы Ғылматтың өзі елірмеді. Тіпті жалындап тұрған жас Самалбек шарт қойды. Сенімен ойымыз да, тілегіміз де бірге, бірақ... дейді олар.

Иә, сол бірағы қиын. Тығырықтан шығар жол іздеп бірге қиналып, бірге толғанып, бірге жүріп келіп ең соңында арыстанның апанына кезіккенде алдымен сен түс, сен аман қалсаң, содан кейін біз де қарап қалмаспыз деген сияқты бұнысы. Ал, бәрі бірге атылса ше, арыстанға қарай. Ешқайсын шайнауға мұршасы келмей қалар еді ғой кәрі жыртқыштың. Қазақ оқығандарының санасы сонау Ыбырай, Абай заманынан бері тоң болып қатып, топастанып қалған екен, – деп түйді Мекемтас. – Саясаттың жылымығына бержағы ғана жылтырап, білімді, ойлы болып көрінеді. Бірақ аржағындағы құлдық пси-





хологияның мұзы ерімеген соң, жылтырақ білімі мен әшекей ойы оңды тоқтамға келе алмай сынап болып сырғанады топастықтың төбесінде. Бәрін түсінеді, түйсінеді, кіжінеді, күрсінеді, бірақ тәуекелге бара алмайды үрейден үрректеп қор болған қорқақ сана.

Сонда не істемек керек? Біздің оқығандарымыздың санасында құлдық психология қамал салып алғаны сонша, оны бұзып-жару мүмкін емес. Сондықтан сол мұз-қамалды ерітетін алтын күректі басқа жақтан күтіп қол қусырып отыра беру керек пе? Жоқ, ол болмайды. Қалайда бір әрекет керек. Сол әрекеттің түрі қандай болмақ? Әрі қарай кімге ілесіп, кімді ілестіреді? Мекемтас осының бәріне жауап таба алмай бұйығып, біртүрлі жалғызсырап отырғанында Сәбетқазы телефон шалды.

– Ертең Әуезов театрында қазақтың бар зиялылары жиналып жатыр, – деді ол. – Сол жерде бас қосайық.

Қуанып кеткен Мекемтас:

– Партия сол жиналыста құрыла ма? – деп көкейдегі сұрағын қойып қалды.

– Жоқ. Өкінішке орай партия құрылмайды. Бірақ, әйтеуір бір әрекетке бастайтын шешім қабылданатыны анық, – деді Сәбетқазы. Оның да оңай шешім болмасы үшін барынша белсенділік танытуымыз керек. Өз ойынды жинақтап, ұсыныс дайындап кел.

Сәбетқазының бұл хабары Мекемтасты қайтадан қанаттандырып жіберді. Қарап жатпапты қазақ қауымы. Токтамы жоқ, тұрлаусыз сырғыған сынап емес екен. Сірескен мұзы еріп, сілкініп тұрған сергек екен санасы. Көреміз ертең құдай қаласа қазақ санасының жалт еткен жасынын!

Ойы ілезде осылай ойнақтап шыға келген Мекемтас желтоқсан оқиғасы өткелі бері алғаш рет қатып ұйықтап, ертеңіне суытылған аттай болып оянды.

Әуезов театрындағы жиын Желтоқсан оқиғасын зерттейтін биліктен тәуелсіз комиссия құру керек деп шешті. Оның төрағалығына атақты ақын Мұхтар Шаханов, орынбасарлығына Мекемтас Мырзахметұлы сайланды. Мекемтас орынбасарлыққа менен гөрі қоғамда беделі жоғары азамат-





тар лайық деп бас тартып еді, көпшілік көнбеді. Шахановтың өзі «маған атағы дардай болғанмен түрлі-түрлі, қилы-қилы шенеуніктердің алдында тайсақтап кететін орынбасар керек емес, қандай қысым жасалса да принципінен тайқымайтын Сіз керексіз» деп тұрып алды. Оған Мекемтасдың көңілі әжептеуір марқайып қалды. Қатардағы көп ғылым кандидатының бірі болса да зиялы қауым мұның еңбектерін оқып, азаматтық позициясын бағалайды екен. Сондықтан да үлкен сенім артып отыр. Ендеше сол сенімді ақтамақ керек.

Мекемтас ендігі жерде осы комиссияның жұмысына көп уақытын жіберіп жүрді. Оған негізінен желтоқсан көтерілісі туралы еліміздің және әлемнің ақпарат құралдарында айтылған пікірлерді жинастырып, сараптама жасау жүктелді. Ол орыс, түркі тілдерінен өзгеге шорқақтығының қорлығын тағы да көрді. Дегенмен шетел тілдерін білетін жастар оған үлкен ықыласпен көмектесті. Бұл жұмыс үстінде Мекемтас КСРО кеңістігіндегі ақпараттық қысымға тағы да көз жеткізді. Мәскеуден және түрлі жолдармен басқа елдерден алдырылған, эфирден тыңдаған, экраннан көрген шетелдік ақпараттар мен КСРО кеңістігіндегі баспасөз мәліметтерінің айырмасы жер мен көктей еді. Шет елдік ақпараттар жер серігі арқылы түсірілген нақты көріністерді негізге алып ағын ақ, қарасын қара етіп анық көрсетсе, КСРО ақпараттары инкубатордан шыққан балапандардай бір-бірінен айнымайды.

Комиссия сол ақпараттарды желтоқсан көтерілісін басып-жаншуға қатысы бар шенеуніктердің жауаптарымен және олар қабылдаған құжаттармен салыстырып, шындықтың бетін ашуға барын салып бақты. Бірақ, бұл оңай шаруа болмай шықты. Шенеунікті тану Абайды танығаннан қиын болды Мекемтас үшін. Абайды тану – жан қажеттілігі еді. Жаны іздеді, жүрегі тіледі. Шенеунікті де тірі жанның бәрі іздейді. Онсыз ешкімнің шаруасы бітпейді бұл қоғамда. Тіпті өзіңнің өзің екеніңді дәлелдеу үшін де шенеунік керек. Оның бір жапырақ қағазынсыз сен бұл дүниенің есебінен шығып, ешкімге керексіз болып қаласың. Сондықтан ше-





неуніктің алдына баруға жұрттың бәрі мәжбүр. Барғанда қай жағынан келсем шаруам бітеді деп зерттеп барады.

Бірақ, Абайдың тереңіне бойлап, биігіне шыға алған Мекемтас шенеуніктерді зерттеп біле алмай-ақ қойды. Білгені, шенеунік деген шытырман құбылыс екен. Ол кеңестік жүйенің салдары ма, әлде табиғатынан солай ма, ол жағын Мекемтас жыға ажырата алмады. Әйтеуір шенеунік сөйлегенде шындық пен өтірік керемет қабысып, әдемі жымдасып, осынау кереғар ұғымдар бірін бірі жоққа шығарудың орнына бірін бірі растап, толықтырып, сырын білмейтін сырт халықты елітіп, еліктіріп, соңына ілестіріп, әкететін күдіретке ие болады.

Бұл күнде қаланың партия комитетіне жетекшілік жасайтын Өрісбек Берісбековпен сұхбаттасқанда Мекемтас осыны ерекше байқады. Баяғы институттың ауласында мұны нықыртып кеткен Өрісбек енді қандай мінез көрсетіп, қанша бұлтақтаса да тырп еткізбеймін деп бұлтартпас айғақтармен қаруланып-ақ барған Мекемтас. Өйткені жастардың ереуілін басып-жаншуға бұйрықты Мәскеу бергенімен, тікелей жүзеге асырған Алматы. Қазақстан билігінің, оның ішінде қалалық партия комитетінің қолымен жазаланып жатты жастар. Жасақшылар отрядтарын құру, оларды темір таяқтармен қаруландыру, жүк көліктері мен автобустарды қамал қылып қоршап, алаңды өзге әлемнен бөліп тастау, алаңға түрлі арнайы машиналарды енгізу, тіпті Мекемтас өз көзімен көрген арақ үлестіру, жатаханалардың барлығына мұғалімдер мен орган қызметкерлері тарапынан күзетшілер қою жұмыстарының барлығының штабы қалалық партия комитеті болғаны хақ. Ал, бұл күндері партия ұйымдарында студенттер мен олардың оқытушыларын партия, комсомол қатарынан шығарып, жазалау науқаны жаппай жүріп жатыр. Арматурадан таяқ кесіп дайындаған зауыт басшылары да, оларды жасақшылардың қолына ұстатып қаруландырағандар да, автобустарды, жүк көліктерін түн ортасында парктөрінен шығарып қала көшелерінде қамал тұрғызғандар да, желтоқсанның қақаған аязында жастарға су шашып, содан соң су-су күйінде қаладан тиеп алып шығып, айдалаға





тастап кеткендер де иегімен партия басшылығын көрсетеді. Ал, Өрісбек Берісбеков болса өзі де, үстелі де тап-таза мұнтаздай болып болып қарсы алды Мекемтасты. Оның самаладай жарық, сахарадай салқам құжырасында аяқты әнтек басып, артық-кем сөйлеп қоюдың өзі ыңғайсыз. Сондықтан бұл жерде орнымен сөйлеу деген, кабинет иесінің ыңғайына жығыла беру деген сөз. Өзгеше сөйлеу сөлекет көрініп, бұл ғимараттың сән-мәнімен үйлеспейді. Ал, сән-мәнімен жараспай сиқын бұзғандарды бұл ғимарат тіпті көп ұстайды. Бірінен кейін бірі іліп әкетіп иіне бүгін көндірмесе етеңіне қайта шақырып, әйтеуір ырза қылмаса да, ымыраға келтіріп жібереді. Мекемтас мұның бәрінен бұрыннан хабардар. Бірақ, оның комиссия мүшесі деген өкілеттігі бар. Сондықтан кабинет иелерінің ығына жығылмақ түгілігі өз ыңғайына қарай сөйлеткісі келетін ниетпен ашты ол қала басшылығы ғимаратының есігін. Обалы не керек, қай кабинетке кірсе де комиссия мүшесін орнынан тұрып қарсы алып, қолтықтап әкеліп отырғызып, қойған сұрақтарына ықыласпен жауап беріп, көрсет деген қағаздарын кедергісіз көрсетіп, жақсы қызмет етті.

Алайда сол ықыласпен берген жауаптары жып-жылмағай, кедергісіз көрсеткен қаулы-хаттамалары мен қызметтік хаттары ешқандай шетінен шымшып ұстай алмайтын шар сияқты жұп-жұмыр болғаны сонша, кінә артарлық қылау таппады Мекемтас. Сөйтіп төмендегілер «қала партия басшылығының нұсқауымен амалсыз істедік» деп айтқан уәждері ауа қармап қалды екі ортада. Соған қарағанда бұлар да оларға тек иегімен көрсетіп, иегімен нұсқап, иегімен орындатқан.

Мәселен, қала көшелерінде, алаңдарында, көпшілік орындарында тәртіпті бақылау үшін жасақшылар жасақтау жөнінде құжаттар бар, ал арматура таяқтар туралы еш жерде атап көрсетілмеген.

Жүк көліктері, автоуестар туралы қағаздар да осылай болып кете береді. Құжаттарға, берген жауаптарына қарағанда ол күндері не істесе де қала халқының қауіпсіздігі, тыныштығы үшін істелген. Сөйтіп, зиялы қауым құрған







тәуелсіз комиссия төрағасы орынбасарының партия шенеуніктерін өз ыңғайымен сөйлетсем деген ниеті жүзеге аспайды. Олар сыртқы түрін қатырғанымен ішін алдырмағандықтан Мекемтасың көңілі қанағаттанбады. Бірақ, кінә да арта алмай тап бір тағамнан майысып тұрған дастарханнан аш қайтқан адамдай сезініп кірді ол бірінші хатшының кабинетіне.

Бұл күнде Өрісбек Берісбеков баяғы балғын комсомол емес. Денесі кесек тартып толысып, бет-жүзі бұлтиып, қабағы қалыңдай түскен нағыз нығыз басшының өзі. Сырт келбеті солай сыздауытқанымен партия қызметкерінің жазылмаған заңын бұжытпай орындап, ол да мұндайда көрсетуге тиісті ізеттің барлық түрін көрсетті. Тіпті арасында ағасының баспасөзде жарияланған мақалаларын оқитынын да қыстыра кетті. Бірақ, ұнады, ұнамады деген пікір қоспастан іле-шала комиссияның дер кезінде құрылғанын атап өтіп, оның жұмысы нәтижелі болатынына сенім білдірді. Мекемтас та оның ілтипатына ілтипатпен жауап беріп, комиссия жұмысының жемісті болуы ел тұтқасын ұстағандардың осынау тарихи кезеңдегі азаматтық ұстанымдарына байланысты деп сөзінің соңын әдейі Өрісбектің өзіне әжеліп тіреуге тырысты. Сөздің астарын бірден сезген Өрісбек:

– Біздің жігіттерге артар кінәңіз бар ма, немене? – деп қалыңдай бастаған қатқыл қабағын жадыратып, тісін ақсита күлді.

– Жігіттеріңіз де, қыздарыңыз да қағаз жазуға да, жауап беруге де шебер екен, – деді комиссия төрағасының орынбасары.

– Бәрі тәрбие көріп ысылған, тәжірибелі қызметкерлер ғой, адаммен қалай сөйлесуді меңгерген, – деп көтеріліп қалды Өрісбек.

– Олар адамды аяқдоп қылып ойнауды қатты меңгерген екен, – деді Мекемтас төбеден қойып қалғандай етіп.

Бұл тіпті ауыр айыптау еді. Өрісбек ыршып түсер деп ойлаған Мекемтас. Бірақ, осы пікірінен тексерушінің тілге тиек етер ешқандай кемшілік таппағанын түсіне қойған кабинет иесі түк те шамданбастан:





– Партия қағаздарының өз тілі, кеңсе қызметкерлерінің өз сөйлеу мәнері бар, – деді көзінен мысқылдың ұшқыны ойнап, езуіне күлкі үйіріліп.

– Оны бірден байқадық, – деді Мекемтас – Тек...

– Тек, «түсінуі қиындау екен» дейсіз ғой. Біз де осы ғылыми тіл дегенді түсінбей әбден қиналамыз, – деді езуіндегі күлкісі бүкіл жүзіне жүгірген Өрісбек.

– Ғылыми тілдің бір ізге түсіп қалыптаспай жатқанын мойындаймын, – деді Мекемтас. – Бірақ, сіздердің тілдеріңіздің әбден қалыптасып алғаны таңқалдырады.

– Демек жатық тіл ғой.

– Жатықтығы сонша, барлық жауапкершілікті басқаларға артып, өздеріңізге шық жуытпайтын шебер тіл екен.

– Бізден де сұрайтындар бар.

– Иә, сіздерден сұрайтындар бар. Жоғарыға елдің жағдайын жеткізетін де сіздер.

– Неге тек біз ғана? Кезкелген азамат қабылдауға келіп немесе арыз-шағым жазып жоғарыға өз жағдайын жеткізуге толық хұқылы.

– Бірақ олар да тап мен сияқты бір есіктен екінші есікке, бір кеңседен екінші кеңсеге қақпақылдаған нағыз аяқдоп болып жүр. Өйткені жауапқа қанағаттанбаған соң ең жоғары билікке дейін сатылап жаза береді, жаза береді. Бір жазғанын қайта жазады. Жазғандары ресми ақпараттарды терістейтін ащы шындық болғандықтан қудалаудан қорқып аты-жөндерін көрсетпей домалақ арызға айналдыруға мәжбүр болады. Ал, Орталық комитет болса, домалақ арыз тексерілмесін деген қаулы қабылдады. Сонда халықтың кеудесінде қордаланған кек-ыза оларды алаңға шығармағанда қайда шығарады?

– Сіз де шебер екенсіз. Әңгімені айналдырып әкеліп алаңға тіредіңіз.

– Алаңға әкеліп тіреген мен емес, сіздер.

– Алайда, жастарды алаңға шығарған домалақ арыздардың жауапсыз қалуы емес, мүлдем басқа себеп қой.

– «Қашайын деген киік еді, санына таяқ тиіп едінің» кері ол. Іштегі қанағатсыздықтың бұрқ етуіне бар жоғы бірнеше минуттік Пленумның ұшқары шешімі себепші болды.





– Коммунистердің ойы бір жерден шыққаны қайта бірліктің белгісі емес пе?

– Бірліктің белгісі ме, басыбайлықтың белгісі ме? Рас, уақыт дегенін істемей қоймайды. Республиканы ұзақ жыл басқарған Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевты ауыстыратын мезгіл жетті деп бірауыздан ұйғарымға келулеріңіз әбден мүмкін. Бірақ, Колбиннің кандидатурасын бірауыздан қолдағандарыңыз күмән туғызады.

– Неге күмән туғызады?

– Сіздер үшін ол есім пленумға дейін құпия болып келді. Солай ма?

– Солай.

– Ендеше өздеріңіз танымайтын, білмейтін, адамды республика басшылығына лайық деп қалай бәріңіз бір кісідей дауыс бердіңіздер?

– Біз Орталық Комитетті толықтай қолдадық.

– Ал, халық қолдамады, наразылық білдірді. Демек, сіздер халықтың пікірін білмедіңіздер. Немесе білсеңіздер де Орталыққа шындықты жеткізбедіңіздер.

– Қайталап айтамын, біз Орталық комитеттің кандидатурасына қолдау көрсеттік.

– Мен де қайталап айтамын. Одақтас республиканың партиясы ретінде сіздер партия жарғысында көрсетілген хұқықтарыңызды толық пайдаланудан жасқанып, балама кандидатура ұсынбадыңыздар. Орталықтың қабағынан қаймығып айтқанына көніп, айдауымен жүріп бердіңіздер. Өйткені халықтың қамын емес, өз қамдарыңызды ойладыңыздар.

– Сіз жалпы сөзбен ғайбаттауды қойыңыз.

– Бұл жалпы сөз емес. Комиссия тексеруінің қорытындысы.

– Нақты мысалыңыз жоқ.

– Мысалдың көкесін айтып отырған жоқпын ба? Жастардың шеруге шығуы Сіздердің ылғи жауапкершіліктен қашып, жалтарма саясат ұстануларыңыздың салдары. Демек, желтоқсан көтерілісінің шығуына, жастардың аяусыз жазалануына сіздер де кінәлісіздер. Қабылданған құжаттар мен атқарылған жұмыстардың арасындағы кереғарлық, де-





мек, қағазда бәрі орындалғанымен іс жүзінде орындалмауы осындай қорытынды шығаруға жетелейді.

– Мына айтқандарыңыз комиссия жұмысының қорытындысынан гөрі ғылыми-сараптамалық мақаланың қорытындысы болып кеткен бе, қалай? – Өрісбектің езуіне қайтадан мысқыл үйірілді.

– Арнайы мақала жазудың да керегі жоқ. Пәтерсіз жүрген көпбалалы бір ананың жергілікті атқару органдарынан бастап, Орталық комитетке дейін жазған арыздары мен оларға қайтарылған жауаптарды көшіріп жарияласа жетіп жатыр. Эпистолярлық жанрдың жаңа нұсқасы болып шыға келеді. Сіздердің жұмыстарыңыздың нағыз айнасы сол жалтарма жауаптар. Міне, қазір де сіз «сөйлей бер, қанша шуласандар да бәрібір маған тікелей кінә арта алмайсың, өйткені бәрінен жалтарып кеттім» деп мені мысқылдап отырсыз. Бірақ, шағымданушылардан жеке-жеке жалтарғандарыңызбен бәріңізге наразы болған халық шыдамы таусылған күні осылай қопарыла көтеріледі екен. Комиссия жазатын қорытындыда біз осыларды сөз бен істің арасындағы алшақтықтардың нақты мысалдары ретінде келтіретін боламыз. Ал, ол құжаттардың көпшілігіне қол қойған сіз.

Осы уақытқа дейін Өрісбектің езуінен кетпей қойған келеке күлкі ілезде жым-жылас болып, орнына бір бейкүнәлік пайда бола кетті. Ал, Мекемтастан мысын асырып тұрған мысқыл ілезде сөніп, әп-сәтте аянышқа оранып ала қойды. Даусына да жалыныш кіріп:

– Мені онсыз да Қонаевтың інісі, көзі, партияны оның құйыршықтарынан тазарту керек деп үстімнен арызды қарша боратып жатқандар жетерлік. Соларға енді сіз қосылмақпысыз, көкем-ау! – деп енді аянышты түрмен сайрады.

Бірақ оның бәрі «ағасына» түк әсер етпеді. Қызынып алған Мекемтас айтарын айтып болғанша тоқтайтын түр байқатпады. Мына мүләйім кейіпке кірген кабинет иесіне өзінің қысық көзін тіктеп қадап алып, бүтін бір аудиторияға дәріс оқып тұрғандай жалғастырды.

– Бұндай наразылық елімізде бірінші рет болып отырған жоқ, – деді ол. Сонау он алтыншы жылдан бері архивтерден шамалауымша жүздеген көтерілістер болды.





Әсіресе, тәркілеу, ұжымдастыру кезінде жиі өтті. Одан бергі Теміртау жұмысшылары наразылығының, Ақмоладағы халық шеруінің куәгерлері әлі арамызда жүр. Ол көтерілістердің қалай басып-жаншылғанын билік жасырғанымен көзі көргендер ұрпақтан ұрпаққа жеткізуде. Ғылым мен техниканың дәуірінде өткен желтоқсан көтерілісін жасырып-жабу, тіпті мүмкін болмады. КСРО көлемінде бұзақы, нашақорлардың ісі деп халықты алдаусыратқанымен ғарыштағы аппараттар арқылы түсірілген көріністер шет елдерде кеңінен көрсетілуде. Рас, нақты қанша адамның қаза тауып, зардап шекенін, сұп-сұр ғимараттардың сұп-суық жертөлелерінде жастарға көрсетіліп жатқан зорлық-зомбылықтарды ашып әшкерелеуге халық құрған комиссиясының да қолы қысқалық етіп отыр. Бәрібір басты айыпкер билік екеніне еш күмән жоқ. Оның ең басты дәлелі талап-тілектерін ескерудің орнына жастарға қара күш пен қару қолданып, көтерілістің басып-жаншылуы. Ал, тікелей айыптыларға келетін болсақ, олардың есімін қазір сізге атап бере алмаймын. Өйткені комиссия өз отырысында ол тізімді талқыға салып, қатаң сұрыптап, баспасөзде жариялайтын болады. Осының бәрін мәлімдей отырып, біз сіздермен жұмысымызды аяқтаймыз,— деп бітірді сөзін Мекемтас.

Бұл кезде Өрісбектің әңгіме барысында ене қойған бейкүнә, аянышты кейпі ілезде қайта құбылып, қабағы қалындап, көз алдының өсіңкі еті бадырайып шығып келе жатты. Талай құқайды көрген тәжірибелі шенеунік сонда да кеңсе әдебін қатаң сақтап жүзіне жылылық кіргізген болды халық құрған комиссия төрағасының орынбасарымен қоштасарда. Алайда бұл Түлкібастағы ақпанның аяққы ашық күндерінде мұздың бетін ғана жылтырататын өткінші жылымық екенін, ал аржағында әлі тундраның тоңы сіресіп жатқанын сезінді Мекемтас. Жер өз өсінен бірте-бірте жылжығанда ғана жібиді тундраның тоңы. Адам санасының да айналдырып тұрған белтемірі бар ма сонда? Ол жылжымай адам санасының тоңы жібимей ме? Мекемтас қаланың бас, кеңсесінің есігінен бір сұраққа жауап аламын деп кіріп, жаңа сұраққа жауап іздеп шықты.





Желтоқсан көтерілісі кезінде хұқын асыра пайдаланып жастарға зәбір көрсетті деп комиссия таныған орган қызметкерлері мен шенуніктердің тізімі баспасөзде жариялануын жарияланды-ау. Бірақ, қоғам айыптап баспасөзді шулатқанымен оларды билік аса жазғыра қойған жоқ. Кейбіреуін жылы орындарынан жылжытумен ғана шектелді. Есесіне, ұшқыннан жалын лаулады. Қазақ жастарының ереуілі бүкіл одақты шарпыды. Мұның аяғы халық депутаттарының Бүкілодақтық құрылтайларын шақыруға ұласты. Үйде отырған Мекемтас сол құрылтайда Тбилисидегі, Вильнюстегі көтерілісшілерді жаза-лағандар жария айыпталып жатқанда, олардан бұрын болған Алматы көтерілісі туралы ешкімнің жұмған аузын ашпауы қанын қайнатып, намысын ойнатты. Ол сол құрлытайға делегат болып қатысып жатқан Мұхтар Шахановқа хат жазып, оған өзі зыр жүгіріп жүріп көптеген ел зиялыларына қол қойғызды.

Сөйтіп, баяғы Желтоқсан комиссия қолдау көрсеткен жігіттердің бірін «осы хатты Мұхтардың қолына тікелей табыс ет» деп тапсырып, ұшақпен Мәскеуге аттандырды.

Кейін байқаса, депутаттарға мұндай аманат арқалатқан азаматтар аз болмапты. Бірақ, солардың ішінде нағыз ерлік көрсеткен Мұхтар Шаханов болды. Ол Арал проблемасын қозғаймын деп сөз алып, Алматы көтерілісінің егжей-тегжейін съезд мінберінен бүкіл әлемге жария етті. Сол сәтте Мекемтасқа көзін ашқалы көріп келе жатқан мемлекетіндегі жеке адамның дара билігінің сірескен мұзы қарс-қарс айырылып, саясаттың сеңі қозғалғандай көрінді. Желтоқсан көтерілісінде солдаттардың керзі етігінің табанымен тапталған бәйшешектердің орнында жаңа жауқазын гүлдер хауызын ашып, Алматы біртүрлі алаулап бара жатты ол үшін. Сол алауды аялаған самал оның көптен шырығып жүрген жүйкесін босатып, ішіне тартып алған тынысын еркін шығаруына мүмкіндік бергендей болса да, бұның бәрі жоя алмаған бір түйткіл жандүниесінің түкпірінде тұрып алды. Ол түйткіл саясаттағы жылымықтың санадағы көрінісі әлі алдамшы екенін сезінуден туған еді. Жүректен әмір келмей жатып саясаттың сан түрлі құйтырқылығына бой алдырып қоятын сананың жылтырағанға алданып, артынан опық





жеп қалатынын Мекемтас ғалым ретінде жақсы түсінетін. Сондықтан да сананы адамгершілікті темірқазық етпеген алдамшы саясаттың сайқалдығынан сақтап, жүректің жолымен жүргізбек керек. Ол үшін ұлт ұстазы Абайды, сіңірмек керек әрбір жүрекке. Енді бұл кезде қаулап кеткен түрлі комиссиялар мен ұйымдардың тапсырмаларымен шапқылай бермей, қаламын қолына қайта алып, үстеліне көбірек отырғанды қалады Мекемтастың жаны.

Абайды алға тартудың алғышарты ретінде ол алдымен баяғы «Қазақ қалай орыстандырылды?» атты мақаласын жариялатпақ болып, редакцияларды қайта жағалады. Біразынан тауы шағылып келе жатып «Қазақ әдебиетіне» кірген. Бұл газетке бас редактор болып жақында ғана белгілі жазушы Төлен Әбдіков келген-ді. Бұрын партияның Орталық комитетінде істеген жігіт бұндай тақырыпқа кіді қарар ма екен деп күдіктенсе де басқа барар жері қалмаған. Төлен кейін келіп жауабын білерсіз деп сыпайы шығарып салмастан немесе бір қызметкеріне сілтеп жіберіп өзінен қашыртпастан көлемді мақаланы тура сол арада ерінбей-жалықпай оқып шықты. Оқып шықты да, Мекемтастың меселін қайтарған өзге редакторлар құсап ат-тонын ала қашпай немесе екі ойлы болып езбелік танытпай еш жүрексіңбестен бірден «жариялаймыз» деді.

Бұл жауапты естігенде қашан оқып шыққанша шыдамы әзер жетіп, қалай болар екен деген күдікпен күпті көңілінің тасығаны сонша, еңсесін басып келген зіл батпан екі иығынан ауып түскендей болып орнынан қалай атып тұрғанын байқамай да қалды Мекемтас. Бұл кезде кабинетке редактордың шақыруымен газеттің бөлім меңгерушісі Дидахмет Әшімханов кірді.

– Мына мақаланы келесі санға дайындаңдар. Өзің білесің ғой жымқырып басу керек, – деді оған Төлен.

– Түсінікті, айтқаныңыздай болады, – деді алдымен мақаланың тақырыбын оқып алып жадырай күлген өзі де ұлтжанды жазушы Дидахмет.

– Жымқырып басу деген не? – деп сұрады Мекемтас дәлізге шыққан соң Дидахметтен.





– Көзге ұрмайтындай етіп айқайлатпай жариялау. Ол терген әрпіне, қойған тақырыбы мен айдарына орналастырған орнына байланысты. Ал, бірінші бетке әдейі кезекті бір науқандық материал айқайлатып беріледі, – деп түсіндірді көптен сыйлас сырмінез ағасына Дидрахмет. – Бірақ, еш қорықпаңыз. Бұндай материалды көпшілік бәрібір оқитын болады.

Дидрахметтің айтқаны келді. Мақаланы қанша «жымқырып» басса да оқырманы көп болды. Мекемтасқа телефон шалып, пікірін білдіріп жатты олар. Әсіресе, бір қарт ұстаздың пікірі ол үшін ерекше тосын сый болды. Қарт Мекемтастың қызметі Әуезов үйінде екенін сыртынан біледі екен. Әдейі іздеп келді кабинетке.

– Шырағым, мен ҚазПИ-ді алғашқы бітірушілердің бірімін – деді ол. – Есімім Байбосын. Байбосын Қаймолдин. – Ахмет Байтұрсыновтан, Сәкен Сейфулиннен, Мұхтар Әуезовтен дәріс алдым. Шіркін олардың ойы да, ісі де кесек халқым деп құлшынған ерлер еді ғой шетінен. Мұхтар Әуезовтен басқасы «халық жауы» деген жаламен атылып кеткеннен кейінгі сөз ұстағандардың көбі көзін ашпай жатып енесінен айырылып ауызданбай қалған күшіктей болып ұсақтап, тышқаншылап кетті. «Бізде бәрі жақсы, керемет тең хұқылы өмір сүріп жатырмыз, енді аз шыдасақ коммунизмге жетеміз» деген халықтың басын жадылаудың жарысына түсіп кетті олар. Ал, сенің мына мақалаң сол жадыланып қалған санамызға сақ етіп тиіп, оның буалдыр пердесін дар еткізіп айырып жібергендей әсер етті. Отыз жеті-отыз сегізінші жылдары өлгенім тіріліп, өшкенім жанғандай қуандым. Рахмет қарағым, – деді.

– Сізге рахмет, көңілімді көтеріп тастадыңыз, – деді Мекемтас. Содан соң сәл мүдіріп барып:

– Арыстардың аманатын көкірегіңізде түйіп жүргеніңізге рақмет, – деп қосып қойды.

– Жетесіз емес едік қой. Неге ұмытайын, – деді Байбосын. – Бірақ, ішімізден тынып жүруге мәжбүр болдық. Хрущевтың жылымығынан кейін сен көтерген мәселелердің бірсыпырасын жазсам қайтеді деп мен де талай оқталғанмын.







Артым шыдамады. Өзімнің артым шыдамаса да, менен гөрі жүрегі түкті біреу жазса екен деп тілеуін тілеумен болдым.

Сондай халықпыз ғой біз. «Бір өлі, бір тіріде» ғана басымыз қосылып, бауырымыз езіліп тұрады да, қалған уақытта әрқайсымыз өз қарабасымызды қорғалаумен күніміз өтеді.

Бәрін түсініп, біліп тұрған көкірегі сара қартқа құрғақ ақыл айтқандай болмайын деп бағанадан бері алғысын білдіргеннен өзге артық әңгімеге бармай тұрған Мекемтас осы жерде шыдай алмай:

– Енді жазсаңыз да кештік қылмайды, қайта көп болып қолдап кетсеңіздер сананың сағым пердесі біржола сыпырылып түседі, – деп қалды.

– Оның рас-ау, бір мақаламен іс бітпейді. Мен жазар-ақ едім.

Бірақ, әлгі кіші баламды бір тәуір қызметке ұсынып жатыр еді, Мәскеу бекітетін көрінеді. Соған зияным тиіп кете ме деп тартыншақтап жүргенім, – деп ақтарыла салды Байбосын. Сырымды айтамын деп шынын айтып қойғанын сезген қарт іле-шала:

– Көргендерім мен түйгендерімді міндетті түрде естелік қылып жазамын, – деп қосып қойды. Төтеннен қойылған сұраққа жауабы сырғақтау шыққанын іші біліп ыңғайсызданды ма, әйтеуір одан әрі көп отырмай орнынан тұрып:

– Ел бұйдасынан айырылып, бас иесіз қалған бодан заманда Жаратқанның халқыма сені бергеніне шүкір, – деп Мекемтастың арқа тұсында ілулі тұрған Абайдың портретіне басын иді. Әрі қарай:

– Арыстардың арасынан Алла тағаланың сені аман қалдырғанына шүкір, – деп қарсы беттегі Әуезовтің портретіне басын иді. Содан соң:

– Сен де бар бол бауырым, – деп Мекемтаспен қол алысып қоштасты да, есікке қарай жүрді. Бағана басын әнтек көтеріп, еңсесін биік ұстап кіргендей көрініп еді. Ту сыртынан тым еңкіш тартып қалғаны байқалды Байбосынның.

Мекемтас жаңағы өтінішімен тасып келген көңілін басып қайтарған жоқпын ба деген сәл ыңғайсыздық сезінсе де бұл қарт оның жанын мерекеге бөлеп кеткен болатын. Бұл





замандағы жастар үшін жеті қат сандықтың ішіне құлыпталған қол жетпес қазынадай болып қалған Алаш арыстарының көзі тірі шәкірті өзін іздеп келгеніне масаттанған Мекемтастың көкірегінде:

*Жүректің көзі ашылса,*

*Хақтықтың түсер сәулесі.*

*Іштегі кірді қашырса,*

*Адамның хикмет кеудесі, – деп Абай жырлап*

тұрды.

Бұл күнде тоқсанға таянған Мекемтас бұдан кейін де талай елдің алғысына бөленді. Мемлекеттік марапаттарға да ие болды. Бірақ оның барлығы тап осы Байбосын қарттың алғысындай әсер етпеді оған. Тіпті кейінірек атышулы докторлығын өз айтқанынан қайтпай, еш өзгертпестен сол монографиясының негізінде қорғап шыққанда да ол «Қазақ қалай орыстандырылды?» атты мақаласы тұңғыш жарияланғандағыдай толқымады.

Тек, саясатта сан сапалақ майдандар ашылып, КСРО-ның қазығы босай бастауы ғылыми кеңестегі бұрын өзіне қарсы дауыс берген ғалымдардың Абайдың шығысына және сол шығысты тұмар құсатып тағынып алған өзіне деген көзқарасына да оң өзгеріс әкелгеніне қуанды.





\*\*\*\*\*

Демалушылар бос уақытында сапарлап қайтуы үшін шипажай әкімшілігіне тапсырыс берсе болды жеке қыдыра ма, тобымен сапарлай ма, бәріне лайықты көлікті керек уағына әзір етеді екен.

Міне, енді Мекемтас бұл жолы Қаратауды бетке алып келеді. Түркібасы шыңына шықпақ. Баяғыда диссертациясын қорғай алмай туған жеріне таяныш тілеп келіп, аманат арқалап кеткеннен бері отыз жылдан астам уақытта көп нәрсе өзгерді. Түлкібас атауын қойып Түркібасы атала бастаған шыңға бұл күнде арнайы жасалған басқышпен көтерілесің. Бетон басқыштың бір жағында ел ұстап көтеріліп-түсетін таяныш жақтау жүгіртілген. Кіре берісінде намазхана бар. Түркібасы шыңын халық шырқау ұшында бұлақ бұрқырап шығып тұрғандығынан ғана емес, бұл жерде қанды қырғын соғыс болып, сол шайқаста түрік түркештердің билеушісі Сұлық қаған араб басқыншыларын ойсырата жеңген тарихи орын болғаны үшін де кие тұта бастаған. 751 жылы Тараз қаласының іргесінде араб қолына қосылып, қытай әскеріне шешуші соққы берген түрік тайпалары оңтүстік-батыстан келген басқыншыларға да бағына салуды ойламады. Әсіресе, Түркештердің Сұлық қағаны көп шайқасты. Ұзақ ұрыстардан сансырап келген Сұлық қаған Алатау мен Қаратаудың қақ ортасындағы осынау оқшау шыңға бекінуге шешім қабылдады. Әрине, биікке бекінген әскердің өз артықшылығы бар. Өрмелеп, тырмысып келе жатқан жауды мысы да, күші де басып тұрады. Үлкен кемшілігі де бар. Айналасы ат шаптырым, жан-жағы жап-жалаңаш шыңды жау түп-түгел қоршап, бекінгендерді азықтан да, ауыз судан да қағады. Араб қолбасшысы Құтайба солай етті де. Тас қылып қоршап тастап басқа ішіп-жейтін ештеңе қалдырмады түрік түркештерге. Ал, өзі әскері мен аттарын тынықтырып, тойындырып, түркештер әбден ашықты, қаталап шөлдеді дегенде барып бастады шабуылды. Бірақ, Құтайба есептен жаңылыпты. Өз жерінде соғысқан Сұлық қаған оны алдаусыратып әкеліп арандатыпты. Шыңның ұшар басынан шығып жатқан бұлақ шөл-





детпепті. Қап-қап қылып жиып алған құрт пен ірімшік еш ашықтырмапты түркештерді. Есесіне қабырғалары ырсиған кәрі Қаратаудың ашық-жайдақ атбасындай домбаз тастарын ат шаптырым шынды айнала үйіп алыпты. Үйіп алыпты да жауды әбден жақындатып келтіріп алып, төбе-ден төмен қарай құлдыратады. Салмағы ауыр болған сайын жылдамдығы артып, оқтай зулайтын зілбатпан тастар төменнен тұтасып көтеріліп келе жатқан жаудың жан сауғалауына мүмкіндік бермей қашқанын құлатып, жатқанын жаншып жайпай береді, жайпай береді. Сөйтіп, аспаннан атылған тастардың астында қалады жау әскері. Сол ұлы жеңісті сыйлаған түркештердің Сұлық қағанының құрметіне жергілікті халық бұл шынды Түркібасы деп атап кетеді бұдан былай. Бұл оқиға да, оны еске түсіріп тұратын тау атауы да қылыштың жүзіне көнбеген түркілер келе-келе қасиетті Құран кәрімнің сөзіне иіп мұсылмандықты бір-жола қабылдаған соң да ұрпақтардың бірінен соң біріне өтіп айтыла береді. Әрине, Абай жазғандай Бұқарадан басқа атаулардың бәрін өзгерткен арабтар бұл оқиғаны да халық санасынан сызып тастауға барын салып бақты. Естен өше бастаған ескі заманда қытайдың, одан берідегі арабтың басқыншыларынан соң да сан сапалық жау сансыратты қазақтың даласы мен санасын. Сол сапалақтар бұл оқиғаны ұмыттырып, оны еске түсіріп тұратын атауды алмастырып Түлкібас атандырып жіберді.

Бірақ, «Қазақ қалай орыстандырылды?» атты мақаласының жарыққа шығуы қанаттандырып, елі мен жерінің отарландырылуы тарихын қопара зерттеген Мекемтас адам жаны дегеннің керемет сірі болатынына көзі жетті. Үш иірімнен – қытай, араб-парсы, орыс-еуропа иірімдерінен аман-есен шыққан халық есінің қатпар-қатпар, қыртыс-қыртысына ерінбей әрі біліктілікпен үңіле берсе қуат берер көне-нің көзіндей небір деректер бар екен. Түркістанда жаңадан ашылған Қазақ-Түрік университетіне ауысып келген соң ол жиі-жиі ел жадындағы сөз бен ой жәдігерлерін жинап жүріп кездестірді осынау аңызды. Бірақ, аңыздың аты аңыз. Оны жазба деректермен растау үшін ғалым өзінің жетекшілігімен





диссертация қорғаған қытай тілін бір кісідей білетін ұлтшыл азамат Әлімғазы Дәулетханға арнай тапсырма беріп, Түрік қағанатынан кейін тарих сахнасына шыққан Түркеш қағанаты туралы монография жаздырды. Әлімғазының бұл еңбегі арқасында қытай архивтерінде сақталған Сұлық қаған мен ол билеген империя туралы көптеген тың деректер ғылыми айналымға түсіп, қазіргі қазақтар үшін ата-бабаларының азаттық жолындағы айқастарының жаңа беттері ашылды. Түркібасы шыңындағы шайқас туралы аңыз да сол шындықтармен негізделеді.

Міне, сол Түркібасы шыңына тәу етуге шұбырған үлкен-кішінің арасында көптің бірі болып көтеріліп келеді Мекемтас. Алыс-жақыннан, тіпті өзге елдерден де келіп жатқан көпшілік, әрине, бұл шыңның тарихын ашып беріп, оның киелі орынға айналуына себепші болған ғалым өздерімен қатар келе жатқанынан бейхабар.

Қағылез қарт сол көпшіліктің дүрмегінен қалыспай шыңның ұшар басына дейін төселген баспалдақтың орта тұсындағы шағын алаңқайда бір демалып алып, қайта жүрді. Оза, бірлі-жарым жастар озып жатыр қаны ойнап, күші тасыған. Биікке көтерілген сайын көз көрім жер кеңейіп, айналасы ашыла түсті. Бірақ, тау дала емес. Мұнда көк жиегі шектеулі. Есесіне даладағы сияқты сағыммен араласып салбырап тұрмайды көктің етегі. Тәкәппар таулар кереге болып керіліп, көксүңгі шыңдар уық болып шаншылып, аспан-шаңырақтың айбынын одан сайын асырып тұрады. Дала қиыр шексіздікке бастаса, тау шырқау шексіздікке бастайды.

Міне, өзіне баяғы бала кезінен таныс Алатау мен Қаратауға екі жағынан іліп қойған аспалы бесікті еске салатын аңғар толығымен тербеліп шыға келді алдынан.

Шыңның тап етегіндегі Ванновка бұл күнде Тұрар Рысқұлов ауылы атанған. Одан әрі бұрынғы Высокое, Корниловка, Антоновка деп көбіне отарлаушылардың есімдерімен аталатын елді мекендер Шақпақ ата, Кершетас, Жасыкешу болып, халық жадында бойтұмардай сақталып келген байырғы тарихи атауларымен қайта қауышқан.





Қос таудың етегіндегі қос өзен Арыс пен Құланды бойлай қоныстанған сол ауылдарға қарап енді ғалымның көңілі тоғаяды. Ежелгі Жібек жолының бойындағы ескі қоныстардың орнындағы бұл ауылдар қаздай тізіліп кетіп бара жатқан керуенді келтіреді көз алдына мына биіктен. Қанша ғасырдан кейін өз атауын қайта тауып, маңып бара жатқан керуен.

Әрине, елді мекендердің ежелгі атауларын қайтару оңай шаруа болған жоқ. Ол үшін халықтың тарихи жадын жаңғыртатын ғылыми дәйектер қажет екенін Мекемтас тереңімен түсінді. Түсінді де, өзінің академиядағы жоспарлы жұмыстарымен қоса қабаттап баяғы «Ванновка аталуының сыры неде?», «Қазақ қалай орыстандырылды?» мақалаларында бастаған зерттеулерін одан әрі жалғастырды. Өзі әдебиетші бола тұра топономика мен аномастикаға ойысып, тілші ғалымдардың өрісіне түсуді азаматтық борышым деп білгендіктен де солай етті. Қоғам құмарта қабылдағанымен билік бұндай зерттеулерді қажетсіне қоймаған кез еді ол. Сондықтан тікелей тиым сала алмаса да, елеусіз қалдыруға немесе қиялап әкеліп керексіз етуге тырысып бақты. Өйткені желтоқсан көтерілісінен кейін біраз демократия ойынын ойнағанымен билік өзінің түп мақсатынан тіпті де ауытқыған емес-ті. Керек болса осы демократия ойынын өзінің жымьсықы саясатын жүзеге асыруға пайдалана білді. Мәселен, қазақ тілін бір жылда үйреніп аламын, жиналыстарды қазақша жүргіземін деп уәдені үйіп-төгіп қобалжыған қоғамның көңілін алдарқатқан жаңа басшы іс жүзінде даңғаза-думанды шаралар өткізуден өзге ештеңе тындырмады. Қайта баяғы патша шенеуніктері салып берген сара жолмен елдің атқа мінген, сөз ұстаған игі жақсыларына шен-шепкен жауып, өз көкейіндегіні солардың аузымен айтқыза бастады. Бір күні кабинетіне Ғылмат кіріп келген. Түрі өрт сөндіретей болып түтігіп кетіпті.

– Оқыдың ба ақсақалымыздың сұхбатын? – деді ол айжай жоқ.

– Жоқ, – деп жауап берді түк түсінбеген Мекемтас.

– Оқымасаң оқы, «қазақ тілімен бірге орыс тіліне де





мемлекеттік мәртебе беру әділеттілік болар еді» депті ақсақалымыз.

– Тоқташы, сен қайта-қайта ақсақалымыз деп кімді айттып тұрсың?

– Кімді болушы еді. Тіл білімі институтының директоры, академик Ісмер Теңесбаевты айтамын.

– Мәссаған, «сенген қойым сен болсаң...».

Осылай деген Мекемтас одан әрі үні шықпай, тығылып отырып қалды. Түрлі қитұрқы саясаттардың салдарынан өз жерінде азшылыққа ұшырап қалған қазақ тілін ресми, ғылыми қолданыстан ығыстырып, оның тұғырына онсыз да қонып алған орыс тіліне мемлекеттік мәртебе берудің ақыры неге апаратынын басқа-басқа Мекемтас жақсы білетін еді. Ол Кеңестер Одағы құрылғалы бері республика мәртебесін ала алмаған қаншама халықтардың тілдері жойылып, өздері орыстанып кеткенін санап, есептеп, себеп-салдарын саралап жүрген болатын. Сөйтіп, патша билігі аяқтай алмаған орыстандыру саясатын коммунистік билік аса табысты жүзеге асырып жатқанына көзін әбден жеткізген. Мына әрекетіне қарағанда отаршыл билік тек мұнымен ғана шектеліп қалғысы келмеді. Республика мәртебесі бар ұлттардың ішінде «жұтып жібергенде қылтанағы тамаққа қадалмайтыны» осы қазақтар деген ойынан еш айнымапты.

Жиырманшы жылдары Алаш арыстарының арқасында автономия алған, артынан Одақтас республика мәртебесіне қол жеткізген қазақтарды алдымен ашаршылыққа, қуғын-сүргінге ұшыратып қырды, бостырды. Артынан тың көтеру мен индустрияландыруды желеу етіп, өзге халықтарды қисапсыз көп қоныстандырды. Тіпті жерін бөлшектеп, өзге республикаларға таратып жібергісі де келді.

Енді, міне республикада қазақтардың азшылық болып қалғанын желеу етіп, орыс тілін мемлекеттік тіл етіп бекіткісі келеді. Ең жанға бататыны оны қазақтардың өз қолымен жүзеге асырмақ.

– Тамаша ойластырылған спектакль екен, – деді әлден уақытта үні шыққан Мекемтас. – Несін айтасың, шебер режиссура.





– Бас рөлге таңдаған әртісін айтсайшы, – деп қостады оны Ғылмат. – Нағыз өз ісінің маманы, беделдісі. Оның аузынан шыққан сөзді қалған тілші ғалымдар тұмар ғып тағынып, жалау ғып желпілдетеді. Қазақ тілінің шырақшысымын деп жүргендердің ауыздары қисайған соң, өзге жұртқа не жорық. Жалғыз ешкінің соңынан еремін деп қасапхананың пышағына туралғанын білмей де қалатын коралы қой сияқты ғой халық.

– Бірақ, қой екеш қой да жаны шығарда тұяғын серпеді. Біз де қарап қалмауымыз керек, – деді Мекемтас.

– Сонда не істей аламыз?

– Біз де желтоқсан жастарының қанымен келген демократияны өз пайдамызға жаратуға тырысамыз. Мақалалар жазамыз, ұйымдастырамыз. Конституциялық хұқымызды қорғаймыз.

– Сол конституция дегенің қолданыстан шығып қалған музейдің экспонаты сияқты болып қалды-ау бұл күнде.

– Ал, біз қолдану керектігін есіне саламыз.

– Сен есіне салған бапты өз қолайына лайықтап өзгертіре салады қолбала депутаттарға.

– Қалай да қарап отыруға болмайды. Әйтеуір біреу бастау керек қой. Қасапханаға бастап кірген ешкі өзенге де бірінші түсіп, өткелден өткізеді.

– Менің білетінім, – деді Ғылмат, – басшысына қарсы мақала жазуға біздің институттан ешкімнің көңілі дауаламайды. Жастар жағынан шықпаса...

– Жастарды қазір салуға болмайды. Ә, дегеннен шайнап тастайды. Олардың кезегі келер.. – деді Мекемтас.

– Әрине, алғашқы мақаланы Теңесбаевтан беделі кем түспейтін біреудің жазғаны дұрыс болар еді, – деді Ғылмат.

– Қалтай Мұхаметжановпен ақылдасып көремін, – деді бағанадан бері ойын ары-бері жүгіртіп отырған Мекемтас бір тоқтамға келіп. – Бір жазса, сол кісі жазады.

– Онда тіпті қатып кетер еді, – деп қоштады Ғылмат. – Халық жазушысы. Әділдігімен аты шығып жүрген зиялы.

– Қалекенмен талай пікірлескенмін. Көп жағдайда ойымыз бір жерден шығатын. Қарсы болмас деп ойлаймын.







Қарсы болмас деймін-ау, көр де тұр, осыдан ол кісі құлшына кіріседі.

– Келісер де, жазар да, бірақ ол мақала ғылыми деректерге негізделмеген жалаң ұран болып кетпесе, – деп Ғылмат өзінше күдік айтты.

– Нені, қалай жазуды жазушы өзгеден артық білмесе кем білмейді. Оның үстіне Қал-ағаң өте білімді қаламгер. Ал, осы екі институттан деректер керек болса, біз екеуміз тауып береміз. Солай емес пе? Әлде сен тағы да өз басшыларыңнан қорғанып тайқып кетесің бе? – деп Мекемтас баяғы желтоқсан оқиғасынан кейін партия құрмақ болғанында Ғылмат жанына ілескен жастарымен бірге қосылмай қойғанын есіне салып.

– Ол кезде басшымен арамыз қайта жақсы еді. Қазір тіпті қиындап кетті, – деп Ғылмат күрсініп салды.

– Фразеологиялық сөздігіне қажетті мысалдарының бәрін саған жинатып, түк қатысы жоқ ғылым докторын кітаптың бас редакторы етіп бекіткеніне ренжіп жүр деп еді жүрт сені. Рас болды ғой.

– Е, қиын замандарда қорқып сөз тіркестерін қай әдебиеттерден алғанын жойып жіберген ғой ол кісі. Соның бәрін қалпына келтіргеніміз рас. Нұргелді Уәли бастаған бірнеше жас жігітке қайда, не бар екенін айтып бағыт сілтеп отырдым. Өзім де қордағы ескі әдебиеттерден тіркестер тізбектеумен көп уақытымды өткіздім.

– Енді не жорық?

– Ол кісі дәл сондай етіп, тағы бір кітабын жасап беруімді өтінді. Мен тоқтап қалған зерттеулерімді жалғастыратынымды айтып келіспедім. Сол-ақ екен алдында ғана көңілді отырған көкемнің көзі аларып кетті. «Сен өзің оңбаған тілазар бала екенсің ғой. Маған мұндай қызметкер керек емес» деп тарс кетті.

– Сіздің жеке жұмысыңызды істеп берсем, жақсымын да, өзімдікін атқарсам жаманмын ба? – деп мен де тік кеттім. Содан бері ит пен мысықтаймыз. Сірә, мен докторлығымды қорғамай өтетін шығармын өмірден.





– Қандай қадамға баратыныңды өзің білесің. Бірақ, меніңше безбенге қазақ халқы түсіп тұрғанда диссертацияны ойлап жататын кез емес.

– Мен де соны ойлап тұрмын.

– Сенің азаматтығыңа ешуақытта күмән келтірген емеспін, – деді жауабына риза болған Мекемтас. – Керек болса, жағдайды менен де дәл бағалай білетініңе үнемі тәнті боламын. Партия құру ерте екенін сен дәл айтыпсың кезінде. Қазір де жағдайды дұрыс бағалап тұрсың.

– Түсінген адамға енді шегінетін жер жоқ екені рас, – деді Ғылмат.

– Енді ана тіліміз үшін айқасқа мен докторлығымды бәске тіктім. Нар тәуекел! – деп досымен қол алысып қоштасқан.

Мекемтас сол күні-ақ газеттегі мақаланы толық оқып, артынша Қалтай Мұхаметжановпен сөйлесті. Қал-ағаң да қатты наразы болып отыр екен. Қарсы мақала жазуға бірден келісім берді. Ойы жүйрік, өрісі кең кісі ғой Ғылмат екеуі дайындап бергеннен де бөлек деректермен қоюлатылып, сатириктің уытты тілімен ойнап шыға келген бұл мақала зиялы қауымды дүр сілкіндірді. Енді Теңесбаевтың пікіріне қарсы қоғамдық наразылық күшейеді деп қуанды Мекемтас пен Ғылмат.

Бірақ, билік те қарап жатпапты. Қазақстан Жазушылар одағына, әдебиет пен өнер және тіл білімі институттарына академик Теңесбаевтың пікірін талқылап, мақұлдау жөнінде нұсқау беріпті. Бұл деген сөз, қазақты тырп еткізбейтіндей етіп тура жаналқымынан алып, тілінің жаназасын өзіне шығартумен бірдей еді. Ал, бұл кезде қайтсем нормамды асыра орындап өзгеден озамын деп бір-бірімен социалистік жарысқа түсіп қызыл туды алаулатып, ұран сөздерді жалаулатып жатқан халық баяғы сол жауып жатқан жаудың оғын, одан баудай түсіп сұлап жатқан өзін көрмесе көтерілмейтін көнтерілігіне басып, мақтамен бауыздалғанын білмей де қалады. Отаршыл билік осылай ойластырыпты. Ал, халықтың бетке ұстарлары – ат төбеліндей ғалымдары мен ақын-жазушылары қалай ойлайды? Жеп отырған нанымнан айыры-





лып қаламын деп қорғалақтап, биліктің дегеніне жығыла ма, жоқ «жаным арымның садағасы» деген ата өсиетін ұстанып, қасқайып қарсы шыға ма? Мәселе осыған келіп тіреліп тұр. Әрине, билік бұл талқылауға әбден тыңғылықты дайындалып жатыр. Институт басшылары жекелеген ғалымдарды ә дегенде суырылып сөйлеп, елді өзіне тартып әкетуге әзірлеп қойған болуы да мүмкін.

Сондықтан Мекемтас та қарап жатпай алдын ала жұмыс жүргізгенді жөн көрді. Бұл кезде ол кәсіподақ комитетінің төрағасы болатын. Бастауыш партия ұйымы орталықтың пікірінен аса алмайтынын білгендіктен де ол кәсіподақ беделін барынша пайдалануды жөн көрді. Осы қоғамдық жұмысының арқасында институттың барлық қызметкерлерімен жақынырақ танысып біразына қолынан келген көмегін көрсеткені де бар-ды. Әсіресе, жастармен жақын араласты Ғылмат екеуі. Екі институттың жастарының басын қосып, Абай ілімі туралы әңгімелер өткізіп бергені де бар. Мына жиналыстың алдында сол таныс-білістігін барынша пайдаланып бағуға тырысты ол. Көбісімен жеке-жеке әңгімелесіп сыр тартты. Келер ұрпақ алдындағы жауапкершілігін еске салып, намысын жаныды.

Әйтеуір атақты ғалымдар тайсақтаған күнде де жиналыс жастардың есебінен Теңесбаевтың өзін айыптап шешім шығаратындай көпшілік дауысқа ие болуының қамын жасап бақты. Дегенмен аға буын атақты ғалымдардың ішінен біреуі сөз бастағанын жөн көрген. Ол ойлап-ойлап келіп Ахманкүл Келдібаевқа тоқтады. Исі түркі халықтарының жоғын жоқтап, мұңын мұндап мақала жазып жүрген Ахманкүл екеуінің көп пікірлері үйлеседі. Баяғыда диссертациясын басқалар түкке алғысыз етіп жатқанда шырылдап араша түскен жанашыр жан. Сөйлегенде аудиторияны үйіріп әкететін шешен. Ахаң бастап берсе, аржағын біздер кандидаттар, аспиранттар әрі қарай қолдап-қолпаштап кетер едік деп ойлады Мекемтас.

Абырой болғанда Ахманкүл кабинетінде жалғыз отыр екен. Жазып жатқан жұмысының үзілгеніне түк ренжіместен көңілді амандасты. Мұны жақсы ырымға жорыған





Мекемтас бірден келген шаруасына көшіп, алда болғалы тұрған жиналыс туралы айтты.

– Хабардармын, – деді Ахманкүл.

– Хабардар болсаңыз, өз пікіріңізді түйіп үлгерген шығарсыз.

– Менің пікірім баяғыдан белгілі емес пе саған. Екі бірдей мемлекеттік тіл керек емес біздің республикаға.

– Ендеше жиналыста сөзді сіз бастап, осы пікіріңізді елдің алдымен айтсаңыз қайтеді? Сонда басқаларды соңыңыздан ертер едіңіз.

Мекемтастың бұл ұсынысын естігенде Ахманкүлдың жүзі лезде қабартып шыға келді. Тіпті бұрынғы байсалдылығынан айырылып, қозғалақтап кетті. Жауапты да бірден бере қоймай түнеріп отырып алды. Жаңа ғана өзін жайдары қарсы алып есен-саулықты елпілдей сұрасқан жанның енді үнсіз отырып алғаны Мекемтастын да көңіліне қобалжу кіргізді.

Бірақ, жамандыққа жорығысы келмеді. Ғылыми ортада беделі бар, ал қалың бұқараға кең танымал ғалымның аузынан «жарайды, сөйлеймін» деген сөз естігісі келді. «Иә, мен білетін Келдібаев ертеңгі жиналысқа қатысқандардың арасынан алдымен сөйлеп, барлығының жігерін жанып, намысын қайрап, соңынан ертіп алуы тиіс. Сөйтіп, жиналыс екі мемлекеттік тіл керек емес деп қаулы қабылдап жоғарыға жөнелтеді». Мекемтастың көк дөненнен де жүйрік көңілі қанша қобалжыса да осыны естігісі келді. Ұзақтау үнсіз отырған Ахманкүл ақыры сөйледі. Сөйлегенде «Иә», «жоқ» деп кесіп айтпай тағы да сөз бұйдаға сала сөйледі.

– Мен ешуақытта өз пікірімнен қайтпаймын, – деді ол Мекемтасқа – Сен осыны біліп жүруің керек. Өзгелер де білсін. Осылай деді де, сенімен сөз бітті дегендей әлгінде жазып жатқан қағазын алдына қайта жақындатты. Бұған таңданыс білдірген Мекемтас:

– Ал, жиналыста сөйлеу жағы қалай болады? – деп қайта сұрады.

– Сөйледім ғой талай. Қазақ тілін қорғап мақала да жазғанмын.





– Ол мақалаларыңыз баяғыда жазылған. Ал, қазір жаңа шабуылға жаңа тойтарыс керек.

– Осы жолы мені қинамаңдар.

– Аха, осы жолы сөйлемеген сөз орталықтың түйесі көп-  
пірден өтіп кеткеннен кейін кімге керек?

– Барсындар ғой, сендер...

– Жоқпыз деп тұрған жоқпын. Жағдай бәріміз тартын-  
бай түгел сөйлеп, қарсылығымызды ашық білдіруімізді та-  
лап етеді. Бұл біздің ана тіліміз алдындағы бәріміздің па-  
рызымыз деп тұрмын.

– Мен, парызымды өтегенмін, өтеймін де.

– Кімнің алдындағы парызыңызды өтейсіз? Халқыңыз-  
дың ба, жоқ Смет Кеңесбаевтың алдындағы ма?

Бағанадан бері бұлталақтап ұстатпай қойған кабинет  
иесіне енді бұлтартпайтындай етіп қойды сұрақты Мекем-  
тас.

Өйткені Ахманқұл мен Ісмер екеуі екі өңірдің азамат-  
тары болғанымен тайпалас дегенді естіген-ді. Ертеңгі жина-  
лыста сөйлеуден бас тартуы – туысына қарсы келгісі келме-  
гендігінен бе деген күдік тудырған Мекемтастың көңілінде.  
Не де болса, соның анық-қанығын өзі айтуын қалаған.

Бұл сұрақты естігенде алпамсадай адам орнынан ыршып  
кетті. Ыршып кетті де:

– Үлкендердің жағасына жармасатын әдепсіздігің бар  
екенін байқап қалушы едім. Соны маған да істейін дедің  
бе? – деп ақшаң ете қалды.

«Маған да істейін дедің бе» деген сөзбен Ахманқұлдың  
баяғыда ғылыми кеңесте өзін қолдап дауыс бергенін бұлдап  
тұрғанын Мекемтас түсінді. Түсінгенімен ол жағдайды бү-  
гінгі жағдаймен салыстыруға келмейтінін айтып ақталғы-  
сы келмеді. Қазақ тілінің тағдыры қыл үстінде тұрғанда  
бір-біріне жасаған жақсылықтарын тергіштеп жатуды ұсақ-  
тық деп ұқты. Сондықтан алған бетінен ауытқымауды жөн  
көріп:

– Менің көкейдегі сұрақты қойғаным әдепсіздік болса,  
сіздің сол сұраққа бұлталақтатып тура жауап бермей отыр-  
ғаныңыз не болады? – деді.





– Не болушы еді? Үлкеннің ауанын байқаған соң ары қарай қазбаламай жайыңа кеткен жөн болады.

– Халық тағдырына қатысты істі орта жолда қалдырып кету – әдептілік емес, нағыз принципсіздік. Сондықтан мен нақты жауап алмай кетпеймін.

Соңғы сөздерін қадап айтқан Мекемтас қысық көздерімен қадала қарады Ахманқұлға. Тар бөлмеге сықысып әрең сиып тұрған абажадай үстелдердің ортасында көзге қораштау болып қылқиып көрінген жайшылықта аса сыйлас екі ғалым бір-біріне осылай ежірейе қарап біраз тұрды. Текетірес үнсіздікті ақыры Ахманқұл бұзды.

– Мына түрлеріңмен шалды ажалынан бұрын алып жейсіңдер. Аяшылық жоқ сендерде, – деді ол қажыңқы үнмен. Ал, Мекемтастың сыбызғының үніндей сызылатын жұмсақ үні бұрынғыдан да нығырлана түсті.

– Аға ұрпақты сыйлау керек екенін мен де жақсы білемін, – деді ол қызуланып. – Бірақ, алға бастаудың орнына, ағаң жолыңа қаратас болып жатып алса не істеу керек? Тоқтау су болып тосылып жата беру керек пе? Онда ол су шөліркеп күтіп отырған жеріне жетпей, жарым жолда сасып-құрттап жарамсыз болып қалмай ма? Бара-бара жерге сіңіп жоқ болады. Ал, жолындағы қаратасты бұзып-жарып өткен тау суы арнасын кеңейтіп, алысқа ағады.

Мекемтас сөзін аяқтағанда:

– Отыршы алдымен, – деп орын нұсқады одан оңай құтыла алмайтынын түсінген кабинет иесі. Өзі де ебедейсіз үлкен үстелдің төр жағындағы орнына қайта қонжиды. Содан соң қарсы бетте отырған Мекемтасқа ол да бір салиқалы ойлар айтуға тырысты.

– Табиғаттың өз заңы бар. Оны бұл жерге араластырма, – деді ол. Ал, қоғамның жайы мүлдем бөлек. Үлкенді сыйлап, алдынан кесе көлденең өтпрудің арқасында қазақ қауымы құрыштай берік бола білді.

Бірақ, Мекемтас үлкен айтты екен деп тоқтап, тосылып қалмады. Әдеп сақтап аяғына дейін тындағанымен тағы да өз уәжін алға тартты.





– Табиғат та, адамдар да бір жаратылыстың үйлесімімен өмір сүреді. Қазақ қоғамының үйлесімін бұзған отарлық саясат. Олар мыңжылдықтар қалыптастырған жақсы дәстүрлерімізді әдейі жоққа шығарып, өз заңдарын таңды. Ақыры келіп міне, тілімізге де ауыз салды. Ал, тіл біліміміздің ең ақсақалы отарлық саясаттың қолжаулығына айналды екен деп бәріміз қолжаулық болмаймыз, әрине. Қарсы дауыс береміз. Бірақ екі жарылсақ мақсатымызға жете алмаймыз. Оның үстіне қарсы дауыс бергендерді биліктің көкпарына ұшыратамыз. Олар аз адамды аямай жазалайды. Ал, бәріміз бірдей қарсы тұрсақ көпке топырақ шаша алмайды. Сондықтан сіздің беделіңіз керек болып тұр қысылтаяң шақта. Дауыс бермеуге шақырсаңыз ілесетіндер көп болады. Мен, сол үшін өтініп тұрмын бағанадан бері.

Ахманкүл дәл осы жерде бұлтара алмай:

– Мен кеше пірім болған, бүгін де пір тұтып жүрген ағамның жағасына жармаса алмаймын. Оған арым да, қолым да бармайды, – деп шынын айтты.

Бірақ, Мекемтас ғалымның бұл ойын естіген соң да кете салмады. Қазақ қоғамының өткенінен бүгінге тәлім боларлық бір жосынды жасы үлкен ғалымға енді өзі айтты.

– Хан талапай, Хан талау деген жосындарды білетін бе едінің? – деді қадалып сұрап.

– Хан талапайды білемін. Лауазымына лайық шапаны мен қалпағын кигізіп, ақ киізге отырғызып көтерген ханның ескі киімдерін тәбәрік көріп бір жапырақтан бөліп әкету.

– Дұрыс айтасыз, бұл ханға көрсетілген үлкен құрмет.

– Жәй құрмет емес, ханды кие тұту.

– Міне, сол кие тұтқан ханының мал-мүлкін талап алып жұртына жападан жалғыз үй қалдырып та кетеді қазақ.

– Қалайша? – деп таңқалды Ахманкүл.

– Соншама кие тұтқан ханы сенімінен шықпаса, енді не істеуші еді?

– Біз ағамызды жалғыз қалдыра алмаймыз.

– Онда ертеңгі жиналыста орыс тіліне Қазақстанда мемлекеттік мәртебе берілсін деп сөйлеңіз. Артынан осы ойыңызды бүкіл халыққа түсіндіріп, мақала жазыңыз ағаңызды қоштап.





– Сен не деп тұрсың? Мен ешуақытта қазақ тілінің мәртебесіне нұқсан келтіретін мақала да жазбаймын, сөз де сөйлемеймін.

– Сонда қалыс қалсам бүгінгілердің алдында да, болашақта да сүттен ақ, судан таза боламын дейсіз бе? Тап осы жолы қалыс қалу – қазақ тіліне жасалған опасыздық! Ол опасыздық үшін бүгінгі отарлық билік арқадан қаққанымен, келешек ұрпақ кешірмейді.

– Мен ғалыммын. Ғылым үшін менің қандай саясатты қоштағаным маңызды емес. Менің ғылыми еңбектерім маңызды.

– Түсінікті. Бүгін академик Теңесбаевтың қолындағы пышақпен ана тіліміздің алқымынан орып жібергелі тұрған отарлық билікке жағынып, ал ертең халқымыздың жадында тіл үшін күрескен қаһарман тұлға болып қалғыңыз келеді екен ғой. Қандай «ақылдылық!».

Абайды күңіреткен осы «ақылдылар» сол заманнан бері көбеймесе азаймапты-ау?! Кешегі төңкерістен кейін Қазақ Республикасының шекарасын белгілеп, Туын желбіретіп, мемлекеттік тілін бекітіп беріп, өздері құрбан болып кеткен Алаш арыстары сіздердің ойларыңызша «ақымақ» болған екен ғой. Арыстар бұл дүниенің тозағына түссе де ұлт мүддесін сатпаған еді, ал бүгінгінің «ақылдылары» ұлт мүддесін ойланбастан сатып, бұл дүниенің «жұмағына» бөленгілері келеді. Тіпті болашақ ұрпаққа тап-таза көрінудің де қамын жасап қойыпты. Аңқау басым соны сезсемші осы уақытқа дейін. Бірақ желтоқсанда басталған демократия желі сол сценарилеріңізді күлпарша қылып көздеріңізден бұлбұл ұшырып жібермесін. Жастар әперген жеңісті қайтып қолдан беруге болмайтынын арымен ұғатын ғалымдар ертең бұғынып қала қоймас. Ел екенін, азамат екенін көрсетер!

Баяғы Алтынсарин, Абай туралы дәрістерін оқығандағыдай ерекше шабытпен сөйлеген Мекемтас айтарын айтып салысымен қоштасуды да ұмытып, асығыс шығып кетті кабинеттен. Өйткені оның басына тағы бір қарекеттің қамы келіп қалған еді. Кең дәлізге шығысымен бүгін жастарды «Санасілкерге» қалай шұғыл жинасам екен деп ойлап бара жатты енді ол.







\*\*\*\*\*

Ертеңіне жиналыс белгіленген уағында өтті. Әдеттегідей үлкендер жағы қашқақтағандықтан көпшілік кәсіподақ жетекшісі Мекемтас Мырзахметұлының өзін жиналыстың төрағасы етіп сайлады. Мекемтас бұған басқалардай қарсылық білдірген жоқ, қайта қуанды. Өйткені төраға ретінде елдің алдымен кіріспе сөз сөйлеп, көпшіліктің бетін бұруға тамаша мүмкіндік туды. Оның сөзін кеше кешкілік «Сана-сілкерге» жиналған жастар бірінен соң бірі қоштап кетті. Аға буын өкілдері де қалыспады олардан. Сөйтіп, не керек, жиналыс Қазақстанға қазақ тілінен басқа екінші мемлекеттік тіл керек емес деген қаулы қабылдады. Осылай көңілін бір демдеп алған Мекемтас жиналыс біте сала тіл білімі институтына жүгірді.

Өйткені дәл осындай жиын оларда енді басталатын еді. Бұл жерде жағдай ауырлау болады деп ойлаған ол. Өйткені Ісмер Теңесбаев осында жұмыс істейді. Кезінде өзі қорғатқан шәкірттері, жұмысқа қабылдаған қызметкерлері бар, «бет көріссе, жүз ұялады» деген олардың ашық қарсы шығуға ерік-жігері жетпей қалуы мүмкін. Сондықтан мұнда да халқы алдындағы перзенттік борышын өтеуге кедергі болып тұрған әркімнің бойындағы батылсыздықты серпіп жіберуге демеу болатын бір айқайшы керек деп есептеді ол. Келді де сөз сұрап алды.

– Бүгін қазақ тілінің жанын тапсырып, жаназасын шығаратын, не оған кезенген оққа өзіміз кеудемізді тосып, өмірін сақтап қалатын күн, – деп бастады ол сөзін. Егер біз орыс тіліне де мемлекеттік тіл мәртебесін беру қажет деп қаулы шығарсақ, Теңесбаевтың қолындағы пышақты бірге ұстап, ана тілімізді өз қолымызбен бауыздаған боламыз.

Ал, бір кісідей жұмылып қарсы тұрсақ, ата бабамыздың ең басты мұрасын келесі ұрпаққа жеткіземіз. Бүгін өткен шақ та, болашақ та бізге көз тігіп отыр, қане ағайын таңдау өздеріңізде.

«Қазақ бір өліде, бір тіріде» деген мақалдың растығына Мекемтас дәл осы жиналыстың үстінде анық көз жеткізді. Әруақтың аты аталғанда аталас біткен атқа қонып, өлген-





тірілгеніне қарамай жауына қарсы жанұшыра шабатынының шет жағасын ауылдағы қыз алып қашу дауының үстінде көрген бала кезінде Мекемтас. Бұл жолы бір атаның емес, бүкіл қазақтың әруағы шақырылғанда бастығымның қасқабағы не болады, жетекшім не ойлайды, жоғарыдағы биліктің кәріне ұшырап қалмаймын ба деп көпшілігінің денелерін құрыстырып жүретін қорқыныштар бұл жолы күн тастөбеге шыққан талтүстегі көлеңкедей жым-жылас болып жоғалып кетті. Жайшылықта жауандап, жалпақтап жүретіндердің өзі бір пәстің арасында елі үшін еңіреген ерге айналып шыға келді. Жауына шоқпар ұстап шаппаса да, елі мен жерінің тарихын зерттейтіндіктен халқының тағдырын тереңірек сезінетіндер еді бұлар. Дәл осындай қаулы Жазушылар одағының жиынында да қабылданып, қазақ тілін тұғыр еткен үш тағанның да пікірі бір жерден шықты. Сөйтіп, Хрущевтің, Брежневтің заманынан кейін біраз уақыт өткізіп барып отарлауды басқа қырынан жүргізгісі келген жымысқы саясатқа тағы да тосқауыл қойылды. Ол жылдары Республиканың солтүстік облыстарын Ресейдің, Маңғыстау түбегін Түркіменстанның, Оңтүстік Қазақстанның бірнеше ауданын Өзбекстанның құрамына қосып, қалған бөлігінде бірнеше келімсек ұлттардың автономиялық әкімшіліктерін құру жөнінде әрекеттер болған-ды. Осы әрекеттерге қарсы шығып қызметін құрбан еткен үкімет басшысы Жұмабек Тәшеновтің ерлігін ол кезде тек ас үйлерде ғана жұрт аңыз етіп, астыртын айтатын-ды. Ал, қазақтың байырғы жеріне кеңес үкіметі күштеп көшіріп әкелген кейбір ұлттардың автономиясын құрып беруге қарсы болып, Маңғыстау түбегін Түркіменстанға бергізбей, Өзбекстанға өтіп кеткен үш ауданды шебер саясаткерлікпен қайтарып алған Қазақстан компартиясының бірінші хатшысы Дінмұхамед Қонаевтың әрекетінің анық-қанығын ол кезде ешкім білмейтін.

Мәскеу халықтар достығы ұранымен бүркемеленген бұл жолғы саясатын жүргізгенде бұрынғы қателігін қайталағысы келмеген. Сол үшін де «соқыр болса, бір көзіңді қысып жүр» дегеннің керін келтіріп, Республика басшылығына алдымен Ресей түкпіріндегі бір облыстан орыс ұлтының





өкілін әкеліп қойған-ды. Бұрындары алыс ауылдардан үлкен жиындарға келген малшы-сауыншылар ана тілінде сөйлегенге Республиканың атын иемденген қазақтар әжептеуір көтеріліп қалатын. Енді олар да асқан қонақжайлық көрсетіп жаңа келген басшы түсінуі үшін өз ана тілінде емес, сол басшының ана тілінде сөйлеуге мәжбүр болды.

Ал, жаңа басшылық болса, осы өзгерісті біржола бекітіп алғысы келіп «Қазақ тілінің мәртебесіне ешкім қол сұқпайды. Тек республикадағы миллиондаған қазақ емес, ұлттарға да қамқорлық көрсетіп, орыс тіліне мемлекеттік мәртебе берілсе, қазақ халқы өзінің асқан ақкөңіл, бауырмалдығын бүкіл әлемге паш еткен болар еді» деп бипаздады. Қанша бипаздаса да ол саясаттың ақыры қазақты қандай құрдымға жіберерін екі институттың да ғалымдары анық аңғарды. Алайда аңғару бар да, әрекет ету бар. «Көзге шыққан сүйелдей» болып, алдымен ұрынып қалмайын деп әліптің артын бағып бұқпантайлап отыратын әдетке әбден бой үйретіп алған әріптестерін түрткілеп тыным таппағаны сол еді Мекемтастың. Әйтеуір ақыры қайырлы болды. Бірақ, қазақ даласына мысықтабандап еніп, жерін ғана емес санасын да дендеп алған отарлық саясаттың бүге-шігесін зерттеп жүрген ғалым орталықтың бір сәтсіздікке бола тауы шағылып тоқтап қалмайтынын жақсы білгендіктен бе, әйтеуір бұл бітірген шаруаларына көңілі көншімеді. Тіпті, тіл туралы заңның жобасын сараптайтын комиссиялардың біріне мүше болғаны да толтырмады қоңылтақсыған көңілін. Өйткені бұқаралық ақпарат құралдарында «мен ана тілімді сүйемін, оның мәңгі жасауын тілеймін, бірақ орыс тіліне де мемлекеттік мәртебе берілсе», деген талап-тілектер қаптап кетті. Ондай материалдардың қалай ұйымдастырылатынын редакцияларды көп жағалайтын Мекемтас жақсы біледі. Шалғайдағы шопандар мен сауыншылар, кеншілер мен құрылысшылар өз беттерімен редакцияға мақала жолдамайды. Олардың әрқайсына тілшілер келіп жазып алуы да мүмкін емес. Сондықтан аты-жөнінін партком ұсынған адамның аузына тілшілер Орталық комитет қалаған сөзді сала береді, сала береді. Қалың бұқараның өкілдерінен шығып жатқан





сөзге қалған жұрт сенеді. Сенген соң елігеді, ереді. Ал, редакцияға өз бетімен барып, ата мекенінде аз ұлтқа айналып қалған қазақтардың ана тілінің жағдайы тым мүшкіл екенін түсіндіргісі келетіндерінің мақалалары түрлі себептермен жарық көрмей, жарық көрсе де, қысқартылып, жұмсарып жарық көреді де, елді елең еткізбейді. Мекемтастың көңілі сондықтан да алаң. Алаң болғандықтан да елді өзіне бұрып алатындай бір қуатты сөз шықса екен деп тілейді. Тіріден қайран болмай бара жатыр. Қайдан шығады ол сөз.

Міне, сол кезде есіне түсті Бауыржан ағасымен болған бір әңгіме. «Жылдар бойы ашылмайтын шындық болады. Өйткені оны өтіріктің көрпесімен әбден қымтап тастайды да, сол сыртын шындық деп ұсынады халыққа. «Өткір кездік қап түбінде жатпайтыны» сияқты түптің түбінде шындық та тесіп шығады тұмшаланған көрпесінің пәрше-пәршесін шығарып. Бірақ, қанша уақыттан кейін, қандай жағдайда туады ол мүмкіндік? Міне, мәселе сонда! Біреу көреді, біреу көрмейді ол шындықты. Солай» деп ежірейе қарады Мекемтастың жүзіне жарықтық.

Содан біраз отырып өзінің сонау 1941 жылғы Мәскеу түбіндегі кескілескен қанды шайқастардан кейін-ақ Республика басшыларына хат жаза бастағанын айтқан. Ол хаттарында майдандағы ең күдіретті қару тәнкі де, зеңбірек те емес, жауынгердің жан азығы депті. Ал, жан азығы деген сарбаздың туған халқының тілі, тарихы, әдебиеті. Міне, сонымен сусындаған жауынгердің ұлттық мақтанышы оянады. Ұлттық мақтаныш рух көтеріп, ерлікке бастайды.

Сондықтан республика мектептерінде, жоғары оқу орындарында қазақ тілі мен әдебиетін, тарихын жаппай оқыту керек деген мәселе көтереді ол. Тіпті Кеңесары ханның есімін жарыққа шығару керек деп жіберіпті хатының бір жерінде. Дәл осындай хаттардың әлденешеуін атақты жазушылар мен ғалымдарға да жолдап, олармен тығыз байланысып тұрыпты. Тіпті жаралануына байланысты демалыс беріліп, еліне келгенде осы Ғылым академиясының үлкен залында республиканың бетке шығар жазушылары мен ғалымдарына арнап апта бойы лекция оқыпты. Міне, сол жазысқан хат-





тары мен лекцияларын Баукең майданға қайта аттанарда хаттап, рәсімдеп академияның архивіне өткізіп кеткен екен. Соғыстан оралған сол еңбектерінің ең болмаса шет жағасын жарыққа шығара алмапты. Соғыс жағдайындағы идеология батырдың бұл айтқандарына төзгенімен, жеңімпаз мемлекеттің идеологиясы төзбепті. Күні бүгінге дейін тұншықтырып отырған көрінеді. Баукең ежірейе қарағанда сол тұншыққан шындықтарының жарыққа шыққанын мен көре алар емеспін, сенің есінде болсын дегені екенін Мекемтас түсініп еді. Түсінгенімен қайран жоқ қой деп қапаланған да қойған. Тіпті, бұл не жазбалар екен деп ақтарып көруге де қолы тимеген. Ал, кейіннен ұмытып та кеткен. Енді соның бәрін есіне түсіріп отыр. Есіне жәй түсірмей сол жазбаларды жарыққа шығару кезек күттіртпейтін шаруа деп түсіріп отыр. Сол күннен бастап Мекемтас жоспарлы жұмыстарымен қоса қабаттастырып, Баукеңнің бұрын еш жерде жарияланбаған жазбаларының жинағын құрастыру мақсатымен тағы да шұғыл архивке отырды. Халық Баукеңді екі ерлік жасады деп білетін. Біріншісі – майдандағы, екіншісі – майданнан орала салысымен қаруын қаламға айырбастап, кәсіби жазушылармен көркемдік сайысына түскен ерлігі. Архив Баукеңнің үшінші ерлігін ашты. Көп жыл көмулі жатқан бұл ерлігі алғашқы екеуінен асып түспесе кем түспейді екен. Мекемтас Баукеңнің республика басшыларына жазған хаттары мен өзі тиіп-қашып оқыған Алаш арыстарының мақалаларынан көп үндестік тапты. Баукең де алдындағы ағалары сияқты халқының тілін, әдебиетін, тарихын, озық салт-дәстүрін, тіпті ұлттық ойындарына дейін қорғап, қайтып қалпына келтіру керек деп есептейді. Тіпті ақындар айтысын қайта жандандыру керектігін де жазыпты соғыстың қызып тұрған шағында. Алматыда республикалық ақындар айтысының мемлекеттік деңгейде өтуіне Баукеңнің хатының да әсері болған-ау деп шамалады ғалым.

Ал, оның соғыс психологиясы туралы жазбалары бұған дейін ешқандай әскери қазақ айналыспаған шаруа сияқты. Қан майданда жүріп мұндай күрделі еңбекті неге жазды Баукең? Архив материалдарынан бірауық көзін алып, миын тынық-





тырмақ болған кезінде Мекемтастың көкейіне осы сұрақ қадалып тұрып алды. Тұрып алды да тағы да ағасымен арадағы болған түңгі әңгімеге жетеледі. Баукең Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерін жатқа соға отырып, ақынның «Педагогика» оқулығын жазғанын ерекшелеп атап өтетін. Ал, өзі көзін көрген, әңгімесін тыңдаған Шымкент педучилищесінің оқытушысы Жүсіпбек Аймауытовтың «Психология» атты тілі жеңіл тамаша оқулығын өкінішке орай қазір қолданыстан алып тастағанын айтып қынжылыс білдіретін. Бірақ, сол ағаларының ағарту ісінің «жыртығына жамау» болуға тырысып, шығармашылығымен қоса осындай салаларды терең меңгергенін аса жоғары бағалайтын. Ұлт алдындағы жауапкершілікті терең сезіну деген осы болады деп тағы да ежірейіп қоятын-ды Мекемтасқа қарап.

Мынау да «Соғыс психологиясы» туралы дайын оқулық қой деген сонда жазбаларды бір деммен оқып шыққанымен ойын толық қорытып үлгермеген Мекемтас. Архивпен одан ары танысқан сайын бұл ойының дұрыстығына одан әрі көзі жетті. Баукең сонау Мәскеу түбіндегі шайқастардан кейін-ақ командирлер мен сарбаздар үшін де, жан азығын жазатын елдегі ақын-жазушылар үшін де мұндай оқулықтың қажеттілігін қатты сезінген. Сезінген де, мұны қай маман қашан жазар екен деп күтіп жатпастан өзі қолға алған.

Әрине, бұл оқулықтың алғашқы оқырманының бірі сол кезде «Арпалысты» (Волоколам тас жолы) жазып жүрген Александр Бек болды. «Қазақ солдатты» романының авторы Ғабит Мүсірепов те лекция түрінде тыңдады.

Баукеңнің Александр Бекке «егер менің батальоным туралы жазатын болсаң, ол шығармаң әскери көркем құрал болуға тиіс» дегенін де Мекемтас роман авторы мен бас кейіпкерінің арасында жасасқан жазбаша шартты оқыған соң барып білді. Білді де, Баукеңнің көркем шығармаға қойған талабының өзгелерден өзгеше биік болғанына тағы да таң-тамаша қалды. «Қорқынышты» суреттеуден басталатын «Арпалыстың» әрбір тарауы осындай жүк арқалап тұрғанының сырын да Мекемтас енді ұқты. КСРО Жазушылар одағының «Арпалысты» талқылауға арналған жиындарын-





да романның позициясын, автор емес, ылғи бас кейіпкер қорғап сөйлеп, барикаданың бір жағындағы шындықпен шектеліп қалмай абсолютті шындықты жазу керек деп талап қоюының мәнісі де солекен. Әскери жарғы бойынша міндеті болып табылатын алғы шептегі ұрысты ұйымдастырумен шектеліп қалмай, артындағы ел келешегінің қамын ойлап, елбасыларына, зиялыларына хат жолдап, оқулық жазуында сол өзі өлердей жақсы көріп түн баласы аузынан тастамай айтып отыратын Алаш арыстарының ісін жалғастыру ниеті жатыр екен-ау! 1937-38 жылдары ел ағаларын қынадай қырып, енді тек айтқанымызды ғана істеп тұратын «ләббай тақсырларды» қалдырдық дегендер қатты қателесіпті. Алаш арыстары өлгенімен олардың көзін көріп, өсиетін көңіліне тоқығандар өлмепті. Бірақ, олардың аузына қақпақ қойылыпты. Қойшы да, сауыншы да сайланып жатқан Жоғарғы кеңес пен партия съездері түгіл аудандық деңгейде де депутат не делегат болмауының себебі осында жатыр екен ғой Баукеңнің. Бәрі ол кісіні ресми мінбеге шығармаудың амалы екен.

Ал, даңқы дуылдап тұрған кезінде жайынның аузына жұтылып бара жатқан халқының хәлін дәл танып, сол сойқан саясатқа тосқауыл болу мақсатымен болмыстың бет-жүзіне бұлталақтамай тура қарап тұрып айтқан сөздері мен оған да місе тұтпай қолына қалам алып жазған хаттары, ойдәптерлері «мырза қамаққа» алынып қоғамнан оқшауландырылыпты. Оқшауландырылғаны сол – ол материалдарын өзі де жарыққа шығара алмаған.

Міне, Баукеңнің сол еңбектерін жиыстырып, реттеп, жарыққа шығарса, қоғам қалай қарсы алар екен? Өздерінің коммунизмге емес, жайынның аузына жұтылып бара жатқанын сезініп селт етіп сілкінер ме екен? Әйтеуір бей-жай қалмасы анық. Сондықтан дәл қазір қоғам алакөңіл болып тұрған кезде шығару керек Баукеңнің тұмшаланып жатқан тұма ойларын жарыққа. Оқу бар да, тоқу, талдап таныту бар. Шіркін, осы жазбалар жарияланысымен Алаш арыстарының еңбектерімен салыстырып, саралап беретін біреу табылса, халықтың санасына сіңімі тіпті жоғары болар еді-





ау! Бұл тақырыпты қаузауға өзінің дайындығы аз, әрі Абай әлемі мойнын бұрғызбайды. Сондықтан тауы шағылмаған, мүйізі қайырылмаған бір жас күшті салса ғой. Сол білімді, жалынды жас бұл еңбекті зерттеп, талдап, қазақтың азаттық туралы күрес жырлары мен көсемсөздерінің қатарына қосып тұтастандырса.

Мұрағаттардан бас көтергенде үнемі көкейінде тұратын осынау ойлардан айықпай жүрген күндердің бірінде Мекемтастың көктен іздегені жерден табылды.

– Артыңа қарамайсың ба? Айқайлап сені шақырып жатыр ғой, – деді ғимарат есігінің алдында жолыққан әріптесі мұның екі иығынан бірдей ұстап тоқтатып.

– Мекеңнің ойы бүгінгінің жеңіл-желпі қызында емес, ана жақта... Абайда, – деді қолын көкке көтерген қасындағысы сөзінің аяғын созып.

– Дегенмен қызды соңынан жүгіртіп қою күнә ғой, – деді біріншісі.

– Күнә емес, кінә шығар, – деді екіншісі.

Артына жалт қараған Мекемтас ғимараттың сыртқы басқыштарымен өзіне қарай ебіл-дебіл жүгіріп келе жатқан Заринаны көрді. Баяғы қыздар институтында оқыған алтайлық ару. Тура сол кермаралдай керілген жас қалпы. Жоқ, бұл Зарина емес, өткенде желтоқсан көтерілісінде көрген қыз екен. Заринаға қатты ұқсайтын болғандықтан да есінде әбден қалыпты. «Қатындар ғана қашады! Мә, бастарыңа менің орамалымды тартып алыңдар» деп ақ шәлісін мойнынан жұлып алып Мекемтас алаңнан ертіп шыққалы жатқан жігіттерге қарай лақтырып жібергені әлі көз алдында. Сөйтіп тастан секірген киіктей секіріп түсіп көпшіліктің арасына көміліп, көз алдынан ғайып болған. Сол ерлігі мен өжеттігі үшін Жанна де Аркке теңеген қыз енді өзін дауыстап шақырып жүгіріп келеді.

– Кешіріңіз, – деді жанына келген соң. – Сізді кетіп қала ма деп қорықтым.

– Иә, кетіп бара жатқаным рас еді. Түс қайта жұмыста болмаймын.

– Әріптестеріңіз солай деген соң ғой, соңыңыздан жүгіріп келе жатқаным.







– Шаруаң асығыс па еді сонша?

– Қалай айтсам екен, мен алыстан келіп едім. Аспирантураға түскім келген.

– Аспирантура мәселесін мен шешпеймін ғой.

– Білемін. Бірақ мен тақырыбымды Бауыржан Момышұлының шығармашылығынан алғым келіп еді.

– Бауыржанның деймісің? Қалқам-ау бұл тақырып ойыңа қайдан келді? – деп даусы оқыс шыққан Мекемтас көбінесе мектеп мұғалімдері киетін көкшіл костюмді қыздың жүзіне байыппен қарады.

– Тап, қазір Бауыржан Момышұлы шығармашылығынан қорғау өте маңызды деп ойлаймын, – деді қыз да бұған тік кірпіктерінің аржағындағы қоңыр көздерін еш именбестен қадап.

– Жүре сөйлесейік, – деді қыздың мына шешіміне риза болған Мекемтас. – Ал, қане жөніңді айтшы. Кімсің, қайдан келдің? – деп жағдай сұрады.

– Есімім Елік, – деді Заринаға ұқсайтын қыз. Елік Жұмағұлова.

«Мен сені Алтайдың ақмаралы ма деп едім».

– Оралдан боламын.

– О, Жайықтың елігі екенсің ғой.

Олар қатар жүрген бойы Карл Маркс көшесіндегі трамвай аялдамасына келгенше тоқталмай сөйледі қыз. Елік ҚазМУ-дің филология факультетінде оқыған екен. Бітіруіне бір жыл қалғанда желтоқсан оқиғасына қатысқаны үшін оқудан шығарып жіберіпті.

«Қатысқаныңды білемін. Алаңнан алып шығуға үгіттеген балаларым менің емес сенің сөзіңе еріп, сонда қалып қойса да саған ренжіген жоқпын. Риза болдым Елік қыз». Оқудан шығып кеткен соң еліне бармай Керекудегі нағашыларын жағалайды. Сондағы пединститутты бітіріп, мектепке мұғалім болып орналасады. Бірақ, есіл-дерті ғылым. Бауыржан Момышұлының шығармаларын зерттеу. Осы ойымен бөліскенде мектепте бірге жұмыс істейтін Рәзия деген апай айтады. «Мен Бауыржанның Мекемтас деген інісімен бірге оқығанмын. Өзі қазір әдебиет институтында істейді.





Белгілі ғалым. Соған бар. Сол көмектеседі» дейді. Сонымен Алматыға тартып кетіп, іздеген адамын тауып тұрған беті осы.

– Бауыржанды қай қырынан зерттегің келеді? – деп сұрады қыздың жөнін білген соң, енді ойын да нақтылай түскісі келген Мекемтас.

– Ол кісінің шығармаларында жеке тұлғаның қалыптасу процестері тамаша суреттелген. Былайша айтқанда рухы күшті, мемлекетшіл азаматтың тәрбие көздері қолмен қойғандай сараланады. Бұл бүгінгі күн үшін өте қымбат тақырып, – деп іркілмей жауап берді қыз.

– Бүгінгі күн ғана емес, білген кісіге барлық заманда да адам тәрбиесі ең маңызды мәселе, – деп қоштады Мекемтас. Қоштап тұрып Баукеңнің майданда жүргенде жауынгерлерін кезекті шайқастарға даярлаумен шектеліп қалмай, анандан туғаннан бастап азамат болып қалыптасу процесіне араласып, арттағы ел басшылары мен зиялыларына қайта-қайта хаттар жолдағанын, ал соғыс аяқталған соң сол кездегі оқырмандар қуалап жүріп оқитын қолма-қол ұрыстар туралы кітап жазбастан бала тәрбиесінің бастауы «Ұшқан ұяға» бірінші кезекте қалам тартуын жазушының жарияланбаған жазбаларымен таныспай жатып-ақ түйсігімен сезінген сезімталдығына таңқалды мына қыздың.

Алғашқы жауабына ризашылығы енді қыздың ғылыми парқын бағамдаған сыйластығына ұласты. Қыздың тағдыры тіпті толқытып та жіберді. Университеттен қуылса да, өз дегенінен таймай басқа өңірді паналап жүріп, оқуын бітіріп, енді міне ғалым болғысы келеді. Ғалым болғанда да өле-өлгенше ұлтшыл деген айдар тағылып өткен Бауыржан Момышұлының шығармашылығын зерттемек. Қыз, әрине Баукең мен өзінің арасын байланыстырып тұрған бір нәзік талшықтың барын сезеді. Ол талшық – рух. Сол рух жақындығы жанын жай таптырмай кеше өзін қудалаған Алматыға қайтып әкеліп отыр.

Енді не істеу керек? Қалай көмектеседі бұл қызға?

Соңғы кезде өзінің есімі Желтоқсан көтерілісі мен Тіл туралы заңға байланысты түрлі комиссиялардың мүшесі





ретінде баспасөзде жиі айтылатын болған. Ғылыми-публицистикалық мақалалары да жарық көріп жатады. Содан болар туыстары мен курстастарының Мекемтасты әжептеуір бедел көріп қалғаны рас. Қияндағы мектептің мұғалімдері ғылыми орталарда қырқысқан айтыс-тартыстар жүріп жататынын, ал соның жуан ортасында жүрген Мекемтастың сыртқа аты дардай болғанымен деректірінің алдында беделі жұрдай екенін қайдан білсін.

Сол айтыс-тартыстар түптің түбінде Абай айтқандай Жаратқанның өзі жасап қойған ғылымының жаңалық болып ашылуына септігін тигізіп жатса қанеки! Жаратылыстану ғылымдарында солай. Соңғы нүктені жасалған тәжірибенің қорытындысы қоятындықтан, әйтеуір, ешкімге зегін тигізбей, ақырында ғылым ұтады.

Ал, гуманитарлық ғылымның жолы жінішке біздің елде. Жердің астынан жеті дерек тауып дәлелдесең де, саясатқа сәл томпақтау келді ме, болды, тапқан жеріңе қайтып тығып жібереді де, түк болмағандай өз әуенін салып жүре береді. Керек болса саған да сол әуенді салғызады. Салмадың ба, онда аяғыңнан тартады, көзіңнен шүкиды, бүйіріңнен түртеді, әйтеуір тыныш жүргізбейді. Содан сен де қорғанамын деп аяқ тартқанның аяғына жармасың, көзіңді шұқығанның көзін шұқуға тырысасың, әйтеуір жан-пейіліңмен берілген жұмысыңнан айырылып қалмастың қамын жасайсың. Сол қасиетті жұмыстан айырылып қалмас үшін қасиетсіз қылықтарға барасың. Ақыры ғылым айдалада қалып, айтыс-тартыстың соңы бір-бірінен өш алуға ұласып кетеді.

Бұл күнде институт директоры Мүлік Жаймабаев пен жергілікті комитеттің төрағасы Мекемтас Мырзахметұлы арасында дәл осындай жағдай орын алып тұр еді. Былайғы жұрт мұны Абай шығармашылығының қайнар көздері туралы ғылыми текетірестің салдары деп біледі. Өйткені ақын көзқарасының қалыптасуында орыс және батыс мәдениеті шешуші рөл атқарған деген пікірдің тізгін ұстары – институт директоры Мүлік Жаймабаевтың өзі.

Ал, Мекемтас Мырзахметұлы болса, Абай алдымен төл және ислам мәдениеті арқылы қалыптасып алып, содан соң





барып орыс және батыс мәдениетіне бет бұрған деген пікірді үнемі тықпалап, бүйректен сирақ шығарып жүреді. Дәлелдері де шегедей мық. Әуезовтің пікірін алға салып алып, бұлттартпайды. Оның үстіне ол жергілікті комитетке сайланғалы институттың барлық жұмысына тұмсығын тығып, өз пікірін тықпалайтынды шығарды. Содан келіп ғылыми пікірталасқа институтішілік тірліктер араласып кетті де, олардың арасындағы қырғиқабақтықтың табиғатын көп адам түсінбей қалды. Бәрі де Берген Ғалымжановтың жергілікті комитетке жазған арызынан басталған. Берген көп ішінде өзімен өзі жүретін жігіт еді. Сөйтсе отбасымен де бірге тұрмайды екен. Әйелі пәтер алсаң ғана келеміз деп баласын алып ауылына кетіп қалыпты. Соған қарамастан ол ғылыми еңбек жазайын, қорғайын деп еш талпынбайтын. Сонда да осынау салтанатты сарайға күн сайын кіріп-шығып жүргеніне мәз. Өзі айналыспаса да ғылыми еңбекпен шұғылданып жүргендерге қолғабыс тигізгеніне қанағат Берген «сен осы ұқыпты жігітсің ғой, «Абай жолында» қанша кейіпкер бар санап берші» десең, ерінбей-жалықпай санап береді. «Жазбаларымды редакциялап, қатесін шығара салшы» десең, оны да түк қынжылмастан атқарады. Ол аз десең әріптесінің мақаласының алғашқы оқырманы болғанын мақтаныш тұтып, өзгелерге жарнамалап, мақтап жүреді. Мұндай тілалғыш, әрі тілеуқор жігітті алдымен деректірдің өзі қолдайтын. Көп жұмсайтын да сол болатын. Енді, міне, араларынан қандай мысық өтіп кеткені белгісіз, әйтеуір деректірдің үстінен арыз жазып әкелді.

– Неге партия ұйымына арызданбадың? Партияның беделі кәсіподақтан жоғары ғой, – деген Мекемтас арызды оқымай тұрып.

– Білемін, – деді Берген. – Бірақ, хатшысының беделі жоғары емес, деректірдің айтқанынан шыға алмайтын сол қылдақ. Ал, сен болсаң сөзбұйдаға салып сиырқұйымшақтандырып жібермейсің. «Барын бар, жоғын жоқ» етіп жайып саласың.

Бұл сөзге Мекемтас әжептеуір мерейленіп қалды. Бірақ сыр білдірмей:





– Әрине, әділін жайып саламын. Аржағын комитет мүшелері шешеді, – деп шығарып салған. Шығарып салған соң оңаша отырып, арызды оқи бастады. Осынша жасқа келгенше көптеген ұжымдарда басшы да, қосшы да болып жұмыс істеп, талай шағымдарды тексеруге де араласқан. Мекемтас дәл мынадайды көрмепті. Оны алдындағы жазбаның баяндау тәсілі таңқалдырды. Арыз емес, әңгіме оқып отырғандай әсер алды. Сұлу жазылған сөйлемдеріне көз сүрінбей жеңіл оқылды.

«Қадірлі Мекемтас Мырзахметұлы! Мен бұл арызымды сізге жазбауым керек еді. Өйткені мен білемін. Институтқа бөлінген жалғыз пәтерді Ғалымжановқа бер деп деректір қанша күштесе де сіз заңсыз әрекетке бармадыңыз. Пәтерді бірінші кезекте тұрған қызметкерге бергіздіңіз».

«Оппа!» деп дауыстап жіберді Мекемтас дәл осы жерге келгенде арыздан еріксіз бас көтеріп. Деректір мені қыстағаны рас. Бірақ Сайхановқа бер деп қыстады. Ал, Ғалымжанов туралы тіпті де әңгіме болған жоқ. Демек деректір Ғалымжановқа да пәтер әперемін деп уәде берген болды ма? Мекемтас алдындағы қағазға қайта үңілді.

«Несін жасырайын сол кезде сізді атарға оғым болмады. Бірақ, менің арызымды да солай әділ шешер деген үмітпен бәрібір сіз басқаратын жергілікті комитетке шағынып отырмын».

Алдымен өз жағдайымды айтайын. Өйткені арызды «объективті» тексеру үшін оның иесі туралы толық мәлімет алу керек деп ойлаймын. Бұлай ету әділетті шешім шығаруға көмектеседі. Сондықтан сол мәліметтерді іздетпей-ақ өзім баяндап берейін.

Мен Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін Лениндік стипендиямен оқып бітірдім. Студент кезінде-ақ өлең, әңгіме, очерк жазып көрінген балалар бұқаралық ақпарат құралдарына жұмысқа тұрып жатты. Бірақ, менің ондай қабілетім болмады. Мұғалім болып жұмыс істеуді де қиынсындым. Практикаға барғанда көрдім оқыту дегеннің бір азап жұмыс екенін. Содан ойлап-ойлап Лениндік степендиямен бітірген баланың орны ака-





демия, одан төмендеуге болмайды деп есептеп, осында жұмысқа орналасқанды қаладым. Үлкен жерде жұмыс істейтін нағашымның арқасында бұл тілегім оңай орындалды. Бірақ, ғылымға бейімім аса болмады. Дәлірек айтқанда артық еңбек етуді қаламадым. Тиесілі сегіз сағатымды берген соң жұмысты ұмытып, өзімнің көңіл қалауыммен жүргім келді. Бір қызығы көңіл қалауым да кітап. Әсіресе, шытырман оқиғалы, қиял-ғажайып кітаптардан бас алмаймын. Ал, футбол маусымы басталды дегенше менің екінші дертім қозды дей бер. Стадионды күзетіп, теледидар алдынан түспеймін.

«Сонда сен қалай Лениндік степендиямен оқыдың» дейсіз ғой. Мен, ұстаздарымның лекциясын еш жіберген емеспін. Тілі ауыр, әрі қайталауы көптеу болса да, солардың кітаптарын оқитынмын. Оқып алып ондағы тұжырымдарын әлемдегі ең дұрыс пікір етіп айтып бергенімде ұстаздарымның қалай рахаттанып тындайтынын көрсеңіз ғой. Әрине, бұдан кейін ана түнімен өлең, әңгіме, жазамын деп ұйқтап қалып, лекциясына келмей қалатын балалардан гөрі оларға мен сүйкімді боламын. Содан да Лениндік степендияға бәрі бір ауыздан мені ұсыныпты.

Бірақ, өмірде бәрі басқаша болды. Әлгі лекцияны көп жіберген балалар менен озып кетіп, елімізге белгілі ақын-жазушыларға айналды. Ал менің жағдайым өзіңізге белгілі. Әйтеуір ғалым шықпаса да, ғалымдарға нағыз керек адам шыққанына шүкіршілік етемін. Тек ғылыми қызметкер демей, дерек жинаушы, редакциялаушы деп мәртебемізді өз атымен атап, тиянақтап берсе, біздің де беделімізбен бірге айлығымыз артып, отбасымызды асырауға жетіп қалар еді. Әрине, мұны сіз шешпейсіз. Жағдайымды білсін деп айтып отырмын. Өйткені ғылыми қызметкер деген атымыз болғанымен затымыз сай келмегендіктен келешегі жоқ деп кезкелген уақытта жұмыстан шығарып жібере ме деп қыл үстінде қылпылдап жүреміз. Сондықтан да басшылардың қисынсыз тапсырмаларын да орындаймыз. «Еңдеше, неге жүрсің. Басқа жұмыс тауып кетпейсің бе» деген сұрақ келген шығар көкейіңізге. Басқа жұмыстарды қаламасам, тек осы жұмысты ұнататын болсам, не





істеймін енді? Бірақ, көне береді екен деп бізді қолжаулық қылудың да шегі болуы керек қой. Жаймабаев шектен шығып кетті. Шектен шығып кетпесе, шағымданбай жүре берер едім. Әсіресе, соңғы қылығы осы арызды жазуыма мәжбүрледі.

Кезекті жұмысын орындап бергеніме көңілденген деректір бірде менің отбасы жағдайымды сұрады. Мен бәрін бүкпесіз айтып бердім.

– Ал, сен өзің қазір қайда тұрасың? – деді ол.

– Африканың бір еліне жұмысқа кеткен ағамның үйінде тұрамын, – деп жауап бердім мен.

– Жалғыз өзің бе?

– Жалғыз өзім.

– Мен барып көрейінші пәтерінді, – деді көзінде бір ұшқын жылт етіп.

Іштей таңқалсам да «келіңіз, мейман болыңыз» дедім.

– Қашан мейман ететініңді кейін өзім айтамын. Ал, қазір пәтеріңе ертіп бар, – деді ол. Қаланың қақ ортасында орналасқан арап жиһаздары мен чех хрустальдары жұтынып тұрған шет елде істейтін инженердің шап-шағын екі болме пәтерін көргенде оның көзі одан сайын жайнап, тура бір көктен іздегені жерден табылғандай қуанды.

Қуанды да:

– Сен мені қонаққа ертең шақыр, – деді.

– Сағат қаншаға?

– Сағат күндізгі он бірге.

– Жұмыс уақыты емес пе?

– Үй иесінің уақытын көп алмайтын жеңіл қонақ боламын, – деді ол күліп. – Қонақ мәзірін дайындап қой да, өзің жұмыста бола бер. Тек маған бір кілтінді берсең болды.

Иесіз үйге қонақ бола ма екен дегенді дауыстап айтпасам да көзіммен білдіріп қадалып қалдым білем. Деректір:

– Бір үлкен кісілермен осындай оңаша үйде отырып, маңызды мәселелерді шешу керек еді, – деп жай айтқан болды да қолын созды.

«Айпырай» деп іштей қиналғаныммен ұсынған қолын қайтара алмай кілтімнің сыңарын шығарып бердім. Қиналғаным, туысыма үйінді таза ұстаймын, ешкімді топырлат-





паймын деп уәде беріп едім. Сол уәдемді бұзатын болдым. «Бір рет бұзылса, бұзылар, есесіне бастықпен «сіз, біз» ғана емес, «шыж-быж» да боламын», деген үміттің қуанышы да қылтияды аржағымнан. «Деректірдің өзі сұранып қалған екен. Мен сияқты пақырға қайта-қайта қолқа сала бермес. Бір мұқтажына жарайын» деп сол күні қалтамдағы бар қаражатымды жұмсап, мұздатқышты толтырып қойдым.

Қонақ мәзірін түгендеп қойсам да «Мүлік кіммен, қандай маңызды мәселе шешер екен» деген сұрақ көкейіме қадалып, үйде де, жұмыста да байыз тауып отыра алмай жүрдім. Шынымды айтсам бастығыма жағдай жасағанымнан өзім жайсыздық сезініп едім сонда. Ақыры шыдай алмай «бұлай бұқпантай ойнаған ұят болады. Кіммен келсеңіз де өзім күтіп алайын» деп бастыққа айтпақ болдым. Деректірдің кабинеті ұзын дәліздің бүйен сияқты бұлтағында еді. Қабылдау бөлмесіне жақындай бергенде ашық есіктен «Айсұлу қарағым, мен горкомға кеттім, түске дейін болмаспын» деген бастығымның дауысын естідім. Сағатқа қарасам жиырма минуты кем он бір екен. Ол кең дәліздің еденін дүңк-дүңк басып қасымнан өтіп бара жатқанда жаңа ғана айтқым келген сөзімді ұмытып, есіктің қалқасына тасаланып қалдым. Өйткені мына жүрісінің айбары маған басшымыздың болмашы қарсылыққа бола кейде бәрін кері істеп жіберетінін есіме түсірді. Содан көзіне көрінуге де қаймығып «қырқына шыдадым ғой, қырық біріне де шыдайын» деп сол күні түскі тамақты әріптестеріммен бірге іштім.

Ал, кешке келгенімде пәтерімде Мүліктің кіммен, қандай маңызды мәселе шешкенінің іздері айтпаса да сайрап жатты. Ас үйдегі үстелде екі-ақ адам отырған. Біреуі өзі, екеіншісі... өзім ойлағандай әйел адам болып шықты. Оны көрпе-жастыққа сіңіп қалған иіссуының иісінен аңғардым. Сондай-ақ ақ жаймаға жабысқан шашының жирен талшықтары да көзіме бірден бадырайып көрінді. Ал, осының бәрінің ашық-шашық күйінде жатқаны көңліме бірден қаяу түсірді. Ойпырмай, әйел басымен ыдыс-аяғын жуып, жатқан көрпе-төсекті жинап кетпегені несі деп ренжідім. Ренжісем де амал жоқ өзім жиыстыруыма тура келді. Бірінші кезекте қонақтарым







пайдаланған жамылғыларды сыпырып алып, кіржуғышқа ытқыттым. Бір түрлі жиреніштілеу жұмыс болса да, осылай қонағымның кірін жууға тура келді. Жуып жатып «бір-ақ рет қой, шыдайын, сыр бермейін» деп жұбаттым өзімді. Бірақ, сол кезде бұл жұмыс мойныма біржола мініп алатынын, сөйтіп бұдан былай өзім сол екі қонағымның қызметшісіне айналатынымды аңқау басым қайдан білейін. Мүлік пәтерімнің кілтін қайтармай «горкомға кетуін» жалғастыра берді. Ол горкомға кеттім деп тегін айтпайтын. Біздің үй қалалық партия комитеті ғимаратының тура іргесінде болатын. Сондықтан да көлігін осы мекеменің автотұрағына қайқайтып тұрып қояды да, «маңызды мәселелерді» шешу үшін лып етіп, біздің пәтерге кіріп кетеді. Ал, автотұрақтан көлігін көрген таныстары директордың партия комитетінде екеніне еш күдік келтірмейді. Сөйтіп менің пәтерім Мүлік үшін бір оңтайы келген шаруа болды. Бірақ, оған оңтайы келгенін қайтейін, екі ортада мен азып-тозып кеттім. Кір жуып, үй тазалағаннан азған жоқпын. Оған әбден етім үйреніп алғаны сонша, келекеле тура бір өзім шаруа тындырғандай ысқырып жүріп атқаратын болғанмын бұл «міндетімді». Мені тоңазытқыш аздырды. Дәлірек айтқанда соның ішін толтырып қоямын дей-дей таусылып біттім. Ол неме жемірдің өзі болып шықты. Бойы тура менімен бірдей, толтыру қиын. Ал, өлдім-талдым деп толтырғанымды қайтейін ертеңіне қайтадан қаңырап тұрады.

Соған қарап, біздің бастықтың мәжілістесі ішкен-жегеннен артылғанын үйіне әкете ме деп күдіктенемін. Не болса да әйтеуір бастығым «бала, ертең барамын» дегеннен-ақ дегбірім қашады. Маңызды мәселе шешетін мамандарға жілік майы татымайтын тамақ, жұлдызы кем сусын беріп ұятқа қалып жүрмейін деп әу баста ескерткені тағы бар. Ол дұрыс айтады. Өйткені маңызды меймандарды сыйлайтын мен емес, өзі ғой. Демек, мәзір де деректірдің жалақысына лайықты болуы керек. Тек осылай деп тұрғанда деректір үшін дастархан жасауға кіші қызметкердің айлығы жете ме деп ойласайшы. Ойламайды. Ақыры бір күні жұқалап өзім ескертуіме тура келді. Бар сырымды ақтармай бір көлденең





шығындар болып, қиналықырап тұрғанымды айттым. «Мен саған пәтер әперейін деп жүрсем, сен берген шайынды ауырсынасың ғой» деп кейіді ол. Сол-ақ екен, әңгімені ары қарай өрбітпей аузымды жаба қойдым да, «екі мырзаға бір күтушілік» қызметімді бұрынғыша домалаңдап атқара бердім. Қиналып жүрсем де солай еттім. Ақыры ол пәтер маған бұйырмады. Ал, өзім болсам қарызға белшемнен батқаным сонша, одан әрі мөлтелектей беруге еш мүмкіндігім қалмады. Осы шарасыздық ақыры «сіздердің жағдайларыңызды жасай беруге ендігі жерде менің шамам келмейді» деп тікесінен айтқызды оған еш мәймөңкелетпей. Деректірге менің жағалатпай, жаймаламай тікесінен сөйлегенім ұнамады-ау деймін, әйтеуір бұрқ ете қалды. Бұрқ ете қалды да, басы-көзге қарамай төпелей жөнелді. «Сен кіммін деп жүрсің өзің? Не ғылыми атағың, не айналысып жатқан нақтылы тақырыбың жоқ. Жариялап жатқан мақалаң да шамалы. Әркімге бір қосалқы автор боласың. Ғылыми институт бұндай адамның орны емес. Сен мұнда тек менің арқамда ғана жүрсің. Сені аяғаннан ұстап жүрмін. Сол жақсылығымды білмейді екенсің, онда айдап шығамын» деп тепсінді.

Айтып тұрғанының бәрі рас. Бірақ, ол да мені түсінуі керек еді. Түсінгісі келмеді. Әлде айналасында үйіріліп жүретін малтапқыш пысықтардың «ауылдан соғым келіп қалып еді, қайын жұртым кигізіп жіберіп еді» деген сияқты сөздеріне сеніп, елдің бәрі жақсы тұрады деп ойлай ма екен? Білмедім, әйтеуір сол күннен бастап, деректір менің жұмыстарымнан ілік іздеумен келеді. Қылдай кемшілік жіберсем қиып жібермек келешегімді. Мен ойлап-ойлап өзімді қорғаудың арыз жазудан басқа амалын таппадым. Алдымен кәсіподақтан бастап отырмын. Ендігісін өзіңіз біліңіз».

Оқып болып, біраз отырып ой қорытқан соң Мекемтас арыз иесін қайта шақырып алды. Шақырып алды да бетіне барлай қараған Бергенге:

– Сен өзің нағыз ғылыми баспада жұмыс істейтін адам екенсің ғой. Ғылымның не екенін білесің, жазуға да бейімің бар, – деп көтермелеп қойды алдымен.





– Шын жылдасаң, соқыр көзден жас шығадының кері ғой бұл жазбаларым. Ал, ғылымға қабілетімнің қандай екенін өзің жақсы білесің, – деп тартыншақтады Берген мұның қолпашына қомпиып қалмай әліптің артын бағып.

– Дегенмен, ойлан, саған сондай жұмыс қол сияқты.

– Бәрібір пәтер алуға тұрған кезегімді тастап, ешқайда ауыспаймын. Үй алғанша осы институтта жұмыс істеуім керек, – деп бұл жолы қадап айтты Берген.

– Оны түсінемін деді, – Мекемтас. – Бірақ бастықтың сенің жұмысыңнан қандай ілік табарын қайдан білемін?

– Есесіне мен оның жұмысынан ілік тауып беріп отырған жоқпын ба? – деп Мекемтасқа тағы да көзін қадады Берген.

– Бұл оқиғадан жұмысына тікелей қатысты ештеңе, көрмей тұрмын. Жеке бастың мәселесі сияқты, – деп Мекемтас та оның көзімен көзін түйістірді.

– Қармағындағы қызметкердің пәтерін пайдаланып, ол аз десең күн ара сый-сияпат көрсетуге мәжбүрлеу де жеке бастың ісі ме?

– Оған дәлелің бар ма? Қалай сенемін сөзіңе?

Біздің үйге кім келіп, кім кеткенін қалтықсыз бақылап отыратын кемпір көршілерім бар. Олар ақша берсең де өтірік айтпайды. Содан соң қонақтарымның қалдырып кеткен үй киімдері айғақ болады деп ойлап, сақтап қойдым.

– Сақтап қойдым деймісің?

– Иә, сақтап қойдым.

– Ойпырмай сен суаяқтың өзі болдың ғой.

– Суаяқ болайын деп болып тұрмын ба? «Басшы – ұжымның ұстазы» деген рас болса, мені суаяқтыққа тәрбиелеген мәртебелі тәрбиешімнің өзі. Ал, сол «ұстаздың» озбырлығын ешкім көрмеген болады. Сөз де етпейді. Жаның қысылған соң қарсы әрекет жасасаң болды, сен суаяқсың, ел бұзарсың, ісің адамгершілікке де, заңға да қайшы деп бәріңіз күштінің сөзін сөйлеп шыға келесіздер. Осы да әділдік пе? Неге үндемейсіз?

– Арылсын, айтып болсын деп отырмын.

– Айтқыза берсеңіз әңгіме көп. Бірақ, шындықтың шын жанашыры болсаңыз мынаны үнемі есте ұстаңыз. Маған





жасалып отырған озбырлық басшының қармағындағыларды қанауының бір түрі ғана. Басқа да сырт көзге байқалмайтын түрлері көп. Оларды дәлелдеу қиынның қиыны. Сондықтан да мен сияқты жағдайда жүргендердің көбі қарсылық жасай бермейді. Өйткені басшымен күресіп, ештеңе өндіре алмасын білді. Неге ештеңе өндіре алмайды? Біріншіден дәлелдеу қиын. Сенің сөзіңді теріске шығаратын өтірік куәлар табыла кетеді. Содан кейін ұжым өзі шешсін деген басшыны ақтайтын тамаша бір тәсіл бар. Ал, ұжым әділетсіздікті әшкерлеген әлсізді емес, озбырлық жасаған дөйдің өзін жақтап шығады көп жағдайда. Әрқайсының оған күні түсіп тұрған соң солай етуге мәжбүр. Соның арқасында қарау басшы сүттен ақ, судан таза болып шыға келеді де ал, әлгі зәбір көрген әлсіз сорлы ауыл иттері талап тастаған бөтен дүрегей құсап жүні жұлынып қала береді. Тіпті қала бермейді де. Ұжымның шешімін арқаланып алған басшы енді әлгі пақырдың артына жандайшаптарын салып қояды. Солар түрткілеп жүріп, оны ақыры жұмыстан «өз еркімен» кетіріп тындырады. Арызқой деген айдар тағылып кеткендіктен ол сорлы көпке дейін жаңа жұмысқа да кіре алмай сорлайды.

Бірақ, бұның бәрі өз хұқы үшін күрескен пенденің алған жазасының ең жеңіл түрі. Қоғамға, мемлекетке қеремет еңбек сіңіріп жатқан тамаша қайраткерге жала жапқаны үшін сотталып кететіндері де кездеседі.

– Сонда сен осының бәріне тәуекел етіп, бел шешіп кірісіп отырсың ба? – деді Бергеннің бет-жүзіне барлай қараған Мекемтас ол әңгімесін аяқтағанда.

– Оп-оңай емес, әбден қиналып аттап тұрмын. – Бұл өзі адамгершілікті жігіт екен деп маған ешкім үй ұсынбайды ғой. Бір орында тұрақты жұмыс істеп, кезегі келген адам қол жеткізеді оған. Ал, қызыметтен қуылып, кезектен айырылсам кім боламын? Жарымаған жалақымен өмір бойы баспанаға қол жеткізе алмай жүремін де, келе-келе көшенің кезбесіне айналамын. Сондықтан да қанша қастерлесем де маған пәтер болмайтын адамгершілігінді аттап кетуге мәжбүрмін.





Берген бұның бәрін бойын буып жүрген ызамен ызбайланып айтқан жоқ. Кәдімгі әлдеқашан мектеп оқулықтарына кірген халықтық қағидаларды өмір есігін енді ашқан шәкірттерге түсіндірген мұғалімдей нақ-нақ айтып шықты. Оны тыңдап отырған Мекемтас баяғыда ректордың тізіміндегі балаға бестік баға қоймағаны үшін басына дәл осындай жағдай түскенін есіне алды. Соның салдарынан бөлініп қойған жаңа үйден айырылып, әйтеуір өзге республикадан шақырылған маман болғандықтан ғана ескі де болса пәтер тиген еді.

Ал, Бергеннің бұлдайтын ештеңесі жоқ. Директорға қанша жайылып жастық, иіліп төсек болса да, өзін бәрібір кінәлі сезінеді. Өйткені өзгелер сияқты ғылыми дәрежелі емес, тіпті ондай атақ алуды ойламайды да.

Мекемтас осы жасына дейін бастықтар тарапынан қызмет бабын пайдаланудың небір түрлерін көріп еді. Дәл осыны көрмепті. Бір күн емес, көп күндер, тіпті айлар бойы қарамағындағы қызметкерінің пәтерін пайдаланып, ас-суын тегін ішіп-жеп отыру деген үш ұйықтаса түсіне кірмейтін шаруа. Әрі қызметкерімді бұлай қинап жатырмын-ау деп қиналмайды да. Қайта неге қиналасың деп ашуланады? Ойпырмай, өмірде осындай да болады екен-ау. Оның үстіне ең әділ қоғам орнатып жатырмыз деп бүкіл әлемге жар салудан жалықпайтын елде. Әй, мүмкін емес. Осында бір гәп бар-ау? Деректірмен пікірлескен соң сол гәптің түйіні шешілер деп ойлаған Мекемтас алғашқыда.

Бірақ деректірмен әңгіме түйінді шешпеді. Қайта одан әрі шиленістіре түсті. «Жазып отырғанының бәрі жала» деп ат-тонын ала қашты ол. Ал, жала жабатын себебі ғылыми еңбек бере алмайтын болашағы жоқ қызметкерден арыл деп ғылыми кеңес деректірге бірнеше рет ескерту жасаған. Содан амалы қалмаған соң Бергенге оңаша отырып түсіндіріп, басқа жақтан жұмыс іздеуін ескерткен. Басылғандай болып еді. Көрдің бе енді қайта шапшып шыға келгенін. Өзің асыраған күшік ит болған соң өзіңді қапты деген осы. Күйінгеннен қозғалақтап кеткен Мүлік кенет





сөзін де, қимылын да тоқтатып, Мекемтасқа тесірейе қарады. Тесірейе қарады да:

– Бергеннің қолтығына су бүркіп жүрген сен емеспісің? – деп төтесінен сұрады.

– Әрине сен, – деді содан соң жауап күтпестен. – Әйтпесе ол бүйтіп бүлік шығаратын жігіт емес еді. Сенің айтқаныңмен үріп отыр ол.

Басқаны күтсе де Мекемтас Мүліктің әңгімесі дәл осылай кері бағытқа күрт өзгеріп, өзіне қарсы бағытталады деп күтпеген еді. Сөйтсе, біздің қазакемнің қауымында бәрі мүмкін екен. Деректірдің сөзінің дәлелі жоқ болса да, қисыны бар. Қисыны болатыны Мекемтас диссертациясын қорғай алмай құлады ма? Құлады. Мүлік қарсы дауыс берді ме? Берді. Сол үшін Мекемтастың көкірегінде кек қатты ма? Қатты. Сол кекті қайтару үшін өш алудың реті келіп тұр ма? Келіп тұр. Ендеше Мекемтас та осы мүмкіндікті пайдаланып, деректірдің астынан неге ор қазбайды? Қазады. Бұл қызметтегі қазақ үшін қалыпты жағдай. Мекемтас ор қазбаса, ал Мүлік оны ор қазады деп ойламаса, онда екеуі де қазақ болмай қалғаны. Әзірге екеуі де қазақ. Ендеше қазақсың ба. мархабат, арыз жазғыштығыңды да мойында.

Мекемтас ес білгелі бұрқыратып жазып жататын қазақтың арызы екі түрлі болып келеді. Бұқара халық өзінің қарапайым өміріне қажеттілерді ғана ізденіп, асып кеткенде басшыдан көрген қиянатын жазады. Ал, екінші мағынадағы арызды айдайтындар азды-көпті билікке араласып, оның нанын жеп қалғандар. Билік шіркіннің тәттілігі сонша, бір татқан соң дәмі ауыздан өмір бойы кетпейтін болуы керек. Әйтеуір қазакемдер кішкентай болса да орынтаққа таласып, арыз арқылы айқасады да жатады. Аяғында өзі қазған орға өзі омақаса құласа да, арыз жазбай айызы қанбайды.

Мүлік Мекемтасқа сен де сондайсың деп тұр. Бергенді кәсіподаққа арыз жаздырып, енді соны тексеріп, айызыңды қандырып тұрсың дейді. Бұл айтқанының қисыны келіп тұрғаны сонша, ә дегенде ешкім жала деп ойламайды.

Құлақтарына тисе болды, қау еткізіп көтеріп кетеді. Әсіресе, Мекемтасқа мысық тілеулілер кабинеттерін тарс жауып алып,





қуыс-қуыс, бұрыш-бұрыштарда топтанып тұрып, бұл әңгімені бояуы әбден қанғанша өңдеп, өсіріп, одан сайын түрлендіреді. Міне, сол кезде Берген тұрмақ, өзін сақтап алу мұң болады Мекемтасқа.

Мүліктің қарсы шабуылының есебі осы екенін Мекемтас та ә дегеннен түсінді. Түсінгенімен ол шаптықты екен деп шаптықпады. Мұның қып-қызыл жала деп ат-тонын ала қашпады. Сабыр сақтап сөзінің соңын тосып алды да, бұл бопсасына мүлдем мән берместен егер жұмыста қалдыратын болса, Берген, өз арызын қайтып алатынын хабарлады.

Мүлік бұл хабарды арызға қосылғаны әшкере болған Мекемтастың шегінісі деп қабылдады. Сөйтті де «мен ол итті (Бергенді) кезінде бір ағаларының айтуымен алып, қамқор болып жүрсем, ол маған ор қазып жүр екен ғой. Ондай адамды енді жұмыста қалдыра алмаймын, – деп қайта көтеріліп кетті де, сөзінің соңында:

– Бергеннің қалу, қалмауына келісімді бәрібір кәсіподақ береді деп тұрған шығарсың. Сенің де әуселеңді көреміз. Басқа айтарың жоқ болса, бар, менің басқа шаруам басымнан асады, – деп есікті нұсқады.

Бірақ, деректір есікті нұсқады екен деп кәсіподақ өкілі елпілдеп орнынан тұра жөнелген жоқ.

Ауыр алып, қабақ та шытпады, ашу да шақырмады. Отырған қалпынан қозғалмастан:

– Шаруаңыз қаншалықты тығыз болса да, әлі де біраз уақытыңызды алуға тура келеді, – деді сабырмен. – Өйткені Бергеннің ауызша сәлемін аяғына дейін жеткізген жоқпын.

– Ол, не сәлем? – деп жақтырмай сұрады деректір.

– Жаңа сіз жала деп отырғанның бәрін дәлелдейтін айғақтары бар көрінеді оның.

– Ол не айғақ?

– Сіздердің қалдырып кеткен үй киімдеріңіз.

– Ой, тәйірі сол-ақ па? Өзімізді суретке түсіріп алмап па әйтеуір?

– Жоқ, суретке түсірмепті. Бірақ, қалай келіп-кеткендеріңізді суреттей қылып бейнелеп беретін көршілері бар көрінеді.





– Солай ма? Соларға дейін ойластырып қойған ба, мына сүмелек? – Оң қолының сыртын алақанына шарт ұрған Мүлік біраз ойланып отырды да:

– Бұның бәрі дәлел емес. Жала жапқысы келген адам бәріне барады, жалған куә де табады, – деп ендігі сөзін шаптықпай басылып айтса да, нық сеніммен жеткізді. Алдында ғана өзінің ойланбай қойған орынсыз сұрақтарының іс жүзінде Бергеннің арызы жала емес, шындық екенін мойындау болып шыққанын кеш түсінгендіктен де ондай-ондай оғаттығын билігінің беделімен басып жіберетін кәнігі басшының кейпімен айтты. Сөйтті де:

– Екі өспес жігіт бір-бірінді иіскелеп тауып алып, өнбес дауды бірігіп қуған екенсіңдер. Шамаларың жеткенше шабыңдар, көріп алдық, – деп сөзін түйіндеді.

Деректірдің бұлай нығызсынғанына Мекемтас та міз баға қоймай:

– Кімнің кімге жала жауып отырғанын тексерудің барысы көрсетер, – деп екі алақанын екі жаққа жайды. Содан соң:

– Арызды оқыттым, алдыңыздан өттім. Ендігі жұмыспен жергілікті комитет құрған комиссия мүшелері айналысады, – деді де орнынан тұрып, сыртқа беттеді.

Осы әңгімеден кейін жолыққан еді Елік. Бұл бөлмесіне соқпастан бірден сыртқа беттегенінде қуып жетіп сөйлескен. Қыздың бұйымтайы, әрине, оны қуантты. Қуанып тұрып, тілегін орындай алмаймын ғой деп қатты қысылды да. Ең дұрысы «шырағым қолымнан келмейді» деп шынын айтып, шығарып салу екенін түсініп тұр. Бірақ, Баукеңнің шығармаларына құмарлығын айтып, құлшынып тұрған жасқа қол ұшын созбау күнәмен бірдей ғой өзі үшін. Батырдың архивте қырық жыл құрсауланған жазбаларын жарыққа шығарамын деп жанталасып жүргенінде «бітер істің басына, жақсы келер қасына» болып тұрған жоқ па бұл кездесу? Бұл мүмкіндікті қалай жібереді? Жалындап тұрған желтоқсан өртінің бетін қалай қайтарады? Қайтармайын десе қолынан келер қайран жоқ. Неткен шарасыздық?!

Үмітсіз жағдайдан үміт іздеген Мекемтастың жан дүниесі шағала болып шарқ ұрып кетті.







Жаңа ғана шалқайып шыққан кабинетке еңкейіп кірсем тілегімді орындар ма Мүлік деп алас ұрады енді оның көңілі. Сөйтеді де біресе, Бауыржан Момышұлының шығармаларына қайта оралатын кезең келді ғой мына желтоқсаннан кейін деп, біресе, басқа емес сол желтоқсанның қаһарманы ғой бұл тақырыпты сұрап тұрған деп, әйтеуір деректірдің жүрегін жібітетін себептер іздейді.

Мүлік те елінің ер-азаматы ғой дейді сол көңілі. Елімізді егемендіктің елесі кезіп жүргенін сезбейді деймісің, сезеді. Сол тәуелсіздік ертерек орнағанын да қалайды. Тек әрекет етейін десе бойына баяғыдан кіріп алған қорқынышы бұғыншақтатып етегінен басады. Мекемтас араларында түк болмағандай жарқылдап кіріп, жандүниесін аша сөйлесіп, Бауыржанның жарияланбай жатқан жазбалары, сол жазбаларды зерттегісі келетін Елік туралы айтса, мынау қайта құру дегеннің аяғы демократиялық таңдауға ұласып бара жатқанын жіті бақылап отырған ғылыми институттың деректірі мәселенің мәнін бірден түсіне кетпей ме? Бірден түсіне кетіп, бұл өзі тәуелсіздікке ұмтылған халқымыздың рухын көтеруге қосқан таптырмас үлесі болар еді әдебиет институтының. Қайда әлгі қыз, тақырыбын бекітіп жіберейік. Ғылыми жетекшісі өзің боласың демей ме?

— Жоқ, жетекшісі сіз болыңыз. Ал, мен кеңесшісі болсам жетеді деп сыпайылық жасап, бастықтың өзіне тағы бір диссертация қорғатып, академиктік ұпай жинауға мүмкіндік жасап бермей ме Мекемтас? Сонда Мүлік те, өзі де ұтады. Ғылыми ортаға Елік атты жаңа ғалым келеді. Ең бастысы кеңестік насихаттың шылауына ілесіп Бауыржанды тек батыр, жазушы деп қана ұғатын халық оның Алаш арыстарының ісін жалғағысы келген қайраткер екенін ұғады. Осы еңбектің бәрі сайып келгенде ел тәуелсіздігін жеделдетуге үлес қосады.

«Әй қайдам» дейді сонда әрқиырға шарқ ұрып жүрген шағала көңілі. Сараңның жұмыртқадан жүн қырқатыны сияқты шенеуніктердің де патриоттық бастамалардың өзінен бас пайдасын айырып қалмаса, ішкен асы батпайтын әдеті болушы еді. Кезінде министр де болып, биліктің дә-





мін әбден татып қалған ғалымдығынан гөрі шенеуніктігі басымдау Мүлік патриоттықты да, рухты да былай ысырып қойып, басқа бас айырбас десе не дейді? Мәселен мен Елікті аспирант етіп қабылдаймын, ал сен арызды жабасың десе? Кім ұтады сонда? Әрине, бұл сыбайласудан Берген де, Елік те, Мүлік те үлес алады.

Бірақ, әділдікпен алмайды ол үлесті. Озбыр басшы мен одан қиянат көрген қосшы да, әділдік әлеміне қызмет етемін деп айқайлап келген жалынды жас пен сол адалдықтың қара қазығы болуға тырысып жүрген жасамыс та, бәрі жабылып шындықтың үнін шықпастай етіп тұншықтырып барып алады ол үлесті. Сен сол үлеске келісесің бе, «Бауыржанның баптап салған қыраны»? Бір жас ақын өзі туралы өлеңінде осындай жолдар бар еді. Сол есіне түсіп кетті. Шынында да «Бауыржанның баптап салған қыраны» болсам да шымшытырығы шешілмейтін сыбайластыққа мен не істей аламын?

Жеке бастың пайдасы үшін жанталасқан «өзі дегенде өгіздің күші барлардан» халықтың хақысын айырып алып беруге шамаң жете ме?

«Басты несін қатырып тұрсың» деді бір кезде әбден шарқ ұрудан жалыққан көңілі. Ертең бар да айт. Жәй айтпа, төндіріп, дәлелдеп айт. Содан кейінгісін көріп ал. Болды. Осы тоқтамға келген Мекемтас ертең бастыққа жолығып, бар жайды баяндайтынын, ал әдебиет институтында орын болмаса, басқа мүмкіндіктерді де қарастыратынын айтып, Елікпен бүгінше қоштасты.





\*\*\*\*\*

Алыстан келген ауыл мұғалімі ұсынып отырған тақырыптың сонылығы, соның арқасында жұрт батыр әрі жазушы деп қана білетін Бауыржан Момышұлының беймәлім болып келген қайраткерлік қыры ашылатындығы, мұның бәрі айналып келгенде Горбачевтың қайта құруының аяғы тәуелсіздік үшін ұмтылыстарға ұласқан мына заманда елдің рухын көтеретіндігі туралы Мекемтастың тау құлататын дауылдай тегеурінмен төндіре айтқан уәждері деректірдің «штат та, қаржы да жоқ» деген бір-ақ ауыз сөзіне келіп тірелді де, қауһарсыз әлжуаз бір бұға айналып пышырап сала берді. Ең болмаса ізденуші етіп, тақырыбын бекітіп беріңіз деген өтінішіне де ыңғай бермеді Мүлік. Момышұлының шығармашылығынан бұрын диссертация қорғалғандықтан екінші рет тақырып беру қиын шаруа екенін сылтау етіп, сырғып ұстатпай қойды. «Болмайды» деп кесіп те тастамады. Қырдың әккі түлкісіндей бұлаңдады да отырды. Көз алдында көлбеңдеген сол бұлаң құйрыққа жетемін дей-дей Мекемтастың да төзімі таусылды. Ақыры ол бағанадан көкейінде тұрғанмен кейінге қалдыра берген «айырбас» операциясына кіріспесе ештеңе өнбейтінін, ал бұл бұлаң құйрығымен бастық «мәжбүрлікпен келген сен, ендеше өзің баста әңгімені» деп отырғанын түсінді. Бірақ қанша тырысса да, «Бергеннің арызын жабамын» деген сөз аржағынан шықпай-ақ қойды. Енді айтамын дегенде әйтеуір алқымына бір тығын тіреліп көмекейінен шығармай тұрып алды. Бұлай бұлаңдай бергеннен ештеңе өндіре алмасын білді білем, ең соңында деректір бұлт етіп басқаша әуенге ауысты.

– Сол мақтап отырған қызыңның құжаты қайда, өзі қайда? – деді ол енді ежірейіп. – Көрмей-білмей не айтамын саған? Келсін, құжаттарын әкелсін, әңгімені содан соң жалғастырайық.

Мүліктің бұл айтқанын жөн көрді Мекемтас. Жөн көрді де бағанадан бергі оған артып отырған қолқасы сыпайылап айтқанда арыз тексерушінің бопсасы болып шыққанын түсінді. Қашанда жөнге жығылатын жігіт асырыңқырап жіберген ағаттығын мойындап, қателігін түзетуге сол сәттен бастап-ақ кірісіп кетті.





Сол күні деректірдің қабылдауына толқып кірген қыз күліп шықты. «Жақсы қабылдады» деді Мекемтаспен әсер бөлісіп. Әке-шешем, жұмыс істеп жатқан мектебім туралы сұрастырып алды да, артынан бұл тақырыпты таңдауымның себебіне көбірек шүкшиды.

Мен сізге берген жауабымды қайталап, «азамат тәрбиелеу – уақыт талабы» дедім. Ол кісі: «жарайсың, елдің иесі болатын жастар осылай ойлауы керек» деп арқамнан қақты.

– Ал, тақырыпты бекіту туралы не деді? – деп сөзін бөлді шыдамсызданып тұрған Мекемтас.

– Хабарын кейінірек айтамын деп, телефонын қалдырды, – деді қыз. Елік деректірдің қабылдауында келесі болғанында алғашқысынан да жайраңдап шықты. Көңілі құс боп ұшып, жүзі алабұрттанып алған. Тіпті үстіндегі алау түсті алқызыл көйлегі де желпілдеп кеткендей көрінді Мекемтасқа. «Өзі әңгімешіл кісі екен. Анекдоттары да қызық. Бірге шай іштік. Алма жедім» деп шаруасының біткен-бітпегенін айтпастан бұрын Мүлікті мақтай жөнелді.

Содан кейін біраз күн көрінбей кетті Елік. Телефонмен де хабарласпады. Соның салдарынан Мекемтас та Бергеннің арызын біраз күн созбаққа салып жүрді. «Сыбайластыққа барма, арыздың қорытындысын шығар» деп өзін өзі қайраса да не Еліктен, не Мүліктен хабар болмаған соң әйтеуір тартыншақтай берді. Бүгін де үйден өзін әбден қайрап шыққан. Жұмысына таянғанында «Мекемтас аға» деген таныс дауыс естілді. Елік Шоқан Уалиханов ескерткішінің қалқасынан шығып келе жатыр екен. Өткен жолғы алау түсті алқызыл жеңсізін тастап, қайтадан ұстаздың ұстамды костюмін киіп алыпты.

– Мен сізбен қоштасқалы келдім, – деді сәлемнен соң.

– Тақырыбыңды бекіттіріп алдың ба? – деді жауаптын орнына сұрақ берген Мекемтас.

– Сәті болмады, – деді қыз.

– Апырай, ә, – деп шын қиналды ғалым. Өйткені ол қоғамға да, ғылымға да зәредей пайдасы жоқ, есесіне ізденуші-ше-неуніктің оң жамбасына келетін тақырыптардың телефон арқылы да тіркеліп жататынын жақсы білетін. Сонымен бірге





бір адам билеп-төстеген жерде тақырыптың маңыздылығы емес, сол адамның көңіл-күйі шешіп кететінін де көріп жүрген-ді. Сондықтан қиналғанымен таңқалған жоқ. Тек, бұның бәрін өмір есігін енді аттаған өскінге ашып айта алмады. Шындықты айтпаған соң жүрегінен шықпаған жасанды сөздермен жұбатуды да орынсыз көрді. Бірақ жұбатпаса да, қуантатындай хабар айтты.

– Педагогикалық ғылымдар академиясымен келісіп қойдым. Сенің тақырыбыңды бекітетін болды. Тек филологиядан емес, педагогикадан қорғайсың, – деді Мекемтас.

– Сіздің көңіліңізге рахмет, – деді қыз. – Мен еліме қайтамын.

Мекемтас «неге» деп сұрамады.

– Алғашқы қиындықтан-ақ қорқып, алған беттен қайту жараспайды желтоқсан қаһарманына, – деп қайрады.

– Қайдағы қаһармандық біздікі. Елдің дүрмегіне ілестік қой әншейін.

– Жәй ілескен жоқсың, жаныңды жеген сұрақтарға жауап іздеп ілестің.

– Бірақ, сол сұрақтардың жауабы шошындырып бітті мені?

– Неге шошындырады?

– Өйткені сенің жаныңның ауырғанынан да олжа алып қалғысы келеді бәрі.

– Көпке топырақ шашуға болмас. Көптің ішінде ала да, құла да бар.

– Қайдам, маған ылғи аласы ұшыраса береді.

– Солай болды екен деп үмітті үзуге болмайды. Құласы кездесу үшін күресу керек.

– Менің ендігі күресім – шәкірт тәрбиелеу. Ауылға сол үшін қайтамын.

– Сен әлі жассың. Талабың таудай болғанмен білімің де, тәжірибең де тарыдай. Ал, ғылыми ордаларда қордаланған көп білім, тәжірибе бар. Соларды зерделеп, бағыт-бағдар алсаң ғана белгілі бір нәтижеге қол жеткізесің.

– Арыңа айырбастап алған білім де, дәреже де керек емес маған.





– Ғылым да арлы ғалымдарды күтіп тұр. Сен мықты қызсың Елік. Арың үшін қалай күрессең, арлы ғылым үшін де солай күресе аласың. Арыңа қалай кір шалдырмасаң, ғылымға да солай кір шалдырмайсың. Сондықтан жүр, академияға тақырыбыңды бекіттіріп, ғылыми жетекшіңді белгілейміз. Жетекшің кім болса да мені ғылыми кеңесшің деп біл.

Мекемтас қызды қолынан жетектеп, педагогика академиясына қарай алып кетті. Тартыншақтамай үнсіз ілескен Еліктің әлі де өз ойымен арпалысып келе жатқанын сезіп келеді. Бірақ, маған келмей кеткен күндерде не істедің, жаныңды жеген сұрақтарға тағы да жаныңды шошындыратын жауаптар алдың ба деп сұраған жоқ. Қыздың арман құсының аяғына шылау болып оралатын ондай әңгімелерге әдейі жоламады. Одан да арман құсының қанатын қатайтып, көкке самғататын биік мұраттарды көбірек сөз етті. Рухани азығы молығып, рух биігіне көтерілгенде ғана пенделік біткеннің әншейін болмашы күйкі тірлік болып қалатынын өзі басынан өткізгендіктен де солай етті. Енді сол бір киелі сезімді Елік те ертерек сезінсін деп жетелеп келеді.





\*\*\*\*\*

Шынын айтқанда Мүліктің арызда жазылғандарды жала деп ат-тонын ала қашқанымен қоймай осыларды ұйымдастырған сенсің деп өзіне тарпа бас салғанына қатты таңқалғанды Мекемтас. Ал, «көзсіз батыр» болмаса да «өлетін жерін» білетін деректірдің Елік туралы мұның өтінішін пайдаланып арызды жабуға әрекеттенбегенін тіпті түсінбеді. Сол кезде «оның не ойлағаны бар?» деген сұрақ көкейіне келгенімен себебін індетіп іздеуді қашанғы әдетімен алтын уақытын қиюға тұрмайтын ұсақ тірлік көріп, жұмыстарынан мойнын бұрмай жүре береді. Сол жұмыстың бірі Бергеннің арызын тексерудің қорытындысын жергілікті комитетте қарап, шешімін шығару ғана қалған. Дәл сол кезде партия ұйымы коммунист Мекемтас Мырзахметұлы мен партияда жоқ Берген Ғалымжановтың сыбайласып алып институт басшылығына жапқан жаласы туралы арызды тексеруді бастап кеп жібергенде барып Мүліктің түпкі ойын түсінді Мекемтас.

Бір қызығы бұл арыздың анық-қанығы анықталмай жатып жалпақ жұртқа жарнамасы жер жарды. «Жұт жеті ағайынды» дегендей, «жау жағадан алғанда бөрі етекпен алды». Партия ұйымына түсінік жазып әуреленіп жатқанында деректірдің қабылдау бөлмесіндегі Сәбира шұғыл шақырып алып, сұмдық хабарды жеткізді. Қазір деректірдің кабинетінде үш әріптің (ұлттық қауіпсіздік комитетінің) адамы отыр екен. Мекемтастың құжаттарын алдырыпты. «Бұл адам біздің институтқа бұрын да келіп тұратын. Сондықтан не үшін келгенін білмесем де, қайдан келетінін жақсы білемін. Бұл жолы сен туралы шұқшиып сұрастырып жүр. Қазір шыққанда сен де өзіңнің үстіңнен материал теріп жүрген адамды көріп, танып ал» деді Сәбира. Деректірмен аралары осылай ушығып тұрғанда оның хатшысының бұған іш тартатындығының өзіндік сыры бар-ды. Желтоқсан комиссиясы төрағасының орынбасары болып жүргенінде ол алаңға шыққаны үшін қуылған Сәбираның інісін қайтып оқуына орналастырған болатын. Сыбайластық болмаса да «еруліге қарулы» деген осы екен. Енді, міне, орайы келгенде ол да қолынан келген көмегін көрсетіп жатыр.





Сәбираға рахметін жаудырған Мекемтас қабылдау бөлмесінде күтуді жөн көрді үш әріптің адамының шыққанын. Бірақ жуықта шыға қоймады ол. Соған, қарағанда қазақтар айтатын «қыздың қалыңмалынан» да күрделі болып шықты сөйлесіп отырған мәселелері. Ақыры шыдамы таусылып олардың үстіне кіргенді жөн көрді. Сәбира «ешкім мазаламасын» деп еді деп қипақтағанмен үзілді-кесілді тоқтатпаған соң кіріп барды үстілеріне. Ортадағы үстелдің екі жағынан қарама-қарсы отырып алған екеу мұның құжаттарын былай қойып, әлдебір қағаздарды шұқшия оқып жатыр екен. Сірә, әркімнің жазған түсініктемелеріне, бәлкім доностарына ұқсайды. Қысқа қырқылған тік шашты дембелше денелі жылтыр қара жігіт екен. Жылт-жылт еткен көзі қапыда кірген мұның үсті басын тінтікілеп бір орнында тұрар емес. Мекемтас та оның бар тұрпатын асықпай қарап, жадына түйіп алды. Содан соң барып Мүлікке бұрылып:

– Жергілікті комитеттің келесі отырысына деректірдің міндетті түрде қатысуы керек болып тұр. Соның уақытын бүгін белгілеп ауданға хабарлау керек еді, – деді. Мүлік қонағы екеуі көз түйістіріп өтті. Бірақ артық-ауыс сөзге бармастан:

– Мына кісімен жұмысымды аяқтаған соң өзім хабарласамын, күте тұр, – деді сыпайы ғана.

Мекемтас одан әрі тықақтаған жоқ. «Мақұл, ендеше» деп жылтыр қараға тағы бір рет көз тастап алды да шығып кетті.

Партия ұйымының тексерушілері, әсіресе, емдеу-сауықтыру демалыс орындарына жолдамалардың қалай, кімге бөлінгенін және жарнадан түскен азғантай қаржының қайда, қалай жаратылғанын шұқшия тексерді. Жариялылықты жолға қойған Мекемтастың бұл жұмысынан ешқандай мін таба алмаған соң олар бүкіл бесжылдықты қамтимыз деген сылтаумен одан арғы жылдарға қарай өтті.

Сөйтіп, бәрін бастықтың ауызша, сондықтан өзі тікелей жауап бермейтін нұсқауымен істелетін замандағы бір-екі жолдаманың кезексіз берілгенін, ал жаңа жылдық мерекеге бөлінген қаржының күмәнді жаратылғанын сөз қылып дуылда-





тып жатты. Тіпті одан қылмыс көріп, іс құқық қорғау органдарына өтеді екен дегендер де болды. Сөйтіп кәсіподақтың жасаған былықтарын партияның асқан принциптілікпен ашқаны жайлы әңгіме гуілдеп кеп кеткенде былайғы жұрттың түк кінәсі жоқ болса да біртүрлі қарай бастағаны Мекемтасқа да ыңғайсыздық тудырды.

Бұл әңгімені дабырайтып жүрген азғантай топқа да керегі осы – Мекемтасты моралдік жағынан тұқырту болатын. Ал, моралдік дағдарысқа ұшыраған соң оңай алдырады деп есептеген оны. Сөйтіп, қылмыстық іс қозғалмаса да, жалпы жиналысқа салып орнынан тайдыруды көздеген.

Бірақ, баяғы Мекемтасты қорғатпай құлатқан заман өтіп кетіпті. Ендігі жерде керек болса, ұжым кәсіподақ жетекшісі тұрмақ мекеме басшысын да өзі сайлап ала алатын заман жылжып келіп қалыпты. Әйтеуір Мекемтасты құртумен әуреленіп жүргенінде партияның сондай бір қаулысы шығып, жер-жерде басшы сайлау науқаны басталып та кетті. Мен ұрлыққа шыққанда ай жарық болдының кебі келсе де бастаған ісін аяғына жеткізуді ұйғарды Мүлік. Жыланды үш кессе де кесірткедей қауқары бар деп есептейтін деректір осы жолы да жеңіп шығып, демократияның дүмпуіне күмпііп жүргендердің аптығын басып тастауды ұйғарғанды. Ал, шынын айтқанда Мекемтас қанша қинаса да оған Елікке тақырыбын бекітіп берсеңіз арызды жабамын деп айта алмағаны сияқты, ұзақ жылдар билік басында жүрген Мүлік те «арызқойлардың» алдында төмендеп, дәл сол ұсынысты бірінші бастағысы келмеді. Мекемтасты айналып өтіп шешкісі келіп еді, іш есебін түгендеуді білмейтін Еліктің тәкаппарлығы асып кетті. Сөйтіп, айналып келгенде еңкейгенге еңкейемін, шалқайғанға шалқаямын дейтін қазақтың тұқымы болғандықтан олардың ешқайсысы бірінші болып еңкейе алмайтынын көрсетті. Бәрі де іштеріндегі «сен еңкейсең ғана еңкейемін» деген тәкаппарлықтан шалқайған үстіне шалқая түсті. Мекемтас деректірдің тәртібін кәсіподақ комитетінің отырысында талқылап, оған қалай да бір шара қолдануға қол жеткізбек. Ал, Мүлік болса, партия ұйымы арқылы әділдік іздеген болып әр нәрсені түртпектеп





жүрген екі қызметкердің өздерінің қоясын ашып, жылы орындарынан жылжытып жібермек. Кеш қозғалғанымен кеме келсе, қайық жолдан шығадының кері келіп, ақырында партия ұйымы тексерген арыз алдымен қаралды. Партбюроның отырысы деректірдің үстінен жазылған арыздағы көрсетілген деректер дәлелденбегендіктен негізсіз деп табылсын, ал кәсіподақ комитеті көп былықтарға жол бергендіктен оның төрағасын ауыстыру мәселесі ұжымның жалпы жиналысының күн тәртібіне қойылсын деген қаулы шығарып, өз өкілеттігін толық пайдаланды. Өйткені қанша құзіретті болса да кәсіподақ мүшелерінің еркінсіз оның төрағасын орнынан ала алмайтын еді.

Дегенмен осыдан бірер жыл бұрын партия ұсынысын жалпы жиналыс талқыға салмай-ақ жаппай қол көтеріп, бірауыздан бекіте салатын.

Ал, қазір әркім өз құқын сезіне бастаған заманда жалпы жиналыстың қандай қорытынды шығаратынын алдын ала болжау қиын еді. Сондықтан екі жағы да ұжыммен жұмыс жүргізуге қызу кірісіп, жақтастарын жинай бастады. Бұл жерде жерлестік-тайпаластық, ұстаздық-шәкірттік, басшылық-бағыныштылық қарым-қатынастар, бәрі ескерілді. Бұл жағынан келгенде Мүліктің бәсі жоғары еді. Деректір болғандықтан да мені қолдайтын жерлес-туыс, ұстаз-шәкірт, басшы-бағынышты баршылық деп масаттанған ол саусақпен санау аздық еткендіктен олардың санын қағазға кестелеп түсіріп отырды. Ал, Мекемтастың жағдайы мүшкілдеу болатын. Ресейдің қол астына ерте өткен қазақтың өзге өңірлерінің төрт-бес буын ұрпағы еуропалық білім алып халықтың жүрегіне шырақ жағып жүргенде Мекемтас туған Оңтүстік әлі Қоқан хандығының қоластында жатқандықтан ғылымға кеш талпынған жерлес-туыстары Академияға енді-енді ғана еніп жатқанды. Өзі қарапайым ғана аға ғылыми қызметкер болғандықтан ресми тіркелген шәкірттері жоқтың қасы, ал бағыныштылары мүлдем жоқ болатын. Бірақ, көп те күні түсіп тұрған басшының айтқанына бәрі бірдей басын шұлғи бермейді. Әділетті, шындықты жақтайтын адамдардың тілеушісі табылады. Кезінде «қисық



жігіт» атанған Мекемтасты тура мінезі үшін төңірекейтіндер болып тұратын. Ал, желтоқсан оқиғасына, тіл туралы заңға қатысты қоғамдық белсенділігінің өрісі кеңейіп, соның арқасында жергілікті комитетте жариялылықты жолға қойғаны үшін ұжым ішінде іш тартатындар көбейген. Деректір өзінің жерлес-туыс немесе шәкірт-бағынышты деп есептеп, кестедей тізілген тізіміне кіргізіп алғандарының бірсыпырасы бұның алдында бәріне мақұл деп бас шұлғығанымен былай шыға бере «Санасілкерге» барып, Мекемтастың Абай туралы дәрістерін тындап алған соң басқаша сайрайтынын білмейтін-ді. Шетпұшақтап естісе де боза үстіндегі желік сөздер менің бұйрығым мен оған басатын мөрімнен мықты емес, кез келген уақытта қабағыммен қайырып аламын деп есептеді.

Сонымен не керек, жалпы жиналыс басталып кетті. Партия ұйымының хатшысы Айырған Заманұлы ұжымның партия ұсынысын қолдайтынына сенім білдіре отырып қолындағы бар деректерді қоппайтып, қоюлата сөйлеп, осындай былықтарға жол берген жергілікті комитеттің төрағасын орнынан алу керек екенін қадап айтса да жиналыс бұрынғыдай бірден қоштай қоймады. Бірең-сараңы оны қолдап мінбеге көтерілгенімен келтірген деректері мардымсыз, ал сөздері жігерсіз шықты. Есесіне, әңгіме Мекемтас Мырзахметұлының адалдығына, әділдігіне, шындық үшін күресе білетініне ауып кетті. Бір-бірін қоштап, толықтырып айтқан бұл сөздерді деректірдің қар жауған қабағы да, қаһарлана айтқан қарсы сөзі де тоқтата алмады. Қызынып алған көп оның бұйрығы мен мөрін мүлдем ұмытып кетті. Сөйтіп, институт тарихында тұңғыш рет «бәрін білетін, бәрін әділ шешетін» партия ұйымының ұсынысы өтпей, ұжым өз қалауымен Мекемтас Мырзахметұлын жергілікті комитет төрағасы етіп қалдырды.

Мұның ақыры екі қызметкерінің қоясын қазып, әшкере етемін деген деректірдің өз қоясы ашылып, қызметтен кетуімен тынды. Бірақ, Бергенді жамбасына ала жығылды ол. Пәтер үшін бәріне барамын деген жігіт барынан айырылып, жұмыссыз қалды да, бірер айдан соң Мекемтастың арала-





суымен Зейнолла Сүлейменов басқаратын баспаға орналас-ты. Ал, Мекемтастың өзі бұл текетірістен құлан-таза шы-ғып, қайта атақ-беделі өсе түскені сонша, партияның белден басқанына бой бермей, деректірді орнынан алып қопандап қалған ұжымның көпшілігі енді кәсіподақ төрағасының тө-ңірегінен көбірек табылып жүрді. Олар өмірінде бірінші рет болып тұрған басшы сайлау мүмкіндігін пайдаланып қал-ғысы келді. Сондықтан да жергілікті комитет төрағасының төңірегіне топтасып қана қойған жоқ, оған әжептеуір салмақ салып, жауапкершілік артты. Өздерінше сырттай басшы таң-дағанымен сол азаматтармен сөйлесіп, жұмысты одан әрі тиянақтау Мекемтастың міндетіне айналды. Сол екі арада ұжымдарынан Ахманқұл Келдібаевтың кандидатурасы ұсынылатыны белгілі болды. Академиктердей емес, ол әлі алпысқа толмаған еңбек жасында. Қазақ әдебиетінің тари-хын баспасөзде насихаттауда өзгелерден гөрі жүйріктік та-нытып, көпшілікке көбірек танылып жүргені тағы бар. Бірақ, баяғы қазақ тілі үшін «жан берісіп, жан алысқан» жиналыс-та Теңесбаевқа қарсы жақ ашып ләм-мим демей үнсіз қал-ғанын әсіресе, жастардың көбі ұмытпай жүр. Солардың бірі жасамыс Мекемтас. Институтқа биліктің көңілін таба оты-рып, ұлт мүддесін де түгендей алатын жүрегінің түгі болма-са да, ақылына амалы сай бір басшы болса деп тілейді. Ал, «мен болам» деп ұмтылғандардың көбі «көп айтса көнді, билік айтса болды» дейтіндер. Олардың көксеген көсемді-гі саясаттың сусылдап тұрған шағын пайдаланып, асып кеткенде өз тобының бақай есебін түгендеу. Ондай басшы ғылымның да, ғылымды жасайтын ғалымның да берекесін кетіреді.

Мекемтас ойлап-ойлап ұлттық университетте істейтін филологиядағы ең жас ғылым докторы Рымғали Нұрғалиев-тің тамырын басып көрмек болды. «Менің қазір ондай қыз-метке барып отырып қалатын ойым жоқ. Алтын уақытым-ды «айқай-шуға» қор қылғым келмейді» деп үзілді-кесілді бастартты ол.

«Біресе, елді мекен мен жер-сулардың тарихи атауы деп, біресе, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі деп жар құла-





ғымыз жастыққа тимей қай бір жетіскенімізден шапқылап жүр дейсің бізді» деп көңіліне сәл кіді алғанымен, жас ғалымның елең-алаң кезеңдегі ел дүрлігісіне бұрылмай, ғылымға одан сайын шұқшия түсемін дегеніне сыйластықпен қарады Мекемтас.

Ендігі ойында тұрған кандидат ежелден сыралғы Берік Қимабаев болатын. Рымғалидың жастығы мен жігеріне басымдық беріп, бірінші қолқалағанымен, Беріктің сабыры мен әділдігі де өзгелерден ерекше деп қадірлейтін-ді. Баяғыда марқұм болған Қажым Жұмалиевтің лекцияларын тек Мекемтас Мырзахметұлы ғана оқи алады деп, ту сонау Өзбекстаннан алдыртқан Қимабаев. Коммунистік партияның қилы-қилы саясаты талай рет бір-бірімен бетпе-бет келтіргендерінде бет жыртыспай тарқасып жүрген жөн білетін жігіт ағасы.

Сондықтан саясат құбылады екен деп жөнсіз кетпей, ұлтының мүддесін өзінің бас пайдасына айырбастамай ұжымның орнықты жұмыс істеуіне де жағдай жасай алады деп ойлады Мекемтас.

Берік Мекемтастың ұсынысына бірден жауап бермей, біраз ойланып тұрды. Содан кейін:

– Мені өткізе алмайсың, әуре қылып қайтесің, – деді.

Осындай жауап алатынын Мекемтас та алдын ала білген сынайлы. Сондықтан ол:

– Мен сізге 52 дауыс алып беремін. Сол толық жетеді деректір болғаныңызға, – деп нық сеніммен айтты.

– Шынымен айтып тұрсың ба?

– Шынымен айтып тұрмын. Түп-тура 52 дауыс алып беремін. Артық та емес, кем де емес.

– Қалайша?

– Ол менің жұмысым.

– Сен айтсаң бірдеңені біліп айтатыныңды және уәденді орындайтыныңды білемін ғой. Тәуекел, келістік, – деді Берік.

Мекемтастың айтқаны айдай анық келді. Түйе бойына сеніп жылдан құр қалғанындай, өзінің ескі беделіне сенген Ахманқұл өтпей қалды. Ұстараның жүзіндей қылпылдаған тіл саясатының талма тұсында сыр алдырып қойғаны ал-





дынан шықты оның. Жұрт оны қолдамай, не де болса сырттай біртоға адам ретінде білетін Берік Қимабаевқа дауыс берді. Ол тұп-тура 52 дауыс жинап, бәсекелестерінің бәрін шаң қаптырып кетті.

– Сонша дауысты қалай жинадың, енді әңгіменді айтшы, – деді деректірдің орынтағына отырғаннан кейін Мекемтасты шақырып алған Берік.

– Енді айтуға болады, – деді ол да күліп.

Содан кейін өзінің докторлық қорғай алмай құлаған күнінен бергі институтта орын алған жағдайды баяндап берді.

– Әдебиетіміз бен тарихымыздың ақ тандақ жылдары жайлы ауыз аша алмай іштен тынып жүрген жастарды Абайдың ислам шығысымен байланысын көрсетуге тиым болуы, желтоқсаннан кейінгі жазалаулар, онсыз да өз тілі өгейлік көріп жүргенде республикада орыс тіліне мемлекеттік мәртебесін беру туралы биліктің әрекеттері қатты ашындырып жіберді. Сіз соның жемісін көріп отырсыз, – деп қорытты сөзін Мекемтас.

– Ал олардың саны қырық әлде алпыс емес, тура елу екі болатынын қайдан білдің, – деп қазбалады одан әрі біле түскісі келген жаңа деректір.

– Менің шындықты ғана айтатынымды сіз білесіз.

– Білемін.

– Ал, сырсақтағыштығымды ше?

– Одан да хабарым бар.

– Ендеше осынау аласапыран заманда кімнен жұбаныш іздеп, нені таяныш етерін білмеген жастар мені қара тұтты. Келіп сырларын бөлісті. Мұңдарын шақты. Мен олардың ашынғаннан айтқандарын ешкімге өсектемей ішімде сақтадым.

Ал, өз тарапымнан Абай өлеңдері мен қарасөздерінің астарын ашып, көңілдеріне медеу еттім. Сөйтіп, Абай бәріміздің темірқазығымызға айналып, ендігі жерде өзімізді қалай ұстайтынымызды бірге айқындадық. Менің мәселемді қараған кәсіподақ жиналысында қатты қайрат көрсетіп, қорғап қалған сол жігіттер. Ал, деректір сайлауы алдында олармен қайта сөйлесіп шықтым. Бар болғаны осы, – деді Мекемтас.





– Өзің тіпті үй ішінен үй тігіп алған екенсің ғой, – деп ойланып қалды Берік. Бірақ даусынан мұны ризалықпен айтқаны немесе ішін тартып қалғаны сезілген жоқ. Бозарыңқы жүзінен де жақынына білдірер жылылықтың, керісінше көңіліне кіді алып, күдіктене қалған салқындықтың сызын байқамады. Бірақ Берік сезімін сөзімен емес, көбіне ісімен білдіретіндігін білетіндіктен де бұдан артықты күтпеді Мекемтас.

Жаңа деректір сол істі институттың жағдайымен танысып алғаннан кейін көп созбаққа салмай-ақ бастап кетті.

– Абайтанудың жұмыс ауқымын ұлғайтамыз, – деді ол Мекемтасты шақырып алып. – Қызметкерлерін де көбейтеміз. Сол бөлімді сен басқарасың. Сондықтан бөлім атқаратын ғылыми жұмыстардың бағытын осы бастан саралап, ауқымды жоспар жаса. Тіпті бөлімнің қызметкерлерімен шектеліп қалмай, бәрімізді жек бұл жұмысқа, – деп Абайтануда үлкен бір серпіліс болатындығын аңғартты.

Мекемтастың да күткені осы еді. Қуанғанынан ризалығын деректірінің қолын алып, қайта-қайта қысып білдірді. Содан соң:

– Мен ғылым кандидаты ғанамын ғой. Бөлім меңгерушілігіне өте алмайтын шығармын, – деп күдігін де айтты.

– Сенің еңбектеріңнің саны да, сапасы да басқалардан асып түспесе кем емес. Ал, докторлығыңды жақын арада қорғайсың, оған қам жеме. Жалпы алдағы алты жыл Мекемтас Мырзахметұлының жылы болғалы тұр ғой, – деп жымыды Берік.

– Жоқ, бұл Абай жылдары болады. Өйткені алты жылдан кейін ұлы ақынның дүниеге келгеніне 125 жыл толады. Сіз бұл шараның бәрін соны алдын ала болжап ойластырып отырсыз.

– Иә, бұл мерекеге дайындықты алдымен біз бастауымыз керек. Өйткені жүгіміз тым ауыр болғандықтан баяу қозғаламыз. Есесіне болашаққа аста-төк ас пен ат жарыс емес, Абайды инемен құдық қазғандай етіп ашатын ғылыми еңбектер қалдырамыз.





– Абайдың шығармаларында араб, парсы тілдерінен енген түсініксіз сөздер көп. Оның көпшілігінің астарында діни ұғымдар мен ағымдар жатыр. Солардың бәріне түсініктеме жазып, ақын шығармаларының жаңа академиялық жинағын жарыққа шығару керек, – деді Мекемтас бірден.

– Білемін, сен бұл іспен көптен бері айналысып келесің, сондықтан бұл жұмысты өзің жалғастырасың.

– Жалғыз менің шамам қайдан жетсін. Орыс тілінен басқа бірде-бір шет тілін оқымаған мақау ұрпақ болып өстік ғой біз. Әйтеуір жандалбаспен жасап жүрген тірлік қой.

– Қазір араб, парсы тілін білетін ғалымдар қасқалдақтың қанындай аз. Дегенмен ел ғой, іздесең табылып қалар. Солардың көмегіне жүгін, – деді деректір.

– Медресе оқып, діни білім алған ағаларымыз да сирек те болса бар әзір. Ана жылы сүргінде сотталып кеткен Қайым Мұхаметханов қайтып келіп Семейде жүр деп естідім. Сол кісіні алдырсақ дұрыс болар еді.

– Өте жөн. Ол кісі абайтануға ауадай қажет. Әсіресе, Абайдың айналасын аша түсуге. Бірақ, бұл жұмыстың бір парасы ғана.

– Оны түсінемін, – деп іліп әкетті Мекемтас. – Абайтану бойынша жүргізіліп жатқан барлық өмірбаяндық, текстологиялық, ақындық шеберлік, идеялық-тәрбиелік, тіпті философиялық бағыттардағы ғылыми жұмыстармен бірге «Абай және оның заманы», «Абай және бүгінгі заман» деген тақырыптарда да ғылыми-зерттеу жұмыстары жоспарланса құба құп болар еді.

– Бұл бір институттың шеңберінен шығып кетеді ғой, – деді деректір. – Оған менің құзырым жетпейді.

– Бізді құртып жүрген осы шектеу, – деп ашынды енді Мекемтас.

– Философиясын – философтар, дәуірін – тарихшылар, тілін – тілшілер, діни көзқарасын – теологтар зерттесін деп бір ақынды қырық бөлшектеп тастаймыз. Сөйтеміз деп қайтып құрастыра алмай отырамыз «бұл қалай болды?» деп. Қырық қолдан шыққан қырық бөлшектен қайдан бүтін Абай шықсын? Шықпайды ешуақытта.







– Сенің енді осындайың бар енді, – деді сырмінез Берік. – «Сабыр түбі сары – алтын» деген бар емес пе? Аптықпайық, алдымен өз шамамызды бағамдап алайық. Содан соң біздің қолымыздан келетіні осы, ал «өзге институттар не үлес қосады» деп ой тастайық Академия басшыларына. Одан әрі министірлік пен Орталық комитетке шығармыз. Бәлкім сол кезде Абайтанудың институтаралық үйлестіру тобы құрылып қалар.

– Оның бәрі дұрыс қой. Бірақ, елуі жиылып бір тоқтыға әлі келмеген елгежейлінің кебін киіп қаламыз ба деп қорқамын.

– Алып Абайдай алып ғалымды қайдан табамыз енді?

– «Болмасақ та ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз» деген ғой Абайдың өзі. Сондықтан да ұлы ақынның он шумақ өлеңінің әр шумағын әр институттың үлесіне қалдырып қоймай бір институт, тіпті бір адам ашып бергеніне не жетсін.

Мекемтастың түпкі ойын Берік түсінді. Түсінгенмен гуманитарлық ғалымдарға жасалып жүрген саяси-идеологиялық тиымдар мен шектеулер, тіпті ғалымдар даярлаудағы қолдан жасалған шектеулер зерттеушілердің талантын толық ашпай тежеп, жасандылыққа мәжбүрлейтінін өзі де өмір бойы сезіп келе жатқандықтан одан әрі уәж айта алмай үнсіз қалды.

– Ендеше мен кетейін, жұмысқа кірісейін, – деді соны сезген Мекемтас.

– Кіріс, – деді деректір – Бірақ, есінде болсын. Абайтану бөлімі тек біздің институтта. Сондықтан да ақын тойына ең үлкен тартуды біз жасауға тиіспіз.

Сол еңбегіміз абайтануды жаңа белеске көтеріп, үлкен марапатқа, мәселен мемлекеттік сыйлыққа ие болмаса бізге сын. Қалғанымыз қарап қалмаспыз, бірақ негізгі күш саған түседі.

– Докторлық қорғай алмай жүрген адамға қайдағы мемлекеттік сыйлық. Ол үшін жүгіру керек дейді ғой. Мен оған жоқпын, – деп ат-тонын ала қашты Мекемтас.





– Сен ештеңеге алаңдама. Тапжылмай отыр да, алаңсыз жұмыс істе. Ал жүгіру жағын бізге қоя бер, – деп күлді Берік.

Осылай Мекмтастың өмірінде жаңа бір белес басталды. Санасына жат құндылықтар ұя салып алып, алды қағынан жери бастаған халықтың құрдымға кетіп бара жатқанына қалай көздерін жеткіземін деп, сонау 1983 жылдан бері біресе миссионерлік саясаттың салдарларын, біресе елді-мекен, жер-су атаулары мен адам аттарының отарлық астарын ашып, біресе желтоқсандағы жазықсыз жазаланғандарды қорғаймын деп құқық қорғаушы да болып кеткен Мекемтас енді өзінің жанына жақын ғылыми жұмыстармен алаңсыз айналысып, Абай тереңіне бойлауға тағы да талпыныстар жасауға мүмкіндік туғандай болды.

Қалай болғанда да отарлықтың сірескен мұзы шытынады. Енді әне-міне дегенше айналасын айпап-жайпап сең жүріп кетуі де ғажап емес. Сол кезде шытынаған Одақтан сынып шыққан әрбір республика өз жағалауларына ұмтылады. Балтық бойындағы үш республика жолын таңдап та қойды. Ежелден отырықшы, өзінің тілін де, жазуын да, дінін де жоғалтпаған республикалар да болашағын тез айқындады. Ал, көшпелі дәуірдегі хандық құрылымы келмеске кеткен, жетпіс жыл бойы құдай жоқ деп оқып дінсізденген, салт-дәстүрдің бәрін ескіліктің қалдығы деп жоққа шығара бастаған қазақ қай жағалауға кемесінің тұмсығын тірейді? Омырылып қалған өткеніне орала ма? Әлде, әсіре жаңашылдыққа ұрынып, өткенін тәрк етіп, жаттың жайлауын жайлы көре ме? Болмаса, бір замандағы ағылшындар мен жапондар құсап әбден ұлт болып иі қанғанша шекарасын тарс бекітіп алып, өз қазанында өзі қайнай ма? Жоқ, ол мүмкін емес. Отарлық саясаттың салдарынан жеріне өзге ұлттар көп қоныс аударып, ең үлкен концентрациялық лагерлер шоғырланған ел енді ешуақытта бойын, ойын оқшауланып түзей алмайды. Не де болса көппен бірге көш үстінде көреді көретінін. Бірақ, көшті жүре түзеу үшін өз болашағына деген сенім керек. Сол сенімді биліктің емес, сананың төңкерісі бекітеді. Сол үшін не істемек керек?





Әлем елдерінің саяси тарихынан сауаты шамалы Мекемтастың ойы осы жерге келгенде тығырыққа тіреліп, ары қарай саңылау таппай шарқ ұрады. Бірақ, түйсігі, әйтеуір Абайды төңіректейді, өзі біліңкірейтін. Неге екенін әлі тап басып тани алмаса да екі дәуірдің бел ортасында өмір сүрген ойшылдың шығармаларынан әйтеуір бір жарыққа бастайтын сәуле сезеді жүрегі.

Рас, қазақ Абайды білмеймін демейді. Кез келгені жатқа оқи жөнеледі. Сөздерін қасиет тұтып, тұмар ғып тағынады.

Бірақ, ақынның жеке шумақтары көкейлеріне қона кеткенімен, тұтастай тани алмайды. Өйткені қазіргі қазақтың Абай өмір сүрген дәуір туралы түсінігі қисық. Оларға солай бұрмалап, кері түсіндірілген. Содан соң ол заманның ауыл молласынан оқыған балаларының білгенін білмейді бүгінгілер. Сондықтан сол дәуірдің қатпарлары мен қолданған сөздерінің астарларын ғалымдар ашып бергенде ғана ақынның жекелеген өсиеттері тұтас бір ілімге айналады. Мекемтастың жүрегі сезіп тұрған сәуле сол соңғы жылдары өзі жүлгелеп жүрген толық адам ілімі туралы пікірлері ақынның. Жұлгелетіп қойғанмен одан әрі түбірлетіп зерттеуге қолы тимей кетті. Енді сол мүмкіндік туғанда «ұрыста тұрыс жоқ» деп кіріспек керек.

Әрине, ұрыс алаңы – адамдардың санасы. Сол алаңда небір «измдер» шайқасқа түседі. Бірі жеңіп, бірі жеңіліп, кейде ит жығыс түсіп, бір адамның басында сан түрлі «измдер» арпалысып жатады. Олар біржола жеңу үшін ақырында озбырлыққа да барып, ой қаруымен бірге, от қаруын да қоса жұмсайды. Сол отқарудан жеңіліп, енді санасын алдыра бастаған қазаққа Тәңірім Абайды берді. Халқының қазығы босап, болмысы бүлініп бара жатқанын тереңімен сезінген ұлы ойшыл әлемдегі ілімдерге барлау жасап, құрдымнан халқын құтқаратын жалғыз жол адамзаттың ұлы миссиясы – Адам болып қалу бір Алланың аманаты екенін тап басып, дәл таныды. Тап басып дәл таныды да сол аманатты халқына лайықтап, толық адам болып қалыптасудың жолдарын көрсетіп берді. Абайдың өлеңдерінде басталып, қара сөздерінде түйінделген жарты адам, толық адам туралы пенденің,





адамның кемелденуі туралы пікірлері бүтін бір ілім екеніне соңғы кезде Мекемтастың көзі анық жетті.

Осы уақытқа дейін қақпайланып келген бұл ілімді енді халқымен қауыштыратын күн туды. Олай етпесе бұл күнде не көп, менің жолым дұрыс деген ағым көп. Шындық тек менің жағымда деп жағы талғанша айқайлап ант-су ішеді олардың көсемдері. Егемендік алуын алғанмен мәңгүрттер мен маригиналдарға тізгінін беріп қойған халықты әлгі «измдердің» біреуі мұрнын тескен тайлақтай етіп оп-оңай жетектеп әкетеді. Жетектеп әкетпес үшін халқының босаған қазығын қайта бекітетін басқа ілімді көрмей тұр Мекемтас. Ел болып ойшыл өсиетін жүзеге асырса азаматтары ширек емес, жарты емес, толық адам болып қалыптасқан халық ешкімнің жетегінде кетпей өз жолын өзі табады.

Мекемтас жұмысқа осындай сеніммен кірісті. Сол сенім оны бірі жетсе, бірі жетпей, бірі табылса, екіншісі табылмай жататын еліндегі тіршілік тауқыметтерінің барлығын ұмыттырып, дәлірек айтқанда Бағираның мойнына артып тастап, тағы да жазу үстеліне ұзақ уақытқа байлады өзін. Бұндайға үйреніп қалған Бағира да кезекке тұрып та ала алмай қалатын күнделікті қолданыстағы азық-түліктерді тауып кел деп күйеуінің мазасын алмай, не де болса, әйтеуір өзі амалын қарастырып жүрді. Бұл кезде ана бір жылдардағыдай жақындарының балалары жатып алмайды үйде әйтеуір. Ауылдан сапырылысып келіп-кетіп жататын ағайын-туысының да аяғы сиреген.

Бір жақсы жері Мекемтас та бап тілемейді. Саудагер әйелдер милициядан қашып жүріп сататын үнді шайын ішемін демейді. Дүкенде сықысып тұрған грузин шайын қанағат тұтып іше береді. Дүкенде жоқ етті екі-үш есе қымбат бағасына алып жатырсың демейді. Бала-шаға болса, көкбазардан үзілмейтін көкөніске үйреніп алған. Әкелерінің қабағына қарап жоқты тауып бер демейтін олар да. Жұрттың үлкен тамыр-таныстар арқылы қоймадан алдырып киетін шетелдік киімдеріне қолдары жетпесе де, базардағы жаймадан-ақ әйтеуір үстілеріне қонымды киімдер тауып киетін. Бес ұлдың ортасындағы жалғыз қыз Гүлмира да еркетотай болмады. Әке-шешелері жоқ-





шылық көрсетпесе де бардың бағасын біліп өсті. Әкең атақты ғалым, тауып береді, сендерге тауып бермегенде кімге тауып береді ол деп, ешуақытта кесір айтпады Бағира. Қайта әкелеріңнің мазасын алмандар, ол жұмыс істеп отыр; сендер де тыптыныш сабақтарыңды оқыңдар немесе мынаны істей қойыңдар деп ұл-қыздарының бос уақыттарын пайдалы бір іске бағыттап жіберетін.

Мекемтас шынында да Бағираның баптап берген шайын ішіп алғаннан кейін кабинетіне кіріп кететін. Содан түн ауғанша отыра береді. Бір жақсы жері баяғы Әуезов музей-үйінде жұмыс істегеніндегідей бір-бірімен терезеден шамды жағып-сөндіріп сөйлеспейді енді екеуі.

Кейде қажеттілікпен Мекемтастың өзі кабинетінен шығып, Бағирамен бірер сөз тіл қатысып, қайта кіріп кетеді. Енді бірде Бағира кіріп оған шай әкеліп береді. Сонда жұбайын «жатпайсың ба енді, таң ататын болды ғой» деуші еді. «Болып қалдым, қазір аяқтаймын» деп Мекемтас қағазына қайта үңіле түседі. Тым кешігіп кеткен соң Бағира тағы келеді. Күйеуі кітаптың әлі қызық жерінде болып шығады. Осылай, жұмысқа шын берілгенде ұйқыны ұмытып кетуші еді ғой. Ол үшін ұйқы мен тамақ маңызды болмай қалатын. Бұл жылдар шынында да жемісті болды. Әуезовтің ғалымдығына, Абайдың шығысына қатысты тың сүбелі монографиялар жазуды алаңсыз қолға алды ол. Сонымен қатар ұлы ақынның академиялық жинағын дайындауға белсене ат салысып, тұлғалық энциклопедиясына да ең көп мақала жазған Мекемтас болды. Осындай қызу жұмыстардың арасында ол докторлығына ешқандай өзгеріс енгізіп, қайта жазбас-тан сол монография күйінде қорғады. «Батпандап кірген ауру мысқылдап шығады» деген бар ғой. Деректір оң көзімен қарап тұрса да, қызғанышының қызыл итіне талатқысы келгендер табылды бұл жолы да.

Бірақ, олар бұрынғыдай емес, азшылық болып қалыпты. Сондықтан көптің көңілін аударып ертіп кете алмады. Ал, академик Зәки Ахметов болса, осы уақытқа дейін «қисық жігіт» деп жүрген Мекемтастың нағыз түзу жігіт болып шыққанын, демек «қисайып» жүрген ол емес, көбіне аға ұрпақ





өкілдері болғанын мойындап, «ғылым қандай күштер әсер етсе де дұрыс жолдан таймайтын осындай арлы ғалымдарға зәру» деп түйіндеді тарихи сөзін. Бәрін айт та, бірін айт бұл диссертацияның қорғалуы – Абайдың үш қайнар көзінің бірі – Ислам шығысына қойылып келген тосқауылдың бәрі ысырылып, одан әрі зерттеулер жүргізуге жол ашылғанын көрсетті. Соның арқасында бұл бағыттағы ізденістерді оң бағалады.





\*\*\*\*\*

– Құран оқиян деп жатыр тізе бүгейік, – деген дауыс оны өткенінен оралтып, Түркібасының төбесіне қайта дік еткізді. Біраз адам жиналып қалған екен. Барлығы бұлақтың басына төбесі күмбезделіп ақ кірпіштен соғылған жайдың іші сыртындағы орындықтарға жайғасты. Симағандары әдейі бірінің үстіне бірін жиып қойғандай қаптарланып жатқан жақпар тастарға шоқиысты. Ұзын шапан, оюлы көк мәуіті тақия киген қияқ мұртты сылаң сары жігіт қырағаттап құран бастады. Құранның әуезіне мүлгіген басқа жұрттың не ойлап отырғанын білмейді, Мекемтастың өзі сол баяғы бұл төбені Түркібасы атандырған қырғын соғысты есіне алды. Ол кезде түркештер мұсылман да емес еді. Әйтсе де Тәңірге табынатын, демек кәпір емес, Жаратушыны түп ием деп танытын.

Құран сүрелері бітіп, бата беретін кезінде молда Мұхамед пайғамбар мен оның сахабаларынан бастап, әулие-әмбилердің есімін атап Жаратқаннан соларға шапағат тіледі. Оның ішінде түркештердің Сұлық қағанының есімі аталған жоқ, әрине.

Бәрі біткен соң Мекемтас жақындап келді де Молладан:

– Құран не үшін оқылды бұл жерде? – деп сұрады.

– Жаңа атадым ғой кімге бағышталғанын, – деп таңқалыңқырап жауап берді молда.

– Атадыңыз, бірақ олардың ешқайсысы бұл жерде жатқан жоқ қой.

– Мүрденің болуы міндетті емес, үйде отырып бағыштасаңыз да болады дұғаны.

– Бірақ, сіз дастархан басында емес, таудың төбесінде отырсыз ғой.

– О, бұл тау жай тау емес. Көрдің бе төбесінен бұрқырап бұлақ шығып жатыр. Демек, киелі тау.

– Тауда тұрған не бар? Жаратқан ғой оны шығарып тұрған қисынын келтіріп, – деп бұлтартпас уәж айттым деп ойлады молданың бетіне барлай қараған Мекемтас.





– Дұрыс айтасың, Алланың күдіретінің көрінісі бұл. Бұндай көрініс-белгілер осында ғана емес, әр тарапта бар. Олар Жаратқанның бар екенін еске түсіреді, еске түсіреді де оның күдіретін мойындатып құлшылық еткізеді, – деп молла Мекемтастың бұлтартпас сұрағынан қиялап жол тауып шығып кетті.

Дегенмен «мұсылмандығың Тәңірлік түсінікпен қабысып жатыр-ау» деп шамалады бұл күнде қара бұлақты киетұтпақ тұрмақ, о дүниелік болған өлікке де дұға қылмайтын шет елдерден оқып келген молдаларды да көріп жүрген Мекемтас. Бірақ, Жаратушы күдіретінің белгі-көріністері әр тарапта бар деген молданың сөзі Мекемтасты шипажайға қайтып келгенше ойландырды. «Меккедегі қағбаның қаратасының жөні бөлек дейік» дейді ол ойланғанда. Ұшар басында Нұх пайғамбардың кемесінің қалдығы жатыр дейтін Қазығұрт шыңы ше?

Ниеті жақсы адамның шелегін суға толтырып, ниеті жамандікін бос қайтарады дейтін құдық анау. Олар да Жаратқанның белгісі ме, жоқ жер бетіндегі түрлі қиямет-кесапаттардан зәрезап болған адамдар қиялынан туған түсінік пе? Айтпақшы сол Қазығұрттың етегінде адамның адалдығын тексеретін тас қылта бар екен ғой. Бір-біріне төніп тұрған бұл тастардың арасынан адал адамдар ғана арғы бетіне өтеді, ал арам болса, киелі тастар өткізбей қысып қалып, пиғылының таза еместігін бүкіл жұртқа әшкере етеді дейді. Кәдімгі қазіргі өтірікті әшкерлейтін детектор сияқты. Бірақ, техникалық құрал емес, құр қаратас. Дегенмен де Мекемтас сол орынға тіпті де мән бермепті осы жасына дейін. Қашан да уақытты босқа алатын нәрселерге елікпейтін әдетімен, адамның соқыр нанымынан туған түп негізі жоқ қияли әңгіме ғой депті де жүре беріпті. Молданың мына айтқанынан кейін енді қатты ойланып келеді шипажайға қайтқан жолында. Қолынан бірдеңе келетін адамдар бірін-бірі шырмауықша шырмап алған сыбайластыққа еш тосқауыл қоя алмаған







соң шығарған-ау, қиялыңнан айналайын қарапайым халық бұл әңгімені. Құдаймен қорқытқан түрлері ғой, ұрған сайын семіре беретін борсық секілді паракор-бәлекорларды. Шынында басқа не істеуге болады, шапсаң қылыш, айтсаң сөз өтпейтіндерді? Қылыш көтеру былай тұрсын аузыңдағы сөзінді аңдап айтпасаң өзіңнің аяғыңды аспаннан келтіреді. Қанша мықты болсаң да қайтып қарсы сөйлеместей етеді. Оны да көрген Мекемтас...





\*\*\*\*\*

Докторлығын қорғап, дипломын қолына алғаннан кейін көп ұзамай Мекемтас Түркістан қаласында жаңадан ашылған Халықаралық қазақ-түрік университетіне ауысып кетті. Әркім әрқалай жорыды оның бұл шешімін. Көбі құптамады. Әдебиет институты айдарынан жел есетін беделді ғылыми мекеме ғой. Осында жүре берсе, академик болып сайланып кетер еді. Ал, елдің бір түкпіріндегі аудан орталығының деңгейіндегі қалада ашылып жатқан оқу орнында ондай мүмкіндік болмайды, керек болса, білгенінен айырылып қалады десті. Енді біреулері мұндай тым белсенді адамды Берік Қимабаев өзінің қасында ұстап не қылсын. Доктор болып алған соң беделі бұрынғыдан да артып, түптің түбінде өз орнына таласуы мүмкін екендігінен қауіптеніп, «сен жақсысын» деп арқасынан қағып, әдейі шығарып салып отыр деп жорамалдады. Мемлекеттік сыйлықты енді оның желкесінің шұқыры да көрмейді деп сәуегейлік айтқандар да болды.

Бірақ, Мекемтас бұлардың бірін де ойлаған жоқ. Оның ойлағаны ғылым болатын. Ал, академиядағы ғылымның өрісін тым тарсына бастады ол бұл кезде. Сол тар өрісті кеңейтуге күш салып жатқандарды да көрмеді. Керісінше бұлардың нақтылы өмірге қосып жатқан түк үлестері жоқ, сондықтан қолданбалы ғылымға бет бұру керек деген түсінік қылаң бере бастады. Ал, Мекемтасқа қай қалада, қандай мекемеде, қандай ортада жұмыс істегені маңызды емес болатын. Маңыздысы – ғылымға өріс болғаны. Ғылымға өріс болса, Мекемтас та сонда.

Академиядағы ғылыми өрісті тарсынатыны тек қазақ және орыс тілдерімен, асып кеткенде өзге де түркі тектес тілдермен ғана ғылым жасауға болмайтынын әлдеқашан түсінген ол. Өйткені қазақ тарихы мен әдебиетіне қатысты көп деректер араб, парсы, қытай тілдерінде. Кеңес үкіметі кезінде Қазақстанда ол тілдердің мамандары мүлдем даярланбады.

Сондықтан олар Ресей ғалымдарының орысша аудармасы арқылы ғана там-тұмдап танысты олармен. Оның үсті-





не Ресей өз тарихы мен әдебиетіне қатысты еңбектерді ғана аударғандықтан қазақ ғалымдары соның өзін қанағат тұтуға мәжбүр болды. Сөйтіп академияда жұмыс істесе де олар жарымжан күй кешті. Өзінің сол кемістігін шет тілдерін жетік білетін шәкірттерімен толтырсам деп армандайтын Мекемтас. Егемендік алғаннан кейін сондай шәкірттер даярлауға мүмкіндік туа бастады. Әл-Фараби атындағы ұлттық университетте Шығыстану факультеті ашылып, оны Шымкентте өзі дәріс берген шәкірті Әбсаттар Дербісәлі басқарып жатыр. Әбсаттар кейін Мысырдағы Әлиасқар университетін бітіріп, мықты дінтанушы, шығыстанушы ғалым болып алған. Енді, міне, Халықаралық қазақ-түрік университеті ашылатын болды. Онда да дінтанушылар, шет тіл мамандары даярланады. Өне, солар қазақ әдебиеті мен тарихы ғылымдарының өрісін кеңейтетін таптырмас ғалымдар болып шықпай ма? Сондықтан олар қашан оқу бітіреді, бітірген соң әдебиет институтына жұмысқа келе ме, жоқ па деп «қашпаған сыйырдың уызын» күтіп зарыққанша, болашақ шет тілдерінің мамандары мен дінтанушылардың ортасына өзі барғанды жөн көрді. Сөйтіп, талапты балаларды оқуға таңдап қабылдап, ары қарай ғылымға баулымақ болды. Бұл ниетінен Мекемтасты бюджеттен жалақы алатын оқытушы-профессорлар қолбалаға айналып кетті, ғылымның орнына уақытының көбін түрлі қағаз жазумен және өздеріне түк қатысы жоқ жиналыстардың залдарын толтырумен өткізеді, оның үстіне он екіде бір сайманы жоқ жаңа оқу орнында жағдай тіпті болмайды деген әңгіме де қайтарған жоқ.

Рас, жаңа ашылған оқу орнына ректор болып, баяғы Өрісбек Берісбеков тағайындалғаны оның көңілін біраз қобалжытты. Алматы қаласы коммунистерінің басышылығынан кеткен соң ол Білім министрінің орынбасары болып істеп жүр дегенді естіген Мекемтас. Ал, оның бұл кезде педагогикадан ба, әлде саясаттанудан ба, әйтеуір ғылым докторы болып алғанын естімепті де. Ғимараттары түгелдей жаңадан салынатын университетте шаруашылық жұмыстары басым болатындықтан мұнда үлкен қала басқарған тәжірибесі мол Өрісбекті әдейі жіберген сыңайлы.





Ал, Мекемтасқа ұсыныс жасаған университет проректоры Болат Байтанаев болатын. Баяғы Шымкент пединститутына келгенде Мекемтас білімді ғалым, менің орныма кафедраны басқарсын, ал мен доцент болып істей беремін деп ректорға барған Әбіш Байтанаевтың ұлы. Міне, сол үнемі өзіме емес, еліме болсын деп жүретін жақсының тұяғы еліміздің рухани орталығы ету мақсатында ашылып отырған бұл оқу орнында сіз сияқты ғалымдар жұмыс істемегенде кім істейді деп қолқа салғанында ректормен келістің бе деп сұраған одан. Келіскенмін деді ол. Мекемтас ағамен ағайын болып келеміз, екеуіміз де түлкібастықпыз, өз туыстарын жинап жатыр деген сөзге қалмаймын ба деп ол алғашқыда біраз тартыншақтады. Бірақ, кадр іріктеудегі негізгі принцип оның білімі мен іскерлігі болуы керек. Университетке Мекемтас Мырзахметұлын шақыру керек екенін дәйектеп сізге өз атымнан хат жазып, бар жауапкершілігін мойныма алайын, мені туысын алды деп ешкім айыптамайды, сіздер ДТ<sup>1</sup> болсаңыздар мен ҚТ<sup>2</sup>-мын дедім.

Соны естігеннен кейін «қасқырдан қорыққан орманға бармайды» деп бірден келісімін берген Мекемтас. Берген де ғылымның жаңа өрісіне үлкен құлшыныспен ұмтылған.

Бұған отбасы да қарсылық білдірген жоқ. Бағира да, бала-шағасы да бұйрықты талқыға салмайтын офицердің жан-ұясы секілді отағасы қайда барса, сонда жөнep берді. Әрине, өздері отау тігіп кеткендері мен оқып жатқандарынан басқасы.

Бірақ, олардың жайын жасап кетті Мекемтас. Ағаларынан бұрын үйленіп, балалы-шағалы болып қалған Қайратқа баяғы ҚазПИ-ден алған үйін қалдырды. Ал, Ләйла Мұхтарқызы алып берген орталықтағы пәтерін екі және бір бөлмелі пәтерлерге айырбастап бірін үлкен ұлы Маратқа еншіледі, екіншісін Алматыда оқып жатқан білімгер балаларына қалдырды. Бұлардан бөлек оның таудың бөктерінде 2 қабатты тамаша саяжайы бар болатын. Баяғы «Қазақстан» баспасынан Зейнолла Сүлейменов шығарып берген «Абайтанудың қысқаша тарихы» үшін ол сол кездің өлшемімен мол қалам-

---

ДТ<sup>1</sup> – Ұлы жүздің Дулат тайпасы, ҚТ<sup>2</sup> – Орта жүздің Қоңырат тайпасы.



ақы алған еді. Міне, сол қаламақыға осы саяжайды сатып алған. Онда Дүрәлі деген білімгер тұрып жатқан-ды. Дүрәлі көп балалы отбасының ең үлкені екен. Артынан көмек келмейтін. Жақын жердікісің деп оған жатақхана да бермепті. Әуелгіде балаларымен ілесіп үйге келіп жүрді де, біржола тұрып қалды. Бұндайға үйренген Бағира оны бөтенсіреген жоқ. Баяғы қазақ әйелдерінің әдетімен «сен үшін арнайы қазан асып жатқаным жоқ, жүре бер» деген. Ал, Абай әлеміне бүкіл болмысымен еніп кеткен Мекемтас бұл кезде үйдегі өзгерістерді онша сезінбейтін де. Саяжайды сатып алған соң Дүрәлі сонда тұрғанды қалады. Бұнысы Мекемтасқа тіпті жақсы болды. Жаздың жаймашуақ күндерінде жұмыстан шыққан соң келгенінде Дүрәлі қарсы алады. Тіпті бұның ойлап келген жұмыстарын бастап қойған болып шығады. Мекемтас қол жұмысын қатты ұнатады. Ғылымға кетпегенде кім біледі, әкесі сияқты зергер шықпаса да бағбан болуы әбден мүмкін еді. Майтөбеде малды көп өсіруге жер тар. Айдап салып бағу үшін тау асып кетуің керек. Оған шаруашылықтың жұмысынан шыға алмайды елдің көбі. Мекемтастың анасы да солай. Сондықтан меншікті жерін тырналап, бұйырған дәнін өсіргенді қол көреді. Майтөбеде алма мен жүзім жақсы өсуші еді. Жұмысқа кетіп бара жатқанда анасы не істейтінін бәрін айтып, тапсырып кетеді. Білмей жатса көрші Сайрам қартқа барып, содан үйренетін. Тәрізі тегінде бар болғанымен нені қолға алса да, асықпай қимылдап, бірақ тыңғылықты атқаруды осы Сайрам атадан көрген Мекемтас.

Өзінше бір ашқан жаңалығы, баппен қимылдаған адам жақсы ойланады екен. Кино лентасына ұқсап жүгіріп кетпей байыппен жылжиды ойы да. Осылай қол қимылы мен ой қимылы үйлесім тапқанда Мекемтас әдемі бір кәйіпке еніп, бір жасап қалады.

Мына саяжайды сатып алғалы сенбі, жексенбіде сондай бір кәйіпке бөленіп жүрген-ді. Ал, тынығатын кезі келгенде Дүрәлінің шәйі дайын тұрады. Көшетін болған соң саяжайды сатып жіберсем деп ойлаған. Тіпті алымсақ та іздетпей-ақ алдынан шықты. Ол баяғы ҚазПИ-дегі қабылдау





емтиханы кезінде қалтасынан тізімі түспейтін Қайтуған болатын. Оның осындай сатып алып, қайта сатып ортасынан пайда тауып жүретін әдеті бар еді, мұның көшетінін естіп қолқалап тұр енді. Беріп тұрған бағасы да жақсы. Асылы бұлардың саяжайы қаланың дәл іргесінде болғандықтан өтімді екені рас. Соны сезген Қайтуған аялдамадан саяжайына жеткенше үгіттеп Мекемтастың көмекейін босатып келеді. Тіпті, қол алысуға дейін барды. Дәл сол кезде бақша жақтан Дүрәлі келе қалды. Келе қалды да «ағай маған сатыңыз» деп қолқа салды. Мекмтас «сен қанша бересің?» деп күлді оған.

– Ағай, мен сізге жап-жаңа компьютер беремін, – деді ол. Сөйтті де ішке кіргізіп теледидарға ұқсас бір техниканы көрсетті. Тіпті әріп теретіні де бар екен. Мекемтас атын естігені болмаса, осы уақытқа дейін әлі компьютер дегенді көрген жоқ еді. Болашақ математик болған соң ба, Дүрәлі жаңа техникаға үйір болатын. Қайдан тапқанын, әйтеуір бұны да қолына түсіріпті. Қанша қызыққанмен Қайтуғанның ұсынып тұрған бағасы әжептеуір. Балалардың да, өзінің де біраз қажетін өтейді. Бірақ, Мекемтас Қазақстан ғалымдары бұрын үш ұйықтаса түсіне кірмеген техниканың жұмысын жеңілдететінін көз алдына елестеткенде Қайтуғанның ұсынған қаражатына қолын бір-ақ сілтеді. Сілтеді де:

– Саяжай сенікі, – деді Дүрәліге.

– Бекер істеп тұрсың. Бұл өңір қаланың аймағына қосылады. Сонда саяжайлардың бағасы да шарықтап өседі. Сол кезде өкінетін боласың. Ал, мен саған ең дұрыс баға ұсындым, – деді Қайтуған. Бірақ, Мекемтас енді оған назар аударып, жауап қатқан жоқ. Дүрәлінің қуанышын қызықтап кетті. Шынын айтқанда Дүрәлі бұлай болады деп ойламаған сияқты. Аузына теп-тегін түсе қалған батпан құйрықтан есі ауыңқырап біраз үнсіз қалды. Содан соң алабұрта бастаған көңілін әрең басып:

– Ер мойнында қыл арқан шірімейді. Тірі болсам бұл жақсылығыңызды еселеп қайтарамын, – деді ағасының жүзіне тік қарап.



– Оқасы жоқ, артыңда жас бауырларың көп екен, жалғыз анаң салмақ салмай, оқуды алаңсыз бітірсін дегенім ғой, – деді Мекемтас.

– Оған көп рахмет, аға. Бірақ, сіздің бұл жақсылығыңыздың бағасы одан да жоғары.

– Қалай жоғары?

– Сіз, қазақтың болашақ кәсіпкерінің бизнеспен айналысуына инвестиция құйып отырсыз. Демек, отандық бизнестің өркендеуіне де үлес қостыңыз.

Дүрәлі ойында жүрген жоспарын сол жерде-ақ жайып салды. Ол бизнеспен айналыспақ болып жүр екен. Мына саяжай сол ойын жүзеге асыруға іздегенге сұраған болады. Саяжайды сатып бастапқы қаражат етеді. Мекемтас оның бұл әңгімесіне аса мән берген жоқ. «Әйтеуір, не істесең де анаң мен бауырларыңа көмектесең болды» деген де қойған.

Алматыдағы шаруаларын осылай реттеп, Түркістанға келе салысымен Мекемтас жұмысқа көміліп қалды. Әуелгіде біріккен қазақ және орыс әдебиеті мен тілдері кафедрасын басқарып, сол пәндердің барлығының дәрістерін бір өзі үйлестіруге тура келді. Соған қарамастан Ясауитану ғылыми-зерттеу лабораториясын ашып, оны институт деңгейіне көтерді. Бұл ұсынысты ректордың өзі жасады.

– Біз Ясауидің мұраларын зерттегенде ғана Түркістан қаласын еліміздің рухани астанасына айналдыра аламыз. Сондықтан бұл жұмысқа жеделдетіп кірісіңіз, – деген кешегі коммунистердің жетекшісі.

Бұл жұмысқа ғалым әрине, үлкен қуанышпен құлшына кірісті. Сөйтіп, ғылым докторы дәрежесі бола тұра Алматыдан сырғып аудандық қалаға келген Мекемтас көптен армандаған аспиранттарды өзі қабылдап, ғылыми жұмыстарға бағыттау мүмкіндігіне ие болды. Бұл мүмкіндік Алматыда жүргенінде шектеулі еді. Өзі қалаған аспирантқа анда-санда ғана қолы жететін.

Солардың бірі және алғашқысы қазіргі атақты жазушы және ғылым докторы Қойшығара Салғарин. Қазақ радиосында жұмыс істейді екен. Талай рет пікірлесіп жүріп ғылымға бейім екенін көрді, көрді де аспирантураға түсуге кеңес берді. Сөйтті





де өзі шығысшыл бола тұра Қойшығараға Абайдың еуропалық кітапханасын ашуды тапсырып, әріптестерін таңқалдырды. Өйткені олар еуропашыл болғанымен ақын батыстың, орыстың қай ғалымын, жазушысын оқыды, олардың еңбектері шығармаларында қалай көрініс берді деген сұрақтарға ақынның аудармаларымен ғана шектеліп, дәйекті деректермен жауап бермейтін. Дайындығы мол Қойшығара бұл тақырыпты тез игеріп, қорғаған соң үлкен ғылымға жолы ашылды.

Ал, Тұрсын Жұртбайдың ғылымға келуі тіпті қызық болды. Буырқанып жүріп, бұрқыратып өлең жазатын жігіттердің ішінде білімі терең, ізденімпаз екенін байқады Мекемтас. Байқады да Әуезов музей-үйіне жұмысқа шақырды. Шақырды да Ләйла Мұхтарқызына Әуезов үйіне қасаң ғалым емес, дәл осындай бойында шабыты бар, зерттеген шығармашылық адамдарын нәзік сезінетін ғалым керек екенін дәлелдеді. Оның қолында диссертациялық тақырып етіп бекітуге жетіп жатқан Әуезов драматургиясынан жазып жүрген зерттеуі де болды.

Бірақ, Тұрсын мінезді жігіт екен.

Басшылық өзіне ғылыми жетекшілікке ұсынған бірде бір үлкен ғалымды бекіттірмей қойды. Мен Мекемтас Мырзахметұлының жетекшілігімен ғана кандидаттық қорғаймын, олай болмаса мүлдем қорғамаймын деп отырып алды. Сөйтіп, дегеніне көндірді. Ләйла Мұхтарқызы дүниеден озған соң Әуезов музей-үйін Тұрсын Жұртбай басқарды. Докторлығын қорғап, ең мықты Абайтанушының бірі болды.

Олардың екеуі де қоғамдық өмірге біраз араласып, ғылымға шығармашылықтан келген жігіттер еді. Аудандық қалада ондай аспиранттар табу шынында да қиын болды. Кейбіреуін көшеден жетектеп әкелді деуге болады. Шайханада бәйіт оқып шалқып отырған бір жігітті көрді. Сөйлесе кеткенде Қазыбек Тәжиев тәп-тәуір өлкетанушы болып шықты. Қазақ ауыз әдебиетінен де хабары мол. Ең бастысы арабша жетік білмегенімен жазуларын еркін оқи алады екен. Мекемтасқа керегі осы. Дереу аспирантураға қабылдап, «Қазақ ауыз әдебиетіндегі сандардың сыры» деген тақырыпты бекітіп берді. Кейін бұл тақырып қалай ойыңа







келді деп қызыққандар, қызғанғандар да болды. Соның кесірінен Қазыбек жұмысын ерте бітіргенімен төрт-бес жыл өткізіп барып қорғады.

Қожа Ахмет Ясауи музейінде бір жігіттің туристерге арабша түсіндіріп тұрғанын естіп қалды. Естіп қалды да меймандар кеткен соң сөйлесті. Сөйлесті де мен саған бұл жердегіден жоғары жалақы беремін, әрі ғылыммен айналысасың деп еліктіріп, жаңадан ашылған Ясауитану институтына белді қызметкер етіп алды. Зікірия Жандарбеков нағыз таптырмайтын маман болып шықты. Ол осында жүріп атақты «Насабнаманың» он сегіз нұсқасын тапты. Жалпы бұл институт Иасауи шәкірттерінің екі мың шығармасын жинады.

Парсы тілін жетік білетін Ираннан келген Ислам Жемеймен Мекемтас Алматыдағы бір жиында жолықты. Екеуінің әңгімесі жарасқаны сонша, қаланың орталығынан Атакенттің маңындағы Мекемтас тоқтаған үйге дейін жаяу келді. О баста Ислам Әбсаттар Дербісәлінің шақыруымен Қазақ мемлекеттік университетінің шығыстану факультетіне келіп орналасыпты. Кейіннен қалыптасқан жағдайға баланысты оқу орнын тастап, бизнеспен айналысуға тура келген. Қазақ елі капиталистік елден келген бизнесменге де зәру екен. Құдайға шүкір, мұнда да қолы жүріп, жолы болып тұр. Айтуына қарағанда табысы жақсы, келешегі де зор. Бірақ, Исламның орны бизнес емес, ғылым екенін дәлелдеп бақты Мекемтас. Сен көзің ашық жігіт болған соң қазір шетелден көптеген тауарлар әкеліп жүрсің. Ол тауарларды саудаға бейімі бар кез келген адам әкеле алады. Ал, парсы тілінде жазылған, олардың архивтерінде жатқан қазақ тарихы мен әдебиетіне қатысты мол мұраны әзірге сенен басқа ешкім қайтарып, халқымыздың рухани қажеттігіне жарата алмайды деді оған. Сондықтан осы жағдайды өзіңнің азаматтық арыңа сал да, материалдық және рухани байлықтың біреуін таңда. Ислам да азамат екен. Кәсіпкерлігін доғарып, оқытушылыққа оралды. Оралды да, тәуелсіз Қазақ елі үшін аса қажет қазыналарды парсы тілінен бірінен соң бірінен аударды.





Аударып қана қоймай Мекемтастың жетекшілігімен ғылыми еңбектер де жазды.

Әлімғазы Дәулетхан да мінезді жігіт екен. Алматыны тастап Түркістанға тартып кетіпті. Мен сізбен жұмыс істегім келеді дейді Мекемтасқа. Қытай тілін жетік білетін азаматқа Шығыс Түркістандағы қазақ, ұйғыр әдебиеті туралы жазуға кеңес берді. Содан соң Батыс Түрік қағанатынан кейін пайда болған Түркеш қағанаты туралы қытай деректерін алып келуді тапсырды. Нәтижесінде Әлімғазы «Түркеш қағанаты» атты кітап жазып шықты.

Иманғазы деген жігіт те қытайдан келген екен. Алматыда ешкім жұмысқа алмай қойыпты. Сол жерде біреулер оған «Түркістандағы Мекемтасқа бар, сол жұмысқа алады» деп кеңес беріпті. Мекемтас сөйлесіп көріп еді, таптырмайтын маман болып шықты. Қытай тілін білумен бірге, білім деңгейі де жоғары екенін байқаған соң оны көптен ойында жүрген тың тақырыпқа салды. Мекемтастың қазақ әдебиеті тарихына көңілі толмайтын. Отарлық саясаттың ықпалымен дәуірленген бұндай оқулықтар біздің әдебиетіміздің шынайы көрінісі емес, мазмұны ашылмай көп жерде құмығып тұр деп есептейтін. Әрі өрісі де тар. Әсіресе, Махмұд Қашқаридің Түрік сөздігіндегі өлең-жырларды оқығаннан кейін тіпті дегбірі кетіп жүрген. Шыдай алмай сөздіктегі Алып Ер тоңа туралы жырды Дулат Бабатайұлының, Абайдың өлеңдерінің тілімен, ұйқасымен салыстырып, бабалар өлеңді бұрын қалай жазса, бүгінгі қазақ ақындары да солай жазатынын дәлелдеп көрсеткен болатын. Демек, қазақ әдебиетінің бастауы да мыңжылдықтың ар жағында жатыр деген түсінікті көкейіне ұялатқан. Бірақ, оның бәрін дәйектеп жазып шығу бір өзінің қолынан келмейді. Есесіне ол кафедра меңгерушісі, институт директоры, демек мүмкіндігі мол, өз қолы тимесе, өзгенің қолымен істей алады. Сондықтан осыншама жылдар жасалмай келген, жасалса да билеуші елдің көзқарасымен жасалған қазақ әдебиеті тарихын қайта жазуды созбақтай берудің реті жоқ. Бұл басқарған шағын ұжымның ол тарихты жазып тастауға мүмкіндігі болмаса да, қалай жазылатынының қаңқасын қазірден





сала берген жөн. Ғалым өзінің жаңа шәкіртіне қазақ әдебиетін қайта дәуірлеуді тапсырды. Обалы не керек Иманғазы бұл тапсырманы жақсы атқарып шықты. Қазір байқайды, өзінің бағыт сілтеуімен Иманғазы жасап шыққан жаңа дәуірлеу өзгелердің көкейінен де шыққан сыңайлы. Еңбектерінде пайдаланып жүр. Демек, бұл жұмыс та ғылыми айналымға түсті деген сөз.

Осы шәкірттерінің арқасында Мекемтас түрік халықтары әдебиетінің тұңғыш оқулығын жазып, хрестоматиясын құрастырып, әдістемелігін жасап шығуға кірісіп еді-ау. Сондағы ойы Кеңес өкіметі алшақтатқан түрік халықтарын бір-біріне жақындастыра түсу еді.

Бұл жұмысқа Түрік елінде оқып, сонда Мұстафа Шоқай өмірі мен қайраткерлігінен диссертация қорғап келген иісі түркі халықтарының тарихы мен әдебиетінен хабары мол жас ғалым Дархан Қыдырәлінің пайдасы көп тиді. Оны алғашқыда Мекемтас Ясауи институтының ғалым-хатшысы етіп жұмысқа қабылдаған. Түпкі ойы қазақ ғылымы үшін көтерілмеген тың болып жатқан түркі халықтары зиялылары мен жазушыларының жәдитшілдік қозғалысын зерттепек еді. Жас ғалымның іскерлігін байқаған ректор оны әкімшілік жұмысқа алып кетті.

Осылай, туыс елдерді қайта жақындастыратын нақты қадамдар жасаған Мекемтас онымен шектелмей, бірнеше шәкіртіне сына (руникалық) әліпбиін зерттеуді қосымша тапсырды. Өйткені ол қазақтардың кирилицаға қалай көшірілгенінің қыр-сырын жақсы білетін. Білгендіктен де қоғамда әліпби ауыстыру мәселесінің түбі бір көтерілетініне сенімді болды. Ал, өзі отарлық санадан арылудың бірден бір жолы әліпби ауыстыру деп түсінді. Сонда қандай әліпбиді алады? Өткен тарихында халық сына жазуын, араб, латын әліпбиін қолданды. Қазіргі заманда соның қайсысына көшу қолайлы? Міне, осы жағын да зерделеп, сына жазуының мүмкіндіктерін де безбенге салып қою керек деп есептеді ғалым.

Бірақ бұның барлығы атағы дардай болғанымен жиырма шақты ғана қызметкері бар шағын институттың негізгі жұ-





мысына – Ясауитануға барар жол ғана болатын. Ясауи екі мәдениеттің – Тәңірлік-түркілік таным мен ислам дінінің шекарасында соңғысының насихатшысы болып енді қазақ халқының жүрегіне. Сондықтан мыңдаған жылдар рухани қуат болып, қазір де қазақы мұсылмандықтың құрамдас бөлігіне айналып кеткен ежелгі танымды халқының қалай айырбастағанының сырын білгісі келетін. Кәдімгі қазақтардың қалай орыстандырылғаны сияқты. Сөз жоқ ислам мен орыс-еуропа мәдениеті оның халқына білім-ғылым әкелді. Бірақ, тәңірлік таным ғасырларында темірді және басқа металдарды қорытқан, биік-биік мұнаралы қалалар салған оның халқының бергені бұрын да аз болмады ғой. Сол бергендерінің қазба айғақтарымен бірге бүгін жазба айғақтары табылса екен дейді ғалым. Өкінішке орай тасқа жазылған жазбалар мен бірлі-жарым сақталып қалған әдебиеттерден өзге ештеңе табылмай жүр. Олардың өзі де әлденеше рет көшірілген, әрқилы саясаттардың ыңғайына қарай өзгертілген. Тәңірлік танымды тереңірек түсінсем көшпелі түркілер Қожа Ахмет Ясауиді неліктен пір тұтқанын түсінер едім деп есептейтін Мекемтас.

Мекемтастың Түркістанға келгелі бері тапқан ең үлкен олжасы осы – Қожа Ахмет дүниетанымын бойына сіңіре алуы болды. Ұлы сопының Хал ілімі де өз замандастарына ұсынған хақ жолы екен. Ал, Абай ілімінің алтын жүлгесі осы хақ ілімінен бастау алыпты. Ол осылай ізгілік, қайырымдылық туралы ілімдердің ізімен түркі, ислам өрісінен шығып, күллі әлем данышпандарының еңбектеріне еніп кетті.

Осы тұста ғалымға Ираннан келген Ислам Жеменей таптырмас көмекші болды. Ислам, парсы тілдерінде ғасырлар бойы жинақталған бай мұралардан хабардар етіп, керек тұстарын аударып беріп отырды.

Түркістандағы жұмыс осылай жүріп жатты. Әрине, баяғы Әуезов үйіндегідей қона жатып жұмыс істейтіндей жағдай жоқ мұнда. Мұнда жаңа құрылып жатқан оқу орнының ыңғайсыздықтарынан зыр жүгіріп келіп жұмыс істеуге, ке-





рісінше көміліп отырған кәйпіңді күрт бұзып зыр жүгіріп кетуге тура келеді. Бірақ бүтіндей алғанда риза еді бұндағы жұмысына.

Айтпақшы Абайдың 150 жылдығы өткенде Мекемтас осы Түркістанда болды. Түркістанда болса да, ол әдебиет институтының ғалымдарымен бірге мемлекеттік сыйлыққа ұсынылды. Сөйтіп, Берік Қимабаев айтқандай ешқайда шапқыламай алаңсыз жұмыс істеп жүріп-ақ ие болды бұл атаққа. Тек мына бір кездейсоқтық болмаса. Мекемтаспен бірге жұмыс істеген ғалым Бағыбек Құндақбаев үкімет төрағасы орынбасарының қабылдауында болған ғой. Ол кісі Мемлекеттік сыйлық беретін комиссиясының да төрағасы екен. Әңгіме арасында әдебиет институтынан мемлекеттік сыйлыққа ұсынылған ғалымдар саны тым көп болғандықтан солардың ішінен өзі танымайтын, әрі алдына келмеген Мекемтас Мырзахметұлы дегенді сызып тастағысы келіп отырғанын айтады. «Ойбай ол болмайды» деп шыр етіп ара түседі Бағыбек. Ұжымдық жұмыстарда Мырзахметұлының үлесі мол. Оны сызып тастап, қалғандарына сыйлық берсеңіздер ұятқа қаласыздар. Ал, оның жеке еңбектерін алып тастасаңыздар онда қалғандарыныңкі тым сұйқылтым болып қалады. Сондықтан басқа сызылса да, Мырзахметұлы сызылмауы керек. Комиссияның төрағасы мұны түсінеді. Түсінеді де тізімде қалдырады.

– Сен маған қарыздарсың, – деп қалжындаушы еді Бағыбек жарықтық.

– Иә, сен бара қалмасаң, тізімнен сызылып, сыйлықсыз қалатын едім. Сондықтан саған қарыздар екенім рас, – деп мойындаған Мекемтас.

Сонау 80-жылдардан бері қоғам алдында бірте-бірте көтеріліп келе жатқан Мекемтастың беделі осылай одан сайын жоғарылап еді. Сол беделі ғой оны мемлекет басшысының алдында сөйлеткен. Бұл өзінің алғашқы отыз жылдық бағдарламасын жариялап, елді айрандай ұйытқан кезі болатын ел басшысының. Содан ба, әйтеуір сайлау өткізбей-ақ өкілеттігін референдум арқылы ұзартқысы келген. Ол үшін де елге





шығып кездесулер ұйымдастырылып, азды-көпті түсінік жұмыстары жүргізіледі екен. Оңтүстік өңірдің бетке шығарларымен өткен кездесуде референдумды мақұлдап сөйлейтіндердің тізіміне билік мемлекеттік сыйлық алып, атақ-абыройы асып тұрған Мекемтас Мырзахметұлын да қосыпты.

Мұны хабарлаған бірінші проректор не айтатындығы жөнінде де «ақыл» қосты.

– Референдумды қолдайтыныңыз түсінікті, – деді ол. – Дегенмен күнде келе бермейтін мұндай мүмкіндікті пайдаланып, өз жағдайымызды айтып қалған да жөн.

– Сонда не айтамын?

– Университеттің қысқа мерзімде қол жеткізген табыстарына тоқталыңыз. Сол жетістікті ұйымдастырған Өрісбек Берісбековтың еңбегін бір-екі нақты мысалдармен қысқа да болса нұсқа етіп айта кетсеңіз оның шипасы кейін сізге де, бізге де тиеді.

– Ал, университетте қордаланып жатқан проблемалар туралы айтпаймын ба?

– Мұндай жиында ондай мәселені айту орынсыз болады.

– Ойланайын, – деді Мекемтас.

Бұл әңгімеден кейін Мекемтас шынында да қатты ойланyp қалды. Сонда ректорды мақтау үшін шығарып отыр ма мені жоғары мінбеге?

Солай етсеңіз өзіңізге де пайдасы тиеді дейді. Ол «ректор саған жақсы қарап, жағдай жасап береді» дегені ғой. «Өмірімде бірінші рет беріліп тұрған мынау биік мінбені мен сонда өзімнің, асып кеткенде Өрісбектің бас пайдасы үшін пайдаланамын ба? Кенет оның ойына Бауыржан ағасының бір әңгімесі түсіп кетті.

Қыстың ұзақ түндерінің бірі еді. Екеуі күндегі әдеттерімен әңгіме-дүкен құрып отырған. Көбіне Баукең сөйлейді, ал Мекемтас тыңдаушы. Рас, отқа тамызық тастағандай етіп, анда-санда әр нәрсені түрткілеп сұрайтыны да бар. Сөздің орайы келгенде мынаны сұрады:

– Сіз, соғыс кезінде бірнеше рет Кеңестер Одағының батыры атағына ұсынылғаныңызды құжаттар растады. Бірақ, берілмепті. Ал, жақында сол олқылықтың орнын толтыру





жөніндегі Қазақстанның ұсынысын Мәскеу тағы қайтарыпты. Оған не себеп болды деп ойлайсыз?

Баукең аузынан тілін шығарды. Содан соң:

– Тілім себеп болды, – деді ол бұл қылығына түсінбей отырған Мекемтасқа.

– Қалай сонда?

– Ол ұзақ әңгіме. Қысқартып болса да айтайын. Бәлкім сен дуракқа сабақ болар. Солай деген Баукең үстелдің үстінде жатқан темекісін алып тұтатты да, бір-екі сорып, кәйпіне бөленген соң әңгімесін бастады.

– Мен Калинин аталған орыстың Тверь қаласындағы әскери академияда лекция оқитынмын. Лекцияларымда Ұлы Отан соғысындағы Кеңес Армиясы жүргізген операцияларға стратегиялық, тактикалық тұрғыда талдау жасайтынмын. Сол, кезде мен болашақ командирлер, ал олардың ішінен ертең сөз жоқ генералдар да шығады, міне солар қайталамасын деп Кеңестік қолбасшылардың стратегиялық табыстарымен бірге кемшіліктерін де айтатынмын. Сондай кемшіліктерді маршал Гречконың басқарған ұрыстарынан көп тауып айтатынмын. Сол Гречко қазір кім?

– КСРО Қорғаныс министрі, Саяси бюроның мүшесі.

– Міне, солай. Ол мені осы қызметінде тұрғанда ешуақытта өткізбейді.

– «Басқа бәле – тілден» деген рас екен-ау. Бұл мақалдың аузынан қалай шығып кеткенін байқамай қалған Мекемтас айтарын айтып алып қатты ыңғайсызданды. «Сен мені көрініп тұрған кемшілікті айтпай жайыңа жүр дегенің бе» деп айқай салса не деймін деп қысылды. Бірақ, Баукең олай етпеді. Керек болса мұрты да ежіреймеді. Інісіне ойлы жүзбен қарап отырып жаймен ғана:

– Басқа бәле тілден екені рас, – деп әдеттегідей сөзінің аяғын созып біраз ойланып отырды. Содан соң кенет еңсесін көтеріп, екпіндей сөйлеп кетті.

– Бірақ, ол менің бір басыма ғана бәле болып жабысты. Ал, мен қолбасшының қателіктерін ашып талдап бермесем, қаншама командирдің обалына қалар едім? «Жаман айтпай





жақсы жоқ» соғыс бола қалса дер кезінде ашылмай, талданбай қалған сол кемшіліктер тағы да қайталанбай ма? Соның салдары қаншама жазықсыз жандарды жалмайды?! Оның жолында маған берілмеген бір жұлдыз садаға емес пе?

Осылай деп барып арынын басқан соң алдындағы інісінің жүзіне тағы барлай қарады. Баукең барлай қарады да:

– Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ деген де аталы сөз бар емес пе қазақта. Мен өмір бойы соны ұстанған адаммын. Ұқтың ба?

– Ұқтым.

– Нені ұқтың?

– Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ, соны ұқтым.

– Сөйлеу деген саған қағаз кеміру емес, архивная қрыса. Айтатын жерде ақиқатты айту – болмыспен бетпе бет келу. Оған екiнiң бiрi шыдас бере бермейдi. «Айтпасаң сөздің атасы өледі» деген содан шығады. Бұл күнде мен пәлен жерде айтқанмын, пәлен газетке жазғанмын дейтіндер көп, «жау кеткен соң қылышын боққа шауып». Ең жауаптысы айтатын жерде, дер кезінде айту.

Баукең темекісін сорып, түтінін будақтата шығарды да артынша тағы да сөйлеп кетті.

– Бейбіт өмірде де майдандағы ерлікпен пара-пар сөздер болады. Мен көрген сөз ерлігінің иесі Жұмабек Тәшенов. Мәскеуде, саяси бюрода Қазақстанның солтүстігіндегі бес облысын Ресейге өтіп тұрған жерінен қайтарып алды. Міне, ерліктің көкесі осы. Өкінішке орай мұндай ерлікке баратындар қазір табыла қояр ма екен? Біреу емес, он, жүз, мың Тәшенов шықса ғой! Сонда жағдайымыз қазіргіден жақсы болар еді. Ал, сендердің жазған шындықтарың цензураның сүзгісінен өтпейді, өтсе де өтірікпен әбден тұздықталып шындығы қайда, өтірігі қайда екенінің жігі ажыратылмай оқырманын одан сайын сансыратады. Солай, бұл заманда шындық пен өтірік, жақсылық пен жамандық бір-бірімен майдандағыдай қарсы келмейді. Бірінің қалқасында екіншісі өмір сүреді. Нәтижесінде халық керемет жағымпаз сөздерді патриоттық ұран ретінде қабылдап, сол сөздер өзін







құрдымға бастап бара жатқанын білмей де қалады. Бүгінгі күннің трагедиясы осы.

– Сонда не істеу керек?

– Әлемде отарлық қысымға шыдай алмай құрып кеткен халықтар көп, өзін қырып, жерін ту-талақай қылып бөлшектеп жібергеннің өзінде феникс құсап қайта дәуірлегендері де бар. Соның қайсысын таңдайды қазақ, ол енді сендерге байланысты, жолдас абайтанушы.

Баукең соңғы сөзін қадап айтты. Қадап айтқаны әңгіме осымен бітті, аржағын өзің ойлан дегені. Мекемтас орнынан тұрып, терезені айқара ашты. Даладан қыстың аязы ақтарылды аядай бөлмеге. Баукең де орнынан тұрып дем алудың қамына кірісті...

Түркістан шаһарының құмдақты жолымен жүріп келе жатып осы әңгімені есіне алған Мекемтас ағасының ел тәуелсіздігін көре алмай кеткеніне өкініш білдірді. Өкініш білдірді де «дұрыс айттыңыз Бәуке «еліміздің болашағы бізге байланысты» деп күбірледі. Содан соң іштей бір берік шешімге келіп, құмдақ жолда тайғанақтай берген аяғын нық басуға тырысып, жұмыс орнына қарай асықты.

Мекемтас барлық ұсыныс-пікірлер мен өзінің көкейін тесіп жүрген мәселелерді ой елегінен өткізген соң берілетін уақыттың шектеулі екенін ескеріп екі мәселені ғана іріктеп алды. Оның бірінші Қожа Ахмет Ясауи кесене-кешенінің қолды болып кеткен бұйымдары туралы еді. Қай елге қандай себеппен өтіп кеткенін атап-түстеп соларды жоқтайтын уақыты келді деп есіне салды ел басшысының.

– Ол ұлттық құндылықтарды мәмілегерлік жолмен қайтаруға болатын шығар сырт елдерден, бірақ ішімізде одан жаман жау пайда болды. Мемлекетіміздің өзегіне құрт түсті, – деді содан кейін төрде отырған басшының өзіне қасқайып қарап тұрып. Президент те елең етіп, мұның жүзіне тура қарады. «Құрт түскені емес пе, басшылар парақор болып барады» деді сәл үнсіздік ұстап барып. Сол кезде секең ете қалып барып қалпына келген Өрісбектің жүзі өрттей жанып шыға келгені алдыңғы қатардан анық көрінді.





– Әрбір қызметті сатады олар. Қызмет лауазымы өскен сайын бағасы да өсе береді. Осыдан келіп елде қабілетті басшылар емес, қалтасына сенген қой бастықтар көбейді.

Сол кезде Ел басшысы қолына қалам алып, қағазға әлденелерді жаза бастады. Сәл тұқырайып отырған өңір басшысы да соны істеді.

«Қой басқарған арыстанның барлығы қойға, ал арыстан басқарған қойлар арыстанға айналатыны туралы әфсананы сіз де естіген шығарсыз. Сол айтқандай парақор басшылар арыстан халқымызды қойға айналдыратын түрі бар. Мемлекетімізді іштен жеп бітіретін бұл дерттің емін тез арада тауып, қой бастықтарды келешектің қамын жейтін ойлы басшылармен алмастыратын жан-жақты ойластырылған шара керек» деп сөзін түйіндеген ол орнына барып отырды.

Жаңа мінбеге жылы шыраймен шығарып салған қасындағы көршілері қайтіп келгенде қолын алып құттықтамақ түгілі мұның келіп отырғанын байқамаған кейіп танытты. Жиналыс бітіп, ел орындарынан тұрып бір-бірімен қауқылдасып сөйлесіп жатқанда да бұған ешкім назар салмады. Бағана «ой сіз менің алтын көкемсіз ғой» деп құшақтап бетінен сүйіп қарсы алған билік жағындағы бір қарындасы көре салып бірден теріс айналып кетті. Қасынан ала көзімен атып өтіп жатқандар да бар. Тек бір қария кісі ғана арнайы бұрылып келіп қолын алып тұрып оған «Жігітім өте батыл айттың, мінбедегі сен емес, залдағы мен қорқып отырдым» деді. Соған мерейі өсіп қалғандай болып еді, мұны бес-алты қадам жерден көрген Өрісбек ашулы жүзімен бір жалт етіп қарады да, теріс айналып көлігіне қарай жөнөп берді.

Мекемтас оның бұл қылығына түсінбей қалды. Университетте парақорлық орын алған деп бір сөз айтқан жоқ. Айтса, жалпы елде етек алып бара жатқан дертті айтты. Басқа жерде емес, тура дүйім жұрттың алдында сөйледі. Мұның пікірлеріне назар аударып «шара қолданамыз» деп уәде берді мемлекет басшысы. Демек, бір нәтижеге шығады. Өзгелер құсап көпшік қойып көлгірси бермей, шындықтың бетін шырқыратып ашқанының пайдасы ол.





Бұндай ақырында қайыры бар іс басталғалы тұрғанда ректордың өкпе-назы не тұрады тәйірі. Әншейін, өзімен ақылдаспағанына ренжігені шығар деді де қойды. Есесіне Ел басшысының сөзінен қандай нәтиже шығар екен деп қиялдады үйіне жеткенше.

Әрине, ол алдымен қатал заң шығарады. Содан соң сол заңды бұлжытпай орындайтын қуатты топ құрады. Сыбайластардың мына күрделі қоғамның жықпыл-жықпылы мен бұрылыс-бұрылымынан бұлт етіп жол тауып шығып кетуіне сонда ғана тосқауыл болады.

Бірақ, бұл шара аз. Өйткені халқымыз заңмен өмір сүріп көрмегелі көп болды. Олар қаулымен өмір сүріп келеді. Дәлірек айтқанда заңмен емес, биліктің айтқанымен жүреді. Ал, заң, Мекемтастың түсінігі бойынша, халқыңа да, билікке де ортақ болуы керек. Өкінішке орай өзіне «эй дейтін ажа, қой дейтін қожа» жоқ болғандықтан билік ол заңды қаласа бұзады, қаламаса өзгертеді. Оның үстіне билік дегенің Мекемтас ес білгелі, одан бұрын да бір адамның қолында болып келе жатыр. Осы себептен адамдар бір нәрсені істерде заңды ойына алмайды, өзінің тікелей бастығын есіне алады. Ол үшін заң сол – бастығының бұйрығы. Оны заң жазаламайды, бастығы жазалайды. Оның тағдыры заңның қолында емес, бастығының қолында. Патшалық, коммунистік кезеңнен қалыптасқан бұл әдет әлі қалмай келеді.

Сондықтан заңды күшейту аз. Оны қолданатын қажеттілік тудыру керек. Бір адам билеген елде ондай қажеттілік қалай туады?

Міне, осы жерге келгенде Мекемтас тығырыққа тіреледі. Тіреледі де егемендігін енді алып жатқан елінде пайда болған демократиялық институттар жағдайды түзер деп үміттенеді. Неге үміттенбеске? Таусылатын, тарығатын Абай заманы емес қой бұл. Абай халқының елбасы, топбасылары бүлініп «намысынан» айырылып қалған заманда да тығырықтан шығар жол көрсетіп кетті. Ол жол – әрбір азаматтың адамдық қалпын сақтап қалуы, өзін-өзі өмір бойы жетілдіруі. Ондай халық күндердің күнінде оянады, түлейді,





сілкінеді, қой бастықтар емес, ой бастықтар тудырады. Ал, ой бастықтар көбейсе, халық ешуақытта балық құсап басынан шірімейді. Жаңа осы туралы да айта кеткісі келген. Бірақ уақыт көтермейтін болды. Оның үстіне астанада атағы дардай Абайды зерттеп жатқан институттар бар, бастама солардан шығатын болар деп ұстамдық көрсетті. Ал, өзі, шүкір, күллі көшпелі мұсылман халқы пір тұтқан Қожа Ахмет Ясауидің кеңестік билік тыйым салған мұраларын зерттеуге кірісіп жатыр. Бұл халықты тек адамгершілікке, қайырымдылыққа, ізгілікке тәрбиелейтін Ясауи мұраларын халқына қайтарудың басы ғана. Алда қаншама қыруар жұмыстар бар.

Ертеңінде Мекемтас сол қыруар жұмыстарға ерекше құлшыныспен кірісті. Бірақ, бұл күні оның жұмысын бөлгендер көп болды. Алдымен проректор Болат Байтанаев телефон шалды.

– Меке-ау, не бүлдіріп қойдың, – деді ол амандық-саулықты қысқа қайырып.

– Не бүлдіріпшін?

– Университеттегілер шетінен парақор деп бүкіл елдің, Ел президентінің алдында масқара етіпсіз ғой.

– Жоқ, мен олай деген жоқпын.

– Тікелей айтпасаңыз да, қиялап жеткізіпсіз. Өрісбек соған өртеніп отыр.

Айналасындағылар да Мырзахметұлы парақор деп сізді меңзеді деп өртке май құйып жатыр. Тезірек барып жайжапсарын түсіндіріңіз деді ол.

– Сөзімді Өрісбек өз құлағымен тыңдады. Мен оның да, университеттің де атын атағаным жоқ. Сондықтан да аяғыммен барып ақталғаным артық болады.

– Меке, алдын алмасаңыз арты қиынға соғады, бұл ескерткенім, – деді проректор.

– Неге қиын болады? Қайта арты жақсы болады. Парақорлықты сап тиятын науқан басталады көп ұзамай. Осыдан көр де тұр, – деп кешегі Президенттің сөзінен кейін көңілі әлі аспандап жүрген Мекемтас телефон құлақшасын қоя салды.





Көп ұзамай ректордың көмекшісі телефон шалып, ол кісінің Мекемтасты күтіп отырғанын айтты. Бірақ бұл барғанда ректор орнында болмай шықты. Шұғыл түрде қала басшылығына кетіпті.

– Сізді күтсін деді. Отыра тұрыңыз, – деді көмекшісі. Сол отырғаннан мол отырды Мекемтас. Өйткені ректор кабинетіне жұмыс уақыты аяқталғанда келді. Жалғыз келген жоқ, университет ғимараттарының құрылысын жүргізіп жатқан екі жігітімен келіп, олармен тағы бір сағаттай отырды. Құрылысшылар кеткен соң кіріп шыққан көмекші «ректор телефонмен сөйлесіп жатыр, күте тұрыңыз» дегенді тағы айтты. Не керек әйтеуір әртүрлі сылтаумен мұны кешкі сағат сегізден өткенде барып қабылдады Өрісбек. Бұл біздің елдің кеңселеріндегі қалыпты жағдай болғанымен көпті көрген Мекемтас ректордың есігін күзеттіріп қойғаны алдағы көретін құқайларының бержағы екенін сезді. Сезді де сыр бермей күнделікті жайдары қалпымен кірді кабинетіне. Ал, ол болса:

– Осы сіздің не ойлағаныңыз бар? Неге менің қыр соңымнан қалмайсыз? – деп қатқыл сұрақпен қарсы алды.

Мекемтас күліп жіберді. Бір университетті бетіне қаратқан кабинет иесінің бұның қаперінде жоқ нәрсені күдік қылып айтып отырғанына күлді.

– Неге күлесіз? – деді қабағынан одан әрі қар жаудырған Өрісбек.

– Ал, сіз неге күдіктенесіз? – деп қарсы сұрақ қойған Мекемтастың тілінің ұшында «сезікті бұрын секіреді» деген сөз айтылмай қалды.

Айтылмағанымен нені меңзеп тұрғанын сұрағынан-ақ түсінген ректор да жауабын дөп айтты.

– Мен сізден күдіктеніп тұрған жоқпын, – деді ол – Сіздің «қызым саған айтамын, келінім сен тыңда» тәсілімен ашықтан маған жасаған шабуылыңыздың себебін сұрап тұрмын.

– Мен сіздің жұмысыңызға ризамын, – деді Мекемтас – Ол туралы реті келген жерде айтып та жүрмін.





Ең бастысы елімізде алғашқылардың бірі болып, университетті қазақшаландырдыңыз. Ясауи мұраларын зерттейтін институт ашып бердіңіз. Ал, енді паракорлыққа келетін болсақ кешіріңіз, сізге немесе басқаға тиіп кетеді екен деп айтпай тұра алмаймын. Өйткені ол арыма сын.

– Сыбайлас жемқорлықпен бәріміз де күресіп жатырмыз шамамыз келгенше. Бірақ, айтудың да орны бар. Ол туралы Президенттің алдында аттандамай-ақ басқа жерде айтсаңыз болмады ма?

– Қайта сол Ел басшысының алдында айтқаным дұрыс емес пе?

– Ал, мынаны ойладыңыз ба?

– Нені?

– Сіз, сыбайлас жемқорлық туралы деректерді қайдан көресіз? Әрине, жұмыс істеп жүрген жеріңізден. Демек, университеттен. Сонда оқу орнының басшылығы шетінен сыбайлас болғаны ғой деген қорытынды шығармай ма Президент? Демек, оқпанның аузына тура мені тосып тұрған жоқсыз ба?

– Бұл туралы жауабымды айттым ғой жаңа.

– Ал, мен айтарымды айтып болған жоқпын. Сізді жұмысқа қабылдар алдындағы әңгіме есіңізде ме?

– Иә, есімде.

– Сонда не келістік?

– Түркістанды еліміздің рухани орталығы жасау үшін жұмылып жұмыс істейміз деп келістік. Бір кісідей жұмылып, ауыз бірлікпен жұмыс істейміз дедік. Солай ма?

– Солай.

– Ал, ендеше сол ауыз бірлігімізді неге бұзасыз? Айрандай ұйып отырған ұжымды неге ала тайдай бүлдіресіз?

– Мен сіздің не айтып отырғаныңызды түсінбедім.

– Түсінгенде қандай, әбден түсінгендіктен де осылай істеп отырсыз.

– Қалай істеп отырмын?

– Жемқорлықты үлкен проблема етіп көтерген Мекемтас Мырзахметұлы кім? Ясауи университетінің профессоры.



Ендеше жемқорлық бойынша тексеруді қайдан бастау керек? Әрине, Мырзахметұлы қызмет істейтін университеттен. Менің де, достарыммен бірге, дұшпандарым жеткілікті. Олар бұл мүмкіндікті құр жібере ме? Жібермейді. Нысанаға мені бірден алып жүргізеді тексеруді. Сіздің де көздегеніңіз сол. Сонда айрандай ұйып отырған ауыз бірлігімізді бүлдірмегенде не істедіңіз?

– Қандай ауызбірлікті айтып отырсыз сіз? Сыбайластардың ауыз бірлігі ме, сыбайласпайтындардың ауыз бірлігі ме? Бұл екеуі екі бөлек. Мен келісем, сыбайластыққа бармауға келістім. Демек, адал және жанашырлықпен жұмыс істеуге келістім. Ондай адамдар өзара сыннан қорықпайды. Шындықтың түбіне жету үшін күрес құралы ретінде пайдаланады оны. Нәтижесінде ортақ мүдде ұтады. Ал, сіздің жоқтап тұрғаныңыз сыбайластардың ауыз бірлігі болса, мен оған жоқпын, – деп қызынып сөйлеп барып тоқтады Мекемтас.

Кабинет иесінің кешке дейін күттіріп қойған қысастығынан пайда болған кеудедегі қыжыл осы жерде шықты. Кешелі бері терісіне сыймай тырысып жүрген Өрісбек те ағытылды осыдан кейін.

– Сыбайластың ауыз бірлігі, сыбайлас еместің ауыз бірлігі деп айрандай ұйып отырған ұжымның арасына жік салмаңыз. Мыңдаған білімгерлерді қабылдап, оларға дәріс оқып, ғылымға баулып жатқан жалғыз сіз емес. Сіз олардың бірлігін сыбайластық деп атап отырсыз. Ал, қол жеткен табыстарын не деп атайсыз? Бұндай жетістік адал емес, оны пайдаланабаңыздар. Мен адалмын, менікің ғана пайдаланыңыздар дейсіз бе?

– Жоқ, олай демеймін. Егер сыбайласпай адалымен әрі жанашырлықпен еңбек етсе жететін жетістіктері бұдан әлденеше еселенер еді деймін.

– Мен демеді дейсіз бе? Күнде айтамын, күнде қадағалаймын. Бірақ, заң, тәртіп, ереже, мораль бойынша осылай деп қақшиып тұрып алсам жұмысым түк өнбес еді. Өнбек түгіл осы қоғамның нағыз алапесі мен болып, аласталып кетер едім. Қазір, құдайға шүкір көптің ырғағына қайшы кел-





мегенімнен керегімді аламын, керегін беремін. Соның арқасында құрылыс қарқынды, оқу процесі ойдағыдай, ғылыми орта да қалыптасты. Енді нәтижелерін береді деп жүргенде сіз бүйректен сирақ шығардыңыз да бәрін бүлдірдіңіз. Сол жетістіктерімізді одан әрі алаңсыз жалғастырудың орнына келген тексерушілердің көңілін аулаумен күніміз өтетін болды көпке дейін.

– Сонда сіз сыбайласпаса жұмысым жүрмейді деп тұрсыз ба?

– Дәл солай, шеге екеш шегені де сыбайласып барып қағасыз орнына. Сыбайласпасаң қағылмайды ол шеге.

– Демек, жұмысымыздың тірегі – сыбайластық дейсіз ғой?

– Солай деуге болады.

– Онда биліктің тірегі де сыбайластық болды ғой. Оны сыпайыламай толығымен айтсақ, сыбайлас жемқорлық – біздің биліктің тірегі.

– Мен сізге біреумен сыбайласып, жеңушынан жалғаспасаң жұмысың бітпейді дедім.

– Жеңушынан босқа жалғаса ма кісі, дәнекер керек арасына. Солай ғой.

– Сіз көпті көрген адам ретінде менің әңгімелерімнен сабақ алмай жүрсіз. Бұрын да, қазір де. Қанша мықты болса да орынтаққа құйрығы жабысып тұрған ешкім жоқ. Сондықтан болып тұрған мүмкіндікті пайдаланып қалу керек. Олай етпесеңіз өзіңіз де ұтыласыз, өзгелерді де құрауыз қалдырасыз. Жылы орныңыздан айырылумен қоймай, ең бастысы қоғамға беретінізді де бере алмай қаласыз.

– Мынауыңыз күрделі күрделі философия екен.

– Күрделі ешенесі жоқ. Атам қазақ баяғыда айтып қойған, «заманың түлкі болса, тазы боп шал» деген осы.

– Сонда маған не істе дейсіз?

– Мен сізге енді ештеңе демеймін. Тек өз қолыңызды өзіңіз кескеніңізді ғана ескертемін. Енді бара беруіңізге болады.

Ректор орнынан тұрып, бөлмесінен шығуға ыңғайланды. Демек, мұны одан әрі тыңдағысы келмейді. Соны сезген







Мекемтас аузында тұрған одан арғы сөзді іркіп, бөлме иесінен бұрын шығып кетті сыртқа. Жалпы ол «ауруын жасырған өледі» деген принциппен қандай мәселені болса да жалтақтап, үркектеп ойын ірікпей, еркін айтып шығатын. Жәй ғана айтып қоймай сол дерттің емін де көрсетіп, емдеуге өзі де дайын екенін мәлімдеп, құлшынып тұратын. Құр байбалам салғаны болмаса, шөптің басын сындырып, сынық сүйем үлес қоспайтындардан мезі болып жүретін басшылар мазасыз Мекемтасты жек көрсе де, «өзім істеймін» дегеніне қуанып, тізгінді өзіне беретін. Бұл жолғы қолына алғаны бір өзі көтере алмайтын шоқпар болғандықтан да әдебиетші ғалымдар мынаны істей алады деп әңгімені ары қарай созуды орынсыз көрді. Ең бастысы мәселені Ел басшысының назарына іліктірді. Мұның өзі үлкен олжа. Бірақ, Өрісбек екеуінің арасында әйтеуір ондай түсіністік болған емес. Қашан көрсең бір-біріне қайшы келіп жатқаны. «Үйренген жау атыспаққа жақсы» болғанымен бірін бірі алуы қиын әйтеуір. Бұл турасын айтып тұқыртып-ақ тастадым деп ойлайды оны. Ал, Өрісбек болса, қандай жағдайда да бұның уәждерінен бұлтың етіп шығып кетіп, бұдан бұрын жалпақ жұртқа өзінің дұрыстығын мақұлдатып тастайды. Жәй ғана мақұлдатпай, ағасына «тісін» батырып кететін кезі де болады. Бұл жолы «інісі» тіпті қату сөйлесіп, арғы ойын да астарламай ашық айтты.

Жаңа кетіп қалғанының себебі де оның сол ашық мәлімдемесіне қарсы уәж айта алмағандығынан еді. Сыртқа шыққан соң да көкейінен кетпей қойған «не істеу керек» деген сұраққа жауап таппай қиналды. Жұмыстан шығарып жіберсе, қайда барамын деп қиналған жоқ ғалым. Өрісбек айтқандай «жең ұшынан жалғасып сыбайласпасаң» ғылым екеш ғылымның өзі дамымай қала ма деп қиналды. «Сені бұл университеттен кетіремін. Кетірген соң Ясауи мұраларын зерттеу мүмкіндігінен айырыласың. Өйткені мемлекет оны зерттеуге жұмсалатын қаржыны тек осы университетке ғана бөлген. Сол қаржы менің қолымда. Кімге беремін өзім білемін. Тек жүргенінде ол қаржыдан сен де өз үлесінді алатын едің. Енді одан қағылдың. Өз обалың өзіңе» деді ғой ол. Тура солай





айтпаса да соған жуықтатып айтты. Адал қайырымдылық туралы ілімді ұрпақ жүрегіне ұялатудың сыбайластықтан гөрі таза түзу жолы кесілген бе бұл күнде сонда? Ойпырмай сонау қылышынан қан тамған кеңестік күндердің өзінде қанша қиналса да адамгершіліктің алтын жүлгесі еш үзілмеген еді. Өуезов музей-үйінің дәл іргесінен пәтер алып беріп, қызғаншақтардың қызыл итінен қызғыштай қорғаған Ләйла Мұхтарқызы тектілігін көрсеткен екен-ау. Соның арқасында зерттеудің «кәйпіне» алаңсыз еніп, қанша іргелі зерттеулер беріп еді. Ендігілер мемлекет жасаған жағдайдың өзін саудалап, ығырынды кетіреді. Бүгінде бұрынғы дегдарлықтың жұрнағы да қалмағаны ма сонда? Үзілген бе, адамгершіліктің алтын жүлгесі? Бойында ондай қасиеті барлар қайда кетіп қалған? Мырзахметұлының түсінігі бойынша адамзатты айуаннан артық еткен сол асыл қасиет.

Ел тізгініне өзі ие болғалы бері қайта көбейе, нығая түсуі керек еді. Керісінше болып бара жатыр ма қалай?

Өзегіңді талдырмайтын жұмыс бір басына табылар-ау. Бұл күнде не көп, қоқысы тазаланбаған үйде өріп шыға келетін тарақандардай қаптап кеткен жоғары оқу орындары көп. Мырзахметұлын қызметке алу оларға үлкен абырой, бедел. Керек болса, тұрмыс жағдайын да мемлекеттік оқу орындағылардан артық етіп жасап береді олар. Бірақ, қолын бір сілтеп қарынының қамымен кетсе, Абайдың, Ясауидің ілімдерін халқына қайтарып беремін деп жанталасып жүрген оның ғылымның қоқысына семірген тарақандардан айырмасы не болмақ?

Осы ойлар жетелеген Мекемтас қаладағы ең жарық орын – Қожа Ахмет Ясауи кесене-кешеніне келіп қалғанын байқамай да қалды. Байқаған соң айналасына жарық төккен шамдарға қарап тұрып, әулиенің жатқан жайын жарқыратып қою оңай-ау, ал оның ой нұрын қилы-қилы замандардан бері санасында сан шайқастар өтіп, таным-түсінігі аталаға айналған халқының бойына сіңіру қандай қиын болатынын болмысымен сезініп, қатты күрсініп салды. Шарасыздықтан күрсінді. Бірақ, шарасызбын деп қол қусырып қарап отырып қалсаң, бүкіл адамзатының бойындағы ізгілік атаулыны біртұтастан-



дырып тұрған адамгершіліктің алтын жұлғесін бек үзіп алуың мүмкін екенін де түсінді ол. Ал үзіп алдым дегенше сырт көзге сырдаңдау көрінетін Жақсылық есімді өзі де, сөзі де сұлу сардардың мәңгілік жауы шой-қара тастай шомбал денесіне дүлей қара күші симай жүретін Жамандық одыраңдап шыға келеді де, ешкімге дес бермей кетеді. Содан кейін оны ешқандай күшпен де, қарумен де, амал-айламен де, опасыздықпен де, сатқындықпен де, бір сөзбен айтқанда өзінің істегенін өзіне істеп жеңе алмайсың. Атсаң оқ, шапсаң қылыш өтпейді оған. Отқа тастасаң жанбайды, суға лақтырсаң батпайды. Қанша қырып тастасаң да, қынадай қаулап шыға келеді. Сондықтан бұл шіркінді бас көтертпей күзетіп отырмасаң уысыңнан лезде шығарып аласың. Аш қарынның жұбануы оңай. Егінің бір жыл шықпай қалса, көп болса бірер ай шала құрсақ жүресің де, қайта тоғаясың. Ал, Жақсылық сардарды қалғытып алып немесе осыны қоя тұршы деп жолыңнан ысырып жаныңды ашықтырсаң, оның зардабы өте ұзаққа кетеді. Өйткені қалғуды білмейтін Жамандық мұндай кемшілігіңді қалт жібермей ат ойнатып атойлап шыға келеді де, мұздай қаруланған сарбаздарын – атын атағанның өзінен жүрек шайлығытын жауыздықтың сан түрлерін – қаракұрымдай қаптатып жібереді.

Жүректері қара тас болып қатып қалған немелер қалғып кеткен Жақсылық сардарды оятып немесе ысырып тастаған жерінен орнына қайтып әкелгенше салатын лаңын салып бітеді. Біреудің пиғылын бұзып, екіншісінің нәпсісін тойымсыздандырып, ал, үшіншісін аң аулап саяттағандай адам аулап тояттатып қояды. Сонда егізінің осы есерлігін Жақсылық қалай жеңеді?

Әрине, Жақсылық та бұл майданға өз сарбаздарын жұмсайды.

Бірақ, Жақсылық сарбаздарының денесінде сауыт, қолында қару болмайды. Есесіне, олардың тұла бойы ақ сәулелі пәк сезімге тұнып, мейірім, шапағат еседі. Ал, жүзі нұр шашады. Аузынан аспани ақиқат айтылып, алдаспандай шындығы шырылдайды жертірліктің. Адалдық ескен әр ісі-





нің нәтижесі тек қайырымдылық болады. Жақсылық сардар осылай таспен атқан егізіне өз істегенін істемейді. Ол қара дүлейдің қаратас жүрегін ең нәзік сарбаздарының ең қылаусыз сезімдерімен баурап жеңеді.

Жақсылық сардардың бұл қарулары өз егізі Жамандықты бір жола жайпап тастамаса да, әйтеуір онымен тепе-теңдікті сақтап келеді атам заманнан. Ал, сақтай алмай қалған жағдайда ағаттық тек адамдардан кеткені. Оның ішінде менен де.

Демек, ғылым докторы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері екендігіме қарамастан мені жұмыстан жазықсыз алғалы жатыр деп байбалам салып жоғарыға арыздансам қызметімде қалуым да мүмкін. Бірақ, одан кім ұтады? Ешкім де ұтпайды. Қашан бігері белгісіз итжығыс ырғасу басталады да, ғылымның да, ғалымдардың да берекесі кетеді. Алтын жүлгенің үзілуі сол берекесіздіктен басталады. Жоқ оған жол беруге болмайды. Ең алдымен «қуамын» дегенмен, әлі қуған жоқ жұмыстан. Сондықтан «түстік өмірің болса, кештік мал жина». Ректор қашан орнымнан алады екен деп алаңдамай, мені жазықсыз жапа шектіріп жатыр деп жоғарыға шапқылап уақыт кетірмей, Өрісбектің өзі айтқандай берілген мүмкіндікті тиімді пайдаланып қалу керек. Ректор о баста мені білмей алған жоқ, бұл жұмысқа. Қажеттілігімді сезініп алды. Ендеше сол қажеттілігімді одан әрі көрсете түспек керек.

Түнгі серуеннен Мекемтас үйіне осындай шешіммен оралды. Ертеңіне жұмысқа келген соң да ештеңе болмағандай түр танытып, қызметкерлеріне ректормен арадағы әңгіменің әсерін сездірмеуге тырысты. Ал, Әлімғазы Дәулетхан қытай архивтерінен Түркеш қағанатына қатысты тағы да қосымша деректер алып келгенін айтқанда ректормен арада болған әңгімені мүлдем ұмытып та кетті. Сол екі арада Самарқан жағынан келген бір азаматтың қолында Ясауи шәкірттерінің мұралары барын естіп, оны сатып алу әрекетіне кірісіп кетті. Әжептеуір қомақты ақша сұрады ол адам. Бас есепші ректорға сілтеді. Ғылым үшін болған соң өзін өзі кинап кірді оған да. Бірақ, Ғұламаһи Дауани деген Ясауидің





шәкірті, ал Абайдың ұстазы екенін, оның мұраларын қолға түсіру университет үшін үлкен олжа екенін төндіріп айтса да түсінбеді Өрісбек. Түсінсе де қатып қалған кегі ерімеді. Амалы таусылған Мекемтас осы «Таң нұры» шипажайының иесі Нұржігітке телефон шалды. Ол кезде облыстағы ең ірі тауық фабрикасының да иесі еді ол. Нұржігіт иесі сұраған қаржыны төлеп берді. Сөйтіп, Мекемтас Ғұламаһи Дауани өлеңдерін құныға оқып, зерттеушіліктің «кәйпіне» қайта кіріп кетті.

Бірақ бұл екі ортада кафедра меңгерушілігінің мерзімі бітіп қалған екен. Соның әуресі бөліп жіберді «кәйпін». Әу-ренің ақырында бұл қызметке Алматыдан келген Ахманқұл Келдібаев өтті.

«Қазаншының еркінде қайдан құлақ шығарса» дегендей конкурс шартында үміткер ғылым академиясының корреспондент-мүшесі болуы керек деп көрсетіліпті. Демек, Мырзахметұлының Мемлекеттік сыйлықтың иегерлігі ескерілмейтін болған.

Сөйтіп Мекемтас конкурсқа қатыса алмастан қызметінен өзінен өзі шығып қалды. Коммунистік партияның сынынан өткен әбден сыралғы тәсіл бұл. Біреуді өткізгісі келсе, осылай өткізеді, құлатқысы келсе де осылай құлатады да, бәрін комиссия шешті деп түк білмегендей болып мүләй-імсіп отыра береді. Ал, былайғы жұрт бұның қолдан ұйымдастырылғанын, жеңген шын күшті емес, сыбайластық екенін жақсы біледі. Бірақ, қанша сенімсіздік көрсетсе де, сықитып толтырып қойған қағазға еш уәж айта алмай мысы құриды.

Мекемтас соңғы кезде білім беріп, ғылым жасаудан гөрі тексерушілерге жауап жазуы көбейіп кеткен меңгерушілікті өткізгеніне еш өкінбеді. Енді ғылыммен айналысуға көбірек уақытым болады деп қайта қуанды. Сөйтіп, абыр-сабыр басылған соң ректорға қайта кіріп, институт қызметкерлерінің санын көбейтіп алмақ болып жүргенінде әртүрлі саяси науқандарға байланысты жиі-жиі жүріп тұратын реформалардың бірі басталып кетіп, қайта қысқартуға ұшырады. Ал, жаңа оқу жылы басталғанда институттың жұрнағын рек-





тор өз бұйрығымен тарих факультетіне беріп жіберді де (өйткені тарих жылы жарияланған болатын) Мекемтас ер-тоқымы атынан ауып түскен шабандоздай институт директорлығынан өзінен өзі сыпырылып түсіп, құр қаламын ұстап қала берді. Сөйтіп, енді қайда барсам екен, қай университетте қандай қайырымды ректор бар екен деп бүкіл Орталық Азия мен ислам әлемін қайырымды билеуші іздеп шарлаған әл-Фараби бабасының күйін кешті.

Ой, Отырардың түбіндегі өзі есімін алған оймақтай кенттен шыққан бабасы бақытты екен. Орталық Азияны адамзат өркениетінің төртінші ошағына айналдырып, тарих қойнауына енген алтынғасырларда өмір сүріпті ғой ол. Рас ел кезіп, қаладан қалаға ауысып туған жерінен тым жырақ кетті. Сүйегі де сонда қалды. Туған жерін аңсағанда сағынышын ғылыммен басты ол. Аристотельден кейінгі екінші ұстаз атанған ғұлама Жаратушы мен жаратылыстың үйлесімін ашып беруді адам затының алдындағы ұлы парызым, демек, еліме деген перзенттік борышым да сонымен өтеледі деп түсінді. Туған жерінде жазуға жағдайы болмаған соң Арал теңізінің түбіндегі Қияттық Бируни «Өткен ұрпақтардың ескерткіштері (хронология)» атты ұлы еңбегін ту сонау Ауған еліндегі Горган қаласына барып аяқтаған жоқ па еді. Бұл қаланың билеушісі Кабус ақын болғандықтан да ғалымдарға жақын болатын. Оның Бируниге барынша жасаған қамқорлығы тұңғыш рет әлемнің тарихы барлық жағынан қамтылып жазылған теңдесі жоқ еңбектің дүниеге келуімен өтелді. Ол заманда ғылым мен білімді дамытуды парызым деп түсінген осындай озық ойлы қала билеушілерінің есімдері қаншама ғасыр өтсе де хатқа түсіп, бүгінге жетіп отыр.

Ал, қазір ше? Сөз бойынша солай, іс бойынша өз басындағыдай. Бұл күнде жеке билеуші емес, бәріне қамқор мемлекет деп есептеледі. Мемлекеттің дәстүрлі бағдарламасында қамтылады ғалымға қамқорлық та, ғылымның дамуы да. Ал шынтуайтына келгенде оның тағдырын мемлекет емес, ректор шешіп отыр.

Өйткені университет қашан түсіп қалғанша Өрісбектің қолында. Оның жұмысын бақылап, тек-тек деп тежеп оты-





руға тиісті қаптаған қоғамдық ұйымдардың барлығы да керісінше ректордың сойылын соғумен күнін көреді. Сойылын соқпай көрсін, бәрін быт-шытын шығарып таратады да, қайта жасақтайды ондай қоғамдық ұйымды ректор. Бұл жерде де ол түк білмеген болып отырады да, әлгі қоғамдық ұйымның ішінен «жік» шыққандықтан басшы соны амалсыз сауықтырған болады. Бүкіл қоғамға жар салынып, солай түсіндіріледі. Қалай түсіндірілсе, олай түсіндірілсін, ол заманда да, бұл заманда да мінезді ғалымдар қайырымды қаланың қайырымды билеушісін іздеумен жүр.

Солардың бірі – Мекемтас Мырзахметұлы. Жаратылыстанушы ғалымдар адам сезімі деген де материя екенін дәлелдеп, «ғылымды жасап қойған Құдайдың құдіретін ашып беріп жатқанда итаяққа таласқан иттердей ырылдасқан адамдардың сезімдері бірте-бірте топастанып, ғаламдық тұтастық пен тепе-теңдікке қауіп төндіргенін тереңімен сезінгендіктен де қатты үрейленеді. Өйткені бүгінгі адамдарды аспанмен арадағы тылсым байланыстан гөрі базардың нарқы көбірек толғандырады. Нарықты құдірет тұтқандар жаратылысты мені бір қып тұрған бүтінім, ақылшым, қамқоршым, ұстазым деп ұқпайды. Керісінше қызметшім, басыбайлы меншігім, оның бар қызметі менің қанағатымды өтеу деп қате түсінеді олар. Ең сорақысы ғарыштың жәй бос қуыс емес, әлемнің бұрынғы-соңғы барлық ақпаратын бойына сақтап отырған табиғи энергетикалық банк екендігін ғылым қолмен қойғандай етіп дәлелдеп бергеннің өзінде сол солақай түсінік кемудің орнына күшейіп келеді. Демек, адамзаттың бар адамгершілігін ғарыш сақтап отырғанда, адамдардың өзі ол қасиетінен жұрдай болып айырылып бара жатыр. Ендеше бүлінген ғарыш та, табиғат та емес, солардың ішінде жалғыз саналы мен деп тайрандаған адам. Сонда не болды? Қателік қай жерден, неден кетті? Өрісбектер азаюдың орнына неге көбейіп кетті?





\*\*\*\*\*

Қақырап қарс айырылған қара тас келсең кел, өзіңе өзің сенсең кел деп төніп тұр. Өзіңе сенімді болсаң оның жарығынан өтесің де кетесің, сөйтіп мұратына жетесің. Ал, сенімсіз, алақөңіл болсаң бір бүтіннің ажыраған екі жартысы бір-бірімен иық қағысып, сенің жолыңа кесір қылады да, қуыстың ортасында не арғы елде, не бергі елде жоқ болып кептеліп тұрып қаласың. Сөйтіп, бұл қысылтаң қылта қолың суық, пейілің былғаныш, пиғылың бұзық, ойың арам екенін бүкіл әлемге әйгілейді.

Ал, ар-ұятыңды кір шалмаған болса, еш кедергісіз өткізіп, нағыз таза қолды, ақ пейілді, адал ойлы, түзу пиғылды, жұмсақ жүректі жан екендігіңді де әлем алдында айғақтап береді. Қалай айғақтап береді? Оны осы аңызды ойлап тапқан халықтан сұра. Халық айтады: мына айырылып тұрған жартастың бір жартысы жақсылық та, екінші жартысы жамандық дейді. Бір тәуірі, табиғат жарықтықта бұл екеуі бірін-бірі қалт жібермей, қалғып кетпей аңдып тұрғанымен, әйтеуір, ара жігі ашық. Табиғаттың бары бар, жоғы жоқ, ағы ақ, қарасы қара болып бадырайып көрініп тұратыны Жаратылыстың ұлы заңы қатаң сақталады мұнда. Ал, заң сақталған жерде тәртіп бар. Қатал, бірақ ешуақытта әділеттен аттамайтын тәртіп. Әділеттен аттамайтыны ол заңының тінін Жаратушы өзінің асыл нұры себезгілеп тұрған Адамгершіліктің алтын жүлгесімен өріп тастаған. Табиғат сол алтын жүлгені үзбек түгілі ешуақытта шаң жұқтырған емес. Жаны бардың тамырымен қан қалай тоқтаусыз ақса, табиғаттың тұла бойындағы алтын жүлгемен адамгершіліктің ақ нұры да солай тоқтаусыз себезгілеп тұрады.

Ал, адамдардың жағдайы мүлдем басқа. Олардың қашан көрсең тәртіпті тарсынып, заңды белден басып жататын қоғамында істеп жатқан жақсылығы мен жамандығының ара жігін өздері де ажырата алмайтындай болып, шатасып-бытысып кеткен. Біреуге жақсылық жасадым деп күнәға итергенін, керсінше мол олжасынан қақтым деп күнәден қаққанын білмей жатады. Солай, жақсылығы мен жамандығы да сыбайласып кеткен адамдардың түйсігі күндердің







күнінде өздерін Қазығұрт тауына алып келеді. Неге? Өйткені айналасынан асып тұрған алып шыңның ұшар басында Нұх пайғамбардың кемесі қалған. Демек астамшылдыққа бой алдырып, адамгершіліктен жұрдай болып азған бұрынғы адамдарды құрдымға жіберген топан суды тартылдырып, жаңа тіршілік иелерін тиеген кемеңі дәл осы шыңның ұшына іліккенде қайырлатқан ұлы Жаратушы. Қайырлаған су көлігінің жолаушылары осы қасиетті мекенде жер басып, тіршілігін қайта жалғастырған. Келе-келе бұл жаңа адамдар да топан суға жұтылғандардың кебін кимес үшін киелі таудың етегіндегі осынау алып қара тасты қақ айырып көңіл таразысы етіп қойған күдірет иесі. Қиямет қайымның қыл көпіріне жеткенше қай заман? Ол жерге жеткен соң, қайта түзеліп келейін деп шегінуге жол жоқ.

Ал, бұл жерде тірлігінде тәубеге келуіңе Жаратқанның жасап қойған мүмкіндігі бар. Түп иең саған Қазығұрттың ұшар басында қалған кемеңің қалдығын көрсетіп, адамдар астамшылығының ақыры не болатынын есіңе салады. Есіңе салады да, сен де солардың кебін кимес үшін мына қара тастың қиямет қылтасынан өтіп байқа дейді. Арғы бетіне аман есен еш кедергісіз өтсең, шүкіршілік ет. Онда адамгершілігіңді жоғалтпағаның. Ал, тар қылта сені қысып қалса, таза болмағаның. Таудай жамандықтарыңды тарыдай жақсылықтарыңмен бүркемелеп, жылтыраған сыртыңмен көптің көзін бояп жүргеніңді танып қойғаны табиғат ананың. Адамнан артықшылығы сол, бармақ басты, көз қыстыға көнбейді табиғаттың тар өткелі. Осылай бет перденді сыпырып алады.

Әрине, сен адамсың ғой. Табиғаттан гөрі айлалымын, амалдымын деп ойлайсың да бұлқынасың, жұлқынасың, қылқынасың алдымен. Бірақ, оныңнан түк шықпайды. Сөйлемейтін мылқау, естімейтін саңырау тас селт етпейді-ау, селт етпейді. Қайта қысқан үстіне қыса түседі. Жан алқымға тақалғанда енді айлаға көшесің. Деміңді ішіңе тартып, иығыңды туралап, басыңды сыналап, әйтеуір қайтсем денемді сиымды етемін деп амал істейсің. Оған да жібімейді зіл қара тас. Міз бақпай тұра береді.





Ақыры бұл қара дүлейдің алдында ақылың да, айлаң да, қисапсыз байлығың да дәрменсіз екенін түсінесің. Түсінесің де тәубеңе келесің. Тәубеңе келген соң түп иең есіңе түсіп, жалбарынасың оған. Жан-тәніңмен жалбарынып тұрғаныңда сені алып ұшып, аспандап жүрген астам көңілің шырпыдай ғана шеге кіріп кетсе дәрменсіз болып қалатын ең жүйрік деген автомобильдің өзінің доңғалағындай пыс-пыс етіп солады да қалады. Ал, мисауытыңның өзін менсінбей мес болып ісіп-кепкен көріктей кеудең мыжырайып-тыжырайып шөгеді.

Міне, сол кезде ойың орнығып, бойың сыланып, өзің жеңіл тартып, әлгі қиямет қылтадан қалай лып-лып басып өтіп кеткеніңді білмей де қаласың.

Жақсылық пен жамандық секілді бірін-бірі қарауылдап тұрған бір бүтіннің қос жартысындай қақ жарылған қара тастың қасында тұрып осынау аңызды есіне алды Мекемтас. Көп аңыздың түбінде ұмытылған шындық жататынын ауыз әдебиетін зерделеп жүргенінде талай рет көзін жеткізген ғалым. Бірақ, бұл аңыздың артында негіз бар ма, жоқ, әділетсіздіктен запы болған адамдардың өзі ойлап тапты ма, ол жағын зерттеуге мүмкіндігі болған емес.

Жаратқанның жер бетіне қалдырып кеткен белгісі делінетін осындай ерекше орындар туралы аңыз-әңгімелерді де жинап, зерттесе қанеки. Оған мемлекеттің өзі тапсырыс берген зерттеулерді де оп-оңай бас пайдасына бұрып жіберетін Өрісбектер мүмкіндік бере ме? Әй бермейді-ау?



\*\*\*\*\*

Жоқ, мүмкіндік береді екен. Ясауи университетінен кеткеннен кейін бұған әлденеше рет көзі жетті Мекемтастың. Түңілген кезі де аз болған жоқ. Ойлап қараса, оның еңбек жолында ылғи да бірде шөл, бірде көл кезеңдер алмасып өтіп жатыр әйтеуір. Тараз университетінде жолы болды.

Ол мұнда жалғыз келмей, Ясауи институты жабылғаннан кейін жұмыссыз қалған бірсыпыра шәкірттерін қоса алып келді. Олардың ішінде университеттегі түрлі әкімшілік қызметтер атқарған Дархан Қыдырәлі де бар еді. Оның іскерлігі ұнаса да, жемқорлыққа қарсы күрес ашқаны ұнамаған сыбайластар Мекемтасымен қосып, айдап шықты университеттен. Таразға келген соң бұл топ баяғы бітпей қалған түрік халықтары әдебиетінің қазақша тұңғыш оқулығы мен хрестоматиясын һәм әдістемелігін аяқтап, жарыққа шығарды.

Содан соң Мекемтас қазақ болып қалыптасқаннан кейінгі тұңғыш тарихшы ғалым, мемлекет қайраткері Мұхамед Хайдар Дулатидің орталығын ашып, оған Ислам Жеменейді отырғызды. Мұхамед Хайдар өзінің «Тарих-и Рашиди» атты атақты еңбегін парсы тілінде жазған ғой. Бұрын қазақтар көбіне орысша аудармасын пайдаланатын. Соны қазақшалайтын. Ал, Мекемтас Ислам Жеменейге бұл еңбекті парсы тілінен тікелей аудартты. Сол кезде ұлы еңбектің қазақ тарихына қатысты көптеген қалтарыстары ашылды.

Бұдан кейін Ислам «Тарих-и Рашидидің» парсы тіліндегі Өзбекстан, Тәжікстан жән Лондон қолжазбаларын салыстырып, кітаптың толық нұсқасын даярлады. Соған қатысты ғылыми еңбектер жазды. Ал Тараздың 2000 жылдығы қарсаңында оның тарихын танытатын көптеген дүниелерді парсы тілінен аударып, қазақ оқырмандарына жеткізді. Оның ішінде парсының ең ұлы ақындарының өлеңдерін жолма-жол аударып, «Тараз қаласы – парсы ақындарының жыр шумақтарында» деген кітап та жазды. Тараз қаласының жастар аллеясында гранитке қашап жазылған «Мөп-мөлдір көздің қарасын, Тараздан ғана табасың» деген жолдар қазақ оқырмандарына осылай жеткен.





Ислам парсы деректерін қазақшалаумен ғана шектеліп қалмай, қазақ әдебиеті мен тарихын парсы оқырмандарына таныстыруды да қатар алып келеді. Бұл бағытта парсы тілінде бірнеше кітап шығарып үлгірді.

Мекемтастың Таразда тағы бір тындырған ісі Бауыржантану орталығын ашып, оның отыз томдық шығармалар жинағын жарыққа шығарды.

Баукең шығармаларының бірсыпырасын араб әліпбиімен жазған ғой. Сондықтан төтеше жазуды жақсы білетін Әлімғазы Дәулетханды да осы жұмысқа тартып, Баукеңнің жазбаларын кирилицаға түсіртіп алды. Тараз ғылымға сусап тұрған қала болып шықты. Оның жоғары оқу орындарында тәуелсіздік алғанға дейін гуманитарлық сала мамандары мүлдем даярланбапты. Талабы барларды таңдап жүріп, Мекемтас қысқа мерзімнің ішінде үш ғылым докторын, оннан астам ғылым кандидатын даярлап үлгерді. Үлгерді дейтіні бұған қамқор болған ректор ауысты да, Мекемтас пен оның шақырып әкелген шәкірттері жан-жаққа тарап, кетулеріне мәжбүр болды. Өйткені келесі кезекті ректорға бұл орталықтар ұнамады. Ақшаны желге шашу болып көрінді оған. Одан да қаржыны техникалық қолданбалы ғылымдарға жұмсаған жөн деп есептеді.

Бұл жолы Мекемтас ректордың соңынан жүгіріп, Дулатидің қазақ ғылымы үшін маңыздылығын қызғыштай қорғап, түсіндіріп жатпады. Өйткені университетпен танысып жүрген жаңа басшы бұлардың жұмыс орнына бас сұғып, әлемнің әр түкпірінен жиналған Дулатиге қатысты жәдігерлерді көруді де артық санап: «а, бұл Дулаттардың орталығы ма» депті де, өтіп кетті.

Мекемтас жағдайды бірден түсінді. Түсінді де «сендерді шақырып әкеліп, тағы да жұмыссыз қалдыратын болдымау» деді қасындағы Ислам Жеменейге.

– Сіз, мен үшін әуре болмаңыз, – деді Жеменей. – Мен парсы тіліндегі мол мұрасын халқымның өзіне қайтарып беру үшін жүрмін сіздің қасыңызда. Әйтпесе, капиталистік елде туып-өскен кәсіпкердің ұлымын ғой, өмір сүрудің жағдайын бір кісідей білемін.





Олар ақылдаса отырып, ректорға кіруді артық деп есептеді. Сөйтті де екеуі де жұмыстан шығатындығы туралы арызда-рын ректордың қабылдау бөлмесінде қалдырып, Алматыға жол тартып кетті. Қаншама жылдардан кейін қайтып келеді шәкірттік шағы өткен, ғалым болып қалыптасқан, тоқырау жылдарын дүр сілкіндірген небір саяси оқиғаларға еріксіз араластырған Алматыға. Ал, арттарынан іздеген ешкім болмады. Демек, қаншама еңбекпен, ерік-жігермен ашылған ғылыми орталық енді жабылады. Бәлкім қоғамдық пікірден қаймығып, қалдыруы да мүмкін. Бірақ аты болғанымен заты қалмайды. Келген қонақтарға бізде осындай бар деп көрсететін бір бөлмені, әлде бұрышты жарқыратып қояды да, ғылымды жүргізетін қызметкерлерін қысқартып, қаралған қаражатты басқа жаққа бұрады да жібереді. Бұндай жағдай бастарынан бірінші өтіп тұрған жоқ бұл екі ғалымның.

– Енді Дулати энциклопедиясын кім жасайды? Парсы тілін білетін ешкім жоқ қой, – деп күйіп-пісті қызуқандылау Ислам. Ал, Мекемтас болса, мыңқ деп сыр білдірмеді. Есесіне жаңа бір идеясын ұсына қойды.

– Сен Әбсаттар Дербісалымен байланысып, докторлығыңды аяқтап, қорғап ал.

Менің де Абайға қайтып оралатын кезім жетті, – деді жәймен ғана. Жәймен айтса да оймен айтқан бұл сөздер екі ғалымның болашағының бағдарламасындай болды. Ислам Қазақ ұлттық университетінің Шығыс факультетінен баян тапса, Мекемтас АМПУ болып аты өзгерген бұрынғы ҚазПИ-інің табалдырығынан тағы да аттаған. «Ат бір басқан жерін үш басады» деген осы. Қанша рет кетуіне тура келді. Кеткені былай тұрсын, атағы асып тұрған абайтанушы Мекемтас Мырзахметұлы мен Дулат Бабатайұлының шығармаларын қайта жаңғыртқан Ғылмат Ғұмырәлиев осы оқу орнын тамамдаса да мақтанудың орнына кезекті бір ректор кезекті бір мерей той кітабына олардың есімдерін енгізбей қойыпты. Мекемтас ондай-ондайды естісе де елең қылған емес. Елеуге тұрмайтын ұсақ қылықтар деп есептейтін. Енді, міне, кезекті ректор оны шақырып отыр. Ол баяғы жас ғалымдарды Ме-





кемтастың дәрістерін тыңдау үшін «Санасілкерге» ұйымдастырып алып келіп жүретін Самалбек болатын.

Самалбек сол ана тілі үшін айқас жылдарында Теңесбаевтың тегеурініне шыдай алмай ақыры жоғары оқу орындарының біріне ауысып кеткен. Докторлығын да тілден қорғай алмайтын болған соң педагогикадан қорғады. «Меке, білемін, сіз педагогтарды ғалым деп есептемейсіз. Бірақ түбі біз озамыз» дейтін екеуі кездесіп қалғанында. «Сендер қазір де озып тұрсыңдар» дейтін Мекемтас. «Ғалымдарының саны жағынан сендерге ешкім жете алмайды. Қазір физик те, химик те, тілші мен тарихшы да, тіпті техник те педагог. Көптіктерің сонша оқу-тәрбие бағдарламаларына жыл сайын реформа жасап, елдің ығырын шығарып жатасындар». «Бұл енді уақытша қиындық» көресіз, біздің елімізде де педагогикаға да мықтап көңіл бөлініп, ұстаздың беделі артады. Сол кезде біздерге педагогтарға өзге салалардың ғалымдары тең дәрежеде қарайтын болады» деп қулана жымиятын Самалбек.

– Тең дәрежең не, ондай күн туса басымызды иіп құрметтейтін боламыз сендерді, – дейтін Мекемтас шын ықыласымен.

Міне, сол ниеттес інісі бұл күнде білдей ректор. «Біз сексенінші-тоқсаныншы жылдардың демократиясы іріктеп шығарған кадрлармыз. Сол кезде Мекемтас ағаға ілесіп біраз айғай-шуға араласып едім, билік «ал ендеше, өзің басқарып көр» деп орынтақ ұсына қойды. Сынау оңай болғанымен сол мінеген ісінді өзің түзеу оңай емес екен. Бұл ректор дегенің де сыртынан дүрдей болғанымен, қайтсем өгізді де өлтірмеймін, арбаны да сындырмаймын деп қыл үстінде қылпылдап жүретін бейбақтың өзі екен. Әйтсе де намысқа тырысып, сол қыл көпіріңнен құламай жүріп келемін әйтеуір» деп күлдіретін ол. Қалай болғанда да Самалбек өзі тәуірірек білетін гуманитарлық салаға біраз білікті ғалымдарды топтастырды. «Ғылыми кеңесті де қолыңызға беремін. Енді ел кезе бермей бір жерде орнығып жұмыс істеңіз» деген ол Мекемтасқа. Бірақ ақкөңіл жігіт асығыстау айтып қалыпты. Ондай жауапты жұмысқа жоғарыдағылар да араласатынын ескермепті.





Бұл орынға профессор Мекемтас Мырзахметұлы емес, әдебиет институтынан ауысқан академик Берік Қимабаев бекітілді.

Сол кезде әріптесі Тұрсынбек Кәкішевтің өзі туралы бір мақаласында «Мекемтас Мырзахметұлы жоғарының кезекші тізіміне ілікпеген ғалым» деп жазғанын есіне алды. Өз мектебін қалыптастырған ғалым болса да «ғылым қайраткері» атағы берілмегенінің себебін де енді түсінгендей болды. Ал, академик атануға ол ешуақытта ұмтылмаған еді. Оған дауыс жинаудың машақатын жаны қаламайтындықтан да ұмтылмады. Оның үстіне ғылымға жеткізе алмай жүрген алтын уақытын жеке басының шаруасына ысырап еткісі келмеді. Соның салдары тағы да алдынан шығып отырса да өкінбеді Мекемтас. «Уәде қайда?» деп Самалбектің де есіне салмады.

Есесіне Бауыржан ағасының «мен бөрі болсам, сен бөлтіріксің» деген сөзін есіне алды. Ақиқат үшін күрес құрбандықсыз болмайды. Баукең ақиқат үшін Кеңестер Одағының батыры атағын әлденеше рет ала алмады. Ал, өзі болса, қаншама жерде қызметінен сырғып келеді. «Қария болды, отырмай ма бір орнында шошандай бермей» дейтіндер бар. Ал, бұл ғылымға өріс жоқ жерде отырғысы келмейді. Қоғамның кеселін айтудың орнына ректорды мақтап бергенде ол Түркістанда төрт дүниесі түгел болып отыра берер еді. Амал не, Бауыржанның бөлтірігі олай ете алмайды. Мемлекеті мен халқының мүддесі үшін қара басының пайдасынан бас тартты. Қазақ халқының, қала берді күллі түркі әлемінің әдебиеті мен тарихына қатысты ғылыми жұмыстарын қаладан қалаға сырғып жүріп жасаса да еш өкінбейді. Ол қай қалаға барса да сол жерде ғылыми ортаны өзі қалыптастырып жүрді. Ғалымдарды даярлап қана қойған жоқ, оны қара тартқан ғалымдар қасынан табылды. Демек шын ғылыми орта ғалымның атағын емес, еңбегін бағалайды. Тіпті шәкірттерінің алдында да ары таза. Базбіреулер құсап ешуақытта еш шәкіртінің еңбегіне қосымша автор болып тіркелген емес. Елім, жұртым деп ұрандағанымен жеме-жемге келгенде ас-





пирантураға тек өз туыстары мен жерлестерін қабылдайтын базбіреулер құсап, жершілдікке, рушылдыққа да барып көрмепті. Бұл рулық қоғамнан кеше ғана шыққан қазақ ғалымдары үшін маңызды көрсеткіш. Атақты ғалымдардың дайындаған шәкірттерінің кім екенін, қайдан шыққанын зерттейтін пенде болса, оған оп-оңай көзін жеткізеді.

«Кезекші тізімге енген» ғалымдар оның бұл қасиеттерін білсе де, көп жарнамаланғанын қаламайтынын іші сезеді. Шүкір, соған қарамастан ғылыми ортада да, қоғам алдында да өз салмағы мен беделі бар. Бұқаралық ақпарат құралдарының ешқайсынан пікірін іріккен емес. Әсіресе, ұлттық мүддеге қатысты мәселеде. Бүгін туындап отырған проблемалардың тарихи астарын айтып беруді парызым деп санайды ғалым. Оның бұл қасиеті көп айтыла бермесе де, бүкіл ғылыми орта да, қоғам да жақсы біледі. Тек, жаңа жұмысқа қабылдарда «енді баяғыдай түрлі партия-қозғалыстарға қосылып, әртүрлі петиция-талаптарға қол қойып әр нәрсеге елеңдей бермей алаңсыз жұмыс істеңіз» деген Самалбек. «Әр нәрсе уағымен, – деп жауап берген оған Мекемтас. – Қажет болған жағдайда халықтың қасынан табылмасақ, азаматтығымызға сын болар еді.

Бірақ, істің бәрі көшемен, күнделікті даурығумен бітетін болса бұл жер бетіндегі дау әлдеқашан біткен болар еді. Тәуелсіздігімізді алдық. Ал, адам проблемасы шешілді ме сонымен? Шешілген жоқ. Ендеше гәп қайда?»

Бұл әңгіме Алматы өзенінің жағасындағы «Санасілкер» дәмханасында емес, еліміздегі педагогикалық бас оқу орны ректорының кабинетінде өткен болатын. Оның иесі де баяғы басына келген ой аузынан атылып шығып жататын жастан өтіп кеткен жігіт ағасы еді.

– Бар, гәп педагогикада дегіңіз келіп тұр ма? – деді ол Абайтану орталығының директорына ойлана қарап.

– Бар, гәп санада. Оның ішінде педагогтардың да санасы уланып қалған, – деді абайтанушы.

– Сонда не істе дейсіз? Не ұсынасыз?

– Мен абайтану оқулығын жазамын. Қолымнан келетіні осы ғана.





– Бұл тіпті тамаша болар еді, – деп қуанышын білдірді ректор.

– Алайда, ол оқулық қолданысқа кетуі үшін түрлі комиссиялардың сарабынан, тендерінен өте ала ма, оны білмеймін.

– Ойбай-ау, сіздің оқулығыңыз өтпегенде кімдікі өтеді?

– Өтпей қалған кезі болған, – деді Мекемтас.

– Ол оқулықты тапсырыспен жарыққа шығарып, алдымен өз университетімізде пайдаланамыз, содан кейінгісін көрерміз, – деді ректор. Екеуі осыған тоқтаған. Содан бері де біраз жыл жылжып өтіп кетті. Оқулық та жазылды. Абайтанушылардың бүтін бір тобы өсіп жетіліп, ақын айналасында қыруар кітаптар жарық көрді. Баяғы өзін жетекшілікке қалаған Тұрсын Жұртбай бастаған ісін жалғастырып біраз жерге барды.

Мекемтасты сондай-ақ, Абайтануға философтардың бет бұрғаны қуантты. Бетбұрғанда бұрынғыдай бір жағына тартпай ойшылды тұтас тануға талпыныс бар. Бұл жағынан өзіне Ғарифолла Есімнің ізденістері ұнайды. Дегенмен Абайды бірі – байшыл – идеалист, екіншісі – кедейшіл – материалист етіп таласқаннан тұтастай тану қиын ба деп қалды. Тұтастай тану дегенің ойшылдың тереңіне жетіп, биігіне көтерілу болып шығады екен. Тіпті, тереңіне бойлап, биігіне шырқай алмасаң да, соған апаратын жолды таппақ керек. Олай етпесең аспандатқанның жөні осылай деп Абайды жалпы адамзаттық ақыл-ой озықтарының кез-келгенімен шендестіре беру айтарлықтай нәтиже бермейді. Ақыл-ойының алтын жүлгесін тапқанда ғана ашылады Абай. Сол кезде ғана оқырман көңіліне ұялаған жекелеген ойлары тұтастана бастайды. Мекемтас сол алтын жүлгені тапты. Тағдырына мың да бір рахмет. Астаналықтар «аудан орталығы» деп шекесінен қараған қалаға қоныс аудармаса, ол алтын жүлгені табу-таппауы неғайбыл болатын. Тапса да қиналып, уақытынан өткізіп табар еді. Ал, мұнда келген соң қызу кірісіп кеткен. Қожа Ахмет Ясауи мен оның шәкірттерінің еңбектерін іздеу, жинау, жүйелеу, зерделеу жұмыстары ол үшін толық адам ілімінің тамырын қуалап, Абай-





дың тереңін бойлау болып шықты. Сол тереңнен алған нәр Абай көтерілген биіктерге қарай да жетеледі.

Тағдырына тағы бір әсер еткен баяғы Президент алдындағы сөйлеген сөзі текке кеткен жоқ. Көп ұзамай сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы үкімет қаулысы қабылданып, содан бері тәртіп сақтаушылар парақорларды пытырлатып ұстап жатыр. Бірақ, ғылымның Абайды ашқанынан, ал заңның парақорларды жазалағанынан азайған қылмысты да, адамгершілікті адамдардың көбейгенін де көрмеді Мекемтас. Содан соң ба, әйтеуір бүкіл болмысын мендеген мазасыздық әлі басылар емес. Міне, енді дедектетіп қақыраған қара тасқа әкеліп тұр. Мен де өтіп көрсем қайтеді деген әуестік бар бойында. Бала кезінде діндар анасы Алла бір, пайғамбар хақ деп үйреткені есінде. Бірақ, мектепке қабылданған соң олай деп айту мүмкін болмай қалды. Мұғалімдер ондайларды зекіп ұрсып, керек болса жаза да тарттыратын. «Мен сені қазір ана бөлмеге қамап қоямын, Құдай бар болса құтқарып алсыншы менің қолымнан, көрейін» деп екіленетін Шәрден мұғалім шолақ қолын ербеңдетіп. Шынашағынан төмен шолтиып тұрған оң қолы шыбыштың күйрығы құсап шілтің-шілтің ете қалғанымен сесі қатты еді. Сол сесімен Шәрден мұғалім бірер жылда-ақ бұларды қолынан ешқандай Құдай құтқарып ала алмайтынын дәлелдеп шықты. Ал, маркстік-лениндік философия олардың дүниетанымын нағыз материалист-атеист етіп қалыптастырды.

Әрине, қазір Мекемтас материалист емес. Бірақ, діни мұғжижаларды да көңілі қабылдамайды. Сонда да әуестік жеңіп, қақ жарылған қара тастың жарығына жайлап басып кірді.

«Етігің тар болса, дүниенің кеңдігінен не пайда» деген осы екен. Бірден тас қапастың ішіне қамалғандай күй кешіп, былай-былай бұлтақтай алмай қалды. Енді алға қарай жылжи беруден басқа амал жоқ еді. Бірақ, көп ұзамай қос қабырға одан сайын қысып жағдайын қиындатып жіберді. Артқа шегінбек болып еді, көрмеген соң ба, жаңа ғана өт-





кен қылтасына бұрынғыдан арман кештелді. Сондықтан тек алға ғана жылжу керек екен бұл жерде. Қысыла-қысыла бір қырындап жылжуға болатыны ойына түсті де дереу бұрылудың қамын жасады. Алдымен амалдап иығын бұрды. Иығы бұрылған соң бөксесі икемге оңай көнді.

«Менен жуан адам болса, мына тар қылта қанша періште болса да өткізбес» деп ойлады бір пәс. Тіпті өзінің бір қырындап болса да жылжып келе жатқанына ризалықпен езу тартып күліп алды. Бірақ, ерте қуанышты. Езуі жиылмай жатып қайтадан кештелді де қалды. Не алға, не артқа қозғалар емес. Енді ол шындап қорқайын деді. Осында алып келген шипажайдың адамын шақырып дауыстаған болып еді, мелшиген мылқау жартастар оның даусын да құмықтырып, осы тар қылтаның ішінде қалдырды. Тіпті естігенде не істей алады ол адам? Зіл қара тастарды жылжытатын шама қайда онда? Амалды тапса өзі ғана табу керек. Бірақ, ол амал табылмағаннан қатты қысылып, қара терге түсті. Қара тастың қылтасы көлеңке болғанымен қапырық екен, өкпесін қысып барады. Жүрек дәрісін алмағанына өкінді. Алғанда да ауызға салар мұрша жоқ қазір.

Ештеңеге мұршасы жоқ болғандықтан да ол тап қазір күдіреттің ғажайыптары болғанын қалады.

Сөйтіп, мына тар құрсаудан алып шықса деп тіледі Жаратқаннан. Материалистік көзқарасынан арылып, бір Жаратушының барлығын ақыл-білімімен, білгеннен кейін де ол өзінің сол жаратушыны сезінбейтініне таңқалатын. Тіпті ұлы ойшылдар түгілі қарапайым жандар да Құдай өзінің барлығын білдіріп белгі беріп жататынын айтады. «Ал, маған ондай белгі білдірген емес» дегенінде қосағы Бағира: «Неге білдірген емес. Есінде ме, сен үйдегі моншаға түсіп жаттың. Мен жұмысқа кеттім. Бірақ, орта жолда үйге қайтқым келіп кетті. Әйтеуір үйде бірдеңе болып жатқандай, мен бармасам болмайтындай күй кештім де, ақыры жарым жолдан кері бұрылдым. Аулаға кірсем монша жақтан газдың исі шығады. Жүгіріп келіп есігін ашсам, сен ес-түссіз жатырсың, ал ыстық су үстіңе құйылып тұр. Сонда маған белгі беріп





жұмысқа жеткізбей қайтарған бір Алла емегенде кім?» деген еді.

«Ол маған емес, саған берілген белгі» деп мойындамаған еді сонда да. «Ыстық суға күйдіргені белгі емегенде немене? Сені ойлансын, мәшинеге отырғанда жан-жағына алақтап, қыз-келіншектерге көз сала бермей жолына тура қарасын дегені» деп бір түйреп өткен еді сонда. Бағираның бұл айтқанын әйелдікке балап ол сол кезде өзінің Құдайды сезіне алмайтындығы туралы тағы біраз адамдармен ақыл бөлісіп еді-ау. Сонда олар «Құдай сізге аян беріп қайтеді. Әдетте аянды тура жолдан тая бастағандарға тәубесіне келсін деп береді. Ал, сіз онсыз да тура жолдасыз. Жаратқан сіз үшін аландамайды» дейтін.

Солай Жаратқанды өзі сезіне алмағанымен, танып білу үшін көп әдебиет оқыды Мекемтас. Ақырында діни кітаптар емес, физиктер көзін жеткізді Жаратқанның барлығына. Санаасына сіңіп қалған материалистік танымын Нобель сыйлығын иеленген квантты физиканың атасы Макс Планк пен басқалардың энергетикалық-ақпараттық өріс туралы жаңалықтары және оның артында тұрған Ұлы ақыл иесі жөніндегі ойлары күл-талқан етіп бұзды.

Ғылым XVI ғасырдан бері француз ғалымы Рена Декарттың қарапайым көз түгілі прибордан көрінбейтін әлемді қояйық, одан да көрінетін әлемді ғана зерттейік деген ұсынысын қолдап келген еді. Бір жақты кеткен екен. Бұрын ойшылдар мен әулиелер ғана сезінген көрінбейтін әлемнің «тылсым өмірін» енді ғалымдар қолмен қойғандай етіп дәлелдеп беріп отыр.

Соның арқасында Мекемтастың көз алдында, көз алдында емес-ау бүкіл жан дүниесінде көрінетін және көрінбейтіні әлем тұтастанып тіріліп, жаңа мазмұнға ие болды.

Бірақ, мынау төбе болып дөңкиген қара тас оның жаңа түсінігін де, Жаратқанға жалбарынғанын да керек етер емес. Мелшиген күйі міз бақпай тұр. Сонда не істемек керек? Кенет оның ойына мына қылта қандай адамды өткізіп, қандай пендені өткізбейтіндігі туралы бағанағы «сәуегейлігі» есіне түсті.





«Астам адамның аспан көңілі шеге кірген доңғалақтай солып, көріктей ісіп-кепкен кеудесі мыж-мыж болып жапырылып қалғанда өткізеді» деп еді-ау.

Қазір өзі не болды? Доңғалақтай дүңкимек тұрмақ, шидей болып сидиып-ақ тұрған жоқ па? Өткізгені қане? Ойпырмай сонда бұл Жаратқанның жердегі сынақ таразысы тіпті тарыдай күнәнді де біліп қоя ма? Қандай күнә бар еді менде? Баяғыда Баукеңнің «Волгасын» айдап жүрген кезімде қызкеліншектерді мінгізгенімнен басқа не жазығым бар менде? Сырттан оқитындардың сырасын ішетінім болушы еді. Әлде, сол да күнә ма? Мен, оларға «үш» деген бағаны үлкен ықыласпен қойып беретін едім. Білімі жетіңкіремейтіндігі болмаса, нағыз адал мұғалімдер еді олар. Көбісі соғыстың салдарынан оқи алмай, енді ел есін жиғанда уақытынан қалып кетпес үшін тырысып жүргендер. Сол талабының өзіне мың да бір рахмет олардың. Халықтың адалдығы мен ақ пейілі аңқып тұратын сол адамдармен баяғыдағыдай төбенің басында болмаса да сырасарайда ақтарыла әңгімелесіп, қауқылдасып қалған бір ғанибет еді Мекемтас үшін. Сол да күнә болғаны ма бұл күнде? Қазақ қай дастарханның басында ішкен тамағы үшін бас-басына есеп айырушы еді? Әлде солай етпегені бұл күнде қылмысқа жата ма? Еуропа-лықтарға ұқсап әркім өз сырасы үшін төлеуі керек пе еді? Онда бір-бірімізге деген сый-құрметіміз қайда қалады? Ойпырмай бұл жақсы мен жаманыңның сыбайласып алғаны сонша бір-бірінен ажырата алмайсың деуші едім. Сол өз басымда да бар екен ғой. Кейде сыранның ақысын мен де төлей салушы едім. Шамасы, жеткіліксіз болған-ау? Енді қайттім? «Жаны қысылғанда кісі не демейді» демекші, өмірдегі жақсы-жаманының бәрі киноның лентасындай көз алдынан өте берді. Еркінен тыс өтті. Еркінен тыс өтсе де «ар ұялар іс қылғаны» аз екендігіне бірте-бірте көзі жетті. Көзі жеткен сайын көңілі жайлана берді, жайлана берді. Ал, жайланып болған соң қылтаның қысып тұрғанына қарамастан көңіл шіркін қайта шарықтап қияға көтерілмекке қомданды. Самғағысы келгені сол екен, бағанадан бері аяғының астына





қараймын деп салбырап кеткен басын шамасы келгенше шалқайтып, көк аспанға көз жіберді. Тар қылтадан ту сонау шырқау биікте реактивті ұшақтың артындағы ізіндей болып шұбатылған көк жолақ көрінді көзіне. Сол көк жолақты ол жеті қат аспан – ғарышқа, яғни, қазіргі тілмен айтқанда энергетикалық-ақпараттық кеңістікке қосылуға ұшып бара жатқан адамдардың бойынан бөлінген сезімдер тасқыны деп түсінді. Бұндай түсінік оған ғалымдар адамдардың бойынан үнемі фотон-квант бөлініп тұратындығын ашқалы пайда болды. Сол кванттар адамды ғарышпен үздіксіз байланыстырып тұрады екен. Ол тасқынның ішінде не жоқ. Түзу ниетті, адал пиғылды, ізгі жүректі, қайырымды адамдардан бөлінетін айрықша аяулы асыл сезімдермен бірге, ет бауыр жақынына реніштен бастап, ұрпақтан-ұрпаққа ұласқан ата жаулықтың айықпас кегі, өмірі тиылмайтын жер дауының ашу-ызасы, күштінің өктемдігі мен әлсіздің өшпенділігі, өзгенің табысына өлердей қызғаныш пен өзін елдің бәрінен асық көретін ұлылықтың ауруы, төрдегі теріс сөйлегенде, есіктегі керіс сөйлеген қиғаштықтың кесірі, есе қайтарамын, артық үлес аламын дей-дей біреудің жүйкесіне тиіп тілдеу, біреудің тұмсығын бұзып, жәбірлеу, бара-бара кісі өлтіру көңілінің қанағатына айналғандардың қара сезімдері, майда сөйлеп отырып-ақ саналарын жаулап алып, бір елді екінші елге, бір дінді екінші дінге айдап салған жымысқы саясаттар барлығы бар.

Әсіресе, соңғылары әр тараптан көтеріліп, бірін-бірімен шұрқырай жамырасып тұтасып, көк аспанды яғни, энергетикалық-ақпараттық кеңістіктің өзін құрыстырып қысып, тынысын тарылтып, тұншықтырып жібереді. Табиғаттың қара бұлты ақ жауын әкеліп, нұр болып құйылса, қара сезімнің бұлты соғыс, апат, кесір-кесапат болып оралады жерге. Бұны көрінбейтін әлемді назарынан тыс қалдырған ғалымдар да, қайраты халқына күнделікті тамағын тауып беруден аспайтын билеушілер де білмейді. Білсе де сезінбейді. Сезінсе де күнделікті күнкөрістің машақатынан артылып әрекет ете алмайды. Адам бойынан үнемі фотон-кванттар бөлі-





ніп тұрады деген ғылыми жаңалық Мекемтасты осындай ойға жетелейді.

«Ішінде сақтама» деп жатады ғой қазақ. Қуанышынды да, қайғынды да сыртқа шығар. Сонда қуаныштың еселей түседі, ал қайғынды басқалар бөлісіп әкеткен соң жеңілдейді. Демек, сезімдер де энергиядан материяға айналуы мүмкін. Ұлықтың да, кішіктің де, әулиенің де, қанішердің де пейілі – ниетінің көрінісі екен. Данышпан Абай ғылым жасалып қойған, адамдар соны ашуы керек деп қалай дәл айтқан! Міне, ашты ғалымдар. Қолмен қойғандай етіп, сенің ақ, қара сезімдеріңнің салдарын түстеп, түгендеп берді. Басқаша айтқанда Абайдың айтқандарының айдай рас екенін дәлелдеді. Әлемді махаббат, яғни, үш сүю ұстап тұр екен. Демек, өзің иманигүлді болғанда ғана адамдардың қоғамы гүлденеді. Ал, «махаббатсыз дүние дос» болған қоғам моралдік жағынан азғындайды. Азғындай-азғындай ақыры іріп-шіріп ыдырайды.

Ондай қоғамды күшпен ұстап тұруға болмайтынының сан мыңдаған мысалы бар тарихта. Сондықтан шамаң келсе сүй. Жүрегіңе иманигүл ұялат. Сол иманигүлдің шырағын басқаларға жақ. Сен жаққан шырақ, сенен шыққан нұрлы сезім қара борандай қаптаған қара сезімдердің тосқауылын бұзып өтіп, ғарыш пен адамның арасындағы бірлік пен үйлесімді бұздырмай сақтайды. Адам затының адамгершілігін ардақтап сақтап, сәбиіндей мәпелеп, шық жуытпай қоғаштап, ғасырдан ғасырға, асылдан асылға, данышпаннан қара бұқараға, ата-анадан балаға жеткізіп жүрген алтын жұлге осы болады. Оны саған ислам шығысы да, батыстың ғылымы да дәлелдеп берді. Соның бәрін білген Абай жүрегіңе жететіндей, бойыңа дарып, болмысыңды баурайтындай етіп, ана тілінде жазып қалдырды. Сонда да ұлы ақынның өсиеттерін жүрегіңмен қабылдамай, сыртыңмен ғана судыратып оқып жүре беремісің, қазақ!/? Сенің ниет-пиғылыңнан шыққан сезім ғарышты – жерге, жерді – ғарышқа тұтастандырып, әлемнің үйлесімі мен бірлігін сақтап тұрғанын ендігі жерде білмей бұзып жатырмын, болмаса біреу зорлап бұздырып жатыр деп айта алмайсың ғой.

Сенің ниет-пиғылыңның алақолдығынан, парақорлығыңнан, пәлекорлығынан қара сезімдеріңнің көбейіп бара жат-





қанын білмей қалдым деуің енді білместік емес, біліп тұрып жасалған аярлық болады, қазақ! Өйткені алдыңда Абайдың академиялық томдығы жатыр.

Мен, Құдайға сенбеуші едім деп тағы бұлтара алмайсың. Алдыңда ғалымдардың дәлелі жатыр. Отарлық замандағыдай мені басқа біреу мәжбүрлеп істетті деп тағы айта алмайсың. Өйткені тәуелсіз елсің. Сонда ендігіңе не жорық, қазақ? Абай «ар ұялар іс қылмас, ақыл зерек» деп еді. Сенің Абайды аяққа таптап, ар ұялар іс қылып жүргеніңді қалай ақтап аламыз?! Сені ақкөңіл, қонақжай, жатты өзегінен теппейтін бауырмал, қыры кеткен жұмысты қиялап жүріп жөнін табатын мәмілегер, бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ дейтін турашыл, малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы дейтін намысқой, отаншыл, бәрін айт та бірін айт, еңкейгенге еңкейе, шалқайғанға шалқая білетін кісілікті деуші еді келген меймандарың. Соның бәрінен бірдеңе қалды ма, қалмады ма? Қалса ендігі қажетіңе жарай ма, жарамай ма? Осыны бір саралап алсаң жөн болмай ма?

Олай болмаған күнде осы күйіңде азып-тозып, азғындап кететін түрің бар ғой.

«Жоқ, олай болмайды, оған жол бермейміз» деп ышқынды Мекемтас өз ойынан өзі шошынып. Сөйтті де қайда, қандай жағдайда тұрғанын ұмытып, алға қарай ұмсынды. Көңілі ұмсынғанымен қысқан қара тас бір қырымен тұрған Мекемтасқа өкшесін көтеріп, мойнын барынша созғаннан артық мүмкіндік берген жоқ. Ал созылған мойны бағанадан бері басын өткізбей тұрған қылтаға дәл келе қалды да, сәл де болса биіктеген жұмыр басы едәуір кеңістікке кезікті. Соны сезінген ол алға жылжып көрмекке бір қырындап тұрған аяғын ілгері созып талтайтып еді, бүкіл денесімен қылтаның ар жағына лып етіп өтіп шыға келді. Үнемі аяғының астына қарап төменшіктегеннен бұл тетікті көзі көрмегендіктен мойын ғана өте алатын қылтаға басын тықпалай беріпті бағанадан бері. Қылтадан өтіп сыртқа шыққан соң кеудесін кере демін алған Мекемтас кең дүниеге аса бір сүйіспеншілікпен қарады. Күн тас төбеден төмен ауып қалыпты. Көк аспанның астында Ақсу-Жабағылыны бетке





алып қос аққу қалықтап барады. Беткейде бір қора ақ қой мамырлап жатыр. Биік жартастың етегіне қонжыған қойшы алдына дастарханын жайып тамақтанып отыр. Мініс аты да анда-санда құйрығын бір қайшылап қойып қасында отығып жүр. Ол бұрылып жаңа ғана өзі шыққан қылтаға қарады. Қауындай қақыраған қара тас монтиып қана жатыр. Тік қияның түбінен жанаргүл жайраңдайды. Ал, жартастың жарығынан мұқыл желайдар желбіреп, ұсақгүлді ботагөз күлімдейді.

Қылтаның дәл аузында өзін осында алып келген шипажай қызметкері қыбылаға қарап намаз оқып тұр. Жасыл жаймаға ораған ақсұр жайнамазын машинесінен өмірі тас-тамайтындығын байқаған.

Міне, енді пешін намазының мезгілі келгенде өткізіп жібермей, уағында өтеп жатыр парызын. Мекемтас, бүлк-бүлк еткен бұлақтың жағасына жүрелеп отырып жуынды. Содан соң қос алақанымен көсіп алып бірнеше ұрттады. Сол кезде тау жақтан салқын самал есе жөнелді де, денесін рақатқа бөледі. Сол рақат сезіммен көзін тағы да көк аспанға қадады.

Бірақ, бұл жолы көк жолақты көрмеді. Көкжиек пен көк аспан тұтасып, тек алыста Алатаудың шындарына оралған ақ шарбы бұлттар ғана сол тұтас дүниеге сала салған ою-өрнектерді елестетті. Тілшіктей болып шұбатылған бұлақтың қос жағасындағы қалыңнан пыр-пыр етіп бір топ құр ұшты. Артынша бозторғай шырылдады. Намазшы дұғасының соңында Жаратқанға дауыстап жалбарына бастады. Бірақ, бұның бәрі тылсым тыныштықты бұзған жоқ. Қайта сол табиғатпен жарасым тапты. Мекемтас бұл жарасымды ұзақ қызықтай алмады. Көліктің уақыты әлдеқашан бітіп кеткендіктен асықты. Жолда келе жатып тар қылтада қысылып тұрғанда көзіне көрінген алтын жүлгені есіне алды. Сол өзі көрінді ме, жоқ әншейін сезіндім бе? Сыртқа шыққан соң неге көрінбеді сол жүлге? Демек, жай ғана сезінгенмін. Өрине, сезіндім. Ең күшті ақпараттың көмегімен әрең көрінетін әлемді мен қалай көрмекпін? Бірақ, сезінгенімнің өзі олжа емес пе? Соны қайта байырқалағанда шипажайға келгелі бірінші рет оның бойына қуаныш кірді. Сол қуаныш, көңіліне тағы бірденелер





ді іздеттірді. Неге сұрағанына толық есеп беріп жатпастан шипажай қызметкеріне «ертең Ақсу-Жабағылыға алып баршы» деді.

– Айтсаңыз болды, – деді ол. Сіз сияқты халқына қызмет етіп жүрген кісіден біз де қызметімізді аямаймыз.

– Бірақ, ол жаққа мына көлігің жарамайтын шығар.

– Көлік табылады. ДЖИП-пен барамыз.

– Ол да өзіндікі ме?

– Өзімдікі.

– Жұмысың мынау, жалақың белгілі. Сонда қалай алып жүрсің ондай көлікті? Несиеге алдың ба?

– Құдай сақтасын, өсімге несие алып, несие беруді біз күнә деп есептейміз.

– Неге?

– Өйткені біздің банкілер несиеден пайда көргенімен, зиянды тек алушыға шектіреді. Ол дұрыс емес. Екеуін де тең көрсе, әңгіме басқа.

– Сонда пайда-зиянының тең бөлісетін банкілер де бар ма?

– Бар. Ислам банкілері солай етеді.

– Түсінікті. Бірақ, мына көліктерді қалай алып жүрсің несиесіз?

– Менің балаларым құрылыспен айналысады.

– О, тендер ұтқыш болдыңдар ғой онда?

– Одан да құдай сақтасын. Бармақ басты, көз қыстысы бар жерге біз жоламаймыз.

– Сонда қалай саласындар құрылысты?

– Тек өз қаражатымызға саламыз. Алдымен сұранысы жақсы ауданнан жер телімін сатып аламыз. Содан соң сол жерге келістіріп тұрып тұрмысқа жайлы үй тұрғызамыз да сатамыз.

– Ол дұрыс қой. Бірақ, бастапқы қаражатты қайдан алдыңыздар?

– Менің үш балам бар. Үшеуі де қара жұмыстан бастаған бесаспап ұста. Олар алдымен ескі үйлерін сатып, соның қаражатына бір үй салды. Оны сатып екі үй салды. Солай жалғаса берді.





– Керемет екен, – деп шын таңғалған Мекемтас көңіліне жетпей тұрғанды тапқандай болды.

Бұндай күнәға апаратын істен қашып жүрген жандар біреу-екеу емес, мың-миллион ғой. Бұл дүниенің жақсылығы мен жамандығы да жымдасып сыбайласып кеткен деп мен күпірлік қылып жүрген жоқпын ба? Мына мипалау дүниеде адал бейнетпен-ақ әдемі өмір сүруге болады екен-ау?! Олардың өз әлемі бар. Қу дүние үшін арын да, намысын да бәске тігіп, бірде ұтып, бірде ұтқызып бәрінен жүрдай болып жатқан өмірде-ақ сондай әлемді әркім жасап алуына болады екен-ау?! Олардың ақ пейілі мен адал жүрегі ғой ғарыш пен адамдардың, Жаратушы мен жаратылыстың арасындағы алтын жүлгені үзбей жалғап тұрған. Бұл жолы ол жабық көліктің ішінде келе жатып-ақ Жаратқанның нұры саулаған алтын жүлгелермен өріліп, бір-бірімен үйлесіп жатқан көрінетін һәм көрінбейтін әлемді тұтастай сезінді.





\*\*\*\*\*

Егер Түркібасы бір жағын Тәңіртауға, екінші жағын Қаратауға іле салған таубесік болса, Ақсу-Жабағылы бесікте тербетілген сәбидің бас жағына тағып қойған тұмары. Тұмарға әдетте аспаннан түскен сөз түйіледі. Сол дұға сәбиді тіл-көзден, ауру-сырқадан сақтасын деп іледі тұмарды. Ал, Ақсу-Жабағылы Жаратушының жерге жазып қойған дұға сөзі. Тек оны оқи білу керек. Бір қызығы соны ХХ ғасырдың жиырмасыншы жылдары Мекемтастың аталас ағасы, коммунист Тұрар Рысқұлов оқыпты. Мекемтастың әбден кітап қараудан сарытіс болған кезінде түсінгенін ол кісі жиырманың ішіндегі жас кезінде-ақ зерделепті. Зерделепті де дереу өзінің Түркістан республикасының басшысы ретіндегі өкілеттігін пайдаланып Ақсу-Жабағылыны жан баласы бүлдірмейтін қорық етіп жариялапты. Оған дейін келімсектер үй салып, темір жол рельстерінің астына төсеу үшін Тәңіртау мен Қаратаудың аршаларын аяусыз қырқып тауысуға айналған екен. Абырой болып әйтеуір осы Ақсу мен Жабағылы өзендерінің шатқалдарында, тау беткейлерінде ғана сақталып қалыпты. Мың жылға дейін өмір сүре беретін бұл ағашты қазақтар тегіннен тегін әулие атамаған. Өйткені бұл ағаш түйетайлы таудың топырағын бекітіп қана тұрмайды, бүкіл айналасын емдеп тұрады. Емдегені сол емес пе, лас газдарды ең көп жұтып, орнына ең мол оттегін бөлетін әулие ағаш осы. Бұған қоса оның тұла бойынан айналасындағы зиянды микробтарды жойып жіберетін ерекше қасиеті бар еуропалықтар фитонцид деп атайтын дәруді үнемі бөліп тұратынын да оқыған Мекемтас өлкесі туралы әдебиеттерден. «Халық айтса, қалт айтпайды» қыстың қаққан суығында үсу дегенді, шілденің ми қайнатар ыстығында қурап-семіп жерге үзіліп түсу дегенді білмей жыл он екі ай жап-жасыл болып түсін бермей тұратын бұл қылқан жапырақтыны халық тегіннен тегін ем арша деп атамағанына ғалым сонда анық көз жеткізген.





Ақсу-Жабағылыда емге пайдаланатын ағаш, бұта, гүл, шөптесін бір бұл емес. Олар жүздеп саналады. Бірақ, Мекемтастың бұл сапарында іздеп келе жатқаны басқа. Тәңіртаудың Ақсу-Жабағылы аталатын тұмары аспандағы жұмақтың өзі болмаса да жердегі көзі еді ғой. Тәніне емес, ем іздеген жанына бір шипасы тиер деген үміт сүйрейді мұнда. Тіпті, оның сырт сұлулығының өзі ерекше бір рахатқа бөлеуші еді пендесін. Әсіресе, көктемде қызғалдақтар гүл-гүл жайнаған жота беткейлерін қызықтаудың өзі жаныңа жақсы әсер қалдырады. Ақсу-Жабағылының сырын білмейтін былайғы жұрт етектеріндегі үп десең қауашақтары ұшып кеткелі әзер ілініп тұрған өзі өте нәзік, тым жұқа, кейбір сабағына бірнеше ұяшық сиысқан гүлді қызғалдақ деп қызықтап жатады. Бірақ, олардың көргені «итқызғалдақ». Жергілікті халық солай атайды. Ал, нағыз қызғалдақты көру үшін одан да биікке көтерілмек керек. Мекемтас соған асығады. Рас, әдетте сәуірдің басында-ақ қауашағын ашып, әлемді алқызылдандырып жібереді қызғалдақ. Қазір мамырдың аяғы. Таудың орта белдеуінде жауын-шашын жиі болып жаздың ыстығын басып тұрса, қызғалдақ әлі де құлпырып тұрғаны. Мекемтас содан үміттенеді. Олар асудан асу асып өрлеп келеді. Баяғыда бір келгеніндей емес жол жөнделіп, көліктің де күші артқан ба, әйтеуір астыларындағы ДЖИП көп ыңырсынбайды. «Ит қызғалдақтың» мерзімі өтіп кетіпті. Кездестірмеді. Есесіне гүлге бергісіз шөптесіндер мен шоқ-шоқ болып шоғырланған бұталар тұнып тұр. Бұл мезгілде жұлдыз шолпан-тарақ, кәрікыз, имек түтікгүл, қоян құлақ, қандыгүл және толып жатқан шөптесіндердің гүл ашып құлпырып тұратын шағы. Әсіресе, ылғалды көбірек тәуір көретін ұзынжапырақты бөдененің реңіне қарап Мекемтас тауда жауын мол болғанын аңғарды. Неғұрлым көтерілген сайын шөптесін де, бұталар шоғыры да қалыңдай берді. Қорықтың аумағына кіріп, бір бел асқаннан-ақ алдыларынан алқызыл аймақ ашылды. Текеметтің түгіндей





тұтасқан белді алқызылдандырып тұрған Ақсу-Жабағылының атақты қызғалдағы осы. Голландияда өсіріліп, бүкіл әлемге тарайтын тюльпанның түп атасы да осы қызғалдақ. Тұқымын алып, одан әрі өміршеңдендірген голландиялықтар.

Мекемтас көлікті тоқтатуын өтінді. Содан соң сыртқа шығып, құлпырып жатқан белге қарап көз тойдырмақ ниетпен едәуір тұрды. Бірақ, құмары қанар емес. Сонда байқады. Қалада көрген гүл шоғыры мен даланың табиғи көрінісінің арасы жер мен көктей екен.

Даланы құлпыртып тұрғаны қызғалдақтың жалғыз өзі емес. Тұлпарды тұлпарлармен жарыстырғанда ғана шын жүйріктігін білесің. Сұлуды сұлулармен салыстырғанда ғана шын сұлулығын көресің. Гүлдер де солай. Қызғалдақ өскен жерде өзі бір жеке дара өрнек салып сарғалдақтың да небір түрі өседі. Олардан Тәңіртаудың көк гүлі де қалыспайды. Қызғалдақ қауашақтары құсап баданадай болып бадыраймаса да, салалы саусақтардай сұнғақтанып айнала-сындағы қалыңнан еңсесін биік ұстайды көк гүл. Қырдағы қызыл, сары, көк бояуларға ақгүлділер де өз өрнегін қосып, беткей шынында да «текеметтің түріндей» гүл-гүл жайнап тұр. Бірақ бәрібір солардың арасынан қызғалдақтардың тұрқы да, қауашағы да, пішіні де ерекшеленіп, көздің жауын алдымен алады. Ал, қалғандары соның сұлулығын одан сайын ашып, көзіңді қандырмаса да көңіліңді тояттатады. Беткейдің ең биігінде бауырына дейін қалыңға көміліп бір топ елік жайылып жүр. Одан арғы асулардан тау қойы мен ешкісін көруге болар еді. Екеуі жүрген жерде қасқырлар мен қабыландар да кездеседі. Күнге қыздырынып қылқиып тұратын сарышұнақтар да, тағы басқа көптеген тағылар мекендейді бұл тауды.

Көктемнің хабары шығысымен алыс жақтан қанаты талып жеткен құстардың бәрі алдымен осында келіп аялдайды дегенді естіген Мекемтас бала кезінде. Ал, күн суи бастаған қара күзде олардың бәрі өлкенің түкпір-түкпірінен





осы Ақсу-Жабағылыға қайта жиылып, содан соң барып қыс түспейтін жылы жаққа қарай сапарлап кететінін де әңгімелеп отырушы еді үлкендер. Неткен ұйымшылдық, неткен бірлік, татулық, неткен түйсікпен табысу десеңші бұл қылығын?! Әрине, аспан мен жер, ауа мен су ортақ болса да, жаны бардың бәрінің ырзығы бөлек. Сол ырзығы үшін күреседі, таласады, жан алысып, жан беріседі. Бірақ, жыртқыштың ең жыртқышы қасқыр таудың жабайы қойын қырып, жер бетінен жойып жіберіпті дегенді ешуақытта естіген жоқ Мекемтас. Ең улы, ең түсі суық жылан екеш жыланның өзі несібесінен артықты жұтпайды, өзіне тимегенді шақпайды. Бәрінде бір керемет үйлесім бар. Сол үйлесімнің үлгісі осы Ақсу-Жабағылыда айқын көрініс тапқан. Тек оны көретін көз, оқитын көкірек, тоқитын сана керек. Көрсен, оқысаң, тоқысаң Жаратушының жер тірліктілерге қалдырған өсиеті – Жаратылыстың ұлы заңы тұр мұнда. Сол заңды өсімдіктер мен жан-жануар әлемі түйсіктеріне керемет түйіп алғандары сонша бір де бір рет бұзбай, бұлжытпай орындайды. Ал, бұзатын жаратылыс біткеннің ең саналысы – адамдар.

Дүниенің бір бетін сәңдеймін деп, екінші бетін бұлдіретін, алдын-артын тазартамын деп иістендіріп, сасытып жататын солар. Неге олай болды? Неге адамдар өздерінен әлсізді қырып, бір жола құртып жіберуге құмар? Болмаса, әбден санасын сансыратып, өткенін ұмыттырып, өзіне сіңіріп алсам деп ындыны құриды да тұрады. Өзінің халқының солай мәңгүрттеніп бара жатқанын сезінуден артық азап бар ма екен сірә ойлы адамға? Сол азапты шекті-ау Абай!

Бұл кезде оның сыны түгіл «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» дегенін тыңдайтын да құлақ қалмағандай көрінді оған. Көрінді де екі қолын төбесіне қойып өз елінен безіп кеткеннен, не ажалынан бұрын о дүниеге жүріп кеткеннен басқа амал таппады ақын.

Ал, ол екеуіне де баруды күпірлік көрген көңілі одан әрі шарасыздықтан нағыз тығырыққа тіреліп, мүлдем тұйық-





талды. Тұйықталған адамның бар қолынан келері – өз тұңғиығына шомууы екен. Абайдың ойы бұл кезде халқының ғана емес, сол халқы бір бөлшегі болып табылатын әлемнің арғы-бергі тарихына әсер еткен көне грек және ислам ойшылдарымен әсіресе, оның ішінде Қожа Ахмет Ясауи мұраларымен әбден табысқан тұсы болатын. Бұндай адам өзіне өзі шомғанда жер тірлікке алаңдап, қайта-қайта шошаңдамайды екен. Ой кемесіне мініп алып, ой мұхитында өзін суда жүзген балықтай сезінеді екен. Терең шомған сайын жердегі бақасуы мен тақасуы бітпейтін боқ тірлік, адам санасын жаулайтын сөз шайқастар, бәрі де күнгірт тартып, буалдырланып біржола жойылып кетті Абай үшін. Қалың бұлтты жарып ұшып, ар жағындағы ашық аспанның айдынына көтерілген ұшақ жолаушысының күйін кешті ол. Жоқ, бұл теңеу жеткіліксіз. Тіпті ғарыш кемесінің космонавты мен астронавты да Абай кешкен күйді кеше алмайды. Өйткені Абай мінген кеменің құрастырушылары астронавт мінген кеменің құрастырушыларынан мүлдем бөлек. Абайдың жүзгені ой кемесі, астронавт, космонавтікі – материалдық сой кеме. Екеуі де жердің тартылыс күшінен ары шығып кеткенімен, баратын өрістері бөлек. Ғарышкерлердің кемесі көрінетін әлемнің шегіне жетемін деп зуласа, Абайдың ой кемесі көрінбейтін әлемнің шексіздігінен мамырлайды. Бірақ, көңілі қайтуды қаламайды. Өйткені шарлаған сайын жаны бұрын-соңды көрмеген рахатқа бөленді. Ол жүрегі езіліп жыр жазғанда да, бүкіл болмыспен беріліп, ән тудырғанда да дәл мынандай күйде болған емес. Жұмақты кім барып көріп келген, әйтеуір жертірліктің өрісінен өтіп кеткен соң ғана жанның жай табуы дегеннің шын мәнінде не екенін сезінді ақын. Қожа Ахмет Ясауи бабасы да осындай күйге түскен ғой. Осындай күйге түскенде одан арылып, күнәһар дүниеге қайтып оралғысы келмей жер астынан қылуат қаздырып алып, қалған өмірін сонда өткізген. Адам баласы үшін бұдан өткен жан рахаты жоқ еді бұл жал-







ғанда. Тәнің жерде болғанымен жан дүниенің аспанда өмір сүретін бұндай бақытқа ілу де бір тақуа ғана бөленеді. Сол бақытқа бөленуге Абайдың толық мүмкіндігі болды. Бірақ, өзі бақытқа кенелгенімен халқы қасірет шегіп қала беретіндіктен де орта жолдан оралды Қожа Ахмет Ясауи бабасының жолынан. Оның үстіне бұл жолмен бүкіл халықты бақытқа кенелту мүмкін емес еді. Мықты болсаң, жер тірлігінді тиянақты тындырып жүріп тақуа бол. Міне, бұл жол қазақты құрдымнан құтқарып қана қоймайды, күллі адамзатты апаттан сақтайды. Құдіреті күшті Алла ғылымның бәрін жасап қойған. Ендеше, қазақты құрдымнан құтқарып қана қоймай, адамзатты апаттан сақтайтын да ғылым бар. Тек соны ашу керек. Халқының қасіретінен қара басы қайғы шеге жүріп ақын енді соған кірісті.

Сонау «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін, жоқ барды, ертегіні термек үшін, көкірегі сезімді, тілі орамды, жаздым үлгі жастарға бермек» үшін деп қырықтың қақ отасында жазған өлеңінен бастап, ол ақындық түйсігімен сол жолды әлдеқашан іздестіріп жүрген екен.

Қазақтың бар кемшілігін қазғаны жарыққа көзсіз үйме-леген көбелек болудан сақтандырғаны еді.

Бірақ, бұл кезде санасыздық кәйпінің дәмін татып қалған ел «жақсылары» мұның сөзіне ұйыған халықтың былай шыға бере бұрынғы әкәуіне басуы үшін барын салып бақты. Өйткені билікке сол тиімді еді. Дүниеде санасыздықтың кәйпінен тірмізі кәйіп жоқ екеніне ақын сонда анық көзін жеткізді. Бұрынғы бабалардан қалған не түрлі жырлар мен аңыз-ертегілер қазақтың тұрмысына топырлап кірген тегі жат, арды керек етпейтін аяр, бейсана бейәдептерге қарсы тұра алмасын да көрді. Жаңа дертке басқа шипа керек болғандықтан да ол енді өзіне дейінгілерден басқаша жазды. Ендігі жазғандарының халқына қашан, қалай жететінінен бейхабар болса да, түйсігі осылай түрткілендірді. Оның кісінің көкейіне қона кететін өлеңдері мен ғибраттары қолдан қолға тимей тарады. Баспадан





да шықты. Өзінен кейінгі қазақтың ағартушы қайраткерлерінің бәрі соларды сусындап өсіп жетілді. Бірақ, кез келген өлеңі мен жекелеген сөзі көкейге қона кеткенімен Абайды тұтастай тану ақынды қолына шырақ алып зерттеп жүргендердің өзіне оңай болмай тұр. Бұл жекелеген өлендер мен ғибраттар желілі ойлардың жемісі екенін сезінгенше Мекемтас та ұзақ жүрді. Ақыры ақын еңбектері тұтастай алғанда адам кемелденуінің сатылы жүйесі екенін ұғынды ол. Санасыздықпен күресті туғаннан «ішсем, жесем» және «білсем, көрсем», деген екі түрлі ансармен дүние есігін ашатын сәбиді ары қарайғы табетін тәрбиелеуден бастамаса істің бәрі бекер. Сол тәрбиенің болмауынан тән мен жан құмарлығының тепе-теңдігі бұзылып, бүкіл дүниенің бүлігі содан басталады екен. Өйткені «ішсем, жесем» деген ансар енді «тояттасам» деген нәпсі құмарлыққа айналып, үлкен қайғы-қасіретке әкеліп соғады аяғы. Сол қасіретке соқтырмас үшін жан азығына деген қажеттілікті күшейте түспек керек екен. Сонда тән тояты өзінен өзі тежеліп, тойымсыздықтан бүлініп жатқан дүние қайта қалпына келе бастайды. Алайда, жан азығының жақсысын табу да оңай шаруа емес. Ясауи бабасының істегенін істемесе де Абай оның ілімін пайдаланды. Адамның мықтылығы күнәдан баз кешуде емес, қайта күнәдан баз кеше отырып, жертіршілікті белшесінен бата жүріп, еш жиренбей істеуде деп өзгертті оны. Ал, ел боламын, өзгелермен тең боламын десең ұмтыл, қазақ. Басқа амалың да, жолың да жоқ. Сенің қазір малданып жүрген малтапқыштығың алдамшы. Ертең адастырып кетеді. Өзгеден үйренемін десең, өнерін, еңбексүйгіштігін үйрен, алдыңдағы бес ешкіңе мәз бола бермей ғылымын ал. Ғылымсыз байлықтың бәрі бір жұттық. Ал, ғылыммен келген байлық тұрақты, берекелі. Сен осы уақытқа дейін қолыңа қару ұстап қан майданда шайқасқаныңды батырлығым, аязы дем алдырмайтын қатты қыстың қарлы боранымен алысып, шілденің шіліңгір ыстығына шыдас бергеніңді нағыз еңбектегі ерлігім деп келдің. Бірақ, өмір тек апаттан тұрмайды, соғыс тек ұрыс даласында ғана





жүрмейді. Сенің санаңды қолына қару емес, қалам ұстап отырып-ақ жаулап алды. Ал, еңбеккештік деген табиғаттың төтенше апатымен айқас емес.

Боран басылды деп малын төскейге айдап салып, киіз үйдің іргесінен қарап жатпайды еңбеккеш адам. Ол күнде тіршілік етеді. Жәй тіршілік етпейді, жағдайымды одан әрі жақсартсам деп ізденеді, үйренеді, оқиды, тоқиды. Өзінің ондай мүмкіндігі болмаса, баласына жасайды сол мүмкіндікті. Қазіргі байшыкештер құсап, «сот, атпекет, тілмаш» бол деп оқытпайды. «Алдымен адам бол, содан кейін маман бол» деп оқытады. Міне, осылай жанын сау тәнде ұстап, үзбей ізденгендер ғана озады. Осыны түсін, қазақ. Бұл да бір сын. Сол сыннан өт, қазақ. Тәуекел етіп тырысып, мінез көрсетіп, өзінді өзің жеңсең сол сыннан өтесің. Сонда алдыңнан ғажайып әлем ашылып, Жаратушыға жақындағаныңды сезінесің. Жаратушыға жақындаған адамның жүрегінде иманигүл гүлдейді. Именигүл гүлдеген жүрек махаббатқа тұнып тұрады. Сол махаббат қана саған Жаратушының құдіреті мен әділетінің мән-мағынасын терең сезіндіреді. Терең сезінген сайын Түп иенің тек өзіне тән құдіретінен бөлек адамға қолжетімді адамгершілікті сипаттарын бойыңа дарыта бастайсың. Енді сен де күллі адамзатты сүйіп, ақиқатты танып әділетке ғашық боласың. Ал, шын ғашық айнымайды. Демек сен де әділеттің жолына айнымастай болып түсесің. Осы үш сүю – иманигүл гүлдеген жүректен ізгі, мейірімді жүрек болмайды. Барлық қайырымдылықтың қайнары сол. Атымтай жомарттық осындай адамдардың қасиеті. Бүкіл Тұран даласының ұлы билеушісі Алып Ер Тоңа да жомарт болыпты. Ол басқа атақ-даңқы жетіп жатса да байтақ жұрттың жадында осы жомарттығымен қалғанын қалапты. Солай екен. Изгілік, қайырымдылық, мәрттік ескі замандардан бері Тұран халқының ұрпақтан ұрпаққа мұралаған ең басты қасиеті екен. Әбу Насыр Әл Фараби бабамыздың ізгі қала мен тұрғындарын сипаттап жазуының төркіні де сонда жатыр. Тұран даласында араб, парсы





мәдениеті ендеп еніп, тілдері үстемдік алып тұрған тұста Баласағұндық Жүсіптің «Құтты білігін», құт, береке туралы кітабын тек түркі тілінде жазып, онда адам бойында болуға тиіс үш қасиетті – ақыл, шапағат, әділетті, яғни, жәуәнмәрттік ілімін алға тартуы да сол арғы бабаларынан қалған үрдіс. Қожа Ахмет Ясауи Хәл ілімін солардан мұралады.

Өмірдегі озбырлықтың бәрі жүректі тыңдамай суық ақылдың айтқанымен жүруден шығады. Ал, ақылды жүрегіне бағындырған адам еш уақытта адамгершіліктен айнымайды. Өйткені мұндай адамның ақылы суық емес, нұрлы болады. Жылы жүректі, нұрлы ақылды адамның қайраты да жамандыққа жұмсаса еш шімірікпестен орындай беретін соқыр қара күш емес, тек жақсылыққа жұмсалатын ыстық қайрат. Міне, солай Алланы, адамзатты әділетті сүйетін жылы жүректі нұрлы ақылды, ыстық қайратты адам – толық адам. Мұндай адамдар жертірлікке аралассам күнәға батып қаламын деп бәрін Алладан күтіп, аспанға қол жайып, қарап отырмайды. Жер тірлікте де жанын салып жапырып істейді. Бірақ, ол тірлігі біреудің есебінен күн көру емес, қайта біреуге шарапатын тигізу болып шығады. Мәңгүрттеніп бара жатқан халықты сәби кезінен бастап алған осы адамгершілік тәрбиесі ғана сақтап қалады.

Ондай қасиетке ие халық күндердің күнінде отарлықтың бұғауын бұзып, тәуелсіздікке қол жеткізеді. Ең бастысы бұл қасиет өзге елдермен теңесуіне мүмкіндік береді. Теңесіп қана қоймай басқаларға да шарапатын тигізеді. Міне, толық адам ілімінің құдіреті осындай.

Ақсу-Жабағылының құлын мүшесі бұзылмаған қыратында қияға көз салып тұрып қиялдаған Мекемтас осы жерге келгенде ойын бөліп, бір күрсініп салды. Шіркін, ой кемесі қайда апармайды кісіні. Алпыс жыл бойы Абай өлеңдерін оқып, ол туралы жазылғандарды түгін қалдырмай түгендеп, ақын ойларының ізімен әлем ғұламаларының еңбектерін індетіп барып тәуекел етіп мініп еді бұл кемеге. Сол кеме оны Абай





теңізінің Толық адам ілімі деген айлағына алып келді. Сөйтіп ол Абай жағалауына жеткен алғашқы ғалым болды. Енді Абайдың сол ілімі нақты өмірде қолданыс тапса екен деп жар құлағы жастыққа тимейді.

Абай өз өлеңдерінде қазақ тұрмысының қылауын да қалдырмай қамтыған ғой. Содан да көкіректеріне қона кететін болу керек өмірдің қақ ортасында жүрген үлкен-кішінің іркілмей ақын өлеңдерінен үзінді оқып жіберетінін талай көрді Мекемтас. Бірақ, өлеңін білгенімен, оның өсиеттерін өмірде қолдануға әркімнің мүмкіндігі бола бермейтінін де байқады. Біз өзі науқаншыл халықпыз ғой. Әсіресе, ұлы ақынның мерейтойларының алдында сырт қарағанда бүкіл қоғам Абаймен өмір сүріп жатқандай көрінеді. Дәлірек айтқанда бұқаралық ақпарат құралдары ұлы ойшылдың есімін ауада жаңғырықтырып тұрады. Бірақ, сол Абай деп таңдайлары тақылдағандардың ісіне қарап, ойшылдың өсиеттерін орындап жатыр деп айта алмайсың. Адамның тереңіне тығылып алған баяғы сол коммунистік қоғамдағы сөз бен істің алшақтығы әлі жалғасып келеді. Өсиет айтып тұрып, өзі соған кереғар тірлік істеу үйреншікті әдетке айналып кеткен. Сөзіне қарап мақтап, ісіне қарап теріс айналасың. Теріс айналасың да «осы біздің қоғамымызда Абайдың өсиеттерін орындауға қажеттілік тудырылған ба» деп ойланасың.

Рас, бұл күнде Абайды олай оқыту керек, былай оқыту керек деп ақыл айтқан оқулықтар мен оқу құралдары жазылып та, жарияланып та жатыр. Олар оқушылардың, білімгерлердің кәдесіне белгілі деңгейде жарап та тұр. Бірақ, бір нәрсенің кемшін екенін түсініп күрсінеді Мекемтас. Өйткені ол оқулықтарда Абай өсиеттеген Аллаға, адамзатқа, әділетке деген ұлы махаббат жетіспейді. Жетіспейтіні кешегі кеңестік шекпеннен шыққан бүгінгі азаматтық қоғамның авторлары бұл махаббатқа уызынан жарымай қалған. Жүрегі жылы, ақылы нұрлы, қайраты ыстық, азамат болу үшін алдымен оның жүрегінде иманигүл гүлдеуі шарт. Өзінің





жүрегінде иманигүл гүлдемеген , демек, ол жөнінде терең білім алмаған, ұстаздар шәкірттерінің жүрегінде қалай иманигүл гүлдетпек?

Қайран Баукем! Асыл көкем!

Кескілескен қан майданның алғашқы жылдарының өзінде Александр Бекке егер сен менің батальоным туралы жазатын болсаң, ол кітап әскери көркем құрал болуы тиіс деп шарт қойғанда алысты болжаған екен-ау!

Сол кезде авторға осындай шарт қойғызған Бауыржан Момышұлының шексіз махаббаты екен-ау! Демек, бұл кітап тәрбиеге уызынан жарып, көкірегіне иманигүл ұялатқан жанның соғыстағы сардарлық міндетін ғана емес, келер ұрпақ алдындағы ұлы парызын терең түсінген жанның шексіз махаббатының жемісі. Ал, бүгінгі аузында Абай болғанымен аржағынан кәпір атеист сөйлеп тұрған ғалымнан қалайша Алланы, адамзатты, әділетті сүйетін оқу құралы шықсын? Одан гөрі олар кезекті бір саяси көсемнің кезеңдік көңіл қалауына оңтайластырып түсіндіргенді қолайлы көреді Абай өсиеттерін. Содан да ақын ашылмай қалады. Әр кезде әр қыры жалт ете қалғанымен тұтастай жарқылдамайды.





\*\*\*\*\*

Ақсу-Жабағылыдан әбден сілесі қатып оралғаны сонша, қатты ұйықтапты. Шипажайға келгелі осы. Күндіз ел көріп, жер көріп көңілін алаңдатумен бірге, тәнін қатты шаршатқан соң ұйқыға көміліп барып тұншықтырады жан мазасыздығын. Бұл жолы да түнде талықсып ұйықтап, таңертең дыңдай болып тұрғысы келген. Бірақ, олай болмады. Қанша дегенмен бірнеше күнгі жүріс-тұрыс шаршатып тастаған ба, денесі күндегіден ауырлау қозғалып, жата бергісі келді. Бірақ, бос жатыс өзін мазалап жүрген ойларды шақыратынын түйсігімен түсінген ғалым орнында жата беруден қашты да, шағын болғанмен шау тартып қалған денесін баппен қимылдатып жүріп жуынып-шайынды. Содан соң есік алдына шығып біраз серуендесе де, бұндайда құр аттай болып кететін денесі күндегі құлшынысын көрсетпеді. Мекемтас күрсініп салды. Түнгі ұйқымен бірге тыншығанымен мынау таңғы тіршілікпен таласа-тармаса жан түкпірін тағы түрткілеген мазасыздықты басудың шаршаудан өзге амалын таппағандықтан да күрсінді. Ал, жанының жайын табамын деп тауды да, тасты да кезген тәні сыр беріп тұр. Әйтеуір мұндай-мұндай жүрістің талайын көріп, әбден қатып-піскендіктен де шыдас беріп жүр. Тоқсан жыл жанына жай болған кәрі денесінен бұдан артық не күтсін? Бұл жаста қайта оған жанының демеуі керек. Рухы мықты жан ғана өз тәнін тоздырмай өмірін ұзартады. Мекемтасты да осы уақытқа дейін Абай мен өзге ұлылар рухы ауыруға да, басқа дүниеге бұрылуға да мұрша бермей ылғи алға қарай сүйрейді де отырды. Неге екенін жете түсінбейді, әйтеуір, толық адам ілімін түбірлеп ашып бергеннен кейін мұның жаны тоғаюдың орнына бұл дүниені қайта қоңылтакси бастады.

Ол аз десең соншама жылын сарп етіп, алақанға салғандай етіп ашып берген Абайдың толық адам ілімін іс жүзіне асыру жөніндегі нақтылы бағдарламалардың кемшінді-





гіне де көңілі толмайды. Жаратқанның аспаннан түсірген кітаптарынан бастау алған небір бағдарламалар бар жер бетінде. Табиғаттың тәжірибелерінен түзілгендері де жетіп артылады. Абай да соларды хәлі мүшкілденген қазаққа лайықтап жасап беріп еді. Бірақ, қазақ сол ілімді әлемге танытамыз деп айқайлап, ауаны жаңғырықтырғанымен өз бойына сіңіре алар емес. Соған да қаны қайнайды.

Әрине, ол оңай шаруа емес. Көзі тірісінде коммунизм орнатып, халқын бақытқа, өзін даңқа бөлеймін деген кеңестік-коммунистік қоғамның көсемдері ақыры алып империяны таратып тынғанын көзімен көрді, басынан өткізді. Демек, «кәпір болу бір пәсте болғанымен, мұсылман болу әсте-әсте». Оған даурықпа емес, аса нәзік, әрі тыңғылықты дайындық қажет етіледі. Бірақ, құр уралап, көз боямай, сол қажетті іске тыңғылықты дайындыққа кіріскендердің қатары көбеймей тұрғанына қынжыла ма, әйтеуір бір уайым жанын жейді. Сол, жан қайтсе уанады? Тағы да тәнді қинау ма? Бірақ, қайда барып қинайды бүгін жанының жалғыз панасын? Ойына Иірсу түсе кетті. Иірсу! Жағасында жалаң аяғының іздері қалған ауылының тура төбесіндегі өзен. Майтөбе етекте болса, ол төскейде. Иірсудың өзге сулардан өзгешелігіне ылғи да таңданушы еді. Ақсу да, Жабағылы да, Құлан мен Арыс та таудан төмен қарай тіп-тік құлдырап, алдындағыларын шамасы келгенше айпап-жайпап, арқырап-сарқырап ағып жатса, Иірсудың жаратылысы мүлдем бөлек, аты айтып тұрғандай өмірі иіріліп ағады. Таудың тапырақтаған асау суы қанша асыққанымен жер бедері айналдырып шыққан жеріне қайта алып келеді де отырады. Сөйтіп, қайталана беретін өмір сияқты Иірсу да таудан төмен түспей төбесінде иіріліп жатып алатындай әсер қалдырады. Ақсу мен Жабағылыдай емес иір-қиыр болып ағатын «Иірсудың» да бір айтатыны бар шығар, барып көрейін деп ойлады да, осы байламының өзіне көңілі әжептеуір алданып, күнде қызмет көрсетіп жүрген көлігінің иесіне телефон соқты. Со-







дан соң кемерге барып, бастаудың тастай суына сүңгіп-сүңгіп келсе де, бәрібір құр аттай болып кете қоймады. Кешегі жүріс өтіңкіреп кеткен бе, әйтеуір бойында бір делсалдық бар. Дегенмен, «қан қысымым қалыпты» деді басын бір қозғап қойып. Ойым айқын. Аллергиям қалпына келді. Жүрек соғысым да бір қалыпты. Бағира салып берген кардиомагнитті кешке тамақтан кейін болмаса қазір ішіп керегі жоқ. Ал, тауға шығып, денем қызған соң, бойымдағы бұл делсалдық жоқ болып кетеді деп жұбатты өзін.

Ол, таңғы тамағын ішіп отырғанда телефоны шырылдап қоя берді. Дүрәлі екен. Баяғы балаларымен бірге келіп біраз уақыт үйінде жүріп, артынан Алматыдағы саяжайын алып қалған Дүрәлі. Ол бүгінде әжептеуір алыпсатар. Көбіне шет елдерден жаңа техника әкелумен айналысып, бұл күнде әбден дыйланып алған.

Еліміздің астанасы солтүстікке көшкенде бірге ілесіп кетсе де, бір жақсы жері, әйтеуір, Мекемтас ағасын ұмытпайды. Осылай телефон шалып хабарласып тұрады.

– Аға қайдасыз? Әңгімелесуге уақытыңыз бола ма? – деді ол қысқа амандықтан соң.

– Уақыт деген пішен. Қазір Түркібасында демалып жатырмын, – деді Мекемтас.

– Бұл сіздің нағыз жұмыс істейтін мезгіліңіз болған соң сұрап жатырмын. Оның үстіне әртүрлі жиналыстар да осындай уақытта өтеді.

– Мені қазір жұмыс та, жиналыс та мазаламайды.

– Үй мәселесі ме мазалап жүрген? Балалардың тар үйіне тығылыспай үйленген немереңізді қолдарыңызға алып, Бағира апам екеуіңіз бөлек шыққыларыңыз келіп жүргенін білемін.

– Оны қайдан естідің?

– «Ел құлағы – елу» деген ғой. Жетті маған да. Тіпті үй де қарапсыздар.





- Ондай ой болған. Бірақ, кейін тоқтаттық.
- Өйткені қаражатыңыз жетпеді, солай ғой?
- Иә, солай болды.

– Ендеше Алматының өздеріңіз ұнатқан тыныштау жерінен бір үйді таңдаңыз, ол сіздің 90 жасқа толғаныңызға сыйым болсын, қаржысын мен төлейін.

– Мәссаған. Сен нағыз Атымтай жомарт болып шықтың ғой.

– Мен миллиондап кіріс алып жүрген табыскермін. Нағыз Атымтай жомарт сіз, қаланың іргесіндегі қымбат саяжайыңызды бере салған.

– Мен оны сенің компютеріңе айырбастадым емес пе?

– Көршіңіз сол кезде кемі жүз компьютердің құнын ұсынғанда сіз одан бас тарттыңыз. Өңгіме сонда.

– Саяжай деген үлкен тұрғын үй емес қой, әншейін кішкентай баспана.

– Аш кезде жеген құйқаның дәмі ауыздан кетпейді, аға. Менің қазіргі байлығымның бастапқы қаржысы сол сіздің саяжайыңыз болды. Сыйға – сый. Менің сыйымды қабыл алыңыз. Тезірек, Алматыға оралып, үй таңдаңыз, аға, – деп түйіндеді сөзінің аяғын Дүрәлі.

Қазір тұрып жатқан қызы Гүлмираның жекежайы да жайсыз емес. Қыз баланың бауырмалдығы алабөтен ғой, ата-анасына айрықша қамқорлығын жасап-ақ отыр. Бірақ, айналасынан үлкен-үлкен ғимараттар салынып айқай-шуы көбейіп кеткендіктен одан гөрі шеттеу, тыныштау жекежайда тұрсам деп әрекеттенгенмен қолының қысқалығынан ол ниеті жүзеге аспай қалғаны рас еді. Сол ойын өз баласындай болып кеткен Дүрәлі жүзеге асырамын, Алматыға қайтыңыз, деп отыр. Бұл жағымды хабар болғанымен Мекемтас әуелгіде ыңғайсызданып қалды. Дүрәлі қазір миллиондарды дөңгелетіп жүрмін дегеннен кейін ғана көңілі орнына келді. Бірақ,





аспаннан түскен олжаға алақайлап қуанбады да. Жарайды, көптен арманы болған жекежайға ие болады.

Осылай оңаша тұрып, ой орманын кезеді, ойқы-шойқы өмірден майдан қыл суырғандай етіп ой түзеді. Демалыс күндері немере-шөберелері топырлап, құттыхана мешітін дабыр-дұбырға толтырады. Содан жаны тынши ма? Онда Абайдың жаны неге тыншымады? Ұлы ойшыл жертірліктен жырақтанып көрген жан рахатынан бас тартты емес пе? Демек, жан қалауын жеке басының қанағатынан емес, жертірліктің бақытсыздығынан іздеді.

Әрі-беріден кейін өзім де жұмысқа беріліп кеткен кезімде қарыс жердегі пәтеріме жетпестен Әуезов музей-үйінің диванын мамықтай көріп жата кетуші едім ғой. Санамда әлі сайрап тұрған сона-а-ау ашаршылық жылдардан бері тұрмыс қаншама ілгеріледі? Бірақ, адамзаты бір қанағаттанып көрмепті. Содан да жаны шошынады Мекемтастың. Қандай құпия жаратылыс бұл адам деген? Оның табиғатын түсіну үшін тағы не істемек керек? Жоқ, Дүрәлі алып беретін жекежай күте тұрар. Бүгінше тауға тағы шығып, беткейге ойып салған оюдай болып түскен Иірсуды көрейін. Жаратушы мұнысымен көкірек көзі ашық құлына өмір дегенің жұмыр жерге салынған қайталанбас ғажайып өрнек екенін мегзеді ме? Әлде, жертабандап қанша тырбансаң да, қыран болып қияға шарықтасаң да, сенің тірлігің де бір оралған жеріңе қайта оралатын осы Иірсу сияқты ирелең деді ме? Жағасында ойнақтап жүрген жас кезімде соның парқына бармаппын-ау? Бірақ, ол кезде қайдан барамын. Қазір түсінсем де жарар. Ол, тауға баруға дайындала бастағаныңда телефоны тағы шырылдады.

– Ассалаумағалейкум, Мекемтас аға, – деді аржағынан асықпай анық шыққан майда қоңыр дауыс. – Мен әдебиет институтынан хабарласып тұрмын. Аты-жөнім Мақсат Ел-





бергенұлы. Баяғы өзіңіздің дәрістеріңізді тындаған шәкірттеріңіздің бірімін. Қазір директордың орынбасары болып жұмыс істеймін.

Мекемтастың есіне түсті. Бірнеше дәрісін тындағаны рас. Сұрақтарды да орынды қоятын. Бірақ, бұның соңынан еріп, сексенші-тоқсаныншы жылдардың түрлі қозғалыстары мен ұйымдарына қатысып көрген емес. Көбіне өзімен-өзі жүретін біртоға жігіт болатын. Бірнеше дәрісін ғана тындаса да «шәкіртіңізбін» деп сызылғаны жанына жақсы әсер етті Мекемтастың. Өйткені әдетте «менің жетекшім, мені қорғатқан қорғаным» деген баға ғалымның беделін көбірек білдірсе, «менің ұстазым» деген сөзде ғалымдығын мойындау басым түсіп жатады.

– Есіңізге түстім бе, аға? – деген дауыс естілді телефоннан.

Сонда барып өзінің үнсіз қалғанын сезінген Мекемтас:

– Мақсат, мен сені білемін ғой, жәй әншейін тосыннан телефон шалғаныңа тосылып қалдым, – деп жауап қатты.

– Тосыннан телефон шалсам да, сізге жақсы хабар айтқалы тұрмын.

– Ол не хабар?

– Әдебиет институты сіздің «Абайдың толық адам ілімі» еңбегіңізді мақұлдады.

– Көп рахмет.

– Мақұлдай отырып, сізбен одан әрі жұмыс істеу үшін келісім-шартқа тұруды ұйғарды.

– Қай бағытта?

– Енді сіз Абайдың өлеңдері мен қара сөздеріндегі Жан туралы ойларының астарын ашып берсеңіз?

– Бұл туралы ұсынысты берген өзім едім. Бірақ, жасым келіп қалды ғой, ары қарайғы жұмысқа жастарды тарындар деген едім.





– Мекемтас аға, уақыты келгенде жастар да тартылар. Бірақ, сіздің бай тәжірибеңіз бен біліміңіз бізге әлі керек қой. Сондықтан сізге шаршауға рұхсат бермейді.

– Кім бермейді?

– Әруақтар. Өзіңізбен бірге жатып, бірге тұрып, ойыңызға ой қосып жүрген Ұлылар. Солар шаршатпайды сізді.

– Апырай, ә, солай дейсің бе? Менің күш-қуатым жетеді деп ойлайсың ба?

– Әрине, жетеді. Амандық болса, тағы бір онжылдыққа жұмыс жоспарыңызды жасай беріңіз.

– Әй, қу бала. Менің онжылдық жоспарлармен жұмыс істейтінді қайдан білдің?

– Сұхбаттарыңызда өзіңіз айтыпсыз ғой.

– Кезінде солай жұмыс істейтінім рас еді. Енді қалай болар екен? Бірақ, сен осы әруақтар рұхсат бермейді дедің бе? Бәрі Жаратушының жазуымен болады да, дегенмен тәуекел, кірісейін. Алла қаласа жасаймын жоспарымды. Ұлы ақынның ойларының астарына тағы үңіліп, төркіндетіп көремін. Ой, ұлы ақын мені қайда алып бармады? Тағы да тоғыстыратын шығар мені талай данышпандармен. Дүниенің рахаты сол ғой шіркін! Данышпандардың әлемінде жүру.

Оның неше күннен бері мазасын алып жүрген жаны бір пәсте жадырап шыға келді. Тіпті, телефонмен сөйлесіп тұрғанына қарамастан Мақсатқа алдағы жоспары туралы айта бастады. Соны сезген Мақсат арасына килігіп әңгімесін бұзуға мәжбүр болды.

– Мекемтас аға, – деп айқайлады аржақтан. – Тезірек, қайтыңыз Алматыға, жұмыстың егжей-тегжейін сонда ақылдасамыз.

– Қайтамын, қайтамын, – деді бұл – Мен, әншейін бірнеше күнге ғана келгенмін ауылға. Енді қайтамын. Кірісемін жұмысқа. Кітап иісін сағынып қалыппын. Білесің бе, кітап-





хана да тура Тәңіртаудың өзі сияқты. Тәңіртауда не жоқ, бәрі бар. Ал кітапханадан Тәңіртауда кездестіре алмаған кереметтерді де кездестіресің. Шіркін, Абай атамның Шыңғыстауда отырып-ақ жиып алған білімін мен кітапхана мен архив біткенді шарлап жүріп әлі түгендей алар емеспін. Өмір жетсе...

– Жетеді өміріңіз аға, жетеді. Сау болыңыз.

Дауыс кілт үзілгенде барып, Мекемтас телефонды құлағынан алды. Содан соң сағатқа бір қарап, жедел жинала бастады.

Шипажайдың көлігі келгенде ол буынып-түйініп есіктің алдында күтіп тұрды.

– Мынау тұрған Иірсуға қонаға бара жатқандай жиналыпсыз ғой, – деді көлік иесі.

– Жоқ, Иірсуға бармаймын. Тура Шымкенттің әуежайына тарт. Алматыға ұшамын, кешкі ұшаққа үлгеруім керек.



ЕЛЕН ӘЛІМЖАН

АЛТЫН ЖҮЛГЕ ЖЫРЫ  
*роман*

Редакторы **Қанат Қайым**  
Компьютерде қалыптаған **Айбек Кәдірұлы**  
Дизайн **Айбек Кәдірұлы**

Басуға 12.09.2022 ж. қол қойылды.  
Офсеттік басылым. Қаріп түрі «Times New Roman».  
Пішімі 84×108 /32. Баспа табағы 18. Шартты баспа табағы 18.  
Таралымы 3000 дана. Тапсырыс №